



XXII ғасыр  
шығармалары

ТЫНЫМБАЙ  
НҰРМАҒАНБЕТОВ



ПЕРІШТЕЛЕРДІҢ ӘЛІМІ

**XXII ғасыр  
шығармалары**

**ТЫНЫМБАЙ  
НҰРМАҒАНБЕТОВ**

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 қаз)-44

Н 86

Нұрмаганбетов Т.  
Н 86 **Періштепердің өлімі: роман-хикаяттар.** / Тынымбай  
Нұрмаганбетов. – Алматы: «Өлкө» баспасы, 2016. – 352 бет.

ISBN 978-601-253-141-1

«Періштепердің өлімі» романы көрнекті жазушы Тынымбай Нұрмаганбетовтың жаңа туындысы. Қаламгер бүл шығармасында бүгінгі заманың аңы шындығын шүрайлы тілмен суреттей отырып, сан алуан тағдырлы адамдардың көркем бейнесін сомдайды. Ауыл өмірін жақсы билетін сөз зергерінің жаңа романы бірін бірі толықтырып, дамытып отыратын оқиғалар желісі арқылы да оқырманың бірден баурап алады.

Шығарма әлеуметтік терең астарымен де, кейіпкерлеліктерінің жан-дуниесін аса шеберлікпен аша білуімен де ерекшеленеді.

Жазушының бүл толымды еңбегі қазақ әдебиетінің шоқтығын биіктететін бітімі бөлек роман.

564588

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 қаз)-44

ISBN 978-601-253-141-1

Северо-Казахстанская

областная библиотека

им. С. МУКАНОВА

г. Петропавловск

© Нұрмаганбетов Т., 2016

© «Өлкө», 2016

ТЫНЫМБАЙ  
НҰРМАҒАНБЕТОВ

ПЕРІШТЕЛЕРДІҢ ӨЛІМІ

*Роман-хикаяттар*





## ЖЫЛАННЫҢ УЫ

*Бірінші хикаят*

1

Байшұбар мен Шертай Саратанға сапар шегердің алдында Сырдарияның бір иінін мекен еткен он жеті үйлі Ұзынарық ауылында біреулерді күлдіріп, біреулерді күрсінткен екі түрлі оқиға болды.

Бірінші – өздеріне үшінші атадан қосылатын Сағынжан деген ағаларының бір жыл бұрын қайтыс болған әкесі Жұрқа жайлыш еді. Жұрқаның өлгенін бұл ауылда білмейтін жан жоқ. Он жеті үйлі Ұзынарықтың үлкен-кішілі еркек кіндіктілері жиналышп барып, ауыл шетіндегі молаға көмген. Құран оқылып, соңынан алақандарымен беттерін сипаған... Соғын Жұрқаның үйіне қайта келіп, жамыраса сәйлесе отырып, асын жеген. Одан кейін де жетісі деп бір, қырқы деп екі, жүзі деп үшінші рет... Сағынжанның қоржын тамына дүмеп жиналышп, тағы да әрқайсысы әр жерден жамыраса сәйлесіп отырып, қарындарын тойғызып қайтқандары естерінде. Басқасы басқа... ауылдың шалақұрсақ адамдары қарындары шіреп тойған күндерді ұмыта қоймайды. Оның үстінен соңғы жылдары кісі өлімі, әлде той-томалақ болмаса маңайдағы ауыл адамдары да ат басын бұрып жинала бермейтін тағы бар. Ал оңаша ауылдың адамдарына алыс ағайын-жеқожаттарын осындауда көріп қалып, шүйіркелесіп, сәйлескендері де көпке дейін ұмыттылмай, өзара айта жүретін көп сыр, көл-кесір әңгіме...

Жағдайы келмегендіктен Сағынжан әкесінің жылын кешіктіріңкіреп алғанда да, өншейінде «бәріміз ағайынбызы» деп, бірінің бірі намысын шапқан болып отырып-ақ: «Әй, әкесінің жылы болып қалды ғой... болып қалды деймін, ... тіпті өтіп барады екен-ау?!. «Е, батырыңыздың жағдайы келмей жатыр ма, немене?» десісіп, күңкілдескендері, мыс-қылдағандары да бар.

Не керек, Жұрқаның жылы деп берген асты да жеп болып, енді ұмыта бастаған шақта, оқыс оқиға сол шалдықайта естеріне түсірмесе бар ма... Естеріне түскені сол, жаз, күз бойы Ұзынарықтан өзге ауылдардың да, тіпті аудан орталығының да әңгімесі – марқұм Жұрқа болды.

Мәселе – бір жыл бұрын өлген әкесінің зейнетақысын Сағынжанның әлі алып жүруінде еді. Ауыл бір жақта, ауылсовет бір жақта болған соң, ешкімнің ескермегендігі болар, аудандық газетке «Жұрқаның зейнетақысы» деген фельветон жарқ өтіп шыға келгенде барып, жұрт ду-у ете қалмады ма? Бәлкім, әңгіме мұнша асқынбас па еді, сыйыс сез жетіп, ауылсоветтің бір өкілі тексереп келгенде, Сағынжан сасқанынан Пірәлі деген шалды тергі бөлмесіне жетелеп апарып, тәсекке жатқызып: «Әкем осы. Әлі тірі жатыр» – деп масқара болды емес пе?

Әлгі өкіл ауызғы бөлмеден ас жеп, шай ішіп, «әкесі тірі екен» деген бекем пікірмен аттанбақ болып отырғанда, Пірәлі шал тәрдегі бөлмеден жөтеледі. Шалдың мұнысына үй иесі түгілі, өкілдің өзі де қуанғандай болып: – Шалға сұықтии қалған екен-ау, – дейді.

Сонда Сағынжан да қостай кетіп: – Ия дәл таптыңыз. Суық тиді, – дейді. Осы кезде Пірәлі тағы жөтеледі.

– Суық тигенде де, оңбай тиген екен-ау, – дейді өкіл шалға жаны ашу білдіріп.

– Тағы да дәл айттып отырсыз. Суық оңбай тигені ақиқат, – дейді Сағынжан.

– Дәрі ішкізу керек болар.

— Өзіміз де солай қорытып отырмыз. Қалай да дәрі ішкізетін шығармыз... Бүгін-ертең...

Кезінде Жұрқа жантәсілім еткен төсекте Пірәлі әрі бір аунап, бері бір аунап жатады да, ауызғы бөлмедегі Сагынжанға:

— Әй Сагынжан, сен ғой маған Жұрқа бол дейсің... Ол не дегенің, а-а? Жұрқаға ұқсан өліп қал дегенің бе? Сейдегенің ғой. Ал менің өлгім келмейді, — деп айқайлапты.

Пірәлінің осы айқайынан кейін, бар құпияның беті ашылған.

... Жұрт Жұрқаның осы жырын жамыраса айтЫП, тауыса алмай жүргенде Тоқашбай деген ағаларының үйінде аяқ астынан тағы бір оқиға болғаны.

Совхоздар жаппай тараған кезде бір бензовозды иемденіп қалған Серқара деген жігіт алыс ауылдарға бензин сатып, нәпақа табатын әдетімен Тоқашбай жездесінің үйіне келе қалады. «Ауылға май сататын келді» деген хабар үріккен малдай бытырап, әрқайсысы әр жерде отырған он жеті үйге түгел тараймын дегенше, Серқара Сырға апасы қайнатқан шайды ішеді. Шайдан соң қазан көтеріледі. Апасы қазан көтерген соң-ақ, Серқара асықпай жайғасып, төрдегі қызыл қөрпешенің үстіне ұзынынан түскен күйі үйқыға кетеді.

Май сатып алатын ақшасы болмағандықтан Тоқашбайдың «қайнам ғой» деп ойнағансыып, әрі-бері қатынап, аяғын артып жүрген екі аяқты мотоцикліне жететін бір шелек, жарым шелек май алып қалатын айласы болатын. Бұл айласы – бетіне көн жамап тұрып сұрау немесе үрлау. Сұрай-сұрай қайнысын ығыр еткенін іші білетін Тоқашбай бұл жолы үрлауға бел байлайды.

Шу бастан жұртта қалған ескі машинадан алып, мал қораның ішіне көмген бағі бар болатын. Сол бакты толтырмаса да, орталап алууды көздеген ол қараңғылық үйіріле бере-ақ іске кіріседі. Өйелі де оның теріс пиғылын түсінеді.

Бірак түсінсе де ештеңе аңдамағандай қазан-ошағымен бола береді.

Ескі шелекпен бензовоз бен мал қораның арасына Тоқашбай жеті қатынады ма, әлде сегіз қатынады ма, қалған белігі жерге қеміліп, аузы ғана үнірейген багінің толған-толмағаның қаранғыда анық біле алмай, есебінен жаңылысып тұрып, алас-қапаста қайдан есіне түсे кеткенін... оттық жаққаны. Содан лап еткен от май толы багіне қосып, мал қорасын түгел алып кеткен. Жаз бойы тырбанып, кейде есек арбамен, кейде мотоциклімен тасып жинаған шөбі, май ұрлардың алдынды ғана қораға қамалған бес-он қой-ешкісі түгел қызыл жалын оранып, құдай сақтағанда, өзі мал қораның есігінен сыртқа қарай шалқасынан құлап, екі аунап, үш аунап, өйтейір, аман қалғаны.

Айнала жыңғылмен, шенгелмен қоршалған отыны мен шөбі де қой-ешкілерімен бірге әп сәтте-ақ от ортасында қалды... Әртенніп кетті.

Жұрт Жұрқаның жырынан Тоқашбайдың әртенген мал қорасына енді ауысып, бірі құліп, бірі аяп, екеу ара, үшеу ара, кейде тіпті, бір қауым ел болып, жоқ жерден ермек тауып, құндізді қойып, тұнде де әңгімелеп, бітіре алмай жүргенде «Ералы тағы да үйіне бес жұз мың теңге ақша салып жіберіпті» деген хабар ыбыр-сыбыр, ырқ-жырқ көп әңгіменің бәрін жанышып жібергендей болды. Бұл жайды үшінші оқиға десе де жарасқандай еді. Енді марқұм Жұрқада, айдың күні аманында бар жиған-тергенінен айырылған Тоқашбай да жайына қалды.

Ендігі әңгіме – Ералының әйелі Сияқұлдің бес шақырым жердегі темір жол станциясындағы поctaға барып, бес жұз мың теңгені қалай санап алғаны... дүкенге кіріп сауданы қалай жасағаны жайлы еді.

Зейнетакы алатын үш кемпір, төрт шалынан өзге теңгені қолдарына ұстап та көре бермейтін бұл ауылдың адамдары үшін осыдан асқан байлық та, мәртебе де болуы мүмкін емес сияқты.

Ералыдан ақша жазда да келген... Откен қыста да келген... Ол жолғыларының көлемі екі жұз мың, уш жұз мың теңге көлемінде еді. Ауылдағылар соның өзіне де тамсанып, таңдай қағып: «Ойпирмайдың жолының болғышын-ай... Жалақысы кеп жұмыстың өзіне оп-онай табыла кетуін қарашы...» десісіп, қуанудан гері қызғанып қалғандар көбірек болған. Қызғанғандары көздерінен көрініп, бет-ауыздарынан білініп түрған сол ағайындарға ендігі жерде «бес жұз мың сом...» деген сөз сойылмен соғып қалғаннан кем болмады-ау шамасы... Естіген бойда солардың қай-қайсысы да таңданыстарын айта алмай, әйелдері еріндері тұртип, еркектері үнсіз тәмен қарасып, үрпісіп қалғаны.

Ералының әйелі Сияқұл мен Байшұбардың әйелі Шырай бір ауылдың қатар өскен қыздары болғандықтан да, екі үйдің бір-біріне тілектестігі мен қыбыр-жыбыр арапастары үзіліп көрген емес. Байшұбардың үй-іші Ералыдан келген әлгі ақшалардың санын былай қойғанда, Сияқұлдің ол қаражат-қа не сатып алғанынан да хабардар еді.

Алғаш екі жұз мың теңге келген тұста-ак, оныншыны бітіргеніне жыл толса да, не окуға түсе алмай, не қандай да бір жұмысқа кірісіп те кете алмай, қарадай іші пысып, ауылға сыймай жүрген інісі Шертай: «Аға, сол жаққа біз де барайықшы... Ералыны тауып алайықшы... Бәлкім біз де орналасып, жолымыз болып кетер...» – деп Байшұбарға қынқылдан біткен.

Байшұбар өуелде інісінің сезінен елл етпеді. Елл етпегені «Ұзынарық ауылын бір бай сатып алады екен. Сол бай Ұзынарықтан сиыр фермасын ашады-мыс» деген қауесет сол шақта ауылда да, аудан орталығында да желдей гулеп жүрген шағы еді. Оның үстіне «Оу, ол Ералы хат жазып, мені өзі неге шақырмайды, таусылмайтын қазына-байлық-қа жолықаны рас болса... ағайындығымызды былай қойғанда, көніліміздің жақындығы бар емес пе еді? Түскі асты біздікінен, кешкі асты ол үйден жеген арапастығымыз ше?» деген базына-өкпесі де жоқ емес-ті.

«Ералыдан тағы бес жұз мың теңге келіпті» деген хабарды алғаш естігенде Байшұбар мен Шертай есік алдындағы сәкінің үстінде кешеден қалған қатқан нанды сұтке жібітіп жеп, қант орнына құрт қажап шай ішіп отырған.

Сатушыдан «арзан шайың бар ма?» деп сұрап алған соң-ақ, шай да не оңсын, әйтеуір, түсі қызыл бірдеңе.

Хабарды айта келген Шырай болғандықтан әңгіменің растығына екеуінің де шубесі болған жоқ. Сондықтан болар жұмыссыздық пен үй ішіндегі жетіспеушіліктен қорланып жүрген Шертай бірден бұрқ ете сөйледі.

— Кетейікші, аға-а!

— Кеткенде аяқ астынан қайда... кімге? — деп Байшұбар әңгімені үйреншікті кібіртік аянына сала беріп еді, ағасының осы марғаулығынан да жалыққанын аңдатып: — Ой, осы әдетінің-ай! Үлкен болып бастамайсыз да, қостамайсыз да... Әне, Ералы ешкім шақырмаса да кетті ғой. Жұмысты да тапты ғой, — деп Шертай тұтіге сөйледі.

— Әлгі сиыр фермасы болады-мыс деген сөз-з...

— Өй, аға, соны да сөз деп малданып... Ол бай бұл ауылды қашан сатып алады? Сонын қашан сиыр қора салады? Оған сиырларды айдал әкеліп, қашан қамайды деп жүргенде... үй-ішімізben аштан қатпаймыз ба?

— Солайына, солай ғой...

— Ендеше, көктен ақша жауады деп күтіп отырсыз ба? Әлде үкімет азық-түлік пен киім-кешекті үйіп әкеліп, тегін таратады деп ойлайсыз ба?

Байшұбарға інісімен сез таластыру мүмкін болмай қалды. Өрекпіл тұр. Әншайінде бетіне келмейтін жуас баланың осылай бұрқырап сөйлеп отыруының өзі – оның кәдімгідей сағын сындырыды.

— Сонда ай-шай жоқ, жүре береміз бе?

— Жүре береміз. Жүре бермегендегі ауылды жинап, депутаттен кездескендей жиналыс ашпақ па едініз?

Байшұбар көтере ұстаған кесесіндегі шайды үрттарда әуелі нан тістеуі керектігін ұмытып қалғандай, нанды бір,

құртты бір ұстап, сосын аузына апара берген кесесін қайта-дан дастарқан шетіне қойып, дегбірі қашқан күйде отырып: – Е, ендеше, көрейік, – деді жуасыған үнмен. – Сондағы ойың бүгінгі пойызға шығу ма, әлде ертеңгі пойыз-з...?

– Бұғаңі пойыз-з!

Шертай жұдырығымен сәкінің тақтайын дұрс еткізді. ...Осьдан кейін-ақ ағайынды екеуінің арасындағы әңгіме түйінделіп те қойған еді.

Қыс кезінде Ералыдан әйелі Сияқулге келген жалғыз хатты Байшұбар да оқыған. Қысқа жазылған хат соңындағы: «Менің адресім: Саратан қыстағы. Почта. 17-ші жәшік. Бірақ сен хат жазбай-ақ қой. Тәртіп солай. Хабар өзімнен болады, – деген сейлемдерді оқып, «17-ші жәшік» деп те кісіге әдріс айтады екен-ау. Бөлен деген көше, түген деген үй деп жатпаушы ма еді, осы жұрт, – деп қойған ішінен. – Тәртіп солайы несі? Әскери қызмет пе, немене? – деп те таңданды.

Ағайынды екеуінің аяқ астынан жол жүретіндіктері шешілген кезде, сол «Саратан қыстағы. Почта. 17-ші жәшіктен» өзге Ералыны табатындей амалдары да жоқ еді.

Ералыны іздең, жолға шығатындарын да Сияқулге ғана айтқан. Ол байғұс аяқ астынан Ералыға беріп жіберетін ет, бауырсақ пісіріп, әлек-шәлек болды. «Біз де аман-есен жупріп жатырмыз. Балалардың өзінді өлердей сағынғаны болмаса...» – деген төркөз дәптердің бір парагына жазған хаты мен балаларымен түсken алақанның аумағында суреті бар.

– Бүктеліп, яки шеті сынып қалмасыншы... Ералыға біреуден беріп, әлде хатқа салып жіберермін деп аудан орталығына балаларымды пойызға мінгізіп, шұбыртып барып, әдейі түсіп едік, – деп Сияқул суретінің жайын айрықша тәптіштеді.

Шырай да күріштен ботқа пісіріп, нан көміп, бұларды тойдышып аттандырудың қамында жүр еді.

Теміржол бекетіне екеуі жаяулап, кештетіп жетіп, түнделетіп өтетін пойыздың көвшілік вагонына билет алды. Біржағынан ешкімге жөн-жосықтарын айтпай, апақ-салақта аттану өздерінің қалаулары еді. Құдай біледі, ауылдарында да қайда, неге сапар шеккендерін Шырай мен Сиякулден өзге ешкім білмей де қалды. Байшұбардың үлкені екінші класқа енді барып, кішісі әлі мектепке де ілінбекен екі ұлы Әліқұл мен Бейсен де бұлардың ойда жоқта, зым-зия жок болғанына өлденеше күн аң-таң қалып журер-ау.

Вагонда кісі көп екен. Бекет сайын аялдайтын поездың жолсеріктері жомарт келеді. Вагонда орын бар ма, жоқ па, онымен шаруалары жоқ. Жолақысын қолма-қол бергендерді, билетпен кіргендерден де гөрі жақын тартып, есіктен алдымен кіргізіп жатты.

Қапырық вагонның жоғары төсегінде жатқандар ұзындан түсіп ұйықтап, тәменгі орындағылар бір-біріне сүйеніп қалғып отыр. Ал ешқандай орын тимегендер ортадағы жақтау қабырғаларға, жоғарғы тәсектердің ернеулеріне сүйеніп тұрып-ақ қалғып кетіп, қалғып кетіп... сосын шошып оянып тұрғандары қашама...

Отыратын орын табылар ма екен деп кимелей жылжып, вагонның түкпіріне дейін жеткен Байшұбар мен Шертайдың ақыры жолдары болды. Соңғы қыста құстың балапандарындаш шүпірлесіп отырған өңшең жас қыз-жігіттер сығылсысып жылжып, біреулері тұрып кетіп, бұларға орын тиді.

Мынадай сапырылыста құйрық басып отыра尔 жер таудың өзі – кішігірім бақыт сияқты еді. Сондықтан Байшұбар мен Шертай вагон енді жылжи берген сәтте, қатар жайғасып отырып, аз-кем езу тартқан қалыптарымен бір-біріне қарасқанда, жүздерінде «бұған да шүкір» дескендей сыңай бар еді.

Сапырылсың, тығылысқан мына халде артық-ауыс сөзге орын жоқ екенін де олар жақсы түсінді. ...Таң ата Байшұбар мен Шертай қалғып-шүлғыған күйлері Саратаннан түсуге дайындалды. Жолсерік жігіт те қалғып-шүлғып жүріп вагон есігін ашты. Бұларды жаңа көргендей, ешкіозденіп, жаратпай қарады. Әлде билетпен кіргендерді жаратпай қабылдап, көңілсіз шығарып салатын әдеті ме екен.

Саратаннан түсіп тұрып, Байшұбардың байқағаны – бұл өзі өдөйір үлкен елді-мекен секілді. Оны перронда ерсілі-қарсылы сабылып жүрген көп адамның нобайынан-ақ байқады.

Байшұбар Шертайды ертіп күту залына кірді. Мұнда да ерсілі-қарсылы сабылғандар мен ұзын-ұзын орындықтарда ұзынынан түсіп ұйықтап жатқандар... Қол сөмкелерін, жол сөмкелерін құшақтап қалғығандар... Жанындағы серігінің иығына басын сүйеп отырып ұйықтағандар...

Шертайды ертіп Байшұбар да бір шеттен орын алды. Шертайды ертіп дейтіндей де бар... Не дегенмен жас емес пе, таңғы ұйқының әсерінен әлі де толық арыла алмай, былқ-сылқ жүріп, былқ-сылқ еріп келе жатқан інісі ендігі жерде, ағасының бастауына, соның айтқанына ғана көнген көнбіс жан секілді. Вагоннан түскенде де, күту залына енгенде де, ештеңмен ісі жоқ, қаперсіз біреу. Білетіні – қайда да болса, ағасының бастап келе жатқандығы ғана секілді.

Сөмкелерін ортаға алып, ұзын орындықтың шетіне отыра кеткенде де: «Қайда келдік... Неге отырдық...», – деп жан-жағына зер де салмастан, орындықтың биік арқалығына басын сүйеген күйі қайтадан үйқыға басты...

Інісінің қазіргі қалпына қарал отырып Байшұбардың ұққаны – қазірден басталғалы жатқан жолдарының да, істерінің де бар жауапкершілігі өз иығында ғана қалғандығы еді. Шертайдікі – еру ғана.

Басына түскен тауқыметті оқыс сезінгендей, көдімгідей еңсесі түсіп, уайымдап отырып, оның өзі де қалғып кеткен

екен: оянып, көзін ашса – күту залының іші де, сырты да жап-жарық. Әуелде: «Мен осы қайда келгенмін... Қайда отырмын» – деп таңданып әрі шошып та қалғандай еді. Сонын барып жол жүріп келе жатқаны, Ералы туысын тауып алу керектігі өміс-еміс есіне тұсті. Шертай қаперсіз. Орындықтың биік арқалығына жабысқан күйі, аузы үнірейіп әлі үйікташ жатыр.

Күту залында адамдар да көбейе түскен. Шамасы пойыз келді ме, әлде кетейін деп тұр ма, сондай бірдене... Өйткені оянуының өзі сондай бір самбырлаған қатты дауыстың әсерінен еді.

Шеткі бұрышта кафе де жұмыс істей бастаған екен. Жұрт оны-мұны сатып алып, бөлек-бөлек қойылған дөңгелек столдарда шұқырласып, ішіп-жеп жатыр.

Байшұбар да сабырмен орнынан тұрып, сол маңайға бетtedі. Жаңадан пісірлген самсаның исі мұрның жарып, сосиска, колбасалармен бірге әртүрлі тәтті нандар көз жауын алып, солардың берінен алғысы келіп, аңсары ауып біраз тұрды да, тағы да ақылға келді. «Ералыны бүтін таба аламыз ба, әлде таба алмай бірнеше күн сандалып қала-мымыз ба?.. Жұмыс та бола қоя ма, әлде қайтадан пойызға мініп, ауылға қайтып жүреміз бе? Қанша рет тамақты сатып жеуімізге тұра келетінін Алла білсін...»

Байшұбардың басында дәл қазір ой көп еді. Және сол ойлардың көбінің үміттен гөрі күдігі басым сияқты. Тілті уайым секілді.

Ол ойлап-ойлап екі стакан шай ғана алды да, қайтып орнына келді. Бұл кезде Шертай да оянып, жан-жағына таңырқағандай, көздерін ашып-жұмып жатыр екен.

Сөмкесін ашып, ақтарып еді, бір таба нан, бауырсақ, піскен картоп шықты. «Шырайдың салғандары ғой» деп ойлады Байшұбар келіншегін есіне алып, әрі соншалық жақсы көріп отырып. Сияқұлдің Ералыға беріп жіберген сәлемдемесіне тиісken жоқ.

Бұлар да бір дөңгелек столды иемденіп, Шырайдың ас-ауқат салған ақ қалтасын орталарына алып отырып, інісімен екеуі енді тамақтануға кірісті.

Почта үйін табуға бұлар аса қиналған жоқ. Теміржол вокзалинан екі аялдама ғана жер екен. Жас емес пе, оңаша ауылда ештеңе көрмей ескендіктен де болар, Шертай автобусқа мінгенді де таңсық көріп, аялдамаға қарай ұмытылып еді, Байшұбар ыңғай танытпады. «Жаяу-ақ барамыз» деген емеурінмен сәмкесін бұлғай көтерген қалпы алға түсті. Шертай да амалсыз оның соңынан ерді.

Байшұбардың мұнысы – тым тақыстығы, әрі сақтығы еді. «Үлкен қалаларда реті келгенде сәмкелерді ала қашады екен. Автобуста ұрылар қалтаға да түседі екен» деген алыш-қашпа сөздердің санасына әбден сіңіп қалғанынан да болар... Бір жағынан «тиын-тебенді де оңды-солды шаша бермейін» деп өзінше қатты бекінгендігінен де.

Екеуі жаяулап, асықпай жеткеннің өзінде – почта үйінің есіргі әлі ашылған да жоқ-ты. Үй маңайын сыптырып жүрген шал бұлардың осынша ерте келгеніне таң қалғандай қайтакайта бұрылып, қарағыштай берді де, ақыры жөн сұрады.

- Почтаға келдіңдер ме?
- Ия, почтаға келдік, – деді Байшұбар.
- Осынша ерте-е... – деп шал өзінше күңкілдеп, қолындағы сыптырғысын жоғары көтере беріп, тағы да:
- Не шаруа? – деп қалды.
- Осында-а... Жай бір-р, – деп Байшұбар сөзін тұтыға бастай берді де, кенет батылданып: – Он жетінші жәшік-к... – деп қалғаны.

Үй сыптыруши бірауық анырып тұрды.

- Он жетінші жәшігі несі?
- Солай... Шаруамыз... біреуді іздеп... Ералы деген.

Үй сыптыруши енді сыптырғысының сабын құшақтаған күйі үнсіз тұрды... тұрды да. – Ә... ие-е, – деді кенет есіне түсе кеткендей. – Ол жәшікті ашатын әйел сағат онда ке-

леді, – деді де, одан арғы әңгімені керек етпегендей, сы-  
пирғысын бұлғаңдатып ауланың төр жағына беттеді.

Енді Байшұбар аң-таң. Жәшіктің иесінің Ералы емес,  
қайдағы бір әйел болып шыққаны ол үшін құтпеген жай еді.

Байшұбар аула тазалаушы шал қалайда Ералыны біліп  
қалар, білмесе есіне түсер деп үміттенген. Ол үміті адыра  
қалды.

Енді Байшұбарды уайым басты. Сонша жерден санда-  
лып келген шаруалары бұлдырап, алдамшы сағымға айна-  
лып бара жатқандай.

Шертайда ешқандай ой жоқ секілді. Өз-өзінен теңсес-  
ліп, әрі бір жүреді, бері бір жүреді. «Ол ой ойлап қайтсін,  
жанында ағасы тұрганда», – деп ойлады Байшұбар. Сонын  
басына үлкен іс түскен кісіше сөмкесін бұлғақтата көте-  
ріп, бұл да бір әрі жүрді, бір бері жүрді. Сейтіп жүргенде  
басына тағы бір ой келді: «Осы Шертайды мен ештеңе ой-  
ламай жүр деймін, оның басындағы ой, менің басындағы  
ойдан да ауыр болып жүрмесін...»

Почта ашылысымен Шертайды ертіп ішке кірген  
Байшұбардың байқағаны – үйдің бір қабырғасын түгел  
алып, нәмірленген жәшіктердің ұзын саны үш жұз он екі-  
мен біtedі екен. Жұрт ішке кіреді екен де, қалталарынан  
кілт шығарып, сол жәшіктердің бірін тысыр еткізіп ашып,  
ішінен газет-журнал, әлде хаттарды алып, жәшікті тысыр  
еткізіп қайта жабады екен де, кете барады екен.

Осының бәріне Байшұбар соншалық ұқыппен қарап,  
байсалды мән беріп отырды.

Бірақ әзірге он жетінші жәшікті ешкім ашқан жоқ.  
Почта үйіне әсіресе әйелдер кіріп келе жатқанда үмітлен  
қарағанымен, ол әйелдер басқа жәшіктерді ашып, болма-  
са ақша, хаттар қабылдап, оларды жөнелтіп жатқан бөлім-  
дерге бұрылып кетеді де, әлдебір үміті орындалмаған жан-  
ша Байшұбар ақырын күрсінеді. Оған ендігі жерде сол он  
жетінші жәшікті қандай әйелдің ашатындығы соншалық  
таңсық әрі маңызды сияқтанып кеткені.

Өзі отырған орындықтың тұсындағы үлкен терезеден көшे бетке сүзіле қарап отырған Байшұбар почта үйінің жаңына келіп тоқтаган әсем қара машинаны (оның шетелдік джип екенін де білген жоқ) байқаған. Әрине, оның қазіргі халінде жеңіл машинаға қызығатындаш шама жоқ-ты. Бірақ сол қара машинадан сұлу келіншек түскен кезде, бұл көдімгідей мойнын бұрған. Әйткені, келіншектің үйқыдан жаңа тұрғандай албыраған жүзі де, соншалық жарасымды қырықкан шашы да көзі түскен еркектің мойын бұрмасына қоймастай еді. Устінде ине жілтен жаңа шыққандай үлбірекен ақ көйлек. Аяғына киген туфли мен қысқалау юбкасы да ақ. Сол өңшең ақ күімге оранған келіншектің білектері мен тоқ балтыры да өмірінде күн көрмегендей аппақ еді... Көзді де, көнілді де арбаған өңшең ақ тұс...

Дәл осылай киімі денесіне, денесі үстіндегі киіміне әр берген осындағы жанды Байшұбар өмірді былай қойғанда, осы уақытқа дейін көрген көп киноларынан ұшыратты ма, ұшыратпады ма... анығы есінде жоқ. Қайсыбір киноларда сұлу келіншек көріп, сүйсініп, тіпті есі кете ұнатса қызарапта, қозгалқастаса, жаңында отырған келіншегі Шырай ұнатпай «Немене, сонша сұғынып» деп жаратпай қалатыны барды. Сондағы сұлу деп жүргендері мына келіншектің жаңында адыра қалды.

Байшұбардың көздері әлгі келіншекпен ілесіп, почта үйінің аузына келді. Келіншек есікті айқара ашып кіріп келгендері мұның тағы байқағаны – қап-қара көздері де кісі жасқағандай екен. Байшұбар өз-өзінен тәменшікте, қарадай абдырап қалды. Саратанға бүгінгі келісін былай қойғанда, өздерінің аудан орталығына, облыс орталығына талай барып жүр ғой. Әртурлі себептермен өзге де үлкен қалаларда болып көргені бар... Сонда осыншалық әсер еткен әйел баласы... болды ма, болмады ма, анығы есінде жоқ. Соңынан Байшұбар келер-кетері болмаса да тәменшік отырып та, әлгі келіншек жайлы ойлап: «Өзі

сірә көрші елдерден келген біреу шығар-ау», – деп топшылады. «Өзбек, әлде қырғыз болып жүрмесін», – деп те жорамалдады.

Келіншек аяқтарын тық-тық басып, бұлардың дәл жаңынан өте беріп, жәшіктер орналасқан қабыргаға қарай бұрылды да, дәл он жетінші жәшіктің тұсына жете бере тоқтап, қолындағы әр жері асыл заттармен безендіргендей жалт-жұлт еткен қол сөмкесін ашып, әлденені асығыс іздей бастады. Саусақтары да сүйріктеі екен. Және сол саусақтардың әрқайсысында бір асыл жүзік. Өзгені сұлулығымен таңдандырған жан, саусағымен де жасқай ала ма, немене, бұл келіншектің қол сөмкеге бір кіріп, бір шығып тұрған саусақтарына да ұзақ қарай алған жоқ.

Келіншек ақыры бір кілтті шығарды да, сол кілтпен он жетінші жәшікті тысыр еткізіп ашты.

Келіншек он жетінші жәшікті ашқан кезде Байшұбар кенет есін жинағандай халде еді. «Көріп тұрсың ба?» – дегендей жанындағы Шертайға алақтай қараған. Шертай да аңдып-ақ отыр екен. «Көрмегенде ше? Әңгімені бастамайсың ба?» – дегендей ол да бұған бұрылды.

Келіншек он жетінші жәшіктен газет-журналдармен бірге ораулы хаттар алып, қол сөмкесінен су жаңа пакет шығарды да, бар затын соның ішіне ұқыпташ салды. Сонын қолындағы кілтімен тысыр еткізіп жәшікті қайта жапты.

Келіншек енді қайта бұрылып, аяқтарын тық-тық басып, есік аузына беттей бергенде, кенет орнынан көтерілген Байшұбардың тұла бойында айрықша батылдық пайда болғандай еді.

– Сіз он жетінші жәшіктің...

Келіншек Байшұбарға бұрылып, қалт тұра қалды. Бірақ бейтаныс жігіттің мына сөзін анық түсінбесе де, сыпайылық танытқандай болып, езу тартты.

Айтарын айта алмай, қарадай тұтығып тұрып-ақ Байшұбар келіншек туралы тағы да: «Өзі тіпті үйғыр болып жүрмесін», – деп те ойлаған. Өсіресе, келіншек өзіне қарап

құлімсіреген сәттегі сасқаны-ай. Сасқаны не. берекесінің әбден қашқаны емес пе, тағы да інісіне бұрылғаны. Шертай болса: «Өй, енді сұрасайшы, жаны бар адамға үқсан» – дегендей өнін сұтып отыр екен.

Інісінің сол қалпы мұның еттеп есін жиғызды-ау, шамасы.

– Сіз... Ералыны білесіз бе? – деп, сұрауын төтесінен бірақ сұраса да, өзі қарадайabdырап тұр.

– Ералы-ы... Ол кім?

Келіншектің құлімсіреген әдемі өні бір сәт сұғандай болды. Өлде қысылды ма-ау... Әйттеуір, жүзінен алабұртқан өзгерістер аңғарылғандай еді.

– Біз Ералының ауылынан келген... Ералының туыстары едік.

Келіншек алабұртқан күйі өуелі Байшұбарға, сосын Шертайға қарады. Бірақ жауап қатқан жоқ.

– Біз жұмыс іздеп келіп едік, – деді енді Байшұбар шаршау жанның кейпімен. Келіншек қап-қара көздерін төмен төңкере беріп, әр жері жалт-жұлт еткен қол сөмкесін кеудесіне дейін көтеріп тұрды да: – Жоқ. Ералыны білмейді екенмін, – деді де, аяқтарын тық-тық басып, шығар есікке беттей беріп, кенет қайта тоқтады. Сонын бұларға бұрылды.

– Жұмыс іздеп келдік дедіңіздер ме?

– Дедік... Ия жұмыс іздеп журміз, – деді Байшұбар аптыға сейлекен қалпы, оған қарай ұмтыла түсіп.

Келіншек екеуіне кезек-кезек қайта қарады.

– Мен ақылдасайын... Осында болыңыздар... Бәлкім... – дей беріп әлденеден, әлдекімнен абайлағандай бір сәт бұлардың сыртында әртүрлі шаруаларымен сабылып жүргендерге де көз салды. Сонын барып:

– Ия, осында болыңыздар, – деді қайта анықтап. Бұлардың қатар тұрып бас шұлғығандарына да мән беріп жатпастан, бірден сыртқа беттеді. Қара машинаға жақындағанда шофөрі оған есік ашты. Сонын қара машина күн көзімен жалт-жұлт етіп шағылысып, жылжып кете барды.

Ағайынды екеу бір-біріне қарасып, болар-болмас үміт-

ке аса сеніңкіремегендей бірауық үнсіз, үрпісіп тұрды да, сөзді Шертай бастады.

- Ералы ағамды білмеді ғой.
- Е, білмесе қайтеміз... Бізге жұмыс табылса болғаны емес пе?

Келіншектің «ақылдасуы» әп-сәттік іс болмады. Ол кеткелі сағат тілі он бірді көрсетіп өтті. Сосын он екі де болды.

Почта қызметкерлерінің бірі:

– Сіздер неғып жүрсіздер? – деп жаратпай қараған соң бұлар сыртқа шыққан. Ендігі бар бітіргендері – әрлі-бери жүру ғана. Және жай жүріс болса қанекей?... Байшұбар үшін бұл бір сарыуайымға толы, азапты жүріс еді. «Әлгі келіншек қайтып келе ме, келмей ме? Келмесе, неге келмейді? Ал, келе қалған күнде не айтып келеді? «Сіздерге ылайық жұмысымыз жоқ екен» дей қойса, аржағында біз не істемекпіз? Бірден ауылға қайтып кетуіміз керек пе, әлде бірер күн...» Байшұбар ештеңе ойламауға да бекініп көріп еді, болмады. Бір ойдан соң бір ой... Сосын тағы...

«Дүниеде адамның басынан төзімді, кең нәрсе жоқ шығар. Қандай ауыр, азапты ойлар сияды оған? Сол азапты ойларға шыдас бермей, тарс жарылып кетпей жүре беретінін айтамын-ау. Әй, бірақ сорлыға біткен бастың да сорлы болмасқа амалы не... Әйтеуір шыдайды-дағы...»

Байшұбардың ойлары шым-шытырық еді. Екі қолын артына қайырып, басын тәмен салып жүрген інісіне де «Осы сен не ойлап жүрсің?» – деп айта алмады. Өйткені оның басындағы ойлардың да, өз басындағы ойлардан гөрі сорақы, тіпті тым қорқынышты екеніне Байшұбардың ешқандай шүбәсі болған жоқ.

Неге екенін... Байшұбар келіншекті келмейдіге жорыды да, ендігі жерде «Қайтып кетуіміз керек пе, әлде көшө арапалап, жүрттап жұмысы бар жерді сұрасақ па екен?» деген ойдың төнірегінде әуреленіп жүрді. Інісімен ақылдасуға да

батпады. Еңсесі түсіп кеткен Шертайдың қатулы қабағынан дәл қазір кім де болса шошығандай еді.

Байшұбар түскі ас ішу жайын да ұмытқан жоқ. «Әлде-бір асхананы тауып алғып, ыстық тамақ ішсек пе екен, өлде таңертеңгідей шай ғана алғып, Шырай берген нан мен бауырсақты талғажау етсек пе екен?» дей беріп, есіне кенет Сиякулдің Ералыға беріп жиберген сөлем-сауқаты түсे кеткені. «Ойпырмай, сол бар екен ғой. Бөрібір Ералы табылмады. Піскен ет дегенің аса көп сақтауға да келмейді ғой. Бәлкім бұзылып, көгеріп кетүі»

... О, құданың құдіреті... Ол осылай ойлай беріп, көнілі аз-кем орнына түскен қүйде «Әй, Шертай, Ералы табылmasa, жұмыс болmasa, өміріміздің... бүкіл арман-ұмтіміздің біткені болmas... Әкеміз бүгін өлгендей еңсеміз түсіп... Жұр кеттік... Бір жерден тамақтанайық» деуге оқталып, енді бұрыла бергені сол еді, таңертеңгі күн сәулесімен жалт-жұлт еткен әсем қара машина сырылдаپ келіп, жандарына тоқтай салғаны... Шертайдың қандай қүйде болғанын кім білсін, Байшұбардың қуаныштан есі шығып кетті. «Ия, сәт-т... ата-бабамның әруағы!» – деді ішінен өзіне-өзі әл бергендей.

Ойлағанындағы-ақ машинаның алдыңғы есігі ашылып, таңертеңгі келіншек түсті де, сұқ саусағын бұгу арқылы – бұларды өзіне шақырды.

Сәмкелерін көтере ентелей келген ағайынды екеуге машинаның артқы есігін ымдады. Мұндаидан сәнді машинаға бұрын-соңды мініп көрмеген ағайындылар осы бір құрметке әлі де толық сенбегендей кібіртіктеп қалып еді, олардың абдырауын жүздерінен-ақ аңдаған келіншек енді дауыстал:

– Отырындар! – деді.

«Ойпырмай, дауысы да қоныраудайын сылдырап тұр екен-ау», – деп ойлады Байшұбар артқы есіктен машина ішіне ассыға-үсігө кіріп жатып.

Машина қозғалып кетті. Артқы орында қатар отырған ағайынды екеуде үн жоқ. Қуаныштан гөрі үрейлері басым секілденіп, қолға түскен торғайдай үрпісіп отыр.

- Жұмыс іздел шыққан екенсіздер ғой. – деді келіншек әңгімені сыйзықтатып бастап.
- Жұмыс іздел шықтық, – деді Байшұбар.
- Екеуіңіз де...
- Екеуміз де...
- Түрлеріңіз де үқас.
- Ағайынды жандармыз. Менің атым Байшұбар, інімнің аты – Шертай.
- Сонда қай ауылдансыздар...
- Ұзынарық... Жаңақорған ауданы.

Ауылының атын айтса-дағы Байшұбар ішінен: «Сонда қай ауылдарды біліп жатыр өзі?», – деп ойлады ішінен.

Машина бір көшеден екінші көшеге етіп, зырлап келеді. Шофер әлденені бұрап, әдемі бір өуенде ойната беріп еді, келіншек аз-кем қабак шытып, сол қолын көтере бергенде, шофер әлті өуенде қайта өшірді.

– Ауылдан екендіктеріңізді байқап, жұмыс қарастырып жатырмыз. Қожайынмен ақылдастым, – деді келіншек үзіл-ген әңгімені қайта жалғап. Сосын торға түскен торғайдай болып отырған бұларға аппақ мойнын бұрып, мұқияттап қарады.

– Менің атым Лиза...

Келіншектің дүдемалдау «жұмыс қарастырып жатырмыз» дегеніне Байшұбардың көңілі аса толыңқырамай отырса да, атын айтқан кезде кішкене іші жылығандай болды. Сосын іштей: «Қожайыны кім, тағы да?» – деп ойланып қалды.

Одан әрі үнсіздік орнады. Машина бір ұзын көшемен зырлап келеді. Тіпті қыстақтың шетіне де шыққандай ма, немене.

Ақыры әлті ұзын көшеден оң жақ, сосын сол жақ көшеге түсіп зырлап келді де, машина көрнекті салынған екі қабатты үйдің жанына жете бере тоқтады.

– Түсініздер, – деді Лиза. Сейтті де лып етіп алдымен өзі түсті.

Әрқайсысы тұсындағы есіктерін ашып, бұлар да апыр-

топыр жерге түскен. Жерге түскен бойда Лиза Байшұбардың қолындағы сөмкеге қарады да, Байшұбар аз-кем қысылып қалды. Әйткені қолындағы сөмке ескілігінен бұрын әйелдерге арналған дүние секілді еді. Адалын айттар болса, Байшұбар бұл сөмкенің үйіне қайдан, қалай келгенін де анық білмеуші еді. Әйтеуір, жолға шығарда Шырай осыны қолына ұстатқан. Бітті...

Екі қабатты үйдің сәні айрықша екен. Қабырғалары сары түспен ақталып, терезе жақтауларының көк түспен сырлануы ерекшелігін былай қойғанда, жалпы үлгісінің өзі көз сүйсіндіргендей. Терезе, балкондарының айнала жиегін оймыштаған өрнектерді Байшұбар еш жерден көрген емессті. Отыз беске келгенше бұл да осы маңайдың біраз қала, қыстақтарын шарлады ғой. Бірақ дәл қазіргідей біреудің үйіне сұғын қадаған сәті есінде жоқ.

Келіншектің өзі сияқты, екі қабатты үй де Саратанға өзге жақтан келгендей әсер етіп тұр еді.

Бұлардың машинадан түскен бетте іркіліп тұрып, үйдің сәнін тамашалап қалғаны – Лизаның шоферге қайта бұрылып ұзақ тапсырма беруінен де еді.

Лиза күбірлеп әлденелерді айтып жатыр... айтып жатыр... Шофер басын изеп отыр... изеп отыр...

Ақыры келіншек Байшұбар мен Шертайға бұрылып: – Жүрініздер, – деді де сәнмен жасаған темір қақпаға қарай бастады.

Аула ішінің көркі де бөлек екен. Айнала арнайы жасалған темір шарбақпен қоршалған аумағы бір гектардай жердің жартысы бау-бақша да, бір жағы ұзыннан-ұзақ етіп салынған үй. Оның аржағында тағы бір үй ме, әлде қора ма бірдене... Ортада толттырылған сұы көгілдір тартып жатқан киіз үй орнында дәңгеленген хауыз. Оның жиектеріне де ерекше нақышпен тәселген мәрмәр тастар. Сол мәрмәр тастарды жағалай егілген қызылды-жасылды әртүрлі گүлдер де тосын жандарға ертегілерден ғана елес бергендей ғажайып көрініс еді...

Лиза бұларды екі қабатты үйден бөлек, әлгі ұзын-шұбак салынған үйдің бір есігінен кіргізді де, жолкілемшелер теселген дәлізден өтіп, төріне екі төсек қатар қойылған бөлмеге келгенде, Лиза: – Өзірге осында жайғаса беріңдер. Аспаз тамақтандырады, – деді де, өзі шығып кетті.

Бөлмеде ұзынша диванның, бірнеше орындықтардың қатар түрғанына қарамастан бұлар тізе бұкпей, бірауық бөлме ортасында селтиіп тұрды. Өздерінің жүздерінде де қуаныштан ғері өлі таңдану мен үрей басым еді. Аға болып жол бастап жүрген Байшұбардың өзі де қолындағы көне сөмкені жерге қоюға да батылы жетпегендей, қарадай дег-бірі қашып тұр. Бұл арада жаста болса өз-өзіне алдымен келіп, ес жинаған, өрі батылдық танытқан Шертай болды.

– Аға отырайық, – деді шеткі орындыққа отыра беріп. Байшұбар да ілесе отырды. Қарсы қабырғада апандай диван, өзге тұста да орындықтар түрғанда, дәл Шертайдың жанындағы орындыққа отыруы да қазіргі есі шыққан қосурей күйінің белгісіндей еді.

– Үйлері қандай жақсы еді? – деді Шертай терезеден сыртқа қарап, сосын бөлменің төрт қабырғасын түгел шо-лып шығып.

Расында бөлме іші кешелі-бүгін ақталғандай-тын. Төбе-ге ілінген қыздың сәуекелесіндей дәңгеленген шырақ-шамның өзі де анау-мынаудың еңсесін басардай.

– Жай үйінің өзіне, хан орналасса жарасқандай, – деді Шертай тағы да.

– Енді-i, – дей беріп, Байшұбар да інісіне ілесіп қабырғаларға, төбеге қарады. Бірақ інісінен асырып теңеу айта алмайтын болған соң, сол ыңырысған күйі басылып қалды.

Екеудің бөлмелеріне жайғаспақ түгілі – үйренісе алмай, өлі үрпісіп отырғанда, үстеріне Лиза кіріп келді. Әлгінде-гі ақ көйлек, ақ юбка, ақ туфлилерінің орнына көкшулан, жарасымды көйлек, аяғына жайтабан, мандаіы зермен оймышталған жаздық аяқкиім киіпті. Сұлуға не кисе де жа-

раса бере ме, әйтейір, Байшұбарға Лиза бұрынғысынан да құлпышып көрінді.

— Әлі жайласпай отырсыздар ғой, — деді Лиза бұлардың үрпісіп отырған қалыптарына езу тартқандай болып. Бұлардың жауап айтардай халдерін байқамаған соң тағы да сөзді өзі жалғастырып: — Жұмысқа алындыңыздар. Қожайын әлгінде келісімін берді. Сіздерге көнілі толыпты, — деді.

«Ол кісі бізді қайдан көріп жүр?» дегендей, осы сәтте Байшұбар мен Шертай бір-біріне қараса қалып еді, келіншек те осыны аңдай қойып: — Ол кісі сіздерді екінші қабаттың терезесінен көрді, — деді, бұлардың көніліндегі дұдамал, құдіктерді біржола басқандай болып.

— Жұмысқа таңертеңнен кіресіздер. Осында Асаділлә деген ағамыз бар. Атбегі, қарауыл, өрі аула сыпыруши. Моншаны да сол кісі жағады. Істейтін жұмыстарыңызды түсіндіріп береді. Түскі астан соң моншаға да апарады.

Ағайынды екеу ауыздарын ашып, Лизаны үнсіз тыңдалап отыр.

— Жатын жерлеріңіз осы — деді де, аз-кем үзілістен соң келіншек тағы да: — Ал, қандай сұрақтарыңыз бар? — деді екеуіне кезек қарап.

Байшұбар мен Шертай дәл қазір тыңдауға ғана жаралғандай.

— Айтпақшы сіздерге ең басты нәрсені айтпаппын ғой. Жалақыларыңыз өзірге жетпіс мың тенгеден. Әрқайсыныңға... Бір айдан соң көтереміз. Демек, сіздер үшін бір ай — сынақ мерзімі... Уайым жеменіздер, бір айдан соң жұмыстан шығарып жібереді еken деп... Сіздерді өте тыңдырымыды, ұқыпты жандар деп ойлаймын. Қожайын да осы ойда. Әзір-ге айтарым осы.

Осылай деді де, көкшулан көйлегінің етегі дөңгеленіп, келіншек ауызы бөлмеге шығып кетті.

Ағайынды екеу көздерімен оны шығарып салысымен-ақ, бір-біріне қараган. Қарагандары да қызық. Әлгінде ғана «Не болар еken?» деп айналға үреймен, құдікпен қарап отыр-

ған жандар, кенет ойлары оп-онай-ақ жузеге асып кеткендегі қуанғандары да, қорыққанның аржақ-бержағындағы бірдең болып шықты. Екеуінің де құліп жібергілері келіп тұрып-ақ, қүле алмауларының өзі де бет-әлпеттерін түсініксіз, қызық қүйге түсірген еді... Содан «ана келіншек ұзап кетті-ау, енді маңымызда ешкім де жоқ-ау» деген шамада:

— Аға, жетпіс мың деді ме? — деді Шертай осы қуанышты өңгіменің ішіне сыймай бара жатқанын жасыра алмай.

— Ия, мен де солай естідім, — деді Байшұбар.

Екеуі тағы үнсіз қалды. Бірақ бұл үнсіздік қарқылдаған күлкіге де, жарыса, таласа дабырласқан өңгімеге де бергісіз еді.

Енді екеуінің де көздері құлді. Құлдісі несі, тәнірім-ау, жайнап кетті. Беттеріне қан жүгірді.

Ағайынды екеу өмірлерінде осындай бақытты сәттер болғанын, болмағандығын да естеріне түсіре алмай, ерекше толқып, қуанып, отырғандарында үстеріне жасы елулер шамасындағы, соған қарамастан өлі өнді көрінетін қараторы әйел кіріп келгені.

— Саламатсыздар ма? — деді ол бұларды бұрыннан білетін жандай құліп сейлеп. Кешелі бері дүниенің бәріне жатырқап, жасқанып қарапуға ғана үйренген бұлар сәлем қайыруға да жарамай қалды. Шертай ойлады «Ағам аман-дасар» деп... Ал Байшұбардың не ойлап, қара басқанын сайтан білсін, қарадай абыржып, асып-сасып отырган біреу.

— Тамаққа жүрініздер, — деді қараторы әйел бұлардың абырарап отырган осы күйлеріне езу тартқандай болып.

Ағайынды екеу орындарынан көтерілді. Қараторы әйелдің ізімен еріп, бұлар әуелі дөлізге шықты. Сонын дәлізben жағалап барып шеттегі есікке кірді. Жол-жәнекей түгел жолкілемше. Ағайынды екеудің мұрындарын жарып, дәмді ас-ауқаттың іісі келуіне қарағанда, кірген бөлмелері асхана секілденді.

— Отырыңыздар, — деді әйел үстіне ваза толы алма мен жүзім қойылған столды нұсқап.

Бұлар жан-жағына тосырқай қарап, аяқтарын абайлап басып барып столға отырды. Аяқтарын абайлап басудың да себебі бар-ды. Байшұбардың оң аяғына киген нәскидің жыртығы бар-тын. Шығарда Шырай кебеже-жәшіктерін түгел ақтарып шыққанда тапқаны сол болды да, келіншегін ренжітіп алмас үшін Байшұбар: – «Пойыздан түскен бойда, алдымен нәски сатып алармын», – деген-ди.

Кібіртігі – сол жыртықты аспаз өйелге көрсетіп алмаудың қамы да, Шертайдың кібіртігі ағасының алдына түстепу ғана. Болмаса оның нәскиі бүтін ғана емес, жаңа-тын. Анда-санда болатын ауылдағы той-томалакқа киермін деп жақында ғана қалтасындағы жарытусыз тәңгелеріне аудан орталығынан сатып әкелген.

Әйел екеуіне бір-бір тостақ ыстық борщ құйып әкеліп тұрып:

– Мен аспазбын. Атым – Лолахан, – деді.

«Дұрыс екен» дегендей Шертай аспазға қарап басын изеді де, Байшұбар менірейген күйі отыра берді. Ендігі са-суы ол аяғындағы жыртық нәскиден де емес, алдына келген ыстық боршты ішуге асыққандай алаң көңілден еді.

– Бүгіннен кейін не ішкілерің келетінін алдын-ала айтатын боласыздар, – деді Лолахан сәлден соң бұлардың алдына буы бұрқыраған палауды қойып жатып.

Осындай тәртіпті бұрын-соңды көріп, әртүрлі ас-ауқатты да ішіп-жеп жүрген жандай тағы да Шертай басын изеп жатты да, Байшұбар менірейген әдетінен жазбай қала берді.

Тамаққа ыңқыып тойып, екеуі қаздай тізіліп бөлмелеріне келді. Абайлап барып тәсектеріне жантайды. Болған жайға екеуі де сеніңкіремегендей халде жатып, бір кездे Шертай:

– Аға, мынау бір керемет жер ғой! – деді.

– Ия, Алла сәтін салып-п... – деді Байшұбар да оқыс жолы болғанына, абыррап қалған жандай самарқау үнмен.

– Айына екеуміз жұз қырық мыңнан алсақ, Ералыдан да асып кетпейміз бе?

- Ия, солай. Бірақ бір ай сынаймыз, деді ме?
- Сынаса сынай берсін. Беретін жұмыстары, әйтеуір адам істейтін жұмыс шығар.
- Әлбетте, – деді Байшұбар әлі де өз-өзіне келе алмай отыргандықтан ғана, самарқаулау үн қатып. Болмаса оның қуанышы тіпті алапат еді. Жанына әлгі Лолахан секілді серік табылса, секіріп билеп, әндептің кетуге де өзір-тін. ... Сәлден соң-ақ түнгі шала үйқы мен күндізгі почта маңындағы сенделген көп жүрістен, уайым мен ойдан қажып, сілеңлері қатып шаршаған ағайындылар, екі төсекте ауыздары ашылған қалыпта пысылдап үйықтал жатты.

## 3

Ертемен бұлардың есігін біреу тықылдатты. Дәл осындаі мәдениетті күтпеген ағайынды екеу әуелі таңданысып, сосын қорқыңқырап бір-біріне қарасты. Сонын орнынан абайлап тұрып, кішілік жөнімен, Шертай барып есік ашты. Лиза екен.

– Қалай, жақсы жатып, жайлы тұрдыңыздар ма? – деп кірген бойда соншалық етене жақын кісідей бұлардың іші-бауырларына кіріп барады. Бұғін үстіне қызыл-сарғыш түстес көйлек киген екен. Келіншектің сұлу мүсініне сусыладап жабысып, анадайдан еркек біткеннің сұғын қол бұлғап шақырып тұрғандай.

Байшұбарға Лиза кешегіден гөрі көңілділеу, сұлулау көрінді. Кірген беттегі емен-жарқын амандасуымен-ақ жаңа ортаға үрленісе алмай, томага түйік отырған екеудің еңсесін көтеріп тастаған. «Ойпырмайдың көйлегінің көбін-ай», – деп ойлады кеше жоғалған малының жайын тап қазір ойлап отырған қойшыдай болып. Кешегідей емес, келіншекке бұлар да еркіндеу үн қатты.

– Жақсымыз.

– Рақмет! – десіп жапырласып қалды.

– Асаділлә ағайдың қолы тимей жүр екен. Сіздер істейтін жұмыстың жағдайын айтуға келдім... – деді кепіншек босаға жақтағы орындықтардың біріне лып етіп отыра беріп.

Ағайынды екеу ентелесе тыннады.

– Мал қорада үш ат бар. Сіздердің қазіргі міндеттерініз – сол аттарды бағу, тұрган жерлерін тазалау, уақтылы суғару. Аттарды көрсете, оларды бағып-қағудың жайын айту

– Асаділлә ағайдың міндеті. Кейінірек жұмыс түрі өзгереді. Оны кезінде көресіздер.

Өзін жуас, сүйкімді шәкірт баладай мұқияттында отырған екеуге құлімсірет қарал, Лиза өңгімесін одан өрі жалястырыды.

– Көшеге шықпайсыздар. Рұқсат жоқ! Қажет нәрсөлерді маған айтасыздар. «Келдік. Жұмысқа орналастық» деп біреуінізге хат жазуға рұқсат. Бірақ ол хатты өуелі мен оқып шығамын. Почтаға апарып салатын да өзім. Соңан соң хат жазбайсыздар. Ал келген хатты мен жеткізіп тұрамын. Сұрақтарыңыз бар ма?

Ағайынды екеу солбырайысып отыр. Келіншектің айтқандары түсінікті де секілді... Түсініксіздеу де секілді... Бірақ «мынауыңа түсініңкіремедік» деуге екеуінің де батылдары жетпеді.

– Сұрақтарыңыз жоқ болса, қазір Асаділлә ағаны жіберемін, – деді де Лиза шығып кетті.

Лиза шығып кеткен соң ағайынды екеу бір-біріне қарады. Жұздері, әлбетте, қуанышты еді. Бірақ азын-аулақ күдіктен де құралақан емес секілді.

– Аға-ая, бұлар бізге ат бағуды неменесіне түсіндіреді? – деді Шертай балаңдығына салып алдымен тіл қатып.

Байшұбар бәрін сабырға жеңдіріп, салмақтап ойлап отырған жандай сәл сабырлылау күй сақтап, жауапты да інісін күттіріп барып берді.

– Жұмыстың түрі кейінірек өзгереді – демеді ме? Сабыр етелік «бұл неғылған оп-онай май шелпек» демес бұрын...

Артық-ауыс хат жазбайсындар... Көшеге де шықпайсындар дегені...

— Расында, жұмысы оңай болғанымен, тәртібі қатал ма, немене? — деді енді Шертай да өз екпінін өзі басқандай болып. Сосын екеуі де бірауық үнсіз қалды.

Асаділлә дегені артық-ауыс сөзі жоқ, шоқша сақал, домаланған қара шал екен. Бұларды мал қорага ертіп апа-рып, байлауда тұрған үш атты, сосын шөптің, жемнің тұрған жерлерін көрсетіп, аттардың астын тазалайтын күрек пен сыпырығыларын қолдарына ұстартты да, жөніне кетті.

Одан әрі Асаділләнің бірдеңені түсіндіріп жатуы бұлар үшін артық та болар еді.

Су ішетін науа аттардың алдында тұр. Сұлысы бір бөшкеде... бидай бір бөшкеде. Жылы суы мен салқын суы қатар ағып, аттарды жуатын жерлері де сай тұр. Ауланы былай қойғанда, ағайынды екеуге осы мал қораның ішінен шығуға желеу де жоқ секілді.

Сол күні кешкісін Байшұбар Шырайға хат жазуға отырған сэтте, Шертай тұрып:

— Аға, несіне асығасың? Айлығымыз бен хатымыз бірге барсын да, — деп еді, Байшұбар ыңғай бермеді.

— Шертайжан-ау, женғене ақшадан да гөрі екеуміздің амандығымыз қымбат шығар. Айлықтарын қоса жібермепті деп екпелемес.

Ол осылай деп қағаз-қаламын оңтайлай берді де, Шертай қайтып тіл қатпады.

Әрине, ат бағу деген бұларға жай ермек сияқты іс-тін. Оларды үш мезіл суарып, алдарына жем-шөп салса болғаны. Тіпті бұлар қолдарының бостығынан зерігіп, іштері пысқан сэттері аула тазалап, гүлдерді, ағаштарды суарысып, шоқша сақал Асаділләнің көмекшісі болып кете баратын. Келгелі бергі екеуінің бар арманы – қожайындарын бір көру. Асылы қожайынның шын аты – Ахмет екен. Қожайын, мырза дегендері қарауындағылардың қолпаш-құрметі көрі-

неді. Мұны айтқан – Лолахан болды. Сол қожайын Ахмет, мырза Ахмет бұлар үшін қол жетпес арман. жұмбақ сыр болды.

Кейде екеуі екі тесекте қатар жатып: «Ойпырмай, осы қожайынымыз қандай адам екен өзі?» – деп әңгімені бастап жібергенде Шертай жатып: «Ой, бұл дүнияның жүзінде ондай мейірімді, ондай ақкөңіл, қолы ашық жан жоқ шығар», – деп мақтап ала жөнеледі. Шертайдың айтқанына сенсе – жұрт айта беретін коммунизм деген осы! Адам баласында бұдан артық өмір болмайды. «Кім білсін, тәртібі қаталдау екен, әліптің артын бағайық та», – деген Байшұбардың күңкіл сөзін де басып тастанды.

– Ой, аға-ай, сіз де тырнақ астынан кір ізден... Оның жақсы адам екені сол тәртібінің мықтылығынан шығып тұрған жоқ па? Қарауындағы қызметкерлері қандай жайдары, қандай кішіпейіл... Осыдан-ақ байқамайсыз ба? Қожайын онбаған, қаныпезер адам болса, қызметкерлері қайдан жайдары, кішіпейіл бола алмақ.

Байшұбар үндемей қалды. Бірақ үндемегендігі інісінің ырқына біржола көнгендейді де емес-ті.

Осылай екеуі қожайындарын сыртынан әңгімелуеүін тауыса алмай, кейде таласып қалып, соңынан қайта түсінісіп жүргенде ақыры қожайындарын көрді-ау.

Бұлар ертемен тұрып аттарды суарып, алдарына шөп салып болып, сосын аулаға шығып хауыздың жанындағы су ағатын шүмекке қолдарын жуып жатқан. Мұрты едірейген бір қара дәү екі қабатты үйдің есігінен шыққанда, Байшұбар мен Шертай оған жапақтасып қараған. Өйткені – қожайындарының анық осы екеніне екеуінің де күмәні болған жоқ.

Жаңа ғана ине-жілтеп шықты деуге келетіндей, үстіне мол пішілген көкколақ пижама киген тұлғалы кісі бұларды көріп, бірауық жүзін осылай бұрып тұрды да, қайтадан үлкен үйдің есігінен кіріп кетті.

Артынша ағайынды екеу өз бөлмелеріне енген соң

әлденеден қорқып қалғандай бірауық үрпісіп отырды да, Байшұбар бір кезде:

— Қожайынды қөрдің ғой, — деді Шертайға.

Шертай үндеген жоқ.

— Мақтай бергенше әліптің артын бағайық дегенім осы ғой... Қожайын өте сұық кісі... Солай.

Шертай тағы да ағасына жауап бере алмай тәменшіктеп қалды. Бұлар Ахметті қөрген күннің кешіне қарай күн рапы бұзылды. Бұзылатын жәні де бар-ды. Бұл кезде қараша ортасынан ауып, желтоқсанға жетуге қол созым ғана қалған.

Ауа рапының бұзылуы да бұларға ой салған. Өйткені киіп жүрген киімдері жылы мезгілге ғана жарайтындағы, әрі қонелеу еді. Бірақ көшеге шықпай бөлмелері мен малқораның арасында ғана жүретіндіктен бұлар сондайлық дірдек қағып та кеткен жоқ.

Үлкен болғандықтан осы жағдайларын да ойластырып, Байшұбар «Лизаға айтуым керек пе екен, әлде сабыр сақтай тұрамыз ба?» деп өзінше күпті болып жүргенде, қожайынның шофері бір кісі ентіге көтергендей үлкен ала сәмкені бөлмелеріне кіргізгені. Жанында Лиза.

Ағайынды екеу «Бұларың не» дей алған жоқ. Неде болса сыпайылық сақтаған.

— Сіздердің киімдеріңізді жаңартайық деп, — деді Лиза әдеттегідей жарқырай күле сөйлеп. — Размерлеріңізді дұрыс шамалаған секілдімін. Дегенмен киіп көрерсіздер. Қане, киініңіздер.

Осылай деді де Лиза шофермен екеуі шығып кетті. Бұлар бір-біріне таңданыспен қарап аз-кем отырды. Әрине, екеуі де аса қуанышты еді. Сабырлылық танытулары да «Енді не істейміз? Сәмкенің аузын сен ашасың ба, әлде мен ашайың ба?» деген сияқты сыпайылықтың төнірегінде ғана болатын.

Ақыры сәмкенің аузын ашуға Байшұбар тәуекел етіп, орнынан көтерілді. Сонда сәмкесінен нелер шықты десеңші... Екеуіне екі пардан алынған ішкі киімдерден бастап,

екі жылы бәтеңке, екі кастем, екі жылы күртке, екі құлақшыны... Тіпті жылы қолғапқа дейін ұмытылмаған.

Екеуі шыттай киініп алып, бөлмелерінде әрлі-берлі жүрді. Бірінкін бірі мақтау ойларында жоқ. Әйткені әрқайсысы өзімен-өзі. Жылылығына бір сүйсініп, қонымдылығына, жаңалығына екі сүйсініп мәз. Қуаныштан екеуінде де ес жоқ. Осы қүйлерінде мактандып, жүгіріп аулаға шығып кетуге шамалы-ақ қалғандай.

– Өне, айттым ғой саған... Біздің қожайын дүниедегі ең мейірімді, жомарт кісі деп... Айтқаным айдай келмеді ме?

– деді Шертай қайсыбір күнгі араларында болған әңгімені қайта жаңғыртып.

Бұл жолы Байшұбар үндеген жоқ.

Желтоқсанның бас кезінде Шырайдан хат келді. Конверттің ішінде Шырай, Өліқұл, Бейсен үшеуі түскен сурет те бар. Хатты алдымен бұлардың рұхсатынсыз-ақ Лиза оқыпты. Бірақ «Ол неге бізден бұрын оқиды» деп ешқайсысы бұртиған жоқ. Ағайынды екеуіне Лизадан кейін оқудың өзі де теңдессіз бақыт секілді еді. Әсіресе суреттерін жібергендеріне қуанғандары-ай!

«Хаттарынды алып, есіміз шықты. Балалардың шаттығында тіпті шек болған жоқ. Алланың бәрімізді жебегені ғой...» деген сейлемдерді оқып көңілдері толқып қалды. Және хатты әлденеше қайталап оқығандары ше? Әуелгіде «Әйел менікі ғой» дегендей Байшұбар оқитын да, Шертай үнсіз монтиып отырып тыңдайтын. Келесі күні Шертай бұл дағдыны өзгертті.

– Женешемнің хатын өзім оқыншы. Әкелші, – деп хатты қолына бірауық үнсіз ұстап отырды да, бастай жөнелді. Оның дауысы ашық әрі тұнық. Сондай дауыспен оқығанда хат өте әсерлі шығады екен. Байшұбар үшін енді Шырайдан келген хатты оқу емес, тыңдау әсерлі еді. Кейде түскі астан кейін демалып жатып та, жатар алдында жартылай шешініп отырып та:

– Эй, Шертай, женгеңнен келген хатты тағы бір оқып жіберші, – дейді. Сонда Шертай:

– Аға, сол хатты тыңдаудан өлі жалықкан жоқсыз ба? Яки, оны он рет, жұз рет оқи бергенде майы шыға ма? – деп бүлданып, қарсылық етпестен, орнынан елпілдей көтеріліп, үстай-ұстай шет-шеті ақжемделе бастаған, стол үстіндегі торкөз дәптердің бір бетіне тұра ұмтылып, ол оқып, Байшұбар тыңдалап, болған соң, суретті де жаңа көргендей, кезек үстап, қарап, әлден уақытта барып төсектеріне қисаяды.

Хатты қайта-қайта оқулары – бұрын ауылдан шықпанаған жандардың бір айдың ішінде-ақ үй-ішін әбден сағынғандығымен қоса, оларды қуантып, үміттерін ақтағандары мәртебе сияқты еді.

Бір жолы:

– Женешемнің хатты осынша қысқа жазғаны несі? – деп Шертайдың күкілдеп, бұртиғаны бар. Тап бір, осы өкпесін женгесінің өзіне айтып отырғандай болып.

– Е, кім білсін... – деді Байшұбар да оны қостағандай үнмен.

– Женешемнің өні неге шаршаша? – деді тағы бірде Шертай суретке үңіліп отырып.

– Біздің ауылда шаршамай жүрген жан бар ма өзі?

– Шаршағаны басына орамал тартуынан-ақ байқалады. Камзолының омырауын да жөндеп түймелесе етті... Тоғайдан әлгінде ғана отын арқалап келген әйелдей алқасалқа бірдене...

Байшұбар бұл жолы үндеген жоқ. Бірақ ішінен: «Ол байғұс алқа-салқа болмағанда қайтсін. Күндіз-түні ойлағаны уайым болса...» – деген-ді. Сейтіп отырып қапелімде Сиякулдің Ералыға беріп жіберген суреті есіне түсекетіп, ерінбей орнынан тұрып, іш киімдері ағарандап жүріп, босағадағы киім ілгіште түрған кастемінің ішкі қалтасынан суырып алып, бірауық Ералының әйелі мен балаларына қарады.

Енді екеуінің қолында екі сурет. Екі үйдің өйелдері мен балаларын салыстыргандай болып, алмастырып та көреді. Қатар қойып та көреді.

...Ақыры әрқайсысы өз ойларымен болып, тесектеріне жатты. Үнсіздіктерінің өзінде де мұн аралас қуаныш бар секілді. Сағынып, іздейтін жақындарының болуы да адамға күш, қуат, әрі үміт сыйлайтынын да сезінгендері осы шығар-ая.

Қалай болғанда да ауылдан алғаш хат аулары – ағайынды екеудің есте қалар бақытты құндері еді...

Желтоқсанның ортасында Байшұбар мен Шертай алғашқы жалақыларын алды. Бұл да екеуінің тәбесін көкке жеткізген қуаныш еді. Қуанбағанда ше? Әрқайсысына жетпіс мың тәңгеден салынған екі конвертті Лиза бөлмелеріне әкеліп, қолдарына табыстаған сәтте екеуінің қуаныштан естері шығып кеткен. Көп жылдардан бері тәңгенің жүзін көрмеген жандар Лиза табалдырықтан сыртқа аттар, аттамастан-ақ, әрқайсысы өз конверттерінің аузын ашып, фабрикадан әлгінде ғана шыққандай су жаңа тәңгелерді саусақтарымен ұстап, сипап көрді. Сосын санады. Алдын-ала ақылдастып алғандай, әлденеше реттен санады. Қайсысы қалай санаса да, сусылдаған тәңгелер жетпіс мың болады да тұрады. Сондағы екеуінің жүздеріндегі нұр мен көздеріндегі күлкі-ай! Екеуі де жарыса сөйлеп қожайындарын мақтасты. Асыл сөздерін Лизадан да аяған жоқ... Дүниедегі әділетті жандар солар... Жомарт, шашпалар да солар... Тінти, қыза-қыза сөйлеп, лепіріп отырып Шертай:

– Ағатайым-ау, осындаи қожайыны бар жандар да дүниедегі ең бақытты, мұратына жеткендер емес пе? – де-генде, Байшұбардың есіне кенес өкіметі кезіндегі таусылмайтын жиналыстардың жалынды сөздері есіне түсіп, қол ұрып та жіберген.

Тәңгелерін ауылға жіберу мәселесіне келгенде ғана араларында аздаған дүрдараздық болды. Байшұбар отырып:

– Өз қалталарымызда да бірдеңе қалсын, он мың тәң-

геден алып қалайық, – дегенде Шертай оп-оңай ашуланып, шарт ете қалғаны...

– Жеңгем анау-у... екі баланың тамағы, киімі деп... уайым жеп, тоғайдан отын арқалап келгендей алқа-салқа болып жүргені. Көрші-қоландарға азды-көпті қарыздарымыздың бар екенін де білесіз... Ал, біз болсақ патшалардың өмірін кешіп жатырмыз. Лолаханның дәмі балдай астарын тауыса алмай жатқанымыз анау.. Киім мынау... Сондағы істеп жүргеніміз – тәйірі, ат бағу ғана. Иісі қазақтың тарихында жетпіс мың тәңгеге ат баққан кісі болды ма екен өзі? Аға, өзің біл, мен бір тәңгесіне де тиіспеймін. Шырай женгеме түгел жіберемін.

Шертай қандай көңілшек еді, осылай деп отырып, үй-ішін өбден сағынғандығынан ба, балаша өксіп жылап қалғаны.

Байшұбар інісін жұбатқан жоқ. Бірақ елеуреген екпіні көдімгідей басылып қалды. Сосын өйтекір бір уәж айтқысы келгендей: – Ендігі жерде мұндағылар бізді де айлық алған жандар деп есептейді емес пе? – деп міңгірлекен күйі, бес мыңдықтың біреуін ғана алып, төс қалтасына салды да, взгесін конвертке қайта салды. Шертай болса жетпіс мыңың мұртын да бұзған жоқ.

Ертеңіне Лиза бұлардың үйлеріне салған ақшалары үшін почта берген анықтама қағазды қолдарына ұстасып тұрып, өзі де қуанып, бұларды да қуантқандай тағы бір хабар айтты. Ол хабар – бұлардың бір айлық мөлшерінің жүз мың тәңгеге өскендігі жайлы еді...

Өз баста науқас жандардай ілміп, жұпымны киінген екі жігіт аулаға кіріп келгенде Асаділлә мен Лолахандар қатты мүсіркеген Байшұбар мен Шертай жеңіл жұмыс пен мол ас-ауқаттың арқасында көдімгідей қонаїлып, оңалған. Әсірепсе, Байшұбар аппақ болып толып, енді аз уақытта қарын салуға да онтайланғандай. Оның жөні де тусінікті. Ертелікеш үш атты суарып, жем-шөпке қоятын, астын тазалайтын Шертайдың жалғыз өзі. Ал Байшұбардықі – таусылмайтын үйқы. Үйқыдан қолы босай қалған күндеғі ермегі – теледи-

дар. Кейде тіпті теледидардың тәуір деген киносын көріп отырып та, қор-р етіп ұйықтап кететіні бар. Неткен таусылмайтын үйқы екендігіне өзі де, Шертай да таң.

Алайда, Байшұбардың ойында үйқы мен теледидардан өзге ештеңе жоқ деген кісі де қатты қателесер еді. Байшұбардың соңғы кезде әйел іздейтін әдетке тап болуын өзірге біреу біліп, біреу білмейді. Әйелді аңсауы соншалық күшайгендіктен қорадағы аттардың жайын Шертайдан сұраудан да қалған. Лизадан қоймай сұранып жүріп, бір жолы Саратанның базарына да барып келді. Сондағы мақсаты Саратанның базарындағы нарықты білу, яки сауда жасау да емес, көңілі қалайтын әйел табу еді.

Саратанның базарын әрі шарлап, бері шарлап, шеткеріпкте шемішке сатып тұрған, өні жудеулеу бір келіншекті қолай көріп, енді ғана сәзбен айналдырып, бетін бері қаратып тұрғанда, ойда жоқта әйелдің күйеуі келіп қалып, әңгімесінің насырға шапқандығы сондай, төбелес бастала жаздал барып, басталмай қалғаны. Дес болғанда әлгі өні жүдеу деп тұрған келіншегі – кісі шақ келмейтін көкдолы бетпақтың өзі болып шығып: «Сауда жасағалы тұрған кісіні бекер жазғырып, мені несібеден қақтың» деп күйеуін бетінен алып, мұны оп-оңай-ақ құтқарып жібергені. Содан кейін Байшұбардың Саратанның базарына да зауқы соқпай қалды.

Ендігі жерде құмарын басар жанды ауланың ішінен тауға бекінген тәуекелі де жоқ емес-ті. Сондағы ойына алары – Лолахан. Өзінен көп үлкен болса да, ол ажарын бермеген әйел. Бір жағынан осындай етженді әйелмен ашына болу – әүелден-ақ аңсары еді. Лолахан да өзіне теріс қарамайтын секілді. Шертайдың көзін ала бере, асханадағы оңаша сәттерде білегінен ұстап, бетінен сүйген сәттері де болған. Кет әрі емес. Өні қызыарып, ұялшақтап, күле берген.

Ал Лизага сүйкенуге батылы жетпеді. Тіпті олай етуді қатерлі қадам деп те ойлады. Жұмақтай болған мына өмірінен, мол айлықтан бір сәтте-ақ айырылуудың сол Лизага

байланысты екеніне Байшұбардың титтей де күмәні болған жоқ. Болмаса екеуінің де күйеуі жоқ екенін шоқша сақал Асаділләдан өлдекашан-ақ біліп, көніліне түйіп қойған.

Бір қызығы – мұны Лизаның өзі төніректейтін. Шертай малқорадағы аттармен болып жүрген кездері бөлмесіне келіп, жуықта теледидардан көрген киноларын әңгімелеп немесе ауладағы әлдебір шаруалардың жәнімен ақылдастан болып, ұзақ шүйіркелесіп қалатыны да бар. Әлбетте, әдемі келіншектің ара-тұра сүйкімді құлқісі де, аңқыған әтір исі де мұның сезімін қытықтап, көдімгідей арбайтын. Сол арбаудың әсері болар, Байшұбар қатты қызықкан сәттері көзін-көзіне қадап, оның да білегінен ұстап, сезім дірілін де өлшеп бақсан. Шошынған жоқ. Сөйтсе-дагы бетінен сүйе алмады. Тәуекелге бармағаны – өуелден-ақ Лизаға жанасуды нағыз қатерлі қадам деп есептеп, соған мүлде сеніп қалуынан да секілді еді. «Маған осы да жетіп артылар» деп қорытып, тамақ ішіп отырғанда да, аулада да, дәлізде де ұшырасқан сәттерде де көздерімен ғана сүйісіп, бар ықыласы Лолаханға біржола ауып енді аймаласып, құшақтасып отырар оңаша бөлме іздеген сәтте, ең үлкен кедергі – Шертаймен бір бөлмеде жататындығы болды. «Інімнен бөлек жатқым келеді» деп Лизаға өтініш айтуды ұят та көріп, бірақ онсыз амалы жоқ екенін де ойлап, қарадай сасып жүрген күндердің бірінде: «Осы сіз маған бірдеңе айтқышыз келіп, айта алмай жүргендейсіз» деп мұны Лизаның өзі екі қабат үйге қарай жетелегені.

Бұл қожайынның үлкен қалалардың біріне іс-сапармен кеткен кезі еді. Болмаса сол үйдің бірінші қабатында бөлмесі бар Лиза мен үш мезгіл қожайынға шай, ас таситын Лолаханнан өзге жандардың ол үйге кірмек түгілі, сондай ойды ойлауларының өзі екіталай болатын.

Сондықтан Байшұбар ойда жоқта үлкен үйге кіру мүмкіндігіне ие болғанына қуанды, әрі қорықты. Сыртқы қос есіктен кірген бойда онға да, солға да, екінші қабатқа бастаған баспалдақтарға да тәселген әр жерінде қызыл-жа-

сыл гүлдері бар аппақ жолкілемдерді көріп, бірауық аңырып қалды. Дәліз толы қолдан өсірген гүлдер мен ағаштар. Қабырғаны тұтас алып, салынған суреттер де, тәбедегі моншақтай тізілген желбезектері асыл тастардай жалт-жұлт еткен аспалы шамдар да үлкен үйдің құдіретін биікке көтеріп тұрғандай. Кинолардан көргені болмаса, Байшұбар осындаі үзіл әрі бай көріністі өзі босағасынан аттаған үйлердің ешқайсысынан ұшырастырған жоқ-ты.

— Мұнда жүріңіз, — деп Лизаның өзі қолтығынан іле жөнелмегендеге жан-жағына аңыра қарап қанша тұрарын кім білсін... Келіншек бір тұстан қоңыр тұсті есікті аша беріп, қайта жапқанда, үлкен үрей сезгендей жүрегі дүрсілдеп тұрған-ды.

«Бұл бөлмеде не бар екен?» деп жан-жағына көз салып үлгірген де жоқ-ты. Кенет Лиза мұны қатты қысып құшақтап алғаны. Құшақтап қана қойған жоқ, өліп-ешіп сүйді.

— Бөлек бөлме сұрайтыныңызды білдім. Түсіндім-м... Бірден түсіндім, жаным... Бірақ олай етуімізге болмайды ғой... Мен өте... өте.... үялшақ жанмын.

Байшұбар үшін бұл бір көктен өз-өзінен құлаған арман секілді... бақыт сияқты... көрген тұстей бір сәт еді. Сөлден соң-ақ өлдеқалай батылдық жеңіп, Лизаның албыраған бетінен, ақку мойнынан сүйіп жатқанда тұла бойы өз-өзінен дірілдеп... буындары босап кеткендей... әсерде еді.

Ұмар-жұмар құшақтасқан күйлери былғарымен қапталған диванға құлап түскен сәтінде де, түсі өлде өні екенін анық болжай алмаған. Бірақ бір ақылы жеткен жері... дәл сол сәтте ештеңені ажыратып жатудың қажеті де жоқ екендігі жайлы еді...

...Екеудің сол түні Лизаның бөлмесінде түнеп шықты. Ертеңіне ертеңілік асқа ғана Байшұбар амалсыз келген. Лолахан бірдене сезген секілді. Қасық пен шанышқыны мұның алдына тарс-тұрс еткізіп, лақтырып тастағандай етіп

қойды. Құндеғідей жайдары құлкісі жоғалған. Қабағы қатулы. Бірақ тамақтарын берді.

Шертай малқора жақтан асханаға кешеуілдеп келген. Ол да бірдене сезгендей. Бірақ ләм-мим деместен ағасына бір қырындал, тоң-теріс отырды. Байшұбар да оған бірдене деуге асықпады.

Екеуі бөлмелеріне келіп, бірауық демалған болып, тесектеріне қатар жатқан сәтте де артық-ауыс сөзге барған жоқ.

Бұл күні Лиза да үлкен үйден шықпай қалды. Өзгелерге көрінуге ол да үялған секілді.

Інісімен екеуі екі тесекте қатар жатқан сәтте де Лизадан басқа ешкімді ойлаған жоқ. Лизаның алабұртқан ақсары жузі мен күлімдеп тұратын қап-қара көздерінен басқа ештеңені көрмеді. Мына дүниені... өзгелерді түгел үмытты...

Анда-санда орнынан турегелгендері айналысатын ісі де қызық. Шыға беріс қабырғаға ілінген дәңгелек айнаның алдында тұрып, өз пішінін енді көрген жандай ұзақ қарайды. Сосын тәс қалтасынан шолақ тарағын шығарып, шашын тарайды. Кейде бетінің өр жерін саусақтарымен сипап тұратыны да бар.

Ауылда жүргенде айнаға қараса-ақ, қап-қара бол тозып, әлдекайда қашуға бейімделгендей, үрпиген шаштарының өзі үрей туғызғандай жүдеу жүзінен шошып кете-тін де, екі-үш айға дейін қайтып айнаға қарамай қоятын. Ендігі түр-түрпаты басқаша... Рен кірген. Қазіргі қалпында жай әдемілікті былай қойып, «осы мен сұлу жігіттердің қатарына қосылmas па екенмін» деп те дәмеленуіне болатын секілді.

Байшұбардың осылай ойлаған сәттері де болды да.

Сәске кезінде үлкен үйге Байшұбар өзі кірді. Жұрт не десе о десін, қалай ойласа олай ойласын, оның барлық ынта-ықыласы дәл бүтін Лизадағана еді. Басқа нәрсе ойына кіріп те шығар емес. Қандайда бір іс атқаруға да ынтасты

жоқ. «Жұмыстан ойда жоқта шығып қалып жүрмеймін бе?» деген қатерлі ой да тоқтата алмады. Елеуреп, ентелеп алған қазіргі қалпында өзін алаңдатар күш бар деп те ойламады.

Лиза бөлмесінде жалғыз екен. Мұның келуін құтіп және қалайда келетінін біліп, сеніп отырған жандай, Байшұбар қоңыр есікті айқара ашып кіре бергеннен-ақ орнынан үнсіз түрегеліп, құшағын жайып, қарсы жүрді...

Түскі тамақтан соң да інісімен екеуі төсектерінде ұзақ уақыт үнсіз жатқан. Үнсіздікті Шертай бұзды.

— Таң ата түсімде Шырай жеңешемді көрдім, — деді ол өкпелеген үнмен тоңтеріс сөйлеп.

Байшұбар үндемеді. Мырс етіп күліп жібергісі келіп жатып-ақ өзін-өзі тоқтатты. Ішінен: «Ақымағым-ау, ағаңың сондай келіншекпен көнілдес болғанына мақтанбайсың ба? Алақайлап қуанып, қол шапалақтап, мәз-мейрам болмайсың ба? Сондай аруды аймалап құшқан мына жаман ағаңды пайғамбардай сыйлап, құрмет тұтпайсың ба?» — деп ойлады. «Ойда жоқта жеңесі түсіне кіре қалыпты. Ойбай-ау, Лиза кім? Шырай кім? Тоғайдан жаңа ғана арып-ашып, отын арқалап келгендей алқа-салқа жеңгесін...»

Байшұбар бір аунап түсіп, теріс қарап жатқан күйі өз-өзінен күлімсіреді. Інісінің айтқаны да, Лолаханның таңертеңгілік алдына қасық пен шанышқыны лақтырып тастағандай етіп, тарс-тұрс қойғаны да, қыртына кірсе көнекей... Тап қазір де көз алдында үйқыдан жаңа оянғандай албырап, ақку мойынды Лиза оның көз алдында тұрды.

Байшұбар Лизадан өзге ешкімді көрmedі. Тыңдамады. Естімеді.

Естімедім дейтіндейі де бар. Інісі таң алдында көрген түсінің жыры біткеннен кейін де, бырқ-бырқ бірденелер айтып жатқан. Сол сөздердің біреуі де мұның құлағында қалған жоқ.

Байшұбар теріс қарап жатқан күйінде-ақ рақат сезімге бөленді. Жын соғып кеткендей тағы да өз-өзінен күлімсі-

реді. Аяғын созып, сондайлық ләззатпен керіліп, есінеді. Сосын түнімен шала үйқы болған бейбақ өз-өзінен маужырап, пыс-пыс етіп, рақат бір үйқыға кетті.

...Бұл Байшұбардың мына дүниенің ешқандай да бақтына айыrbастамайтын ғажайып күні... таңғажайып сәттері еді...

Орыс жаңа жылның қарсаңында Шырайдан тағы хат келді.

Өуелі Лиза оқып шығып, сосын бұларға әкеліп, Байшұбарға ұсына берген хатты Шертай жолдан жұлдып алды. Бұл – Лизага емес, «сенің бұл хатты оқуға хақың жоқ» дегендей Байшұбарға көрсеткен сесі-тін.

Лиза «қайнысының» бұл мінезіне көндік танытқандай езу тартып күлді де қойды. Ал Байшұбар көдімгідей бүгежектеп, тәменшіктеп қалған. Бүгежектегені ғой: «Ия, сен оқышы, Шертайжан, мен тыңдайын», – деп міңгірлегені.

Шертайдың қисықтығы да едәүір еді. Ағасына ерегісіп, хатты әдейі ішінен оқыды. Бұл жолғы хат өте ұзақ-тын. Өйткені Шырай бұлардан барған ақшаны алу қуанышымен бірге, ақшаға не сатып алғанын, кімдерге қарыз бергенін, кімдердің алашағынан құтылғанын қалдырмай жазыпты. Женгесінің қанша килә ұн, күріш, картоп, қант сатып алғандарына дейін тізіп айтқан соң-ақ не дейсің... Бірақ соның бәрін түгел айтуы Шертайды жалықтырған жоқ. Қайта сол ұнды да, күріш пен картопты да үйге өзі арқалап апарып, кіргізіп бергендей қуанып, әлденіп отырды. Женгесі мен інілері ушін босагаға осынша ризық кіргізгөніне көдімгідей марқайды. Мақтанды. Ал Шырайдың өзіне, Әліқұл мен Бейсенге алған киім-кешектері ше? Інілерінің екеуі бірдей күпәйкелі болыпты. Екеуіне бірдей іші жылы бәтеңке, кастем-шалбар, көйлек пен ішкиімдер... Құдайым-ау, женгесінің осынша мылжың екенін бұрын-сонды аңғарсашы... Оралып келіп өзінің алғандарына қайта тоқталыпты. Көйлек-жаулық... Үй маңына қыста киетін женіл күртка, жүруіне жайлы жайтабан етік...

Осынша шұбаган тізімді оқығанда Шертай ішінен: «Біз осының бәріне жететіндей мол ақша жіберіп пе едік, өзі?.. Жүз қырық мың тенге... Оның да бес мыңын Байшұбар алып қалған. Сонда жүз отыз бес мың тенгеге осынша мүлік сатып алып жүрген Шырай жеңешемнің қолы қандай берекелі еді? Енді екі жүз мың сомды салған кезде жеңешем Ұзынарық ауылындағы ең бай келіншек болып отыратын болды-ау. Бәрінен де ауылымыздың... көрші ауылдардың бәрі жеңешемнен қарыз алуға шұбайтынын айтсайшы» – деп ойлады.

Хатта ауылдағы өзге ағайындардың жай-күйі де егжейтегжелі айтылыпты. Тұмауратып жатқандар... Тұмаудан енді басын көтергендер... Ұрыға мал алдырғандар. Азықтулігін тауысып, жүгері көже мен асқабаққа қамалғандар.

Ең соңынан соғымдарын сойып, уайым-қайғысыз отырған екі-үш тоқ отбасы жайлы айтуды да ұмытпапты.

Осының бәрін ішінен көнілі толып, қуанып отырып оқыған Шертай, Шырайдың хатын оқу үшін өзінен кейін ағасының күтіп отырғанын да ұмытып кеткен еді.

Ол оқып болған соң да хатты бірден Байшұбарға ұстата салған жоқ. Хаттың өзөр оқылатынын шимай-шатпақ жазуларына қарап отырып езу тартты. «Осы Шырай жеңешем нешінші класты бітіріп еді, өзі? Әй, төрт кластан аса қоймаған-ау». Сосын шимай-шатпақ жазуларды менсінбей отырып-ақ інілерінің есі шығып қуанған, шаттықтан қосыла тақпақ айтып кеткен жерлерін шұқышып қайтадан оқыды.

Сосын кезек күтіп телміріп отырған ағасының қолына хатты ұстата салып, өзі асығыс сыртқа шыққанда Шертайдың аққұба жүзінде қуаныштан қан ойнап, бүгінға Ұзынарықтан келген жандай көздері нұр шашып, күліп тұр еді. Аяғын кең адымдап малқора жаққа жүре бергенде, ағасының ауылға жіберілетін ақшадан бес мыңдықты қымқырып қалғаны сап етіп, есіне қайта түсе кеткені.

«Ойпырмай, сол кездің өзінде-ақ ағамның ойында арам бірдеңелер бар екен-ау. Қалайша андамағанмын, ә» деп

ойлап келе жатып, бес мыңдықты сол сәтте-ақ ағасының қолынан жұлдып алмағанына қатты екінді.

«Сонда сол бес мыңға Шырай жеңешем тағы қаншама нәрселер сатып алар еді? Мәселен, тұтынатын кесе-шәйнек, ыдыс-аяқ, тәтті-құтты деген сияқты».

Осылай ойлай беріп, ол кенет есіне оқыс бірдене түсірген жандай бір орнында қалшиып тұрып қалды. «Расында да Шырай жеңешем жылы қолғап, жұн шұлықтар туралы хатында ештеңе айтпаған ғой. Демек, жұз отыз бес мың теңге жылы қолғап, жұн шұлықтарға жетпей қалған... Бәсе, мен білетін жеңешем ештеңе ұмытпаса етті. Ештеңені ұсақ-түйек деп қарамаса еді».

Әлгінде ғана Шертайдың қан ойнап, күліп тұрған жүзі бірауық сұрланып, түтіріп кеткендей болды да, бойын буган осы бір ашу екпінімен ол мал қораға қарай қайтадан қатты адымдап кетіп бара жатты.

Шырайдың бұл хаты алдыңғы хаттай екеуінің арасында абыр-дабыр талқыланған жоқ. Әрқайсысы өзінше оқып, өзінше қуанып, өзінше қиялдады. Бір қызығы хат өз атына ғана келгендей Шертай оны сәнмен бүктеп, ішкі қалтасына салып алды. Байшұбар үлкен үйге, Лизага қыдырыстап кеткенде, мұның сол хатты қалтасынан алып, оңашада оқып отырғаны. Оқып отырып күледі. Тасып қуанады. Сол хатты бірде мал қорада оқып отырып ауылын, үй-ішін өлердей сағындығынан болар, ағыл-тегіл жылағаны да бар. Бірақ жылап болған соң, әп-сәтте-ақ қайта көнілденіп, үш аттың ақырларына айырмен кезек шөп салып жүріп, ысқырып әндектенін айтсайышы.

Қалтасындағы хатты Байшұбардың екі-үш рет үрлап алып, оқығанын да байқады. Бірақ үндеғен жоқ.

Шырайдан хат алғандарына бір жетідей уақыт өткен шамада, түскі астан соң төсектерінде қатар демалып жатқанда Шертай оқыс сез бастап:

— Шырай жеңешеме жауап жазамын, — дегені.

Төсегінде бір бүйірлеп теріс қарап жатқан Байшұбар шошып кеткендей болып:

- Ол не дегенің? Бізге хат жазуға болмайды ғой, – деді.
- Неге болмайды?
- Тәртіп солай...
- Менің ағам тәртіпті бақылайтын жанның өзімен ашына емес пе?

Байшұбар бұл сөзге жауап берे алмады. Жауап берे алмаганы сол – екі беті өз-өзінен алмадай қызырып, абдырап қалса болар ма?

Бұл да бір Шертайдың ағасына жасаған өзінше айбаты еді.

...Хат жазу жайлы әңгіме екеуінің арасында одан әрі жалғасқан жоқ. Кейіннен де естеріне алмады.

Желтоқсанның соңын ала бастаған қар, орыс жаңа жылынан кейін де үздік-создық жалғасты да, үлкен жұмыс аула тазалауға арналды. Шоқша сақал Асаділләмен қосылып, Байшұбар мен Шертай да ертеден кешкө дейін қар күреумен болды.

Осы күндері алыс қалалардан сапардан қайтқан қожайындарын бұлар екінші рет көрді. Сәске уақыты болатын. Таңертенген қар күреп жатқан екеу бусанып, терлеп, бір сәт тыныстаған. Байшұбар мен Шертайға қосылып күргінің сабына сүйеніп тұрған шоқша сақал Асаділлә кенет иегін үлкен үйге қарай шошаң еткізіп:

- Қ-қо-ожа-ай-ын-н, – деді сыйырлап, әрі тұтығып.

Қожайын басқыштан тәмен түсіп келеді еken. Жүріс екпініне қарап, тұра өздеріне келетіндей болып та іштерінен дәмеленіп еді. Жоқ келмеді. Тіпті жүзін бұларға бұрмасстан ауланың темір қақласына қарай беттеді. Үстінде қоңыр дубленка. Аяғында қыстық етік. Таза ауа жұтуға шыққандығы болар, темір қақпаны жағалап әрлі-берлі журе бастады. «Барып сәлемдессек қайтеді?» дегендей Байшұбар қозғалақтап, інісіне қарағыштап еді, Шертай сыр бермеді.

Ахмет қожайын да бұлардан сәлем дәметіп өуре болмағандай әрлі-берлі жүрді... жүрді де, аяздаган қарды қарш-қарш басып келіп, қайтадан басқышпен жоғары көтеріліп, үлкен үйге кіріп бара жатты.

Асаділлә қожайынның көзіне түсіп қалғысы келгендей, өуелде ол тәмен түсіп келе жатқанда-ақ қар күреуге қарқынмен қайта кіріскенде, оған Байшұбар да ілескен. Қожайынның жүрісін бағып, оған кірлік қақпай ұзақ қараған Шертай ғана болды. Қожайын үйіне қайта беттегенде барып, қар күреп жүргені енді есіне түскендей, қолындағы күрегін омбы қарға қарш-қарш салып іске кіріспін кетті.

Ахмет үйде болған кездері Байшұбар мен Лизаның арасындағы байланыс біраз үзіліп қалды. Өйткені ендігі жерде үлкен үйдің табалдырығынан аттау туралы ойлаудың өзі қатерлі еді. Бөлмеде болса да Шертай бар. Осылай бірін-бірі сағынысқан күндердің бірінде Лиза таза ауа кіргізу үшін терезесін ашқан сөтте, Байшұбар да қабаттасып өмірі істемеген әдетін жасап, терезесінің бір жақтауын ашқан. Сондағы бір-біріне ұзақ сүзіліп, үздігіп қарағандары-ай... Терезелерінің бір-біріне қарама-қарсы болғаны да қандай бақыт еді. Ләм-мим тіл қатысу жоқ. Бар болғаны – бір-біріне қарады да түрді. Содан бір кезде Лиза бұған күлімсіреп он қолын ептел көтеріп, бұлғап еді. Байшұбар да асып-сасып, өуелі сол қолын, сосын оң қолын көтергені. Лизаға ұқсан күлген де болды.

Ғашықтық дегеннің не екенін де Байшұбардың анық сезінгені осы сәт болды-ау шамасы. Екеуінің солай қанша тұрғандары да анық есінде жоқ. Ақыры Лиза оң қолын қайта бұлғап, күлімсіреп тұрып терезесін жапқан кезде, бұл да терезесін жауып қоюды ұмытқан жоқ.

Артынша күні бойы қар күреп, бөлмеге кірген інісінің: «Терезені осынша ашқан кім? Бөлменің іші даладай азынаң кетіпті ғой», – дегендеге де Байшұбар үнсіз тұра берді. Не деп

үәж қайтаруды ойлаған да жоқ. Өйткені оның барлық ынта-  
ықыласы ана үлкен үйдің қарсы терезесінде болатын.

Сол күннің кешінде Шертай аттарға жем-шөп беру үшін  
асығыс тамақтанып, асханадан ертеleу шығып, Байшұбар  
жалғыз қалып қойғанда Лолахан қызғанышын білдірмеген  
болып, жанында отырып шай құйып, ұзақ әңгімелесті. Сон-  
дағы сыпайылап жеткізген бір сыры – Лолахан қожайынның  
әуелгі нақсұйері еken де, Лиза кейінгісі еken. Тіпті Лизаның  
шын атының Ләйләгүл еkenін де Байшұбар осы жолы  
Лолаханның аузынан естіді.

Әуелде ол «қызғаныштан шатып жүргені ме еken» деп  
іштей Лолаханды кінәлаған. Бірақ ғашығының жайын көзі  
үйқыға кеткенше ойлап, ертеңіне ояна сала тағы ойлап,  
ақылға салса, өтірік құрастыратындағы ештеңе жоқ сияқты.  
Бір қызығы – осы әңгімeden кейін де Лизаны жек көріп, бол-  
маса Лолаханды жақсы көріп кеткен ештеңесі жоқ. Ал қо-  
жайыны туралы көп ойлаудың өзі үрейлі секілді көрінді де,  
қайтадан Лизасын есіне алды. Есіне алмасқа амалы да  
жоқтай халде еді...

Ағайынды екеуінің арасындағы дүрдараздық көктем  
шыға беріп басылды. Оған себеп болған жай – Шырайдан  
келген үшінші хат еді. Хаттағы жазуына қарағанда, бұлар-  
дан барған кезекті екі жұз мың теңге бүкіл ауылды дүрлік-  
тіріп жіберген. Шырайдың берген құдайы шайының үстінде:  
«Ойбай, Қауынбайдың екі баласы бірдей табысты жұмыс-  
қа кезіккен еken. Енді Ұзынарықта олардан бай ешкім бол-  
мас» деп дабырласыпты. Тіпті бұлардың салған екі жұз мың  
теңгесін екі миллионға айналдырып жіберіп, ана ауылға,  
мына ауылға апарып гүілдетіп таратқандар да табылыпты.

Шырай конверттің ішіне екінші класта оқитын Әліқұл-  
дың шимай-шатпақ жарты бет хатын да қоса жіберген еken.  
Бұлардың көнілін бұзған осы хат болды.

«Кеке, Шертай аға» деп басталты ол хатын. «Сендер

неге каныколға келмейсіндер? Біз сендерді қатты сағындық. Кеше Бейсен «Көкеме, ағама барамын» деп жылады. Сонын апам да жылады. Ол екеуі жылаған соң мен де шыдай алмадым. Мен де жыладым. Сендер неге хат жазбайсыңдар? Жұмыстан қолдарың тимей ме? Каныколға келсендерші. Бейсен екеуміз алдарыңнан шығар едік. Әліқұл».

Шырайдың хатын оқыған тұста, ауылдастарының даңғойлығына да дән риза болып, желпініп отырған ағайындылар Әліқұлдың хатының тұсында басылып қалды. Екеудің екі жаққа қарап томсырайып, бірауық үнсіз отырысты да, бір кезде Шертай пырс-пырс жылады.

Әуелде үнсіз егіліп отырып өз кереуетінің бас жағындағы түмбаның үстінде сүйеулі тұрған жеңесі, інілерінің суретін қолына алуы мұн екен – қатты еңіреп қоя бергені.

Байшұбар інісін жұбатарын да білмей, өзі қосылып жылай берудің де ретін таптай, абдырап қалған. Шертай сол жылап отырған қалпы, бір кезде бұған оқыс бұрылып:

- Кетейікші, аға! – деп қорс ете қалғаны.
- Қайда?
- Ауылға-а... Осы істегеніміз, осы тапқанымыз да жетер...

Тап осындай әңгіме басталарын күтпеген Байшұбар қапелімде сасқалақтап қалды.

- Шертай-ай, мұндай жұмысты қайтып таба алмаймыз ғой.
- Табылмаса қойсын. Осындайда жұмыс бола ма? Ауыллықта хат жазуға болмайтын... Суретке түсіп, оны үй-ішіне жіберуге болмайтын.

Шертай пырсылдаған күйі есіктен шығып кетті. Ағайынды екеуінің арасындағы осы әңгіменің немен тынарын да білмеген Байшұбар, әрі-сәрі күйі бөлмеде жалғыз өзі үрпіп отырып: «Шертайдың жылап жүргенін көріп қалса, аналар не ойлайды?» деп үлкен үй жаққа да көзінің астымен андасанда бір қарап қояды.

Осы оқиғадан кейін ағайынды екеу қайта жақындасты. Алғашқы хаттың тұсындағыдан асханада ас ішіп отырып та, бөлмелерінде демалып жатып та, шүйіркелесіп, кубір-кубір әңгімелесетін болды. Сондағы айтатындары – Ұзынарлық ауылындағы ауылдастары, үй-іші жайы еді.

Арапарының жақындасқаны соншалық, екеуді малқорада аттардың астын тазалап, жем-шөп салып жүріп те ағаш астаулардың ернеуіне қатар отыра кетіп, ауылдары жайлы бұрында да әлденеше айтқан әңгімелерін қайта айта беретін-ді. Сағыныштан құса болған осындағы бір сәтінде Шертай: «Бізді ел-жұрттан бөлген осы малқораны Тоқашбай ағама үқсан, лаулатып өртеп, кетіп-ақ қалар едім... шөп пен жем кетсе қайтер дейсің, байдың мұлкі ғой. Мал кетсе де басқа тұлларлар табылар... Қапияда Лиза женғем күйіп қала ма деп уайымдал жүрмін...» дегенде, Байшұбар қатты қызараптап қалды. Туған інісінің алдында осынша төмендеуі де кішігірім қорлық сияқты еді.

Інісі біле білсе... үлкен үйдегі бөлмеде омырауынан әтір исі аңқыған сұлуды құшып жатып та, бұл екеуінің қамын жеп жатпады ма? Қожайындары жайлы сыр тартып, жыланның уынан дәрі жасайтын кісі екенін білді ғой. Бірақ бұл жаңалықты естігенде «ел-елдің арасына сауда жасайтын аллауыт бизнесмен бе десем...» деп Ахметті қомсынып қалған. Байшұбардың осы ойын құшағында жалаңаш жатып-ақ анық аңдаған келіншек: – Сіздерге керегі ақшасы емес пе? Қожайынның немен айналысатыны не үшін керек? Солай емес пе? – деп сиқырлы, сыңғыр құлқісімен мұны негізгі әңгімeden алыстатып әкеткен.

Бірақ Байшұбар қожайын жайлы ойдан қанша алыстап кетсе де, ол Лизаның сыңғыр, мол құлқісінен соң да, қайта оралып келіп: – Бізді ауылға аз күнге жіберіп алмайсындар ма? Қайтып оралмайды деп қорқасындар ма? Ақша адамды алыстаттайтын. Қайта ораламыз – дегені бар. Сонда келіншек бірауық үндемей қалды. Тіпті көзін, жүзін мұн шалғандай болып жатып:

– Күзде барасындар ғой, – деді қайта-қайта мазалай берген баланы жұбатқандай күйде, болмашы езу тартқан болып.

Лизаның айтуы бойынша жыл сайын у дәріге сұраныс артып отыр екен. Адамдар бай елдерден де, кедей елдерден де келіп жүрген көрінеді. «Мәселен мына жігіт табысты үлкен фирмасы ойда жоқта банкротқа ұшырағаны үшін дәрі сатып алуға келіп отыр» деп ұзынбойлы жігітті сыртынан көрсетті.

Байшұбар сонда терезеден әлгі жігітке ұзақ қарап тұрғаны бар. Бірақ сонша қарағанда әлгі жігіттің өлмек болған себебін түсіне алмады. Өйткені оның үстіндегі дубленка, кастом-шалбары мен аяғындағы жалтыраған қара төплиді базарға апарып сатса, түскен қаражатпен Ұзынарық ауылының бір үйін екі жыл асырауға болар еді.

Тағы бірде Лиза Байшұбарға «Мәселен мына әйел өмірден әбден түнгіліп, жеті баласымен бірге о дүниеге аттану үшін у дәріге келіп отыр» деп өні жүдеу әрі реңсіз қара қатынның суретін көрсеткені бар.

Суретті қолына ұстап қарауын қарағанымен, екінші қолымен келіншектің жұп-жұмсақ денесін құшақтаған күй отырып:

– Бір жұтыйм уды бере салмайсындар ма? Қайыр-сада-каларың болмай ма? – деген әлдебіреудің қайғысына қара жамылмайтын жанның әдетімен күле сейлеп.

Лиза күлгөн жоқ.

– Ол не дегенің? – деді бірден шап етіп. – Удың әр тамшысы бір түйір алтын!

Сосын ол бір сәт ойланып қалып:

– Алайда ол әйелде құралақан емес. Әжесінің әжесінен қалған күміс білезірі сапалы құйылған, сирек кездесер зат. Қазір қожайынның қолында.

Сонда бұл Лизаның жұп-жұмсақ денесін құшақтап, си-пап отырып-ак фирма бастығының өлімін жарасымдылау көрсе де, әйелдің үй-ішімен қырылу мақсатына бәрібір қайран қалған.

Тіпті әйелдің бұл ісін ақымақтық көрді. Бірақ құшағынан Лизаны босатып жіберген соң әйелдің жүзіндегі, көзіндегі терең мұнға қайта мән беріп үнілсе, оны ақымаққа балай салуы ретсіз екен.

Өзінің миы анық жетлеген осындағы бұлдыры тағдырлар туралы үш-төрт күн басын қатырып жүрді де, сосын мұндай жайларды қайтып ойламасқа өзіне-өзі серт бергендей болып, тыйылды.

Тыйылуы да қызық еді. Үстінде дубленкасы, аяғында жалтыраған қара туфлиі бар жігіт есіне түссе-ақ, Байшұбар сол ойларды жау тигендей етіп басынан бықбырт қуып шығады да, оның орнына өзінің Лизасын ойлап кетеді. Егер әлті жігіт ойынан оқайлықпен кетпей қойса, бұл Лизаны жалаңаш елестетеді де... жаны біржола жай табады. Өйткені мұның қиялышындағы жалаңаш Лиза ойындан кімді де, нені де болса бездіріп жіберетіндей, тіпті біржола ұмыттыра алардай, алапат сиқырлы күш еді.

Ал жеті баласын өзімен бірге өлтірмек болған реңсіз қара қатын елестей қалса, бұл екі баласын ерткен әйелі Шырайды ойлай қояды. Алқа-салқа болып жүрседағы Шырайдың да күйеуін анау-мынау ауыр ойлардан құтқарып алуға құдіреті жететін... Бұл құпияларының ешқайсысын да Байшұбар інісіне айтқан емес... Айтпақ та емес. Ақыл тоқтатқан аға болмаса, есі әлі кіресілі-шығасылы Шертай секілді бозбалага естіп-білуге ертелеу әңгімелер деп есептеген.

Майдың ортасында Шертай жиырмада толатын. Інісінің көнілі өссін деп осы жайды Лизаның есіне салуы-ақ мұн екен, шын ықыласы ма, әлде Байшұбарға ұнай түскісі келгендейдің ме:

— Oho!... Үлкен қуаныш қой – деп ерекше ықылас танытып. Лолахан екеуден стол жасау қамына кіріспін те кетті.

Кешкі асқа сәйкестендіріп жасаған столдың төріне Шертай отырды да, Байшұбар, Асаділлә, Лиза, Лолахандар тәмен жайғасты. Ең бастысы – бәрі де көнілді еді.

— Қожайын қатыса алмағанына өкініш білдіріп, мынадай сыйлық беріп жіберді – деп Лиза әдемі коробкадан шетелдік конъяк шығарып, жағалай құйып шықты. Шертай дәмін татып, өзгелері әлті конъяктан кәдімгідей ішті. Әрі-беріден соң музыка қойып. Байшұбар Лизамен, Асаділлә Лолаханмен биледі. «Өзімізде де ақша жүрсін де» деп баяғыдан сақтап жүрген бес мың теңгесіне Байшұбар жаздық шолақ-жөн ақ кейлек сатып алған. Соны сыйлады. Лиза өз атынан еркектер пайдаланылатын одеколон берді. Тіпті өзгелері де құралақан келменті. Асаділлә шахмат тақтасын, Лолахан ойнайтын карта сыйлады. Түн жарымына дейін созылған осы отырыста бимен бірге жекелеп, жұптасып ән айтушылар да табылды.

Бір жақсысы шоферімен қонаққа кеткен Ахмет мырза түн жарымына дейін келмеді де, бұлар думандатып емін-еркін отырысты.

Етеп қызып, екпіндей сәйлейтін дәрежеге жеткен Байшұбар інісі екеуі оңаша қалған сәтте: – Ризасың ғой! Туған күнің жақсы өтті емес пе? – деп өзінше қолпаш жасамақ болған. Бірақ Шертай аса қуанбағандай. Қуанбақ түгілі төменшіктең, жабырқап отырып: – Қайдан керемет болсын аға... Мениң туған күніме арналған дастарқанның бір шетінде Шырай женешем мен Әліқұл, Бейсен інілерім отырмаған соң... – дей беріп, пырс-пырс жылап қалғаны.

Әйелі мен балаларының аттары аталған соң Байшұбардың да көңілі бұзылды.

– Шертайжан-ау, әрине... Айтқаның рас қой. Шырай мен Әліқұл, Бейсендер отырмаған соң – дей беріп, абдырап, кемсендеп қалғаны. Одан әрі екеуі бірін-бірі жұбатпады да. Бірі жылап, екіншісі пырсылдаған күйі тәсектеріне қисайысып, тап бір өкпелескен жандардай теріс қарасқан күйлері ақыры үйқыла да кеткен.

... Қалай дегенде де бұл кезең екеуінің де бақытты күндері еді... Әйткені екеуінің де жұмысы бар. Айлықтары ауылға кетіп жатыр. Қарын тоқ. Кейлек көк... Бұл шақта

екеуі де толған. Әттең, суретке түсуге рұқсат жоқ. Болмаса Ұзынарықтағылар бұлардың ақ сазандай дидарларын көріп те бір шуласар еді.

Байшұбарды ерекше бақытты десе де болады. Әйткені оның Лизасы бар... Екеуінің арасын ауладағылар үшін жариялыш десе де болғандай. Бұл жайды Ахмет мырзаның өзі де біледі. Білетін себебі – екеуін жуырда шөп қораның ішінде көріп қалған. Екеуінің серендерсіп жатқан аяқтарына қалың қабағының астынан қарап, ол біраз тұрды да.

Қожайындарының солай қарап тұрғанын Байшұбар мен Лиза да аңдады. Бірақ аңдағанда не істесін?

Қожайын тұрды-тұрды да, үлкен үйге қарай маң-маң басып кете барды.

«Енді шаруамыз шалқайған болар. Жұмыстан кететін болармын» – деп Байшұбар абдырап, көпке дейін қорқып та жүрді. Тіпті «Ондай жағдайда тым болмаса ініме залалым тимесе екен» деп уайымдаған.

Бірақ қожайыннан хабар болған жоқ. Ертеңіне де... Оның өртеңіне де... Лизаның да көніл-күйі бұрынғыша секілді.

Сонда Байшұбар іштей «Ойпырмай, сабаз неткен кең кісі еді... Болмаса мені ауладан ит қосып қуатын жері ғой. Ит қосқаны не, ойбай-ау, гұрс-с еткізіп атып тастағанда не істер едім? Мен үшін кім, қалай дауласа алады?» – деп ойлаған.

Лизаның айтуына қарағанда – қожайынның кешірімділігі қазіргі көтерінкі көніл-күйіне байланысты секілді. Қожайынның у дәрісіне шетелдерден де сұраныстар көбейіпти. Ол – ол ма, у дәрінің бағасы соңғы айларда бес есеге есіпти.

– Қазір мырзамыздың асығы алшысынан түсіп тұрғой, – деді Лиза қымбат былғарымен қапталған диванда аймаласып, құшақтасып ерекше көнілденіп, қатар отырған бір сәтінде. – Егер биыл у дәрісін жеткілікті дәрежеде әзірлеп алса, бір жылдың ішінде-ақ бес-алты миллион доллар, бәлкім он миллион... табыс таба алады, – дей беріп, Лиза әуелі терезеден сыртқа, сосын қоңыр есікке қарап алып, сыйырлағандай ақырын күбірлеп: – Мен сізге өте құпия ән-

гіме айтайын... Жақында мырзамызға бір президент кісі жіберіп, біздің у дәріні сұратыпты. Өте қымбат бағага-а! Есінізде болсын ол у дәрі таба алмайтын да... қаражат үнемдейтін де кісі емес... Демек, біздің у дәрі-і... – деді де Лиза бірауық Байшұбарға құлімдей қарап, үнсіз отырып қалды. Бұл бірден шап етіп: – Қай елдің президенті? – деген.

– Осто-оро-ожно-о! – деді Лиза он қолының сұқ саусағымен жаңада боялған ернін қалқалай беріп. Қараған жанның сөзсіз сүйгісі келіп кететін сүйкімді еріндерін былай қойғанда, сүйріктей сұқ саусақ пен ол саусақтағы жалт-жұлт еткен гауһар жүзікке де бірауық ерінбей қарап отыруға да болар еді. Бірақ Байшұбардың қазіргі бар ынта-ықыласы өлгі өлгісі келіп, қожайыннан у дәрі сұратып кісі жіберген президент туралы болғандықтан да: – Қай елдің президенті? – деді ол өлгінде ғана айтқан сөздерін сөзбе сөз қайталап. Ентелеген екпіні – сол президентке есесі кетіп жүрген оппозиция серкесін еске салғандай.

Жан-жағына онсызда үреймен қарап отырған келіншек өуелде сыйырлап болса да бір құпия айтардай дәмелендіріп, бұған қарай шамалы еңкейе берді де, Байшұбардың соншалық ықыласпен, есі кете сұрауын оп-оңай құлқі еткісі келгендей, аузын мұның құлағына тоса беріп, кенет шөп еткізіп сүйіп алды. Сосын сыңырлап құлді. Және соншалық үзақ құлді. Ал, түсініп көр, Лиза-ханымды!. Ашуланып көр Лиза-ханымға...

Абдырапт қалған Байшұбар енді оған амалсыз ілесе езу тартты.

Лизаның сол жолғы сыйырлап айтқандарын дәлелдегендей соңғы кезде Ахметтің ауласында бірсыныра өзгерістер болды. Ендігі жерде сыртқы есіктің алдында қарулы күзет тұратынды шығарды. Бұрынғы қара джип Лиза мен Лолаханның қалаға қатынауларына, өзге де әртүрлі шаруаларына белініп, мырза енді ақ джип алды. Өте қым-

бат секілді. Ішінде теледидары мен тоқазытқышы бар екен деп естіді. «Маркісі мынандай» деп Лиза бұған айтуын айтып еді, құлағына жат, шетелдің сөзі Байшұбардың есінде қалмапты. Өздері жақындаپ барып қарауға да тәуекел еткен жоқ.

Жазға қарай әртүрлі сәнді машиналарымен қожайынға келіп-кетушілер көбейді. Олардың қайсыбіреулері онымен мәслихат құрып ұзақ отырады да. Енді біреулерінің үлкен үйге кіруінен, шығуы тез.

Ұзақ мәслихаттасатындардың кезінде үлкен үйдің екінші қабатына шай мен шай жабдықтары, жемістер мен әртүрлі шарап, сусындар тасып Лолахан мен Лиза да аяқтарының үшімен басып жүргендери...

Сондай ұзақ мәслихат құрулардың кезекті тобы кеткен-нен кейін, Лиза ағайындылардың бөлмесіне кіріп: – Көп ұзамай жұмысқа аттанасыздар, – деді аса сақтықпен биязы сейлеп. Байшұбар үндерген жоқ. Шертай көптен күткен хабарын ақыры естігеніне ерекше қуанып, қол ұрып та жіберді. Қуанғандығы сондай жүзінде қан, көздерінде от ойнап шыға келді.

Бозбала жігіт өздеріне қапас-қамал болған мына аула-дан қайда болса да, аулақ кетуді іштей арман ететін. Және сол арманың жаңындағы жалғыз ағасынан жасырған да емес. Енді ол сол шаттығын Лизаға да білдіріп, қолын шапалақтаумен бірге «Ур-ра-аа!» деп айқайлап та жіберген. Лиза кәдуілгі өдетімен тап бір сәбиді еркелеткендей жұмсақ қана езу тартты.

– Лиза тәте, сонда кім-кім барамыз? Неше атпен? Менің қасқаторыға мінуіме болар ма екен? – деп өзі жақсы көретін атқа әуелден-ақ ен салып, бәрін де қазір біліп, қазір шешкісі келгендей асырып, аптығып отырған бозбалаға Лиза тағы да езу тартты.

– Оның бәрі кезінде белгілі болады.

Осылай деді де келіншек еденді тық-тық басып, есіктен шығып кетті.

Інісі мен нақсүйерінің алдында байсалды қалпын сақтағысы келгендейтін болар, Байшұбар Шертайдай еліріп қуанған жоқ. Бірақ бұл хабарға ренжімеді де. Қалай дегенде де аула ішінен жалығу сезімі онда да бар-ды.

Ағайынды екеу Лиза әкелген сабын, тіс жуғыштарын, ыстықта күн өтпес үшін беті-қолдарын майлайтын маймен бірге, әрқайсысы өз түмбаларына тыққыштап жүргенде, Шертай түмбасының түбіне клеймен өлдө тәтті бірдененің шырышымен жабысып қалған дәптердің жарты бетін тауып алғаны. Жабысып қалған дейтіні, қағазды қатты тартқанда, оның бір шеті жыртылып қалған. Қағаздағы жазуларға Шертай атусті қарай салып, сосын умаждай бергенде, Байшұбар інісінің қолынан ұстай алды. Ұстай алғаны – көк сиямен жазылған қағаздағы жазулар оған соншалық таныс сияқтанып, жылы ұшырап көрінгені.

Ала салып қараса, Ералының жазулары. Үйіне жазған хаттарын оқып жүргені өз алдына, екеуі бірге оқыған. Бір партада отырған. Жазулары маржандай әсем болғандықтан, оған оқушылардың бәрі де қызығатын. Оқытушылардың өздері де «Ералыдай жазу керек» деп, реті келгенде мақтап жататын.

Жарты беттегі тізім – Ералының ауылдағыларға, көрші ауылдағы таныс-туыстарына бересілері мен аласылары болып шықты. Бересілері-аласыларынан өлдекайда көп еken. Аты жазылған кісілерді де Байшұбар жақсы таныды. Жарты бет қағаздың Ералыдан қалғандығына ол енді шубеланған жоқ.

«Сонда Ералы осы аулада болған екен-ау. Осы бөл-меде... Мына Шертайдың тесегінде жатқан... Сонда ол қазір қайда жүр? Ол туралы мына ауладағылар бізге неге айтпайды?» – деп ойлады Байшұбар қолындағы жарты парап қағазды ұзақ ұстап отырып. Бір жамандықты іші сезгендей еңесі түсіп те қалған. «Айтпақшы, тізімдегі қарыздарының біразынан Сияқұл құтылды емес пе? Құтылды ғой» – деп

ойлады Байшұбар қағаздағы тізімге қайта үңіле беріп. «Мәселен, мына Тоқашбай, Пірөлі, Алдиярлардан құтылды... Демек, бұл тізім Ералы алғаш келген бетте...»

Байшұбар қағазды бүктеп, ішкі қалтасына салды. Бірақ інсіне тіс жарып ештеңе айтпады. «Ол не қағаз екен?» деп Шертай да сұрамады.

Кезекті кездесуінде Лизага: «Сен Ералы деген жігітті танымайсың ба? Ол да Ұзынарықтан еді...» – дегенде Лиза бірауық үнсіз қалды. Сосын аз-кем қызараптап тұрып: «Білмейді екенмін... Бәлкім ұмытып қалған шығармын...» – дей берді де, осындайда оп-оңай жымия салатын әдетіне салған.

Бұл жолы Байшұбар келіншеккө еріп құле қоймады. Тіпті бірінші рет оны осы бір жасанды мінезі үшін жаратпай қалғандай сезімде отырды.

Есіне оқыс бірдене түсе кеткендей, Лиза кенет орнынан асығыс тұрып, есікке қарай беттегендеге де, Байшұбар келіншектің соңынан көз алмай қарап отырды. Бірақ қызығып емес, құдіктене қарауы бірінші рет еді.

Жол жүрерден екі күн бұрын Лиза ағайындыларға, үйлеріне екеуі үшін тәрт жұз мың тенге жіберілгендігін анықтایтын почтаның мөрі басылған анықтама қағазын әкеліп берді. Шертай тағы да еліре қуанып, қолшапалақтап жіберуге өзірлене бергенде, Байшұбар байсалды қалпын өзгерпей Лизага:

– Ақша қалайша көбейіп кеткен? – деді.

Лиза да сасқан жоқ. Сүйкімді жымыып тұрып:

– Қожайынның қамқорлығы... Мынадай ыстықта жауапты жұмысқа баратындықтан сіздерге бір айлық мөлшерінде сыйақы берді. Ризасыздар ма?

Байшұбардың таңданған күйде бірауық аузы ашылып қалды да, Шертай ендігі жерде шыдай алмай, әуелден дайындалап отырған алақандарын аямай шапалақтады.

Және қуаныштан есі шыққан жүзін көрсөң... Сәби де мұндаидай қуана алмас, сірө.

— Жасасын қожайынымыз!

— Молодец! — деп Лиза да оны қостап қол ұрды. Сосын Байшұбарға бұрылды. — Сіз немене, қуанбайсыз ба?

Осылай деп келіншек әлі де почтаниң анықтама қағазына үңгіліп отырған Байшұбардың иығына қолын салды. Қылышында жаны бар еркектің жүргегін елжіретпей қоймайтын еркелік бар. Сондай сырлы назды Байшұбар да сезбей қалған жоқ. Сондықтанды:

— Әрине, ерине, қуанамын, — деді ол қапелімде асып-сасып.

— Ендеше неге қол ұрмайсыз? Сіздердің әсерлеріңізді мен қожайынға жетізуім керек емес пе? А-аа?

Келіншек енді ерек түгілі сайтанның да есін шығарып жіберердей сылқ-сылқ күле беріп, жігіттің қақпақтай жауырынан бір салып қалғанда, өзін байсалды-ақ ұстап отырған батырыңыз күректей алақандарын бір-біріне қалай соғып жібергенін де аңдамай қалды. Бір жағынан осы ісіне ыңғайсызданып, өні қызыарып, алабұртып та кеткен. Бірақ бұл қысылу — қол ұру себебінен ғана емес-ті. Өздерінше жасырғансып жүрген келіншекпен арадағы сезімнің ойда жоқтағы жариялышығын одан әрі жарастырып жіберген тағы бір жай болды.

Ағайынды екеу жарыса қол соғып отырған сәтте Лиза «Сендердің қуаныштарың менің де қуанышым той» дегендей ортага шығып, өзбекше мәнерде дәңгелене билеп, бөлме ішін бір айналып, сосын осы бір ісіне өзі қатты ұялғандай, қызарақтап, алмадай қызарған жүзін алақандарымен көлегейлеп, жасырған болып, белмеден шығып кетті.

Келіншек шығып кеткен соң да, ағайынды екеудің елір-ген қуаныштары бірден басыла қойған жоқ. Алақандарын үруды қойса да, алып-ушқан көнілмен кекке ұшып кетердей екпіндері басылмады. Бір-біріне қарағандары да сондай мейірімді, әрі қуанышты еді.

— Аға, мына жақалық тіпті керемет емес пе? Айтпадым ба, қожайынымыз осы дүниедегі қолы ашық, әрі мейірімді жан деп...

— Расында да-а...

— Аға, төрт жұз мың теңгені қолдарына алған жеңешем, Әліқұл, Бейсендер қалай қуанар екен, а-аа? — деді Шертай ағасының иығына басын сүйей беріп. — Құдай біледі, Әліқұл тағы да хат жазатын шығар. Жаңадан үйренген әріптері болса, Бейсен де аянбас. Алла қаласа, мына жұмыстан қайтып оралған бойда, солардың хатын оқып отырармыз.

Інісінің бақытты жүзі мен жақсы сөздеріне Байшұбар да марқайды. Кәдімгідей ет-бауыры елжірегені ғой, иығына сүйенген інісін қапсыра құшақтап, кеудесіне басты. Мұндай әдет – балалықтан арылғалы бері болмағандықтан ба, ойда жоқта екеуінің де көздерінен бырт-бырт жас та шыға кеткені.

Байшұбардың тағы бір қуанышы – бетіне шіркеу болып жүрген Лизамен арадағы байланысына да інісінің кешірімді кең мінез танытуы еді.

— Аға, менің Әліқұл мен Бейсенге хат жазғым келіп отыр. Тіпті қазір жазсам, – деді кенет қуаныштан жер-кекке сыймай шаттанып, жүзі алабұртып отырған Шертай. Дәл қазір әншейінде ұстамды, сақ көрінетін Байшұбардың өзі де тым көңілшек еді. Бір жағына інісінің көңілін де қимағандығы болар:

— Шертайжан-ау, жақсы басталып тұрған ісімізді бүлдіріп алып жүрмесек.

— Бүлдірмеймін аға-а...

— Өзің біл... Бірақ бүгін сені поштаға ешкім жібермейді де ғой.

— Пошта жәшігіне келген соң-ақ салармын. Бірақ жазуын қазір жазып қояйыншы...

Шертай енді ағасының жауабын да күтпестен, стол суырмасынан бір бет қағаз бен қаламды шығарған бойда

інілеріне соншалық құпия сыр айтатын жандай теріс қарап отырды. Қаламының екінші үшшін ерніне тақап бірауық ойланған болды. Сосын қаламы қисаңдал ақ қағаздың бетінен өлдебір сөздерді жаза бастады.

... Ағайынды екеудің өмірлеріндегі бұл да бір айрықша есте қалардай бақытты күндері еді..

## 4

Ұзак сапарға шығар түні бұлар әдептегіден ерте жатқан. Лиза арқылы айтқан қожайындарының сәлемі осылай болды. «Қожайын айтты» деген соң-ақ екеуі де сөзге келмей, шешіне бастаған-ды.

Таң алдында Байшұбар тұс көрді.

...Ағайынды екеуі ауылдарын іздел жол жүріп барады еken-ау шамасы. Бұларды бастап келе жатқан жалғыз аяқ жол, кенет бір қараңғы үңгірге кіріп кеткен. Байшұбар дағдарып қалса да, Шертай тайсалар емес. «Аға-ау, бұл жол үңгірден қайта шығады», – деп қойды да кетті. Бұл да інісіне еріп бағып еді, үңгір бітер болмады да, бұл қорқып, алқына жүгіріп, қайта шығып келе жатқанда гурс-с еткен мылтық үні естілді.

Сол аңы үннен шошынған Байшұбар қараңғы үңгірге қайта қаша беріп, оянып кеткен...

...Көзін ашса, Ахметтің өзі тәбесінен төніп тұр еken. Қолында мылтық. Түсі суық.

Байшұбар көзін асығыс уқалай беріп: «Әлгінде түсімде атылған мылтық осы мылтық па, өлде-е...» деп ойлай беріп, бірақ анығына көз жеткізе алмады. Тіпті бұларды қожайынның өзінің келіп оятуы да күтпеген жай еді... Бір есептен Байшұбарға әлгінде көрген түсі жалғасып жатқандай да әсер қалдырды. Олай дейін десе. Шертай да орнынан асығыс тұрып, апыл-ғұптыл киініп жатыр.

Үшеуі асханаға кіріп, үш үлкен кесеге құйылған айран-

ды түрегелген қалпы, қатар тұрып сімірді де, бірден сыртқа шығып, мал қорага қарай беттеген. Асаділлә аттарды ерттеп, Лолахан аттарға тиелетін қоржындардың біріне ас-ауқат, екіншісіне әртүрлі қажет ыдыстар салып әуреленіп жатыр екен.

Кімнің қай атқа мінетінін де ағайынды екеуге жатар алдында Асаділлә тусіндірген. Бозбесті Ахмет қожайындықі... Жирен дөнен Байшұбардықі... Қасқаторы Шертайдықі...

Қасқаторының өзіне тигеніне де бозбала жігіт қандай қуанып еді.

— Ойпырмай, құдай бар екен ғой, аға-ау, қасқаторының ақыры өзіме бұйырганын қараши, — деп, ұйықтар алдында өз-өзінен тасып күліп, шалқып сәйлеп, соншалық риза көңілмен төсегіне жатқаны бар.

Әрқайсысы өз аттарына мініп, тізіліп ауладан шыққанда, таң әлі саз бермеген де еді. Көшеперден жан баласы көрінген жоқ. Ұларға көрші аулалардың иттері де үрмеді. Шамасы ерінді... Әлде олар да үйқылы-ояу халде жатыр.

Бірден алға түскен бозбестінің бүлкіліне еріп, тізілген қалыптарында қыстақ сыртына шығып, қалың өскен жыңыл, жантакты беткейді қыып өтетін жалғыз аяқ жолға түсе берген шақта барып таң да саз берді. Қыстақ шетінен мәніреген сиырлар мен үрген иттердің дыбыстары естіледі. Олар да марғау. Таңғы үйқыларынан толық арылмағандары үндерінен аңғарылып тұрғандай. Әлде үйқылы-ояу жандарға дүние түгел үйқылы-ояу болып көрінетін сиқыры болса да өзі білсін... Өйткені көктен, жерден естілген торғайлардың үнінен де шала үйқылы күй сезіліп тұрғандай еді.

Ауладан шыққан бетте таңғы ауаның салқындығынан ағайынды екеу тоңазығандай болды да, көп ұзамай өздері үйренді ме, әлде ат бүлкінің дене жылытуға әсері болды ма, қабақтары да, көңілдері де жадырап сала берді.

Бірнеше ай бойы сырт дүниеге бөлменің терезесінен

ғана қарап, қапаста отырған құстай ішпүсты болған жандарға, атқа мініп, иен даланы бетке алып шыға келгенде, кенет жаңа бір дүниенің мол есігі айқара ашылғандай әсер қалдырады екен. Ағайынды екеу ат үстінде келе жатып-ақ, кейде көздерінің астымен қарасып қойып, осы қуаныштарын бір-біріне білдірісіп жатты. Былай шыға-ақ жыңғыл бұтақтары балақтарын сзып, қайсыбір биік өскен жантак, қамыстардың ат бауырын жалап жатқаны да оларға кәдімгідей қуандырды. Көзі түскең шөп, бұталарға да, жүріп келе жатқан шаңдақ жолына да жолаушылардың осыншалық сүйіспеншілікпен қараулары да бір есептен таңда-нарлық жай еді.

Төбеде шәкімдегі де бұлт жоқ. Әлгінде ғана жуып, кептірген көкшіл матадай, шайдай ашық аспан – күннің ыстық боларының белгісі-тін.

Қапастан өзөр шыққандай сергек көңіл жолаушы жігіттерден ғана емес, аттардан да байқалған. Жыл бойы бағылып, жем мен шөптен қонаїған аттардың жүрісі де екпінді еді. Қай-қайсы да ауыздығымен алысып, «еркіме бір жіберші» дегендегі жұлқынып-ақ келеді.

Басқаның ойында не бар екенін кім білсін, дәл Шертайдың жыңғыл мен жантак аралас өскен беткейге жеткенде қасқаторының басын бірауық жіберіп-ақ алғысы келген. Ет қызуы басылмаған бозбаланың басына бұл ойдың түсүіне де. қасқаторының кенет жулқынып, ауыздығымен алысып, өз-өзінен алға ентелеуі себепші болған. Бірақ ағасы қабағымен жасқап, иегімен бозбестінің үстінде бара жатқан Ахметті мегзеген соң-ақ, аттың да, ат үстіндегі жігіттің де тәйтік мінезіне жол жоқ екенін енді ескергендей «Айтпақшы, тәртіп дегені бар екен-ау» деп ойлаған Шертай ат тізгініне өзөр ие болып келе жатып. Сонын «Аулада да тәртіп... далаға шықсаң, далада да тәртіп» деп ол іштей күнкілдеген болды. Ойлап келе жатқан тәртібіне өзі оп-оңай-ақ бағынса да, қасқаторы оңайылықпен көнбестен адыр міnez танытып, жиреннен

озып барып, бозбестімен құйрық тістесе бергенде, үстіндегі бозбала-иесін ол да енді есіне алғандай болды. «Жөніңе жүрмеймін, өзімше тартамын» деп арындаң тұрып-ақ, бозбестіден озбақ түгілі, жанасып, қатар жүргуге де болмасын ақыры сезгендей болып, қасқаторы да тәртіпті мойыннады.

Жолаушылар осы сүйт жүрістерімен қалың шеңгел мен жабайы жиделердің арасынан өзөр өтіп, дария жағасына жеткенде, күн де шығып, дүние ай-жай болған шақ еді.

Сырдарияның бұл тұсында жолаушылар өтетін паром да, көлір де бар екенін Байшұбар Лизадан естіген. Бірақ мұның байқауынша қожайын адам аяғы тиген жерге жолайтын емес. Жолдарында кезіккен бес-алты үйден тұратын шағын ауылдың өзін орағытып өтті. Бұларды ол ауылдың адамдары түгілі, анда-санда ұшырасар жүргіншілерге ермек үшін үретін саққұлақ иттерінің өзі де біле алмай қалды. Өйткені әлгі ауыл жақтан қыңқ еткен ит дауысы да естілген жоқ.

Дарияның да сүй қайтып, екі бөлініп ағып жатқан кезі екен. Қожайын жағаға да аса бөгелмestен, жайылыныңкырап ақкан тұсынан бозбестіні суға салды. Сонда ағын су бозбестінің үзенгілігіне кейде тиіп, кейде тиген жоқ. Артынша жирен мен қасқаторы да бозбестінің соңынан ерді.

Ахмет қайырға шыққан соң, бірден дарияның екінші бөлігіне үмтүлмай қайырмен жағалап, жарты шақырымдай төмен жүрді. Ағайынды екеудің ісі оған еру ғана. «Неге былай етпейміз» деген ой бастарына келе қалғанда да, бәрі-бір сұрауға батылдары жетпес еді.

Жарты шақырым шамасында жүріп барып, қожайын атын тағы да суға салды. Келесі бөліктің сүй молдау екен. Үшеуінің де аяқтары суға батып отырды. Бағу көрмеген қоңы төмен аттар болса, бәлкім ағыспен бірге біраз ағып та кетер ме еді, әлде қайтер еді... Ағайындылардың қыс бойы, көктем бойы берген жем-шөптерін жануарлар ақтады. Боз-

бестінің өзі бастап, жириен мен қасқаторы қостап, дарияның ағысын қақыратып тілді де отырды...

Жағаға шығып, аттар суларын сілкінісіп тұрғанда Байшұбар іштей: «Мына қожайын дариядан жылына неше мәрте өтіп жүрген болды-ау» деп ойлады. «Қай жерінде қанша су бар екенін де шелекпен өлшеп қойғандай ғой...».

Шертайдың ештеңемен шаруасы жоқ. Оған судан өткен де, жағаға шыққан да... бәрі-бәрі ғажайып ертегі секілді. Езуінде күлкі. Алыс көюжиектерден көз алмайды. Енді бірде төніректі қызықтап бітіргендей, аузы ашылып, көктегі ала шарбы бұлттарға қарап отырғаны.

Дариядан өткен соң да аттылылар мұлдем жолсыз жерлермен жүріп, тағы да жабайы жиделердің, қалың өскен шенгелдердің арасынан өтті. Сосын жыңғыл мен жантак араласа біткен кең алқаппен ұзақ жүріп барып, аумағы атшаптырымдай көлге кезікті. Шамасы дарияның жыл сайынғы көктемгі тасуынан қорек алса керек, жағасы шалғынды. Әр жерде қауқайып өскен көрі жиде ағаштары. Сол көлеңкесі мол, көрі жиде ағаштарының біріне жете беріп, қожайын атының тізгінің тартты.

Өуелі ат үстінде отырып өлденеден абайлағандай, ол жан-жагына ұзақ қарады. Сосын атынан түсті де, ат тізгінің қатарласа бере тоқтаған Байшұбардың қолына ұстадты.

Байшұбар мен Шертай қабаттаса жүріп, аттардың үстіндегі қоржындарын алды. Жүгендерін сыптырып, көлге же-телеп барып суарып қайтқан соң, ертоқымдарын сыптырып, аяқтарын тұсап, шалғынға қарай айдады.

Бұл кезде күн тал түске таянып, күннің қызыуы күшіне енген шақ еді.

Қожайын мылтығын асынған күйі барып, көл сұына беті-қолын жуып, жиденің қалың қолеңкесіне жайғасқан соң, саусағын шошайтып, қоржындарды алдына алдырыды. Өзге мұліктерге тиіспей, азық-түлік салынған қалталардың ғана аузын ашты. Онда да көпке шыдайтын тұз сіңген жылқы еттері мен әртүрлі шетелдік консервілерді кейінге сақтап,

ыстық күнде тез бұзылатын көкөніс, картоп, тауық еттеріне қол салды.

Байшұбардың жол бойы баққаны – Ахмет қожайын еді. Таңданарлығы «бірге жол жүріп бара жатырмыз-ау» деп әліге дейін ағайынды екеуге түсі жылып, шүйрекелескен емес. Шүйрекелеспек түгілі, түске дейін бұларға бір ауыз тіл де қатқан жоқ. Айтқысы келгенін иек қағып, әлде сұқ сау-сағын шошайтып мегзейді.

Көлеңкеде бірге тамақтанып, демалып сергіген соң аз-кем ашыла ма деген үміті де адыра қалды. Тамақ жеп отырғанда да сол қатыңқы қабақ... жантайып жатқанда да сол қатыңқы қабақ.

«Шамасы қожайын осы қабақпен туған, осы қабақпен бәлкім өлер де...» деп ойлады Байшұбар оның жылы ұшырауынан біржола күдерін үзген шакта.

Олар тоя тамақтанып алған соң, көрі жиденің астында күн еңкейгенше жатып, тыныстады.

Күн еңкейіп, ыстық қайтты-ау деген шамада қожайын мылтығын асынып барып, көлге жуынды. Ағайынды екеу де оған ерген. Бірақ қожайынның дәл жанына жуынуға батылдары жетпей, аулағырақ барып жиденің бұтағына тасаланып, шешініп жатты.

Демалатын жерлерінде қайтып оралысымен, қожайынның мегзеуімен тағы да тамақтанып алып, жолға әзірленді.

...Бұлар кеш бойы, сосын ай жарығымен түні бойы жол жүрді.

Өүелде ағайынды екеуді даланың көрінісі мен ауасы қатты қуантып, айналға қараумен болған. Әттең алған әсерлері мен алапат қуаныштарын бір-біріне айта алмады. Өйткені үнемі алда келе жатқан қожайындары үнсіз болған соң, Байшұбар мен Шертай да абыр-дабыр әңгімелерге бара алмай, тіл қатулары «мынаны қара, ананы қарадан» асқан жоқ.

Атқа көптен мінбегендіктерінен бе, әлде ұзақ жүрістен

шын қалжырады ма, түн ортасы аяа-ақ екеуі де қалғып-шұлғи бастаған. Әсіресе, түнгі үйқыға Шертай тым әлсіз екен. Қалғи бастайды да... шошып оянады. Соғын бірауық есін жинап, алда бара жатқан қожайыннан сескенгендей аз-кем бойын тіктеп, жан-жағына қарағыштап отырады да, тағы да қалғып, артынша шошып оянады...

Бір жолы ат үстінен көдімгідей аударылып, құлап бара жатқанда, абырой болғанда Байшұбар ұстап қалып, құлағына: «Абайла, қожайынды ренжітіп алармыз» – деп сыйырлады.

Шертай енді шын абалагандай, бойын тіктеп, бет-аузын алақанымен қайта-қайта сипады. Өйткені «қожайынды ренжітіп алармыз» деген сөз оны көдімгідей үрейлендіріп жібергендерінен болар, алда кетіп бара жатқан боз аттың үстіндегі боз жадағайлы қожайынға бірауық көзін алмай қарап отырды. Кейде төнірекке... аспандагы жарты айға қарап та аузы ашылды. Есінеді. Содан бір сәтте қайтадан қалғыды. Тағы да атынан аударылып, құлап барып, есін жиғаны. Өйткені бұл кезде бас-көз болып келе жатқан ағасының өзі де ат үстінде басы бірде төмен түсіп, бірде көтеріліп, желмен шайқалған күнбағыстай қалтақтап отыр еді.

ТАҢ АТАР ШАҚТА ТӨНІРЕК САЛҚЫНДАДЫ. Байшұбарды қайдам, Шертай көдімгідей тоңды да. Бірақ «мен тоңдым» деп айтуға ағасынан ұялды ма, әлде қожайыннан сескенді ме, анығы өзіне де түсініксіз еді.

Өйткені күндізгі ыстығына әзер шыдайтын даланың түнде осынша салқындауына бозбала жігіт бір жағынан қатты таңырқап та отырды.

Көз жетер жерде қылтанақ шөп атаулы бітіп, аттар анда-сандағана ұшысарап бүйра төбелі тақыр даламен келе жатқан. Енді аттардың тұяқтарының тақұр-тұқыры үйқылы-ояу кісіге айналаны көшіріп жіберердей үреймен естіліп келе жатты да, нағыз құм төбелерден өтерде аттар батпақтап келе жатқандай малтыға бастады.

...Бұл атақты Қызылқұмның шеті еді.

Ағайынды екеу де, олардың астындағы аттар да болдырып шаршап, ілбіп басып келе жатқанда, шығыстан таң да саз берген-ді.

Алдан әлдебір бұта-қылтанақтар қарауытты. Бұлар тағы біраз жүргенде өлгі қылтанақтар іріленіп тал болып, тарбиып көрінді. Сол тарбиған тал – сексеуілдердің арасымен де біраз жүріп барып, ерекше биік өскен топ сексеуілдің түбіне жете беріп, қожайын мініп келе жатқан бозбесті тоқтады. Бозбесті тоқтаған кезде, жирен мен қасқаторы да ілесе тоқтады.

Ағайынды екеу «Ойпырмай, ақыры жеттік пе?» дегендей үйқылы-ояу көздерін қайта-қайта уқалап, жан-жақтарына қараган еді, бәрібір ештеңе түсінбеді. Түсінгендері – қожайындарына еріп аттарынан түсіп, ер-тоқым, қоржындарын алып, аттарды асығыс түсай сала, өзді-өздінің ер-тоқымын бастарына жастанып, қисая-қисая кетіскендері...

Таза ауда үйқысы тез қанды ма, әлде шаруа ыңғайын ойлағандағысы ма, қожайын күн көтерілісімен-ақ алдымен оянды. Оянып қана қоймай, орнынан түрдү. Жан-жағына қарап, тұсаулы жүрген аттарын бағдарлады. Сосын өз атына салынған қоржыннан «Кока-коланың» босаған қалбырына құйылған сумен беті-қолын жуды.

Оянса да әлі үйқытаған болып, Байшұбар қожайынның істерін андал, бақылағандай халде біраз жатты да, орнынан түрдү. Әуелі есінеп, керілді. Сосын қолдарын онға, солға сілтеп, денесін шынықтырған секілді бірер қимыл жасады да, бұл да анда-санда алға бір секіріп, үшеуі үш жерде жайылып жүрген аттарға қарады.

Қожайын жуынып болған соң «сен де жуын» дегендей қалбырды ортага қойған. Соны алып жуынды. Таңғы салқын ауамен су да салқындаған екен. Денесі кәдімгідей жадырап қалды. Өз қоржыннан Лиза берген су жаңа сұлгіні

шығарып, сүртініп тұрып, тағы да тұсаулы аттарға, сосын әр жерде топ-топ өскен айыр бұтақты сексеуілдерге қарады. Өсіп тұрған сексеуілді бірінші рет көрүі.

Күн енді көтеріліп жатқанымен қызыу алапат. Жанып шығып, жанып бататын күнді бұл да көрген. Бірақ мына жанудың тәрізі бөлек еді.

Үйқысы қанбай орнынан тұрып үйренбеген балаңдығына бағып, әліге дейін тұяқ серіппей жатқан Шертай ғана. Тіпті оған мына алаулап шықкан күннің жалыны да әсер ете қоймағандай.

Ахмет қоржынынан шолақ күрек шығарды. Сонын «сонынан әр» дегендей Байшұбарға иек қақты да, өзі бір иығына мылтығын іліп, алға түсіп, анадайдан көрініп тұрған топ сексеуілдерге бастады.

Байшұбар сонынан ерді. Топ сексеуілдің маңында ошақ аумағында жерде шөп өсіп тұр екен. Ахмет сол шептің түбіне жеткенде, шолақ күрегін құмға екі-үш батырды да, «енди сен қаз» дегендей Байшұбарға ұстата берді. «Құмнан құдық қазу оңай. Тайыздан шығады» деген сөзді Байшұбар талай естіген. Сондықтан қожайын қолына шолақ күрек ұстаған бойда-ақ мұның ойына құдық қазу жайы түсе кеткен-ді.

Құдық қазуға Байшұбар тіпті де қиналған жоқ. Ұсылдаған құмды онды-солды лақтыру ол үшін ермек етер іс қана сияқты еді.

Құдық тізеге жеткенде құм ылғалданды. Ылғал құмды сыртқа лақтыру тіпті де оңай-тын. Оның ұстіне ылғалдың лебі мұны күннің алаулаған ыстығынан қорғағандай болды да, құдық ішіне Байшұбар тізесін бүгіп, аз-кем тыныстап отырды. Жанын жай таптырған сол сәттегі рахат-ай!

Ол тіпті іштей құдайдан одан әрі «әзім қазайын» деп қожайының күрекке жармаспауын, інісінің де әзірге үй-қыдан оянбауын тілеген.

Құдық терендігі кіндікке жеткен кезде құм суланды. Одан әрі күрек бойы қазғанда, ана бұрыш, мына бұрыштан

көз жасындағай саулап шықсан суды қызықтап, әрі даладағы аптаңқа да асықпай Байшұбар құдық түбінде ұзақ отырган.

Бұл түнеген жерге қайта оралғанда. Ахмет пен Шертай қалың қексеуілдің көлеңкесіне газет жайып, таңертеңгі ас қамына кіріспін жатыр екен. Қожайын бұл жолы тұз сіңген жылқы етінен, өсіресе қазысынан мол туралты. Сиыр етінің консервісін де ашыпты. Маңдайына қытай әріптері жазылған, шамасы төрт әлде бес литрлік термос та қоқып дастарқан шетінде тұр.

Қожайынның қолының ашықтығына бұрында риза Байшұбар, бұл жолғы мәрттігіне айрықша тәнті болғаны... Тым болмаса ұзақ жолсапарда үнемшіл шығар-ау деп ойлаушы еді, сөйтсе өлі де ағыл-тегіл...

Байшұбар ішінен «Сонда қожайынымыз бізге қайтар жолда не бермек?» деп ойлай берді де, тағы да мылтыққа көзі түсে кетті. Мылтықты көрген соң-ақ көнілі орныққандай болып, қалбырда қалған суға қолын шайып, дастарқан шетінде жайғаса берді.

Асықпай ас жеп, одан соң қожайын құйып, ұсынған көкшайдан да анда-санда бір ұрттап қойып, Байшұбар өзіне бір қырын отырган қожайының жүзіне ұзақ қарады. Бір аулада көптен бірге тұрып жатырмыз дегенімен, дәл жақыннан емін-еркін көз тоқтатуы да осы жолы-ақ шығар. Жол-жөнекей үнемі алда жүріп отырды. Ал анда-санда бұған бірденені нұсқап, әлде жұмсағысы келіп бұрылған сөтінде, бұл батылы жетіп, тіктеліп қарай да алмайды. Неге екенін... әйтеуір, жасқаншақтап, төменшіктей қалады.

Қазіргі алысқа қарап, жеген асын ұзақ шайнап, соңынан қантсыз көк шайдан ұрттап қана отырган сөтінде де, Ахмет мырза өте сұсты-тын. Жиектерін ақ шалып, аражіктері қосылып кеткен өсінкі сақал-мұртына қарап та, оның анық жасын дәл басып айту өте қиын еді. Елуде деуге де, алпыста деуге де болады. «Жетпісті жағалап қалған-ау» десен де

базбіреулердің бас шайқап, күмән қылуы екіталай. Ширактығы мен әлі де күш-куатының барлығына қарап секем алмаса...

Қазір ғана Байшұбардың анық байқағаны – оның жолбарыштың көзіндегі қанталаған, көкшулан көздері тым өткір екен. Сол көздерге қырынан ұзақ қарап отырып, қожайын өзіне оқыс бұрылған кезде неге жасқаншақтап, төменшіктеп қалатының бұл енді түсінгендей болды.

Қожайының бұл байқаған тағы бір тосын әдеті – үйден алып шықсан қол радиосының бар екенін, кеше көл жағасында демалған кезде-ақ байқаған. Анда-санда сағатына қарап алып, хабарлар берілер кезде ғана құлағына тосып тындаиды да, қайтадан құлағын бұрап жауып қояды. Өнөуенге зауқы жоқ. Қазірде тамақ жеуді бұлардан ерте бітіріп, үстіндеңі шолақ жен, жұқа боз бешпетінің жан қалтасынан орамал шығарып, асығыс қолын сұртті де, тес қалтасындағы шынжырбау қалта сағатын шығарып, бір қарап, қол радиосының құлағын бұрады.

Радио ел президентінің өзге бір елге жасаған сапары, парламенттің кезекті мәжілісі жайлы айтты. Байшұбар білмейтін бір ауданда жаңа мектеп іске қосылғанын да сөз етті. Сосын диктор аяу райын айта берген сөтте қожайын қол радиосын өшірді де, оқыс Байшұбарға бұрылды. Қарағаны қандай сүйк. Байшұбар қапелімде қарадай абдырап, сасқанынан інісіне бұрылғанда Шертай шайнаңдал әлі де ет жеп отыр екен.

Өлден уақыттан соң барып Байшұбардың есіне құдық түсті. «Қожайын маған құдықты мегзеп қараған шығар-ау» деп ойлады ол орнынан асығыс тұра беріп.

Келенкеден шыға бере байқағаны – күн жанып тұр екен. Мына түрімен тал түсте, түс аяу қандай алапат ыстық боларын бір Алла білсін.

Құдықтың сұы тұнған екен. Қолына алып түскен қалайы тостақпен Байшұбар әуелі өзі ішіп көріп еді, құмның салқын, таза сұы жан дүниесін ғажайып рақатқа бөлекендей

болды. Тіпті тұла бойынан тер шықты. Сыртта төменге төне қарап отырған Шертай да бір тостағын алып ішіп, тағы бір тостақ су сұрады.

Сәлден соң Шертай тұсаулы аттарды айдал келді. Байшұбардың құдық түбінен алып берген су толы тостағын Шертай іле көтеріп, шайқалып төгілмес үшін, аяғын абайлап басып, аттың аузына апарады. Тәйірі тостақтағы суды ат су десін бе, бір-ақ сіміреді. Ат аузынан босаған тостағын ала сала, Шертай ағасына қайта жүгіреді. Бірте-бірте молайып келе жатқан судан Байшұбар тағы іліп береді. Шертай тағы да аяғын абайлап басып, тостақ толы суды аттарға ұсынып жатқаны...

Осы әдіспен бұлар үш атты шамасы бір сағат бойы суарған шығар-ау.

Сонан соң Шертай аттарды сексеуілдің көлеңкесіне қарай айдады да, Байшұбар бір тостақ мөлдіреген суды аяқтарын дақ-дақ басып жүріп қожайынға жеткізген.

Ахмет ішпес бұрын, тостақтағы суға ұзак қарады да, Байшұбарға бұрылды. Қарасында бұған құдік келтіргендей бірдене болды ма, немене...

Сосын барып суды ішті. Қожайынның да рақат қүйге бөленгенін, оның тостақты бұған бірден ұсынбай, бірауық риза пейілмен тәнірекке үнсіз қарап отыруынан аңғарды. Бірақ тіл қатпады. Байшұбардың өзін болмаса да, құдықтың сүйін мақтар деген үміті де адыра қалды.

Ол үндемеген қалпы бұған тостақты қайта ұсынғанда: «Тым болмаса жолға шығар уақытымызды айтар ма екен» деп те дәмеленген. Ол дәмесіне де жауап болған жоқ.

Бар болғаны аз-кем қозғалып, сексеуілдің көлеңкесі қалындау тұсына жантая берді де, мұнысы «енди ұзак демаламыз» деген емеуріні сияқтанды.

Қожайынның сексеуілдің түбіне қарай жантаянда да мән бар екен. Ұлы сәске кезінде күн жанды. Мұнданы ыстықта жолаушы жүрмек түгілі, көлеңкенің өзінде шыдап отыру мүң болды. Әзірге жандарын алып қалып отырған құдықтың

сүы. Ағайынды екеу қайта-қайта ішеді. Бірінің үстіне екіншісі тостақпен су құйып жуынды. Бұл істері біржағынан жан бағу болса, екінші жағынан екеуіне жетіл-артылған ермек те еді. Қожайын қимылсыз. Анда-санда қол радиосының құлағын ашады. Сосын қайта өшіреді. Одан өзге ойы да, ермегі де жоқ жандай.

Тұс ауа құмды жалаңаяқ басу мүмкін болмады. Құм – құм емес, жайнап жатқан шоқ секілді. Арабиған сексеуілдердің көлеңкесі де пана бола алмаған кезде, ағайынды екеу тағы бір айла ойлап тапты. Ол айла – құдыққа екеуі кезек түсіг, отырып, денелерін салқындастып тұру еді.

Кезектің осылай нешеме рет қайталанғаны да естеरінде жоқ. Әйттеуір, қыбырлаған жандыны отсыз-ақ қуырардай көрі Қызылқұмның шілдедегі айта берер бір күнгі атабын олар осындай айла-амалмен өткеріп жатты.

Жолаушылар күн батқан соң барып жолға шықты. Тағы да бозбесті алда, жирен мен қасқаторы соңында. Шоқ-шоқ сексеуіл өскен құмды даламен жүріп келеді... жүріп келеді...

Тәніректі қараңғылық басты. Әуелі әр тұстан жұлдыздар самсады. Сосын ай туды. Жолаушылар дамыл көрмestен жүріп келеді.

Құмды даланың кешкі көрінісін қызықтап, аспандағы жұлдыздарға зер салып, аппақ болған айға қарап, сыр алдырмай отырған ағайынды екеуді тұн ортасы ауа бере тағы да үйқы жеңе бастағаны. Қалғып, енді болмаса ат үстінен құлап бара жатқан Шертайды ағасы екі рет қамшысының сабымен тұртпі оятып, абырой болды. Шертай да қарыз болып қалмай ағасын бір рет қамшысының сабымен тұртті.

Бітпейтін жүрістен қажыған сәттерде Байшұбар арқан бойы алда бара жатқан қожайынына қатты таңданып отырады. Абыржып жер де шолмайды. Тіпті жан-жағына бұрылып, зер салып та жатпайды. Қызылқұмның құм төбелерін, өсіп тұрған сексеуілдеріне дейін көңіліне жаттап алған жан секілді, бозбестінің бірқалыпты бүлкіл жүрісімен

сыдыртады да отырады. Бұларға бұрылып қарап: «Шаршаган жоқсындар ма? Көңіл-күйлерін қалай?» – деу ойна кіріп те шықпайтында.

Байшұбар тағы бір ойлап қараса, қасиет қожайындаға ғана емес, оның астындағы бозбестіде ме деп қалады. Өйткені, кейде болса да ат басын бұрып, яки қамшы салып отырған Ахмет жоқ. Құм төбелерден асып бара жатқан да бозбестінің өзі... Қызылқұмның жан баласы ұғып болмайтын құпия жолдарымен қанша рет күн жүріп, түн жүріп, көкірегіне тоқып алған сыралғы жануар сылт етіп сыр бермеді. Жирен мен қасқаторының де оның соңынан салпаңдап еріп отыру ғана секілді.

Таң енді бозарып келе жатқанда бұлар оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған биік құм белдеуден өткенде, арғы жағы қара ормандай қаптаған сексеуілдер еken. Сол қалың сексеуілге кіре бере, бозбесті шұғыл батысқа қарай бұрылып, аз уақыт бүлкілдеді де биік өскен топ сексеуілдің ық жақ бетінде кепкен шәптермен, сексеуіл бұталарымен бастирылған аласа тәмпешіктің жаңына жетіп тоқтады. Қожайын атынан түсті. Оған ілесе Байшұбар мен Шертай да аттарынан түсіп, аттарының үстінен қоржындарды алды. Соғын Шертай аттарды тұсады. Байшұбар қожайының ымдауымен кепкен шәптер мен сексеуіл бұтактарын ысырған кезде, астынан есік шықты. Есікті ашып еді, аржағы әр жерін сексеуілмен тіреген кепе еken. Терезе, тесігі болмағандықтан кепе өуелде үнірейіп сұық көрінсе де қоржындарды кіргізіп, өздері де жайғасқан сәтте көздері үйренді ме, әйтеуір, бұларды алтаптан сақтай алар, салқын мекен болып көрінді.

Кепенің сән-салтанатын түгендер жататындағынды екеуде мұрша да жоқ-ты. Кірген бойда әрқайсысы өз қоржының жастық етіп, ұзындарынан ұшып түскен бойда үйқыға кеткен.

Байшұбар үйқыдан оянған кезде қай мезгіл еkenін де

анық аңдай алған жоқ. Әйтеуір, кепе есігінен түсіп тұрған жарық мол. Жарықпен бірге ыстық ауаның да лебі ұрып тұр екен. Тағы бір байқағаны – қожайын тұрып кетілті. Шертай болса үстінде мәйкі мен тұрсыден өзге лыпа жоқ, аузыы ашылып, қалың үйқыда жатыр.

Ол орнынан тұрып, сыртқа шықты. Тәнірек ай-жай қүйге енген. Құн тағы да жанып шығыпты. Қожайын кешегідей тағы бір «Кока-коланың» қалбырына құйылған сүмен жуынып-шайынған екен. Қалған сүмен бұл да беті-қолын жуа бастады. Ара-тұра аузын да шайып еді. ыстық қунде қоржында екі тәулік жүрген су өз-өзінен айнып кетілті. Қайтып жерге түкірді. «Мүмкін, бүгінде құдық қазармын» деп ойлады ол қайтадан кепеге кіріп, жүресінен отырған қүйі Лиза берген сұлтімен сұртініп жатып. «Қазу керек болса, несі бар... қазамын!»

Қайта кірген кезде көзі үйренгендіктен бе, кепе іші бұрынғыдан анық көрінді. Жүрелей отырған қүйі төбеге қарады. Кепенің төбесіне арбыйтып-арбыйтып сексеуіл бұтақтарын салып, шөп-шаламмен аямай бастырып, сыртынан құмды да қалың төккеннен болар, еш жері бұлінбеген. Қар мен жауын сұы да өтпеген секілді.

Ойдан ой туып, бірауық «Осы Қызылқұмға қар мен жауын жауа ма өзі, әлде жаумай ма?» деген сұрақтың тәнірегінде басын қатырып жатып, Байшұбар қара көлеңкеге әбден көзі үйренген шақта, түкпір жақтан қарауытып жатқан бірденелерді байқады. Тізерлей жылжыған бойда ол әлгі қарауытып жатқан нәрсеге де қолын жеткізген. Ұстай беріп, қараса жаздық еркек туфлиі. «Е, жай нәрсе екен ғой», – деп қайта тастай беруге оңтайлана беріп, туфлиге кенет тағы бір үнілгені...

– Ойбай-ау, мынау-у – дей беріп, айналдырып мұқият қарады. Сосын «Бұл – Ералының туфлі ғой» – деді іштей сенімді түрде. Сенімді болатыны – дәл осындай екі туфлиді Ералы екеуі Түркістаннан бірге сатып алған. Мұнықи былтырғы жазға жетіп пе еді, әлде жетпеп пе еді, әйттеуір,

быт-шыты шықсан. Тозбасына да қойды ма, бұл бір жаққа барып келіп, аяғынан енді шеше бергенде, Шертай аяғына іліп алып кетіп бара жатқаны. Орталарындағы жалғыз оңған аяқ киім болғандықтан мойындары қылқыып, тағы бір жаққа шығуға Шертайдың қайта оралуын күтіп, аяғы қырқылып бұл отырады.

Ал мына Ералының тозбапты. Тозғаны не, бұп-бұтін. «Алырай, сонда Ералы осында болғаны-ау» деп ойлады Байшұбар қуанып, әрі іштей қатты толқып отырып: «Осында жұмыс істеп жүрген болды ғой. Е, бәсе, соқталдай жігітті жер жұтсын ба? Біз шамасы оны алмастыруға келген шығармыз».

Байшұбар енді туфлидің екінші парын да еңкейіп алып, оның да іші-сыртын ақысы қалғандай қараған... Сейтіп отырып, іші бірденеден кіп алды. Аяқ киімдер көптен бері киілмеген еді. Оны аңдағаны – былғарысы қаңсып, ұлтаны қайқайып кеткен. Биыл киілгендігі былай тұрсын, бір жылдан бері өлдекімнің қолы тигендігіне де күмәнді-тін. Өйткені – аяқ киімді құм басып кеткен.

Байшұбар кепенің тәбесін, бұрыш қуыстарын жіті көзben қайта шолып шықсан. Сондағысы «Ералының осында екенін айғақтатындағы тағы бірдеңелер табылып қалмас па екен» деген далбаса-тын. Көзіне ештеңе түспеді. Бір бұрышта аузы бұрап ашылып, бұрап жабылатын шыны бидон тұр. Байшұбар жаңылмаса қожайын дәл осындағы ыдыстың тағы екеуін алып келді.

Осы бидонға Байшұбардың мән беруінің де себебі барды. Екі жыл бұрын ол Шиелінің уран зауытында жұмыс істеген кезі болды. Сонда бір топ жұмысшы үстеріне арнайы киімдер киіп алып, азот қышқылы құйылған осындағы шыны бидондарды вагоннан түсіріп, зауытқа тасыған.

Байшұбар еңкендең барып, асықпай бұрап, бидонның қақпағын ашқанда, түбінде қалған болмашы сұйықты да аңдады. Бірақ түсі азотты қышқылдан бөлектеу сияқты.

Тебені тінтіп қарағанда көргені – сексеуіл бұтағының

қуысынан бір орам кендір жіп пен оттық қорапшасы еді. Тағы бір қыстас тігілген қолғап та тапты. Бірақ Байшұбарға керегі – Ералыға ғана тиесілі мүлік болатын.

Ақыры ол жүрелей жылжыған күйі өз қоржының жаңына келіп қисайды. Қисайып жатып ойлаганы да Ералы жайлыш болды. «Бәрібір ол осында. Туфлиін кисін, кимесін, туфлиі тозсын, тозбасын, ол осында болмағанда қайда болады? Сонда өзі нендей жұмыс істеп жүр еken деші? Айтпақшы қожайын оған жұмысына ыңғайлы басқа аяқтім сатып әперген ғой. Біздің қожайын керек еткен адамына бір емес, бірнеше аяқтім сатып әперер-ау. Е, бәсе-е» деп ол ақыры Ералының осында жұмыс істеп жүргеніне өзін-өзі толық сендергені сондай, ендігі жерде зәредей құдігі де қалмаған секілді-тін.

Ойының осылай қорытылғанына риза болғандай шалқалай жатып, өр жерінен шөп салбырап, сексеуіл бұтақтары арбиған кепенің тәбесіне қарап жатып, ол ақырын ысқырып әндептіп де жіберген-ді. Ысқырған өуені де өзіне сондайлық ұнап еді, бірақ ойда жоқта Шертайдың оянып кеткені... Ол оянғандығын бір аунап түсіп сездірді де, әлі де ұйықтай бергісі келгендей маужырап жата берді.

Байшұбар өз қылышына аз-кем ыңғайсызданғандай біраз үнсіз жатты да, сәлден соң еңбектей жүріп, сыртқа шықты.

Кепені бір айналып шығып, ормандай болып өскен сексеуілдерге үнсіз қарап тұрған. Сәлден соң кепеден Шертай да шығып, бірауық керіліп, есінеді. Ұйқысы әлі қанбаған секілді. Сосын қалбырды қолына алып, ол да айнып кеткен сумен беті-қолын жуды.

Осы кезде қалың сексеуіл арасынан мылтық асынған Ахметтің шыға келгені. Өлдебір шаруа тындырып келе жатқандай жүрісі сұыт. Екі балағын түрініп алған. Өзін күтіп алу үшін шыққандай, иіріліп тұра қалған бұларға қожайын бірден «кеңеге кіріңдер» дегендей сұқ саусағын шошайтты. Өзі едөүір жер жүріп келген кісіше, мәндайы тершіген.

Үшегі отырып тамақтанды. Қожайынның бұл жолғы қоржынынан шығарып газет-дастарқанға салған тағамының да түрі бөлек болды. Ол тарыдан жасалған бір қалта жент шығарып, ортаға қойды.

Ендігі жерде қоржында татымды бірдене қалды деу де қысындау еді. Сондықтан Байшұбар жентті ұзақ шайнап отырып, еріксіз: «Сонда қанша күн осында жұмыс істейтін болсақ, не жемекліз? Ауылға қайтар болсақ ше?» – деп алдағы қундердің қамын ойлай бастаған. Бірақ ештеңеге ақылы жетпеді де, өзін-өзі алдартқандай болып: «Е, мылтық бар екен ғой» деді аузындағы жентін одан өрі шайнап жатып.

Жол-жөнекей әрлі-берлі зытып қашқан қояндарды көрген. Ал дария жағасында онынан да, солынан да қырғауылдар парылдап ұшып, есін шығарғандары ше?

Байшұбар осы жолы қожайыннан «Ералы осында ма?» деп сұрауға да оңтайланған. Бірақ Ахметтің бүгінгі кейіпі тіпті салқын еді. Біржола қанталап кеткен көкшулан көздері мен сақал-мұртпен жарыса өскен қыл-қыбыр басып кеткен сүйк жүзіне қарап отырып: «Бұл біреуді өлтіріп келгеннен сау ма, әлде біреуді өлтіруге оңтайланып отырғаннан сау ма?» деп ойласа да жарасқандай еді.

Байшұбардың қандайда бір сөз бастауға батылы жетпеді. Оның үстінен мұның әлденеге оқталған сыңайын танығандай болып, қожайыны жолбарыштың көзіндей өткір де ашулы жанарын бір аударып қарағанда, сөз бастамақ түгілі Байшұбар жеп отырған асына түйіліп қала жаздал, қайта-қайта жетеліп барып зорға құтылғаны.

Ас сонынан Ахмет термосын шығарып, бұларға бір-бір кеседен кек шай құйды. Бір кесесін өзі ішті.

Ол шай ұрттап отырып та, шынжыр баулы қалта сағатын шығарып бір сәт үңілді де, жан қалтасынан қол радиосын алып, құлағын бүрады. Радио ел президентінің қайсы-бір елдердің елшілерін қабылдағанын, парламенттің жазғы демалысқа кеткенін айтты. Сосын бір ауданда көпір, тағы

бір ауданда жаңа мейрамхана салынып біткендігінен хабардар етті. Облыстық театрдағы жаңа бір қойылым жайын да сөз ете бастағанда, Ахмет ойындағысын айтпағанына ашууланған жандай, құлағын бұрай қойғанда қол радионың әңгімесі шорт кесілді.

Астана кейін Ахмет бұларға «демала беріндер» дегендей емеурін жасады да, өзі мылтығын асынып, кепеден шығып, қалың сексеуілдің арасына кіріп кетті. Өте бір маңызды шаруамен айналысып жүргендей жүрісі тым сұыт, әрі күдікті еді. Бірақ күдіктенген Байшұбарған. Шертайдың ойында ештеңе жоқ секілді. Малжандап әлі де жент шайнап отыр. Қожайын көрінбей кеткен кезде термостан тағы бір кесе шай құйып алды. Бірақ рұқсатсыз жасаған осы ісіне үялғандай, қызырақтап отырып, Байшұбарға бұрылыш қарады. Бұл қылышы – «ұрлығымды жасыруға жаарасыз» деген емеуріні сияқты еді. Байшұбар үндеген жоқ. Оған Ералының аяқ күімі жайлы да ештеңе айтқысы келмеді. Мұндай құпия әңгімелерді айтуға оны баласынды. Сосын қоржының жастаған күйі шалқалай жата кетті де, тағы да кепенің тәбесіне қарап жатып ысқырып әндettі. Бұл жолы ешкімнен қысылмай, қымттырылмай-ақ ысқырып еді, салған әуені тым мұңлы болып шықты.

Қоржындарын жастық етіп, салқын кепеде екеуі әңгімелесіп жатқан. Әңгімені бастаған Шертай:

– Аға, күзде ауылға қайтар болсақ, ақшаларымызды поштамен салдырмай, қолымызға алайықшы, – деп қайдағы бір арманың айтып кеткені...

– Қолымызға алдық не? Үйге барды не? Бәрібір өзіміздің ақшамыз емес пе?

– Жоқ, аға, қолымызға алайықшы... Барған соң Лизаға осылай айтыңызшы.

«Өзі мені Лизаға салғысы келеді» дегендей Байшұбар кепенің тәбесіне қарап жатып, кекесінмен жымып алды. Лизаның менің айтқанымды істейтінін біліп қойған.

Біраз үнсіздіктен соң, Байшұбар інсіне қарай бұрылды.

— Ақшаны қолыңа алғанда, не істейін деп едің? — деді өзінше сыр тартқан болып.

— Әліқұл мен Бейсен екеуіне екі белесебет алайын деп едім.

— Екеуіне бір белесебет аздық ете ме?

— Екеуіне екеуін алайықшы, аға... Естері шығып, бір құансыншы. Белсебеттерімен ана ауыл, мына ауылдың арасына жайлauғa шықкан тайдай шапқыласыншы бір-р!

Осыны айтқанда Шертайдың көздері өз-өзінен күліп, қиялында белесебет айдал бара жатқан Әліқұл мен Бейсенмен қосарланып, өзі де бір бір белсебетке қосыла мінгендей есі шыға қуанып жатыр еді.

— Одан өзге не сатып алмақсың? — деді Байшұбар қазбалап.

— Аға, ауылға базардан қайтқандай болып барайықшы. Кііп те жарымай, ішіп те жарымай отырған аш-арық ауылғой. Біз барған күні той болсыншы. Ұзынарық... Ұзынарық болғалы естерінде қалатындей... «Қауынбайдың балалары Саратаннан келетін күні ше?» деп кейінгілерге жыр етіп айта жүретіндей оқиға болсыншы...

Байшұбар жауап орнына құлді. Бұл күлген сәтте інісі де қосыла құлді.

... Сол сәтте төбесін арбиған сексеуіл бұтақтарын салып, қырық түрлі шөп-шаламмен жапқан Қызылқұмның бір түкпіріндегі жер кепенің іші қандай бақытты құлкіге бөленіп еді. Туыстық сезім мен мейірімдері де қандай жарасып жатты. Бір-біріне құліп, қуанып қараган көздері сол жартылай қараңғы кепенің ішіне нұр шашып, жарқыратып тұрды емес пе? Шертай аңқылдаған, баяғы... бала күнгі мінезіне салып, ағасының белінен де құшақтады-ау... Сөйтіп жатып бұған күбірлеп: «Пірәлі атамның үйіндегі өжеме, Тоқашбай ағамның үйіндегі жеңешеме... Алдияр ағам мен Бибітай қарындасыма... Сиякулге...» деп ауылдағыларға сатып алар базарлықтарының да нобайын айтып, бұл тындал жатқан. Ар жағы Байшұбардың есінде жоқ. Қор-р етіп ұйық-

тап кеткен... Ағасы ұйықтап қалған соң да ауылға апара-тын базарлықтарын түгел тізіп, құздің қамын да, қыстың қамын да түгел ойлап, қиялымен сөміріп, әрлі-берлі дөңбекшіп біраз жатты да, Шертай да қалғи бастады.

...Байшұбар бір кездे жамбасына тиген қатты бірдене-ден оянып кеткені. Апыл-ғұптың көзін ашып қараса – Ахмет! Бұларды мылтығының дүмімен ұрып, оятып тұр екен. Ша-масы қатты батса керек, Шертай қыңсып жылағандай бол-ды. Бірақ оны қожайын мылтық дүмімен екінші рет ұрған-да, үні өшті... Пырс-пырс еткен дыбысының өзі тұншығып, аянышты естілді.

Әуелде Байшұбар қожайының бұл қылышына қатты шамданған. Ашумен уәж қайырғысы келіп те тырсыйып ба-ғып еді, бірақ оның жүзіне қарай беріп, өз-өзінен басылып қалғаны. Тіпті үні шықпай қалды. Қожайындарының ымы-мен есіктен ағайынды екеу бірінен соң бірі атып шыққанда, соңынан шыққан Байшұбар күннің тал түс екенін де, бесін екенін де толық айыра алған жоқ. Әйтеуір, жаңып тұрған пешке кіргендей өсерде қалды. Асығыста болса да Байшұ-бар аяғының басына сүйретпесін іліп үлгерді де, жалаң-аяқ шыққан Шертай шоқ басқандай құмды бірде аяғының басымен, бірде өкшесімен басып, шығарда босағадан іле шыққан көйлегінің женіне қолын жолай сұғып, тұрсишен бұты сыйдиып, қаздандалап кеткен. Есесіне екеуі де жалаң-бас. Бас жақтарында жатқан күнқағарлары ойларына да келмеген. Бастарына да біреу шоқ басып жатқандай.

Қожайынның дәл қазір бұлардың хал-жайымен шаруа-сы жоқ секілді.

Ахмет сұқ саусағын қалың сексеуілдің арғы жағына сіл-теді де, бұлар қожайын сілтеген бағытқа қарай жүгіре ба-сып келе жатты. Біраз жүріп барып, Байшұбар соңына бұрылып қараганда, Ахмет те соңдарынан өкшелей басып келеді екен. Мылтығын бұларға кезей ұстап алған. Түрі кісі өлтіргендей, болмаса енді өлтіретіндей. Бұл – Байшұбар

күтпеген көрініс еді. Бір жамандықтың боларын сезгендей, жүрегі су-у ете қалды. Әлгінде ғана оп-оңай тасып шыға келген ұшпа ашу да өз-өзінен сөніп, әншейіндегі қайратқуаты да семіп, қатты жасып қалғандай. Дегбірі қашқан бозекпе баладай, әйтеуір далаңдап, жүгіре басып келеді.

Құм бетінде Ахметтің әлгінде ғана жүрген іздері білініп жатқан. Байшұбар сол ізден жазбады. Шертай қабаттасып желе-жортып келеді.

Кепеден шыққан бетте-ақ құннің ыстықтығын байқадым дегені де әншейін-ақ еken. Кепеден жарты шақырымдай ұзап шыққанда сезінді нағыз ыстықты! Төбелерін отпен қарып, табандарына от төсегендей бірдеңе... Шертай енди желе-жортып емес, аяқтарын әр жерден бір басып, аяғы кеміс жандай шойнандал келеді...

...Кенет алдарынан кірпіштен өрген жерошаққа орнатылған қазан шықты. Байшұбардың бір мән бергені – қазанның астына мол етіп сексеуіл бұтақтарын үйген. Жанында өздеріне таныс шолақ күрек пен екі тілді айыр, сосын өзі әлгінде кепеден көргендей шыны бидонның екеуі жатыр. Құлап жатқандарына қарағанда ішіндегілері қазанға құйылған. Айыры айырдан гөрі шанышқыға ұқсаған, арбіған бірдеңе...

– Тоқта! – деді бұлар қазанға жақындай бергенде Ахмет сондарынан айқайлап. Үні де кісі қорыққандай гүрілдеген бірдеңе. Байшұбар жаңылмаса, қожайынның бұларға тап осылай айқайлап дауыстауы да осы жолы шығар-ау.

Байшұбар тоқтады. Бұған ілесіп Шертай да тоқтаған. Бірақ құмның ыстығынан ол аяқтарын жерге нық қоя алмай, өуелі өкшесімен, сосын басымен тұрып, аяқтарын дамылсыз қозғаумен болған.

Тоқтаған кезгі Байшұбардың алғашқы байқағаны ана-дай жердегі ішін сексеуілдің бұтақтарымен өрген құдық еді. Ернеуіне қауға шелек ілінген. Жанында жартысы оралып, жартысы тарқатылып кендір арқан жатыр.

Ахмет бұларға жақындаған жоқ. Мылтығын кезей ұстаган күйі анадай жерден: «Байла-а!» – деді тағы да гүжілдеген дауысымен. Сұқ саусағы Байшұбарға, жолбарыстың көзіндегі қанталаған көздері Шертайға қадалып тұр.

Құдыққа тусу үшін бірінің беліне екіншісі арқан байлауы керектігін Байшұбар алғашқы айқайдың тұсында-ақ үғынған-тын. Бірақ құдыққа не үшін түсетіндігі дұдамал болды. Құдықтың түбін аршу керек пе? Әлде су алуы керек пе? Оның үстіне бойын билеген үрей, ендігі жерде біржола есін шығарып жібергендей. Қожайынына бұрылып қарғаны да алақ-жұлақ бірдеме... Аяғының астындағы кендір жіптің тарқатылып жатқан үшінена соза берген сол қолы дірілдеді. Сол қолы ғана емес, бүкіл тұла бойы дірілдегендей сезінді де, есі шыққаны сондай, қожайының сұқ саусағының нені аңғартып тұрғанын да толық болжай алмады. «Сен жіпті ініңің беліне байла...» дегені ме... әлде «Сенің беліне байласын» дегені ме? Абдырағаны сондай – кендір жіпті өз беліне өзі байлауға оңтайланған бергенде, інісі: – Aға-а-а! – деп қалғаны. Дей салып, үстіндегі ақ кейлегін жалма-жан шешіп, сексеуілдің бұтағына ілді.

Шертайдың «Құдыққа мен түсейінші» дегенді аңғартып тұрғанын Байшұбар түсінді. Бірақ «Қожайын мені түссін деп тұр емес пе» дегендегі қожайынына жалтақтай қарап, жіптің үшін інісіне берерін де, бермесін де білмей тұрғанда, Шертай ерекше батылдықпен жіпті жұлып алып, өз беліне асығыс байладай бастағаны.

Інісінің бұл қылышы – өзіне деген құрметтеп бе, әлде тәбесінен де, табанынан да қуырып, қарып бара жатқан аптал күннің әсері ме, анығын түсіне алмады. Бас қатыруға мұршасы тағы жоқ еді.

Шертай құдыққа түсіп бара жатты да, бұл оның беліне байланған кендір арқанды бірте-бірте босатып жатты.

Шертайдың тәбесінің құдыққа енді бата бергені де сол еді, кенет оның ұзақ шыңғырған дауысы естілгені. Байшұбар өмірінде мұндай ащы, үрейлі дауысты естімеген шығар.

Қатты далбырап сасып, әрі есі шығып кеткендіктен болар, қожайынына қарады. Ахмет бұрынғыша мылтығын кезеніп, бұған ежіре耶 қарап түр еken. Оның қазіргі түрінен рахым күтудің өзі үмітсіз әурешілік еді.

– Жібер арқанды! – деді ол барынша қатқыл үнмен. Байшұбарabdырап тұрып, кендір арқанды одан әрі де жібере беруді ұмытып кеткенін енді аңдал, арқанды босата берген. Шынғырған ащы дауыс, енді о дүниеден естілгендей, құңғірлеп төменнен шықты.

Осы сәтте барып Байшұбардың есіне жыландар... және көп жыландар түскені.

Ақыры шынғырған ащы айқай төменге түскен сайын тұншығып барып басылды. Бірақ ол айқай Байшұбардың құлағынан әлі кеткен жоқ-ты.

Бір сәт Байшұбар інісінің соңынан құдаққа құлағысы келді. Қолындағы қарғыс атқыр арқанды тастай беріп, құла түзге қашуды да ойлады. Бірақ соның екеуін де жасай алмай, жаутаңдап қожайынға қарап тұрып, өзінің әншейін-ақ су жүрек қорқақ жан екенін де мойыннады.

Байшұбардың осылай жаутаңдап қарарын да біліп тұрғандай Ахмет көрленіп: – Тарт-т арқанды-ы! – деді, бүкіл құмды далаға әмірін жүргізіп тұрған жандай. Өйткені бұл Ахметтің дауысы ғана емес-ті. Ахметпен қосыла Байшұбарға мың-миллион адам айқайлағандай болған. Құдайым-ау, мың-миллионың не? Бүкіл дүние... Қызылқұмның самсаған атамзаманғы көрі сексеуілдері мен жыл сайын, кейде ай сайын қоныс аударып, көшіп жүретін құм төбелері де осылай деді...

Сол айқайлардан құлағы шуылдап тұрып, Байшұбар енді дегбірі қашқан күйде, кендір арқанды өліп-өшіп жоғары тарта бастады. Бірақ өзінің есі кіресілі-шығасылы. Кендерір арқанды құдаққа жіберіп тұрғанын да, әлде құдақтан жоғары тартып тұрғанын да анық білмейтін сияқты.

Оның бір байқағаны – адамның есі шығып, абыржыған сәттерінің өзінде ұят санасында тұрады еken. Және ол бар

ісіңе, ойлаған ойың мен пиғылыңа биқтен қарайтындей. Жан-дәрмен күйде көндір арқанды жоғары тартып жатып, Байшұбар өзінің дүниедегі ең опасыз жан екенін де мойындаған.

Қанша опасыз болса да, оның қайтадан інісін көруге деген ынтызар ықылас – мейірімі де болды. Осындағы ниетте тұрып ол құдықтың ернеуіне енді жақындал келе жатқан Шертайға ентелеп қарай бергені сол еді...

О, сұмдық!.. Шертай түгілі, адам сыйқына жобасы жақындағыштың бір құбыжық көзіне тұсті.

– Шерта-аай! – деді Байшұбар сондай бір азалы үнмен айқайлап. Бірақ одан әрі ештеңе дей алмады. Не деуді білмеді де. Ол енді басының жалаңбас екенін де үміттү. Денесін өртеп бара жатқан күннің алапат отын да сезінген жоқ. Дүние суып кеткендей тұла-бойы мұздап кетті.

«Мүмкін мен Шертайды емес, басқа бірденені тартып шығарған болармын» – деп ойлады бір сәт... Олай деуіне келмеді... Қолының саусағы, аяғының башпайы сияқты жерлерінің болмашы нобайы бар.

Ахмет құдықтан шыққан құбыжыққа алыста тұрып қарады. Ол үшін ештеңе бүлінбегендей. Тіпті шаруасы ойдағыдай орындалып жатқан жандай, байсалды кейіп танытып, құбыжыққа саусағын шошайтып, иегімен қазанды мегзеп тұрып:

– Са-ал! – деді.

Байшұбар есенгіреп қалған. Өуелі шолақ күректі ұстады. Соңан соң оны неге ұстағанына түсінбегендей, меңзен күйде аңырып тұрып, шолақ күректі жерге қайта тастады. Қолына не ұсташа керектігін есіне түсіре алмай тұрганда, қожайыны кісі шошырлық үнмен тағы да гүж-жетіп:

– Айыр-рр! – деді.

Сонда барып Байшұбар бірденені үққандай болды. Тәлтіректеп барып, қазанның түбінде жатқан айырдың са-

бынан ұстады. Бірақ ұстауын ұстағанымен, онымен не істейу керектігін тағы есінен шығып кеткен жанша менірейіп тұрған.

— Шаншы-ы! – деді Ахмет тағы бір гүж-ж етіл.

Байшұбар айырды әлгі құбыжыққа шаншуы керек екенін ұғынған сэтте, өзелі көзін жұмды. Сосын барып қолындағы айырдан гөрі – жайын балыққа салар шанышқыға ұқсас құралды құдықтың ернеуіне қарай сілтеді.

...Құбыжықты тайқазанға салып болғаннан кейін барып, Байшұбар өксіп жылады. Бәлкім, жылауы керектігі де есіне енді түскен шығар...

Өксіп жылаған күйі, сенделе жүріп барып, жуан сексеуілдік түбіне отыра кеткен. Ахмет бұл тұста қызыметшісіне кеңшілік жасағандай болып, оның емін-еркін жылауына қарсылық білдірмеді. Өзі жақындал келіп қазанның астындағы үюлі бұтаққа от тұтатты. Сосын отқа тағы да бірнеше сексеуіл бұтақтарын тастады. Кейінірек тастайтын бұтақтарды да өзірлеп қойған екен.

Анадай жерден басына мақта-мата секілді бірденелер ораған ұзын таяқты әкеlei, қазанға сүйеді.

Бәрі де алдын-ала жоспарланғаны көрініп тұр. Қожайынның жүрісі нық. Өзін тіпті байсалды ұстайды. Істеңген ісіне сасқан, әлде алдағы уақытта саса қоятын жанға ұқсамайды. Дүниеге келген күннен бері осы кесіппен ғана айналысып жүрген жандай. Сәлден соң қожайын қайтадан бұрынғы орнына тұрды да, мылтығын Байшұбарға қайта кезеді.

— Бұлға-а!

Өксіп, егіліп жылап, бірауық өзінше отыру біржағынан Байшұбардың есін жиғызғандай еді. Саратандағы үлкен үйдің ауласындағылардың «жұмыс-с... жұмысқа барасыңдар»... деп қақсан айттып жүргендегі жұмыстарының мәнін енді ұққандай болды. Ералы туысқанының қайда жоғалғанын да енді түсінгендей...

Етеп есін жинағандығы ғой, қожайынының айқайына бірден тұра салмай, кежірейіп, орнынан өзөр көтерілді. Бірақ әзірге қарсыласа кетудің де жөні болмасын қылға салды. Бұлғауыштың сабының ұзындығын пайдаланып, қазаннан алыстау тұрып, қазандығы құбыжықты әрі-бері үлғай беріп, аз-кем тіктеліп, қожайының жүзіне қарады. Осы қаруадың өзі де жігерін жаңып, бойына өл бітіргендей еді.

Күн жаңып тұр. Бірақ Байшұбар ендігі жерде күннен де қорықпады. Дүниені түгел өртеп жіберердей алаулаған күн оған осы сәтте қожайынынан қауіпті көрінген жоқ. Ол өлер болса, Қызылқұмның мына аспанды жерге тусірердей ыстық күннінен емес, Ахмет мырзаның қолынан өлеңтіндігін де жақсы түсінді.

Ендігі жерде Байшұбардың қолы бұлғауышта болғанымен көзінің қыығы қожайында еді. «Бұған не істей ала-мын» деген өшпендерді ой санасын біржола жаулап алғандай. Бірақ ешқандай амалы жоқ секілді. Және осы шарасыздығына іштей қатты қорланды да.

Қазандықтағы құбыжық та көлемі бірте-бірте азайып, қоймалжындана бастаған. Ахмет бір қолымен мылтығын ұстаған күйі жақындал келіп, қазанның астына сексеуіл бұтақтарын таstadtы да, қайтадан орнына барды. Бұрынғыша бұған мылтығын кезеді. Бірақ мылтық та Байшұбар үшін тап өүелгідей үрэйлі емес-ті.

Қазан тубінде құлап жатқан шыны бидондарда азот қышқылды болмағанын да ол ойша бажайлады. Азот қышқылының адамның еті мен сүйегі түгілі мына шойын қазанды да тесіл жіберетіндігінен ол хабардар-тын. «Сонда не?» – деп іштей таңырқады да. Бірақ қожайының өз пайдасы үшін қандай керемет зат табамын десе де қолынан келетіндігіне шүбәланған жоқ.

Байшұбардың санасына неше түрлі ойлар кіріп-шығып жатты. Сол ойлардың ең бастысы – қожайының өлтіру еді... Егер оны өлтірмесе, өзін өлтіретініне де күмәні болған жоқ. Бәлкім інісінің кебін киюі де...

Қазандағы қоймалжың түс бірте-бірте көгілдірленіп, анда-санда жан-жаққа бырт-бырт ыстық тамшылар ұша бастаған. Бірақ Байшұбар оның ешқайсына да мән беріп жатпады. Өзінің міндегі – қазанды бұлғау екенін ғана білді. «Қазан бұлғау жұмысын бітірген кезде, ол маған не істептек?» деген ой да Байшұбарды қедімгідей мазалады. Қарсы айла-әрекет жайлы да ойында болғанымен анық не істеу керектігіне тірелген жерде... ол дәрменсіз болса да қожайынынан тап өуелгідей қорықкан жоқ. Бойындағы алапат үрейді өшпендерділік бірте-бірте женіп келе жатқан.

Кенет Байшұбар үшін күтпеген жай болды. Жан-жаққа бырт-бырт ұшқан тамшылар кебейе келе, мұның сол қолының алақанына сыртына тиіп, тесіп өткені. Қедімгідей сол қолы алақанының ортасы үңірейіп, үңірейген тесіктің аржагынан жердегі құм мен шөп қиқымдарын көргенде, алақанының безілдеп ауырғанына да қарамастан, таңдану сезімі басым еді. «Сонда менің бұлғап, қайнатып жатқаным – бір тамшысы бір адамды өлтіре алатын, қедімгі у болды-ау. Ана сексеуілдің бұтақтарымен өріліп жасаған құдықтың іші толған улы жыландар болмаса қайтсін?...»

Қалай екенін... сол қолы алақанының жан шыдатпастай дызылдап ауырғанына да қарамастан Байшұбар өз-өзінен жігерленіп, әрі қуанғандай болды. «Сонда у менің иелігімде тұр-ау – деп сийлады бір сәт... – Ендеше Ахмет мырзадан неге зәрем ұшады?». Ол енді ақылға келіп, қедімгідей сабырлы күйге түсті.

Бұл кезде қазанда қайнап жатқан у түгел көгілдірлене бастаған-ды. Қазанға алыстан көз салып тұрған қожайын осы кезде жақындалап келіп, удың түсін анығырақ көргісі келгендей еңкейе бергенде... қолындағы бұлғауышты ептеп көтере беріп, Ахметке қарай лақтырып жібергенде осы ойдың басына қалай ғана ғайыптан сап ете қалуына, Байшұбардың өзі де таңданулы еді.

Әлгінде ғана өзірейілдей көрінген қожайынның басы

мен кеудесі адам айтса сенгісіз құбыжыққа айналып, се-  
рейіп қазанның түбінде жатты.

Қожайын шалқалай берген кезде, қолындағы мылттығы  
бір жаққа, қалтасындағы қол радиосы екінші жаққа ұшып  
түскен.

Байшұбар ауыр дем алды. Демінің ауырлығы сондай,  
құдай біледі, сол дем дүниені өртеп бара жатқан мына  
күннің алауынан әлдеқайда ыстық болып сезілді.

Дүниедегі ең үлкен арманы орындалған жандай – ол  
еніді төрт-бес қадам шегініп барып, жүресінен отыра беріп,  
бір сәт өзін мұратына жеткен жандай, тіпті ерлік жасаған-  
дай бақытты сезінді.

Енді бірде көз алдына Саратандағы үлкен үйдің ауласы  
елестеді. «Қызылқұмның құла түзіндегі сексеуіл бұтақта-  
рымен шегенделіп, өрілген құдықтың басында қандай  
майдан болып өткенін ғой олар білмейді...» – деп ойла-  
ды ол ауыр шаршаудан әлде женіс ләззатынан көздерін  
бір ашып, бір жұмып отырып. «Қайдан білсін... Лолахан-  
ның әзірлеген дәмді мантысы мен лағманың таласып жеп,  
қожайындарының олжалы, көнілді оралуын күтіп отыр  
ғой олар. Қожайындарынды мен бұл жолы оралтпадым...  
Қожайындарынды біржола жоқ қылдым... Ал сонда маған  
не істейсіндер? Қожайындарынның орнына бозбестіні мі-  
ніп, жириен мен қасқаторыны жетекке алып, ауланың сән-  
мен жасалған темір қақпасынан мен кіріп барсам, қайтер  
едіндер. а-аа? Не дер едіндер, а-аа? Көздерің шығып қор-  
қып, жүректерің жарылып кетер ме еді? Ендігі жерде үй де,  
аула да менікі, осы ауладағы бар байлышта менікі, сен де  
менікісің... Лиза-тай!. Қерпенді ашып, қойныңа кіріп барсам.  
Лиза сұлу не дер едің, а-аа? Қарға аунаған тұлкідей бұлаң-  
дал, қойнымда жатып жынысып күлер едің-ау, ә...

Ауланың жаңа өмірін мен осылай өзінен бастар едім.  
Алдымен сенің атыңды өзгертер едім... Ләйлагұ-үл – деп.  
Сен сонда барып гүл-гүл жайнар едің... Ләйла-ханым. Лиза

дегенің немене, тәйірі... Орыстың аты ма, немістің аты ма, сайтан білсін...

Сен жымып күліп жатып, менің қожайынды өлтіріп қайтқанымды да түсінер едің... Және ол жайында бір ауыз да сөз айтпақ емессің... Солай гой. Өйткені саған бәрібір... Бәлкім Ахмет мырзадан да гәрі менің керек болуым... Сондықтан да сен тағы бір жымып күлер едің... Сен шын мәніндегі нағыз бұландаған қызыл тұлкісің... Ләйла-гүлім!».

Байшұбар Ахметті қыс кезінде-ақ өлтіргісі келген. Ол шақ – кейде Лизаның былғарымен тысталған диванында, кейде мал қорадағы шөп жиналған алакөлеңке қуысында құшақтасып, сүйіспіп, сонда да құмары қанбай, өз бөлмесінде жатып та Лиза сұлудың үлкен үйден шыққанын, сосын қайтып кіргенін андып жататын, саудан гәрі есуас, есер шағы гой!

Сонда тәсегінде шалқасынан түсіп, ұзақ жатқанда ешкімге де пайда-зияны жок, құр қиялды серік ететіні бар еді-ау.

...Қиялында... қалайда Лизаға үйленіп, сонымен ғана тұрғысы келеді. Лизаны біржола меншіктеп алған соң-ақ Шырайдың рұқсатын алу үшін, ауылына пойызға мінеді. Шыраймен сейлесіп, жоқтан өзгені әңгімелеп отырып, Саратанда әйелі бар екенін, сонымен тұра беруге рұқсат сұрай келгенін айтады. Шырай әуелі ағыл-тегіл болып жылайды. Ол жылаған кезде, бұл Шырайды құшақтап бетінен (сүйгісі келмесе де) сүйеді. Бәрібір Ұзынарыққа жиежі келіп тұратынын, балаларын жетімсіретпейтінін айтады. Әрі-беріден соң сол балалардың арып-ашласы үшін осындаиді іске барып отырғанын да қосып жібереді. Сонда Шырай ағыл-тегіл жылап отырып, бұған рұқсатын береді. Бұл тағы да Шырайды құшақтап, бетінен (сүйгісі келмесе де) сүйеді.

...Қиялының соңында тағы да пойызбен Саратанға көңілді келе жатады.

Сосынғы бір қиялы – қожайынды өлтіру жайлы болатын. Оны кейде үлкен үйдің екінші қабатында, кейде малқораның шөп жиналған алакөлеңке қуысында өлтірмек болады. Кейде атып, кейде буындыруға бел байлайды. Бірақ «қожайынның жуан мойнына менің қолым жете қоя ма екен» деп ойлап, оң қолының саусақтарын көзімен өлшеп, оң қолының саусақтарына көнілі аса тола қоймаған сәтте, сол қолының саусақтарын көзімен өлшеп отырып, «екі қолымды алқымына бірден салсам... бәлкім, мақсат-мұратыма жетермін» деп тұжырымдайды да, бірауық рахат бір күйде маужырап жатып, мызғып та кететіні бар...

Егер үйқысы келе қоймаса, ешкімге пайдасы да, зияны да жоқ осынша қиялыша өз-өзінен мырс етіл күліп, тағы да бөлмесінің терезесінен үлкен үйден бұрала басып, былқылдан шығып келе жатқан Лизаға, қайтадан кіріп бара жатқан өзінің Лизасына телміріп қарап отырғаны...

Кенет Байшұбардың көзі қазанға, оның түбінде жатқан құбыжық-қожайынына түсіп кетті де, бір сәт оң қолының алақанымен басын қысты. Бұлай етуі шықылдаған шілденің ыстығынан қорғану ма, әлде неше түрлі ойлармен қатқан басын аяп, демегені ме, болмаса «құдайым-ау, мен осы не істеп отырамын...» деп өзін кенет жазғырғаны ма, анығын өзі де білген жоқ. Қазанның астындағы от та өшіпті. Ұшып кеткен бұлғауыштың басы тиғен жер де бұған анадайдан шұқырланып көрінді.

...Кенет Байшұбардың көз алдына Шертайдың жүзі елестей кеткені. Жүзі ғана елестеп қойса да жақсы еді, құдыққа түсіп бара жатқан сәттегі інісінің шыңғырған үнін қоса естүі-ақ мұн екен, Байшұбар қайтадан өкіріп жылап қоя бергені.

Жылап-жылап басылған соң, ол көзінің жасын көйлегінің етегімен сүртіп, орнынан тұрды. Әрлі-берлі журді. Бірақ ендігі жерде қазанның ішіндегі уға да, сыртында жатқан

құбыжық-қожайынға да қарағысы келмеді. Әйткені қазіргі бар ойы мен өкініші – тек қана інісі жайлы еді.

«Ініңнің сүйегі қай жерде? дегендеге не айтамын» деп ойлады ол қайта кемсендеп... «Мүмкін қазандағы уды көмермін. Шертайымның қаны мен тәні соның ішінде...» деп.

Осы ойға тоқталуы-ақ мұн екен, шолақ қуректі қолына алып, бірден іске кірісіп кетті. Сондағы жасағаны – қазан-ның түстік жағынан үлкен шұқыр қазды. Сузылдаган құмды қазу аса қынға да түскен жоқ. Он минут қимылдады ма, он бес минут қимылдады ма, әйтеуір, шұқыр дайын болған кезде шанышқыға үқсас айырмен қазанды қатты итеріп қалғанда, ішіндегі көгілдір уы шылл-шылл төгіліп, қазан шұқырға құлады да, жан-жақтағы үйілген құмдар көгілдір умен бірге өз-өзінен-ақ сузылдап құйылып, әп-сәтте шұқыр толды. Бұл іске тіпті Байшұбардың арапасуының қажеті де жоқ еді.

Тізерлеп отырып ол інісіне бағыштап құран оқыды. Оқып болып, бетін сыйпал, орнынан тұрған сөтте інісінің алдындағы соңғы парызынан құтылғандай, бойы жеңілдеп қалды. Ісі ойынан шыққанда ысқырып, әндепті кететіні бар еді, сол әдеті есіне түсе тұра, олай етпеді. Адамның тәні өлгенімен де жаны өлмейді дегенді Байшұбар талай естіген. Сондықтан барлық ісін, ықылас-пейілін інісінің көріп тұрғанына да құмәні болған жоқ.

«Енді Ахметтің денесін не істеуім керек?» деп ол бір сәт ойлаған. Бірақ ықылассызы еді. Осы тәсілмен қожайынды да көміп, басына құран оқыған күнде, өзін былай қойғанда Шертай кешірмейтіндей көрінді. Бәлкім о дүниеде де бұған теріс қарап кетуі... Дәл қазір Шертайды ренжіту – Байшұбар үшін кешірілмес күнә. Ал Шертай үшін бүкіл дүниені ренжітсе де жарасатын секілді.

Бәрібір Ахмет туралы да ойламай тұра алмады. Жұрқа деген атасы тірі кезінде, ас-құдайыларда кейінгілерге на-сихат айтқан сайын: «Адам әдейі жасаған бір күнәсі үшін,

өмір бойы жинаған сауабынан айрылады» дейтін. Жұрқа атасының айтып кеткеніне де аса иілмей тұрганда; кенет құбыжық-қожайынның денесін ұшып жүрген құстардың шұқитыны, андардың иіскейтіні, сонда тұмсығы тиғен аң-құс атаулының бәрі уланып өлеңтінін ойлап бірауық мұңдайтып қалғаны. Көз алдына Қызылқұмның адыр-белес құмдарында, қалың сексеуілдердің түбінде пырдай болып уланып, қырылған аң-құстар елестеген кезде, Байшұбар амалсыз қолына шолақ құректі ұстаған...

Құбыжық-қожайынның іргесінен құмды бұрқыратып қаза бастады. Әрине, шекімдей болып қалған құбыжық-қожайынға үлкен шұқырдың қажеті де жоқ еді. Шұқырды тізесінен келгенше ғана қазып, айырмен құбыжық-қожайынды итере салды. Бар болғаны осы ғана... Шұқырдың шетіндегі үюлі құмдар өз-өзінен сусылдап құйылып, сәлден соң толды да... Бірақ Байшұбар қожайынның басына құран оқыған жоқ. Осы ісі үшін, егерекі, Жұрқа атасы тіріліп келіп, реніш айтса да илікпестей діні қатты жанның кейіпінде көгеріп-сазарып тұрап еді.

Бұл кезде күн көюкиекке таянып ыстық беті қайтқандай болған. Байшұбар енді қожайынның бір жерден мылтығын, бір жерден қол радиосын алып, құдыққа тұмсығын тірек созылған құмтәбеле қарай беттеді.

Құм тәбенің басына шықкан кезде күн де батты. Күн батқанымен аспанның көюкиегінен қызыл алау тарқар емес. Байшұбардың білуінше бұл – ертеңгі күннің де ыстық боларының белгісі еді.

Айнала көз жетер жерге дейін құм... сексеуілдер... Қыбыр еткен жанды нәрсе байқалмайды. Мұлгіген меніреу дала. Дызылдап ауырған сол қолының басын кеудесіне дейін әзер көтеріп тұрып, келе жаққа да қарап, аттарын іздеп еді, тұсаулы аяқтарын секіріп басып, жануарлар құдыққа қарай келеді еken.

Байшұбар ойлап-ойлап қожайынның таңертең аттарды

суарған-суармағаның да анық біле алмады. Біліп тұрғаны – бұлар үйиқтап жатқанда қожайынның тыным көрмей қызмет жасағандығы, оның ақырыбы болай болып бітетіндігі еді.

Кенет Байшұбардың ойна қол радиосы түсіп кетіп, құлақшасын бұрай қойған. Симфония әлде контата секілді шуылы көптеу өуен ойналып жатыр екен. Байшұбар онысын аса түсінбей, әрі жаратпай, құлақшаны тағы бір бұрағанда күй дауысын естіді. Домбыраның үнін соншалық сағынып та қалған екен, елітіп тыңдай бастады. Бірақ көп ұзамай күй бітіп, сағат тілі сыртылдады. Бұл соңғы хабарлардың белгісі. Премьер-министрдің бизнесмендерді қабылдағаны, депутаттардың жер-жерлерде кездесулер жасағаны айтылды. Содан соң Байшұбар атын ести қоймаған бір ауданда бір әйелдің тұрмыстың қыындығына шыдай алмай, әуелі жеті баласын, соңынан өзін улап өлтіргені жайлы хабар етіп, істің егжеттегжейімен жергілікті прокуратура орындарының айналысып жатқандығына тоқталды.

Байшұбар қол радиосының құлағын бірден жауып тұрып «Мынасы ана жолғы Лиза айтқан...» деп ойлады бірден. «Сонда біздің қожайынның уымен өлтіріп тұрғой».

Байшұбардың әлгі хабарға таңданысы ерекше болды. Тіпті одан әрі ештеңе тыңдағысы келген де жоқ. «Бәсе, жол-жөнекей қол радиосының құлағын қайта-қайта ашып, неге хабарлар ғана тыңдайды десем... Оған керегі осы екенғой... Сонда оған сатқан уының жүртты қалай өлтіргені де мақтаныш болғаны ма?».

Бірауық ол өлген әйелдің әжесінің әжесінен қалған күміс білезік жайын да есіне алды.

Жеті баласымен бірге өзін қоса улап өлтірген әйел тұралы Байшұбар тағы нендей ойлармен әуреленер еді, егер құдық жақтан оны таңдандырып қана қоймай, зәресін зәрттінә жеткізген оқыс көрініс болмағанда...

Әуелі құдықтың ернеуінен лап етіп, тасып аққан су ма

деп қалған. Су емес, жыландар... Және де өңшең сүр жыландар екен... Олар құдықтан шығып жатыр... шығып жатыр. Осынша көп жыланды оның бірінші көруі еді. Сондықтан айдалада отырып-ақ Байшұбардың үрейден жақ жүндері үргипіл кетті.

Ол қазанды бұлғауышпен бұлғап тұрған сәтінде, інісін шағып, адам танымастай құбыжыққа айналдырып жіберген жыландарға кектеніп, «қолыма мылтық тисе, шетінен бытырлатып атар ма едім» деп те қиялдаған. Енді міне қолында мылтық... Ал жыландар көз алдында ақтарылған судай жайрап жатқаны...

Байшұбардың қолы да, аяғы да, тіпті бүкіл тұла-бойы дірілдеп кетті. Ол енді «Құм тәбенің басына дер кезінде шығып алғаным да қандай ақыл болған» деп қазіргі халіне шүкіршілік етті. «Шамасы ордалы жыландар-ау» деп те ойлады.

Жұрқа атасы тірі кезінде «Ордалы жылан, я үлкен баққа, болмаса үлкен сорға көрінеді» деуші еді...

Мына жыландардың өзіне баққа көрініп тұрғанына Байшұбар құмәнді-тін. Соры болып біткендей. «Бүгінгі бастан кешкендерім сор емей, немене...» деп ойлады ол сүр сексеуілдерден аумай қалған сүр жыландардың қозғалып, жайылып, көбейіп жатқанына әлі де зәресі ұшып тұрып. Жыландар жылжып Шертай көмілген, сосын Ахмет көмілген үйінді құмның үстіне шықты. Құдық маңайындағы жер бедерінің өзгерісін аңдап, соған аялдағандай сыңайлары бар.

Жыландар Шертай мен Ахмет көмілген жерді тастап, енді қалың сексеуіл арасына қарай шұбады. Бір ғажабы – олар қашан көзден таса болғанша, кешкүрим аққан өзендей болып, жарқырап, шұбап бара жатты. Сол жарқырап аққан қалпы құрдымға кеткендей, ақыры ізім-қайым жоғалды да...

Жыландар мүлде ғайып болған соң да Байшұбардың бойынан үрей арылмады. Ойша, бір атқа мініп алып, алды-

артына қарамай, шығысқа қарай қашқысы да келген. Бірақ аяқтары қозғалмайды. Сол жыландар сөлден соң өзі түрған құм тәбеге өріп шыға келетіндей, төнірегі түгел үрейге айналып кетті. Құм басып жатқан көң дала да... сексеуілдер орманы да...

Байшұбар өзінің өте қорқақ, бозекпе жандардың қатарында екендігіне, ендігі жерде зәредей де күмән келтірген жоқ.

Ол оң қолымен ұстаған мылтығының ұшын шошайтып жүресінен отырды. Осылай отыргызында үрей еді. Түрегеліп тұrsa, жыланның да, өзге мақұлықтардың да көзіне шалынатында, зілдей күш иығынан басқандай болғаны...

Сол қолы қымылға келмеген соң (зарлап ауырғаны өз алдына) оң қолындағы мылтығын жерге қоя тұрып, қол радионы қолына қайта алдырған да үрей еді. «Әйтеуір, адамның дауысын есітіп отырайыншы» деген алдамшы жұбаныш ойына келе қалғаны.

Құлағын бұрап жіберсе, радио да жыландар туралы айтып жатыр екен. «О, Алла, не болып кетті. Бұл дүние жыландардың ғана мекеніне айналып кеткеннен сау ма өзі?» деді ол іштей таңырқап, әрі үрейленіп отырып. Бірақ жыландар туралы хабарды мүқият тыңдады.

«Әлемде аштық пен апаттар әсерінен зардап шеккен халықтың кедей топтары арасында өзін-өзі өлтіру жағдайлары өрістеп отырғаны белгілі. Сондай-ақ өзін ажалға қиу бай адамдар мен биліктегілер арасында да бұрын-соңды болмаған деңгейде көбейіп отыр.

Ең азапсыз өлім – у ішу деп танылуда. Сондықтан әлемде удың бағасы қатты көтеріліп кетті. Әсіресе соңғы жылдары Қызылқұм жыландарының уына деген сұраныс күрт артты. Ең сәтті әрі тәтті өлім осы Қызылқұм жыландарының уын ішкеннен кейін болатынына ғалымдардың зерттеулері көз жеткізуде. Сейтіп жылан уы бұл өмірден баз кешетіндердің арманы мен ләzzатына айналып отыр».

Хабардың біткендігін өлдебір өуен ыңылдалап, қыңси бастаған кезде Байшұбар қол радиосын өшірді.

«Құдайым-ау, мына хабарды Ахмет естігенде не болар еді? Есі шыға қуанғандығынан билеп кетер ме екен... ән саламын деп гүжілдеп, әуре болар ма екен... Әйтеуір, сондай бір қызық қүй кешер еді-ау, бейбақ!»

Қол радиосын өшірген бойда оның ойлағаны осы болды. «Әкелген адамдарын улы жыландарға талатып, сосын қазанға қайнатып алған уын мәлдіретіп, әлденеше бидонға құйып алған соң, құм тәбенің басына шығып отырып, мынадай хабар тыңдаса, одан бақытты, қуанышты адам болар ма еді? Одан бай адам да болар ма еді мына жалғанда?! Бәс...»

Бір есептен осы хабарды тыңдай алмай кеткені үшінші ақ бұл Ахметті бақытсыз жан деп ойлады. Дәл қазір оны сондайлық жек көрген де жоқ. «Бақытына қол созым жер қалғанда ажал құшқан ол да бір бейшара, бейбақ-тағы...» деп ойлады.

Кенет есіне кіслері арқылы Ахметтен у алдыратын президент түсіп кетті де, қол радионың құлақшасын бұрады. Радио күй беріп жатыр екен. Өншейіндегі бар ынтаңықласы күй тыңдау болса да, бұл жолы соншалық әсем өуенге де Байшұбар елікпеді. Ол тек қана жыланның уына байланысты хабарлар күткен. Сондықтан қол радионың құлақшасын бұрап, өшіріп жатып, оны кеш ашқанына қатты өкінді. Қол радионың бүгін ол президент туралы айтқанына ешқандай да күмәні болған жоқ. Жол бойы қожайынның қол радиосына дамыл бермеуін есіне түсіре отырып ойлағаны Ахмет мырза сол президенттің де қашан, қай күні елетінін білген секілді. Бақытсыз патша болады. Ол да өлу үшін у іздейді дегенді Байшұбар бұрын-сонды естігендеген емес... Сондықтан өзіне келер-кетері болмаса да, белгісіз патшаның қасиретіне іштей қатты елеңдеген. Өүелде ойлады: «Халқын ашаршылықта ұшыратып алды ма екен?» деп... Өлде, балалары қатығез, қаныпезер болды ма екен?» Осылай тәсегінде шалқасынан жатып, оңаша

қалың қиялға шомғаны да бар. Тіпті ол патшаға іштей қатты жаны ашыған-да...

Енді ойлап отыр. «Мүмкін ол Ахметтің уын өзі өлімі үшін емес, өзге біреуді өлтіру үшін алдырған шығар. Олай болса ол патшаның Ахмет мырзадан несі асты? Ол да бір, бұл да бір-р...».

Кенет патшаны да жек көріп кетті. Патшаны ғана емес ау... дүние түгел зұлымдықтың мекеніне айналып кеткендей... іштей таусылып, шаршап отырды.

Енді қол радиосын да тыңдағысы келген жоқ. Тіпті ешкімді де, ештеңені де керек етпеген күде томсырайып отырып қалған. Қожайының тәмен қойып, өзін одан бақыттырақ санағаннан кейін, үрейден де арылғандай.

«Ералының қаны мен тәні арапасқан жыланның уына қол жеткізе алмай таласқандары рас болса, Шертайымның қаны мен тәні арапасқан удан кейін ол жұрт қайтер екен? Қырқысып, бірін-бірі жұлып жеп тынар ма?» деп ойлады Байшұбар өлі де у жайлы хабардың өсерінен біржола шыға алмай отырып.

Лиза мен Лолахандардың аузынан: «Қожайынымыз қыстақтың керемет жерінен жер алды. Ол жерге салынатын үй бес қабат болады. Және ауласының сән-салттанаты да бөлекше жоспарлануда. Егілетін бау ағаштары мен гүлдерге, әртүрлі ем-дәрілік шөптерге еуропадан маман алдырмақ» деген әңгімелерін де естіген.

...Сол әңгіменің де сыры Байшұбарға бүгін, қазір... түсінікті болып отыр.

Тәқірекке қаранғылық үйіріліп, шығыстан болмашы леп есті. Күндізгі алапат ыстықты мүлдем ұмытып. құмды дала енді жандыға да жансызға да жайлы бір шақты басынан кешіріп жатқандай.

Аттар құдышқа жақыннады. Олар осы арада құдышқтың барын әуелден-ақ білетін секілді. Жаңылмай, жазбай тауып, тұсаулы аяқтарымен-ақ өңмендеп-ақ келеді. Мылтықтың бауын иығына, қол радионы жан қалтасына салып, Бай-

шұбар енді құмтебеден тәмен түсіп, құдықтың басына да аттармен қатар жетті.

Қауға шелекті құдыққа сала бергенде ол ештеңе ойлай қойған жоқ-ты. Мол суға шым батқан шелегін сыртқа тартып жатқанда ғана кенет шелекпен бірге жүздеген, мындаған жыландар ілесіп келе жатқандай денесі тітіркеп, шелектің ернеуі көрінгенше ол осы сезімнен арыла алмай тұрғаны. Бірақ ойындағы сол көп жыланның орнына мәлдіреп құмның бір шелек сүй ғана шықты.

Аттар суды көп ішті. Тіпті әрқайсысы үш шелектен ішті ме, әлде тәрт шелектен ішті ме, аныбы есінде жоқ. Әйттеуір, құдықтан суды тартып жатыр... тартып жатыр... Аттар сораптап ішіп жатыр...

Аттардың бас көтермestен су ішуіне қарап Байшұбар ішінен «жыландар мекендереген құдықтың сүй тәтті бола ма екен» деп те ойлады.

Су ішіп болған соң аттар шыға жайылып, сексеуілдердің ара-арасында алтаптан жасырынып, аман қалған шөптерді қоймай орып жеп, күтірлете күйсеп бара жатты.

Байшұбар жуан сексеуілдің түбіне отыра кетіп, көйлеңің етегін он қолымен түріп әкеліп, жіпсіген мәндайын сүртті. Құнарлы жерге бөртіп шыққан егіндей болып, көкте жұлдыздар да самсал қалыпты. Және бұл өнірде жұлдыздар қол созым жерде ғана тұрғандай болып, анық көрінеді екен.

Сәлден соң ай да туды. Толған шағы екен, айдың толған кезде сұлу көрінетіндігіне де Байшұбардың мән беруі осы жолы шығар.

...Кенет бір ой санасына сап ете қалды. «Оу, осы мен неғып отырмын? Кімді күтіп журмін? Аттар су ішті. Енді кепедегі қоржындарды ат беліне салып алып, кете бермеймін бе?».

Осы ойдан соң ол солбырайып орнынан тұрған. Аттарға қарай жүрген. Әуелгі ойы өзінің жиреніне жету болатын. Бірақ алдынан Шертайдың қасқаторысы шыға келгені. Және

жануар жерден басын алып, тап бірдеңе сезіп тұрғандай. бұған қарағаны.

Байшұбар еріксіз бұрылып барып, қасқаторының мойынан құшақтай алды. «Шертайымның жыл бойы өспеттеп баққан түллары... Алты қырды айналып бәйгеге шапқанда үстінен су төгілмес жорғасы... Саған не дейін? Не бетімді айтайын?... Құдай біледі, бәрін де біліп тұрсың-ау».

Байшұбар егіл-тегіл болып жылады. Құдай біледі, қасқаторы да жылап тұр. Жұбату сөздерді түсініп қана қоймай, демеу тұтқандай, басын мұның қеудесінен алар емес.

«Ауылға қайтамын деймін... Сонда қайда барамын? Не деп барамын? «Шертайың қайда?» дегендерге айттар уәжім не? Айтшы қасқаторы... сенен өзге ақыл сұрапым жоқ. Сенен өзге жақын тұтарым да жоқ. Шертайымның қолынан жем-шөп жедің ғой... Су іштің ғой... Шертайым, кекілінен, жалыңдан қанша рет сипады. Сүйді. Басынды қеудесіне басып «менікісің» деп меншіктенді. Айтшы... адам болмасаң да, дос тұтар жануарым...».

Қасқаторы үнсіз тыңдады. Байшұбардың құшағынан басын да тартқан жоқ.

«Саратанға бармаймын. Саратаны құрып кетсін. Өзіміздің Ұзынарыққа барамын. Айтпақшы алдыымнан әйелім Шырай, балаларым Әліқұл мен Бейсен шығады екен-ау, жүгіріп... Сонда оларға не айтамын? Балаларым «Шертай көкем қайда?» дегенде «Қызылқұмның ортасына апарып, өлтіріп қайттым» деймін бе? «Қолыңа не болған» дегендерге ше?

Әйел-балаларымды да қойшы. Бұл сұрақтарды маған жүэдеген, мыңдаған адам қояды ғой. Сонда мен бейбақ жұз рет, мың рет жерге қараймын ба? Жұз рет, мың рет өлейін бе? Қасқаторым-ау, адам баласы үшін будан өткен қасірет жоқ. Қорлық та жоқ. Одан да осы арада бір-ақ рет өлмеймін бе? Жануарым-ау, жұз рет, мың рет өлген абырой ма, әлде бірақ рет...».

Қасқаторы үнсіз...

«Жо-жоқ... мен Саратанға да, Ұзынарыққа да бара ал-

майды екем. Тағдыр оны маған жазбаған екен. Мен осында Шертайымның жаңында-ақ қалайын. Алланың мәңдайымызға жазуы шығар; бірге сапарға шыққанымыз... сосын бірге өліп, қатар жатқанымыз... Сенің... сендердің жолдарың болсын. Қының – Әліқұл мен Бейсенім жетім қалады. Несі бар, жетім қалып Шертай екеуміз де ержетіп, ел қатарына қосылдық қой. Олар да бірін-бірі жетелеп, бірін-бірі біздей жақсы көріп есейсін... Бізге үқсан, олар да жұмыс іздел, Ұзынарықтан үзап шықсын. Соның аржағы – өмір деген ұзақ жол... Сол жол бал татыра ма, у татыра ма оны тағдырларынан, мәңдайларына жазылған несібелерінен көрсін...».

Байшұбар ат жалынан, сауырынан соңғы рет сипап, өзі де жылап, қасқаторының тұсауын шешті. Жириеннің де, бозбестінің де тұсауларын алды. Бозбесті мен жириен тұсауларынан құтылған бойда-ақ аялдамай, жүре жайылып кете барды да, жануар қасқаторы бұған қарайлағандай болып, аз-кем түрдү. Мұның көйлегінен иіскеді. Сонын барып өзге аттардың сонынан ерді.

Сүзектен түрғандай аяқтарын сүйрете басып, Байшұбар қайтадан құдықтың жаңына келді. Отырды. Жұлдыздарды санаған кісіше менірейіп аспанға қарады. Шығыстан ескен қоңыр салқын леп үдеді. Бір сәт жаңы жай тауып, көнілденгендей болды. Сөйтіп отырып «Осы менің неге өлгім келіп отыр» деді кенет өз шешімінен өзі шошығандай. «Мен неге Саратанға бармаймын. Менің неден бетім күйіп тұр. Ахмет тірі қалса, ағайынды екеуміздің қанымыз бер тәніміз араласқан уды аттарға тиеп, жеңіспен оралған жауынгердей болып қайтар еді... Ал, мен... Қожайын бар шаруасын, байлығын маған тастап кетті» десем, кім не дей алады? Маған қарсы келе алатын кісі бар ма өзі? Тіпті сол ауладағыларға қожайынға қызмет етті не, маған қызмет етті не... бәрібір емес пе?

Айтпақшы Ахметтің сыйбайластары бар екен ғой. Бар болса ше? Жайдан-жай өле салғанша, мен аңдысып, со-лармен атысып неге өтпеймін мына дүниеден.

Ахметтің сыйбайластарымен шайқасу туралы ойлағанда. Байшұбар әлдеқалай қуаттанып, жігерленіп отырды да. аттардың тұсауын асығыс шешкеніне өкінгендей болды. Бірақ артынша өзін-еzi жұбатты. «Аттар кетіп қалған күнде де мен неден сасамын... Керек болса, жаяу-ақ барамын. Күндіз ұйықтап, тұнделетіп жүріп отырсам... үш күн жүрермін.. төрт күн жүрермін. Қанша күн жүрсем де мылтық мені асырамай ма? Қорғамай ма?».

Ойының осылай оқыс өзгере кететінінен де бір сәт секем алғандай күйде тұрып, Байшұбар іштей «Мен осы шатыса бастаған жоқпын ба?» деп те ойлаған. «Бәлкім. шатыссам, шатысқан да шығармын. Адамның басына түсken қасірет пен қайғыдан шатасып, әлде мерт болары рас болса, бүгін соның бәрі басымда болған жоқ па? Сормандай басымда әлі тұрган жоқ па?».

Оң қолымен бірауық басын қысты. Бірақ осынша ауыр ойлардан есенгірегендегі мен-зең күйде тұрып та ол Саратанға қайту туралы шешімнен жаңылған жоқ.. Бәрібір сол ойға белін бекем буғандай, ол «аттар ұзай қойды ма екен өзі?» деп отырған жерінен оқыс көтеріліп, бұрыла бергенде Шертайдың құдыққа тусер алдында сексеуіл бұтағына іліп қойған ақ кейлегі көзіне түсіп, қайта көнілі босап, әуелі кемсөндеп, соңынан өкіріп қоя бергені.

«Желбіреп алға ұмтылған ақкөнілім менің! «Аға, бәрін де өзім істеймін. Мен жүрген жerde сіз отырыңызшы... Тіпті уайымсыз, жантайып жатыңызшы...» деп мені патшадай сыйлаған ақжапырақ көнілінді қайтейін... Елжіреп, елпілдеп тұрган жүргегінің лүпілін қайтейін...

Мен үшін елпілдеп, желбірегенде ақыры, міне... не таптың? Құдыққа мен түскенде, сен аман қалып, жар тауып, атынды кейінгіге қалдыраң үл-қызы сүйер ме едің? Жаныңдай жақсы көретін інілерің Өліқұл мен Бейсенге ес болар ма едің?».

Байшұбар қайтадан ебіл-дебіл жылап отырып, көктемде інісімен арада болған оңаша сырды есіне алды. «Көп ақшамен ауылға барған соң не істейміз?» деген әңгіме баяғы...

Шертайдың мектепті көрші ауылда тұратын Серғазы деген кісінің Мира есімді қызымен бірге бітіргенін бұл білеттін. Інісінің оқып жүрген кітабының арасынан ол қыздың суретін де көрген. Пішімі келген бала екен, сүйсініп қалды. Шырайдың да сол қызды ұнатып, пыш-пыш бірдене дегені құлағында қалған.

– Бара салысымен Серғазының қызына құда түсемін, – деді бұл інісі күте қоймаған әңгімені бастап. Шертай қызарақтарап қалды.

– Оқуым бар ғой, аға, – деді қыз жәнінде бірдене айтуға ұялғандай болып.

– Е, оқуың болса қайтейін. Үйленген жігітті оқу қабылдамай ма екен?

Шертай одан әрі үндей алмай, қызарақтаған күйі жүзін бұрып өкетті.

Бірақ Байшұбардың мына әңгімесін жек көрмеген се-кілді. Қайта қуанып, сүйсініп қалды ма-ау, немене...

Бұл сонда-ақ ойлаған. «Бітті. Сүйеді екен. Енді ауылға жеткен бойда Серғазының қызының құлағына алтын сырғаны іле салармын-ау» деп.

...Түн ортасы ауа құмды дала мүлдем салқындарды. Байшұбар тісі-тісіне тимей қалышылдап отырып «Я, Алла үсіп өлсем екен» деп тіледі ішінен. «Шықылдаған шілдеде Қызылқұмда үсіп өлу бұрын-соңды болмаған шығар. Сол болмаған өлімді мен қалар едім... Сұрап едім»...

Сейтіп отырып-ақ біржагынан күндізгі аптабы кісі шыдатпайтын Қызылқұмның қазіргі мінезіне қатты таңырқап та отырған.

Орнынан тұрып барып, ілуул тұрған Шертайдың ақ көйле-гін алып иіскеді. «Осы сапарға, аға, сіз сыйлаған көйлекті киейінші» деп ырымдап, қуана киіп, желкілдеп, желлілдеп-ақ шыққан сапары еді ғой, қарағымның...»

Екі күн апталқа киген көйлектің тер исін жел кептіріп жіберіпті. Бірақ інісінің денесіне тиген көйлекті ұстаудың өзі

Байшұбарды өдөуір жұбатты. Сөлден соң-ақ Шертайдың кейілегін сыртынан киіп алып, кедімгідей бойы жылынғанда: «Жаураған денемді де өзің жылыттың-ау... Шертайжаным-ай» деп ойлады. Бір жақсысы – бүл жолы жылаған жоқ.

Ұйқылты-ояу қисайып жатқан. Әуелде елес пе, әлде тұс пе, анығын біле алмады. Біржағынан анық шатысқандығының белгісі ме, немене?

...Бұлдыры-бұлдыры сағымның арасында Шертай екеуі Қызылқұмның даласында атпен қатар жортып келе жатыр екен-ау деп ойлады... Екеуі де сондай көнілді. Өзінше бірденелерді айтып, Шертай сақ-сақ күледі.

Содан соң сексеуілдің бұтақтарымен өріліп қазылған құдықтың жаңына аттарынан тұсті. Екеуі де қatalап шәлдеген екен-ау, шамасы... Байшұбар қауға шелекпен су тартайын десе, «белімнен байлап тұсір, суды өзім алып шығыым керек» деп Шертай көнбейді. Бұл амалсыз келісіп, інісінің беліне кендір арқан байлап, оны құдық түбіне жіберіп, арқанды бірте-бірте босатып жатқанда Шертайдың шыңғырган дауысын естігені.

...Шошығаны сондай, аяқтарын бауырына алып, жуан сексеуілдің ығында жатқан жерінен оқыс атып тұрды. Әуелі қайда, неге тұрғанын түсіне алмағандай менірейіп жанжағына қарап тұрды да, сексеуіл бұтақтарымен өрілген құдыққа, құдық жаңындағы інісінің тәмпешігіне қарады. Шыңғырган үн төніректен әлі де естіліп тұрғандай бір сәт құлағын басты.

О ғажап-п! Құлағын басқан сәтте де шыңғырган үн құлағына естіліп жатты. Қалай, қайдан естіліп жатқанын түсінсе бұйырмасын... Онына қарады... солына қарады.. Аң-таң... Бірауық бүкіл дүниеге түсінбегендей, әлде бүкіл дүние мұны түсінбей тұрғандай, менсінбегендей айналадағы құм тәбелер мен сексеуілдерге менірейе қарап тағы біраз тұрды да, кенет шұғыл шешім жасаған жандай, қолына шолақ күректі алып, інісінің тәмпешігінің жаңын боратып қаза бастады.

...Таң саз бере Қызылқұмның бүкіл дүниеден бір бөлек жатқан ми даласының есін шығарғандай гүрс-сс еткен мылтық дауысы естілді. Бұрын-сонды естімеген дыбыстан берекесі қашқан шолақ кесірткелер, тоңқаңдаған қоңыздар мен қаракүрттар індерінен зытып шықты... Зытып қайта кірді... Сексеуіл жапырақтары шайқалды...

Арада көп уақыт өтпей-ақ сәбидің жылағанындаш шығыстан сыйсып соққан қоңыр жел сексеуілмен өрілген құдықтың басына үшінші төмбешікті де қарайтып үлгірген еді...

## 5

Күн талтуске таянған шақта жыбырлап жылжыған көп жылан өзендей ағып, құдықты бетке алып келе жатты. Ыстық кешегіден де қатты еді. Құмның шоқтай жалынына шыдай алмаған бала жыландардың біразы аударылып түсіп, қайта жылжып, қайсыбірлері биікке шапшып атылып, өлденеден, өлдекімнен шошығандықтан емес, еркін де тоқ өмірден масайрап, мәз-мәйрам болғандай, ерке қылықтарын көрсетіп келе жатқан.

Олар құдық маңындағы үшінші төмпешікті де көрді. Көріп қана қоймай, өрмелеп басына шықты. Сонын тәмен түсті. Қылышы тәтті тағы бір бала жыландар жай түссе салмай, бауырлары ағараңдал, құлап-аунап, сонын қайта жыбырлап жылжып, түбіне дейін сексеуілмен өрілген құдықтағы салқын мекендеріне асығыс кіріп жатты.

Атажылан асыққан жоқ. Кеше екеу, бүгін үшеу болған төмпешіктерді асықпай аралады. Соңғы төмпешіктегі ұшы көміліп, дүмі сыртта қалған мылтыққа да мән берді. Қол радиога да қарады. Ауада екі аяқтылардың ғана иісі қалыпты. Төрт аяқтылардың иісі жоқ. Атажылан екі аяқтылардан ғана сескенетін. Сондықтан тілін жалт-жұлт шығарып тұрып, ауаны тағы ұзақ іскеді. Оның өзі де өлі иіс... Тірі екі аяқтының иісі білінбеді.

Атажылан екі аяқтылардың жақсы-жаманын да иістепінен аңдайтын. Жыл сайын зиянсыз екі аяқтының өлі ісі осы жерде қалатын да, зияндысы қайтып кететін. Атажылан сол зиянды екі аяқтының ісіне айрықша мән беретін. Өйткені ол қанша жылдан бері келіп-кетіп жүр... Енді сол айрықша танымал екі аяқтының да иісі өлі...

Атажылан енді жер бетіндегі екі аяқтылардан түгел құтылғандай, өзін қауіпсіз сезінді. Сонда да сақ еді... Таң алдында құмның ысылдаған желімен ілесіп келіп, құдық маңайына тоқтаған қаңбақ-шөпке де, жібі шұбатылып, құлап жатқан қауға шелекке де секемдене қарады. Оны шошытатын – қандай да бір төніректегі өзгерістер еді. Ауаның да... жер бедерінің де... Болған оқиғаға қайғырып, өлде қуануды да ол білмейтін. Білетіні – еркіндігі мен жауын әлде қаупін жеңген сәттерде ғана болатын тәкаппарлығы еді. Қазір де сол тәкаппар мінезін қайта тауып, көп жыландардың соңынан құйрығы құлаштай болып, паңдана жылжып салқын құдыққа кіріп бара жатты.

...Екі аяқтылардан біржола құтылу құмды өнірдегі жанды мақұлық атауларының бәріне өл беріп, жадыратқандай, кешелі бергі үрейден өліп-өше бастаған үміттерін қайта тірілтіп, жалғағандай күй анғарылды. Ендігі жерде мұнсыз тіршілік кешер, өсіп-өнер жаңа бір кезеңнің табалдырығынан аттағандай қуанған шолақ кесірткелер індерінен зытып шығып, зытып кірді. Қызылқұмның тоңқаңдаған қарақұрт, қара қоңыздары да көлеңкелерден бой көрсетті. Әншейінде осындаі алапат аптаң кезінде өлімсіреп, салбырап қалатын сексеуіл жапырақтарына да оқыс жан бітіп, әлсіз қимылдап, жаңарып, жалтылдай қалыпты...



## СӘМБІ ТАЛДЫҢ МҰҢЫ

*Екінші хикаят*

1

Түскі шайдан соң Алдияр төрдегі көне құрақ көрпешенің үстіне жантайып жатқан. Көне деу де сыпайының сөзі, болмаса ол көрпешенің әр жерінен түтеленіп мақтасы көрініп тұрғалы қашан. Түскі шай деп ойлауы да өзін-өзі жұбатуы еді. Болмаса самаурындағы таңертеңгіліктен қалған суды қайта ысытып, теміржол бекетінің дүкенінен арзаның сұрап жүріп алған қоқым шайына, несібесіне ерте туған қасқа сиырдың қою сүтін қосып, ылажадап жүр емес пе?

Дастарқандагы қатқан нандардың да қадірін қашырмай, жібітіп, тісіне былбыратып жұп-жұмсақ етіп жатқан да сол айналайын қасқа сиырдың қою сүті. «Қасқа сиыр тумағанда күнім не болар еді?» деп ойлады Алдияр жапсырған клейлері кепкен соң сарғайған, жырымдалған көзиттің қындылары жалбыраған терезесінің айбак-сайбақ әйнектерінен сырттағы тұманға қарап отырып.

Тұман өзірге сейілер емес. «Женя келген соң екеулеп қол арамен қалған кеспек ағаштардың бірін кесерміз, сосын пешке от жағармыз» деп ойлады шал сырттағы тұманнан көз алмастан безеріп отырып. Сонын жиенін Женя деп атауға бір жетінің ішінде оп-онай үйреніп кеткеніне өзін өзі мысқылдағандай жынысып күлген болып еді, бірақ бұл мысқылы да көнілін сергітпеді. Етегін қар, тәбесін қырау

шалғандай алашұбар өсіңкі шашпен қауқып тұрған басын да сан түрлі ойлардан арашалай алған жоқ.

...Алғаш осы үйге әуелі сыртқы есікті, сосын ішкі есікті қағып. Ұзынарықта бұрын-сонды болмаған әдепті жасап кіріп келген сәтінде қаланікі өлде даланікі деуге келмейтін; алабажақ бірденелер киген, жүрісі де апыр-тапырлау сол балаға өлде бір күдікпен қарағандай күйде аңтарылып отырып, шал: – Е. Жеткергенбісің, айналайын? – десе, бала менірейіп селт етпейді. Тіпті бұл далаға сөйлем отырғандай. Содан Алдияр алақанымен мәңдайын қалқалап тағы да үніле қарап отырып жиені екеніне анық көзі жеткен соң таңданып: – Сенің атың Жеткерген емес пе еді? – десе, бала енді ғана шалды түсінгендей болып: – Ну-у – дейді. Ну-у деп тұрып өзі үйдің төбесіне қарап түрдымса-ау немене.

– Әлде орысша оқимын деп атынды да орысша өзгертіп алдың ба? – десе бала тағы да: – Ну-у. – дейді. Артық сөзі жоқ.

– Ендеше өзгерген атынды да айта тұрсайшы... біліп отырайын.

– Ну-у...

– Сонда орыстардан қарызға сұрап алған атың кім?

– Ну-у... Женя...

– Жениа-а?

– Ну-у...

– Бәрекелде-е, – деген сонда Алдияр жақтырмадан кейіппен жүзін сырт бұра беріп, күңк етіп. – Ойпырмай, атынды «Ну-у» деп қойғанда да жарасқандай екен, – деді енді балаға емес, қызы Бибітайға ренжігендей болып.

Енді міне өзінің де жиенінің шын атын біржола ұмытып, орысша атымен ойлап отырғаны.

Тағы да Женяның келуін күтіп жантая беріп, ол келсе мал қора жаңындағы дәңқиген кеспек ағаштардың бірін аралауды, сосын әр жері тесілген ескі темір пешіне от жағуды ойлап жатып, Алдиярдың пыс-с етіп қалғып-ақ кеткені.

Денесі мұздап оянды да, арбиған саусақтарымен

апыл-ғұптың көзін үқалап жатып қабырғадағы шынжыры салбыраған сағатына қараған. Төрттен асып барады екен. Жиектерінен казит қындылары салбыраған айбақ-сайбақ терезе әйнегінен сыртқа көз салды. Үй-ішінің алакеугімі оған осылай көрсетті ме, әйтеуір тұман қюлана түскендей. Кене құрақ көрпешенің үстінде ол тағы біраз уақыт жатты. Тұруға асықпағаны – өүелі өзінің қайда, неғып жатқанын да есіне түсірудің өзі оп-оңай іс бола қойған жоқ-ты. Орнынан тұрған соң да енді не істеуі керек екенін ойша жобалап алуы үшін де асықкан жоқ. Қартайғаны да, істер ісінің кейбіреуін осылай ұмытып кетіп, түнде, жатар алдында немесе ертеңгілік бір-ақ есіне түсіріп санын соғып жататыны бар. Кейде сиырларына түнемелікке жаңалап шөп салуды, ертеңгілік жататын отынды алдын ала ішке кіргізіп қоюды, кейде жыли бастаған сұтке үйіткі салуды да тарс ұмытып кететіні бар. Шал осының әрқайсысына өкініп жатпай «Е, тәйірі-ай...» дей салайын десе, отбасы үшін түспегілердің ұсақ-түйекке жататыны жоқ.

Бұл жолғы ойша жобалағаны – Женяның бүгін үйге келмеуі мүмкін екендігі еді. Өйткені қайсыбір күні «Темір жол бекетінен дос таптым» деп Пижо деген баланың екі аяқты тырылдақ матесекіліне мінгесіп келіп, сәлден соң тырылдақтарына мінгесіп қайта кетіп, сосын қонағаға келмей қойғаны бар. Кейіннен осындағы білетіндерден сұраса, әлгі досының шын аты Пірқожа екен. Осылай естігенде Алдияр «Ойпырмай қазақтың тәп-тәуір... тіпті киелі деген сөздерінің қор болуын-ай» деп намыс қылғандай болған. Іштей қатты тіксінген де...

Көнілі осындағы әрқыдыру ойда отырып-ақ Алдияр сыртқа беттегенде босағаға сүйеулі тұрған ұзын сапты балтасын қолына іле шықты.

Күздігүні ауыл жігіттері тоғайға жабыла аттанып, бір тіркеме отын түсіріп бергенде, Алдияр отынды екі-үш күн бойы асықпай жинап жүріп, түзу деген ағаштарды бөлек іріктеп, бұтақтарын кесіп мал қора мен шөп қораның

арасындағы қуысқа бөлек жинағандағы ойы: көктемде да-рия тасып Құдай жарылқап Ұзынарыққа су шығып, әртүрлі дақылдар еге қалса, соларды қоршайтын қадаға керек болар дегендегісі еді. Енді сол қада ағаштарын отын етіп бұтауға бекінсе-дағы, қолына өуелгі ұстаған қаданы тігінен, сосын көлденен ұстап «Ойырмай әп-әдемі ағаштардың отын орнына қор болып кеткелі тұрғанын-ай» деп өкінгендей ұзак қарап тұрды-тұрды да, ақыры беті жүзге келген шалдың бетінің әжіміндей ақжемденіп кеткен жаңғырық ұстіне көлденен қастады.

Ұйықтап, тыңайып тұрған кісіге отын бұтау да бұйым болып па, тәйірі. Әп-сәтте-ақ бір құшақ қаданы құл-парша етті. Сонын құшақтап үйге тасып, темір пеш жанына қалас-тырып жинады.

От жағылған бойда-ақ темір пеш үй ішін тез жылытты. Денесінің тез-ақ жылығаны сондай, шал қой терісінен тігіл-ген күртешесін шешіп тастауға оңтайланған беріп, енді мал қораға кіріп, қасқа сиырды сауу керек екендігін ойлап қана шешінбей қойды.

Сиыр сауды ойлауы шалдың есіне осыдан қаншама жыл бұрын өлген әйелі Шекеркулді есіне түсіріп, қапелімде қайдағы-жайдағыны ойлап кеткені. Марқұм екі жыл төсек тартып жатып барып, о дүниеге аттанып еді. Сонда төсек тартып жатып-ақ бұған әйелдің ісін істеплеймін деп қанша тырысты. Көбінше көршілері әрі немере туысы болғандықтан сиырды Пірәлінің әйелі Ақнұр сауатын да, кейде ауылдың ана шетінен келіп, Тоқашбайдың Сыргасы қол-қабыс ететін. Әйткені бұл үйде әйел атқаруға тиіс іс сиыр сауу ғана өмес-ті. Қамыр иленіп, табаға нан пісірілуі керек. Қазанға күнделікті ас-ауқат салынуы тағы бар. Қанша тату туысы, әрі көршісі болғанда да, олардың да өз күйбен тіршіліктері бастарына жетіп артылады. Әйелдердің кейде тәркіндеп, кейде базарлап, бөлек тұратын ұлдары мен үйлі-жайлы қыздарын айлап болмаса да апталап жағалап жүре-

тіндері тағы бар. Осындаі бір сәтте Алдияр келінімен женгесіне қоса ашуланған болып: – Өзім-ақ сауамын-н... – деп қолын асығыс жуып, шелекті қарына іле сала, малқораға қарай ұмтылғаны бар. Шекеркулден көргенін жасап, жылы сүмен сиырдың емшегін жумақ болғанда, сиыр тулас бір бергені. Қазіргі сауып жүрген қасқа сиырдың енесі еді жаңуар, бір мәңкісе кімге де болса бой бермейтін. Содан Шекеркулдің сиыр саударда киетін алжапқышын күп келіп, маңдайынан, мойнынан, сауырынан сипап жүріп, сиырдың ашуын әзер басты емес пе? Сиырдың емшектерін кезек-кезек сауып, арасында бұзауына екі рет емізіп, идіріп алып. Тағы сауғанда жануардың сүті бір құрпілдеді дейсін... Бәлкім, жұмсақ әйел саусақтарынан гөрі, қаттылау, дәрекілеу еркек саусақтары тұла бойының иін қандырды ма, немене... Әлде «бұл да мені бағып-қағып жүрген ием емес пе?» деп аяу-гершілігі мен мейірімін төкті ме жануар...ана емшегі де құрп-құрп, мына емшегі де құрп-құрп...

Сәл-ақ толмаған бір шелек сүтті көтеріп, Алдияр үйге кіріп келгенде Шекеркулдің өзі балаша таңырқады. Сонын сүт қатқан шайды асықпай ішіп, жіпсіп отырып: – Мына шай мені терлепті ғой, – деп әйелі маңдайының терін сұлгімен сүртініп жатқанда Алдияр да кезекті сезін қапы жібермей: – Әйелдің сауған сүтінен гөрі еркектің сауған сүті дәмділеу болады, әрі ем болады, – деді. Сонда Шекеркул ауырып отырып-ақ күлді және күлгені қандай сүйкімді болып еді. Қап-қара көздері нұрланып, сол сәтте соншалық ажарланып та кетіп еді-ау, марқұм. Әлде Алдиярдың көзіне солай көрінді ме, кім білсін?

Бибітайы күйеуге кеткелі сиырларын женгесі Ақнұр сауатын. Кейде келінін жіберетіні де бар. Ал олардың екеуі де келмей қалған күндері Алдияр өзге ешкімге жүзін салып та жатпайды. Сауын шелегінің тубіне сиырларының емшегін жуатын жылы сүян құйып алып, ертемен емпендел малқораға кіріп бара жатқаны.

Соңғы бір жетіде шал сиырларын біржола өзі саууга шықты. Өйткені Ақнұр Қызылордада тұратын үлкен баласынікіне кеткен күннің ертеңіне «Келін шырақ, сиырымды сауып беруге уақытың бола ма?» деуге ертепетіп үйлеріне кірсе, Ақнұрдың кіші баласы Дариябек пен келіні Бижан тәбелесіп жатыр. Тәбелес демеске амалы да жоқ еді. Дариябектің қолында қамшы, Бижанның қолында – ағаштың бұтағы секілді айыр бірдене... Кәдімгідей-ақ бір-біріне сілтесіп жүр. Қүйеуі боқтап, әйелі жылап жүрген секілді, бірақ жылап жүріп-ақ келін де баж-бұж етіп, оңbastай ащы сөздерін боратып жатыр. Мектепке енді барып жүрген балалары ебіл-дебіл жылап әке-шешесінің аяқтарын кезек-кезек құшақтайды.

Түркістанде есікті абайсызда ашып қалған Алдияр бірауық тәбелескендерге аузын аша, аңыра біраз қарап тұрды да. сөлден соң-ақ қария басымен осылай тұруын өбес көріп, жалма-жан есікті қайта жаба қойды. Бірақ есікті жаба қойған соң да, шал бірден үйіне жөнеп кетпей, бірауық кібіртіктеп қалған себебі «Қариялық жасап, араларына түсіп, татуластыруым керек пе, әлде «бәлесінен аулақ» деп үйіме қарай жөнегенім дұрыс па?» деген әрі-сәрі ойдың әсері еді. Бірақ іштегі шаң-шұң басылар болмады. Басылғаның не, бір кезде біреуі еденге гұрс құлады да, баланың жылауы мен баж-бұж одан әрі үдеген кезде шал тың тыңдағандай болып, есік аузында тұруын жөнсіз көріп, үйіне қарай емпен-дей жөнелді. Бала-шағаның ұрыс-керісінен тезірек ұзап кеткісі келді ме, әлде сақалды басымен абыроисыз іске күәгер болудан қашса да өзі білсін, әйтеуір, шалдың сол сәттегі жүрісін жүргіріс деуден гөрі жүгіріс деуге де келетіндей еді.

Сол жүгірісінен танбай бара жатып та, Алдияр іштей: «Әлгі гұрс етіп құлағаны келін болмаса етті» деп ойлаады. інісінен гөрі келініне бүйрекі бүргандай болып: «Ішінде әгәрәки нәрестесі болып жүрсе, зақым келеді-ау дегенді бұл немелер ойына да алмайды-ау».

Інім екен-ау деп Дариябекке болыспақ түгілі шал

оны жек көріп те кеткендей еді. «Тәбелесті де таң ат-пай бастағандарын қараши, бала-шағаны шошытып.., өй бәтшашар-р».

Оз табалдырығынан ентігіп аттаған ол енді сауын шелегінің іші-сыртын жылы сүмен ұзақ жуып, сол судан сирының емшегін жуатының қалдыруды да ұмытпай, малқора жаққа аяңдады.

Мінекиңіз... содан бері бір жеті өтті. Шал ол үйге қарай қадам басқан емес. Келіні де өз бетімен келе қоймады. Бәлкім ұялып жүргендігінен де шығар. Сиыр сауға малқорага кіріп бара жатып та, шелек толы сүтін үйіне қарай көтеріп келе жатып та, шал енді аяқ астынан қалыңдап кеткен тұманға мән берді. «Құдайым-ау, нағыз ұрының тұманы болып тұрғанын қараши» деп ойлап та қойған.

Шелектегі сүтін қазанға құйып, темір пешке от жаққан соң да босқа отырмай төрдегі аласа, дәңгелек столдың бетіне жайылған ақ дастарқанның бетіне, босағадағы есқі кебеженің қақпағын ашып, ақ қалтадан бір кесе күріш алды да, стол үстіне төкті. Мұнысы – жиені үшін сүтке күріш ботқа жасауды ойлағандығы еді. Осыған дейін ботқаны екі рет жасап бергенде, Женя «каша-а» деп сүйсініп жеген-ді. «Ботқа деп айт» деп ұғындырған болып еді, бірақ ол кашасынан танбады. Мұның ежіктеңенін де жаратпай, салқындау үнмен «Ну-у» деген кезде шал үнін өшіре қойған.

Түннің бір уағы болды. Бұл аралықта шал шайын баллен ішіп отырып, теледидар көрді. Бірауық радиосын ашып, өн-күй тыңдады. Женя келер емес. – Өзі қаңғыбас неме ғой деймін – деді Алдияр өзінше құңқілдеп, дастарқаның жинап жүрген кезде. Содан «Тесекке жата беремін бе, өлде қайтемін?» дегенді ойлай беріп, әлгіндегі «Ұрының тұманы болып тұрғанын қараши» дегені есіне түсе кеткени. «Адамның ойы да қаңғырып кетіп, қаңғырып келе салатын қаңғыбас бала секілді ме-ау».

Ұры туралы ойлаудан қорқатындаған да реті бар еді. Өт-

кен жылы көрші Жантақты ауылның жиырма сиырын ұрылар жайылымнан тоғай арасымен айдал кетіп, үш айдан кейін көріпкел, балшылардың көмегімен Қызылқұмдағы сексеуіл арасындағы, қорада қамаулы тұрған жерінен өзөр тапқан. Жол-жөнекей мініп бара жатқан тракторлары бұзылып, барған адамдардың шөл мен аштықтан көрмегендері жоқ көрінеді.

Оның бергі жағында Ұзынарықтың өзінен Жүрқаның Сағынжаны жеті қойынан, Тоқашбай енді соямын деп отырған өгізінен айырылып, сандарын соққан. Бұлардікі сол күй табылмады. Туркістанның атакты көріпкелдері қит етсе жетіп баратын Тоқашбай мен Сағынжанға «Ол малдарың әлдеқашан сойылып, сатылып кетті ғой» депті.

Жоқ жерден құралып, шұбырып келіп есіне түсе кеткенде осы оқиғалардың өзі-ақ Алдиярдың зәресін ұшырды. Зәресін ұшырғаны ғой, «Жатсам да, малымды түгендереп барайп жатайын» деп ойлап, бір жерден қол фонарын, екінші жерден қой терісінен тігілген күртешесін іздел, сосын барайп табалдырық аузындағы көлөштеріне қарай ұмтылып, өзінше өуен-жәуен болғаны.

Қол фонарын жылтындытып жүріп қора ішіндегі қойешкілерін де, сиырларын да түгендеді. Атына да назар салды. Бәрі орнында екен.

— Ойпырмай, сендерге де шөп шақ келмес, ертемен салсаң түске жетпейді... түсте салсаң кешке жетпейді... «Жартысын кейін жейікші» деген нысап болмайды, ә-әө... — деп күңкілдеп сейлеп жүріп сиырларына жаңалап шөп салып, үйге кіріп, өзіне де, Женяға да тесек салды. Жарықты өшірді. Бірақ бірден ұйықтай алған жоқ. Қанша жылдан бергі әдеті осы. Тесегіне жатып, жастықа басы тиді екен-ақ, Алдиярды ойдан-қырдан жиналған көп ой қамайды да алады. Тіпті осынша көп ойдың оп-онай қалай жиыла қалатынына да, және сол ойлардың ұшы қырысзыз көлтігіне тағы таң...

Оң жағына бір, сол жағына бір аунап, дөңбекшіп қанша жатқанын да кім білсін... әйттеүір бір сәтте сыртта Алапар

үрді. Ит үрген соң-ақ елеңдеп, орнынан тұрып та кеткісі келіп, тағы да жылы тесегін қимай жатып үй-ішінің салқындан кеткенін де аңдады.

Сәлден соң ит өршеленіп үрді де, үрген күйі ұзаңқырап кеткендей болды. «Үй жанынан өткен біреу-дағы» деп Алдияр өзі көңілін өзі орнықтырып, түйе жүн көрпеге мойнына дейін батып, қайта тығыла түскен-ді. Кенет тағы бір ойы «Егер ит Женяға үрген болса, ол үйге неге кірмейді, жә өтіп бара жатқан біреу дегенім расқа шығар» деп ойлады. Дегенмен Женяның есіне түсіүнен көңіліне кіпі алғандай қайта-қайта терезеге қарады. Өзі түн болса... ол түнді тұман басып тұрса, терезеден не көрінуші еді, тәйірі... Алдиярдың есіне тағы да «Мен осы тауық кетектің аузын жаптым ба, өзі?» деген ой түсті де «Ойпырмай, әйтесіндеңі ұмытып жүретін әдетім-ай» деп өзіне-өзі ренжігендей болып, түйежүн көрпені үстінен асығыс ысырып, орнынан қайта тұрып жатты.

Тауық кетегі есіне түскен соң-ақ құлақшыны мен күртешесін бір жақтан, жылы шұлығы мен кәлөшін екінші жақтан іздеп, есі шығып кеткені. «Бәсе әлгінде келген мәлім, әлде шағал болды ғой, тауық кетектердің аузын андып жүрген. Ит неге үре қалды десем...»

Құлақшыны мен күртешесін жолай киіп, асыға-үсіге сыртқа шыққанда, иесінің сыртқа шығуын күткендей, Алапары есік аузында түр екен. Малқора жаққа басын бұрып тұрып, екі-үш үрді де, құйрығын бұлаңдатты. Бірақ Алдиярдың бар ойы тауық кетегінде еді. Кең кәлөшті тарпылдата басып, асығыс ентелеп тауық кетегінің аузына жете бере аңырып тұрып қалды. Тауық кетегінің аузы жабық. Іш жағынан әлгінде үрген иттің даусынан шошыған тауықтардың қыт-қыттаған үні естіледі. «Бәсе-ее» – деп ойлады шал қолфонарының жарығын тауықтектің есігінің темір ілгегіне түсіріп тұрып, «Қанша миым ашып, қартайып қалсам да... тауық кетек пен малқораның аузын жауып жатсам керек... бәсе-ее...»

Ол енді қолфонарының жарығын лып еткізіп өшіріп айналасына қарағанда тұманның әлі де сейілмегенін байқады. Ойна сайтан салғандай Алдияр тағы да «Құдая, тоба нағыз ұрының түні...» дей беріп, малқора жаққа жүзін бұрғаны... Тым-тырыс. Мөңіреген, әрі-бері қозғалған артық-ауыс дыбыс байқалмайды. Бірақ иті малқораның есігіне қарап тұрып, тағы үрді.

Шал енді малқорага қарай жүрді. Таляп келгенде ба-рып байқады, сыртқы есігі ашық тұр. Таңданыстан бұрын Алдиярдың бойын үрей билегендей болды. Малқорасының есігінен аттай бергенде қарсы алдында тұрған қара сиырын көрді. Өншешейінде ол түкпірдегі ақырдың жаңында тұратын сиырдың мұны күткендей дәл есік аузында тұруын тіпті оқыс оқиғадай көрді. Сиырына – Ой-й жануар-р! – дей беріп ол қайтадан қолфонарын жақты. Жарық әуелі сиырдың бе-ліне, одан әрі саржағал, дударбас баланың бетіне түскені... Шал тағы да «Ой бұ қайсы-ың» деуге оқтала беріп, тұрып қалды. Үрейдің әсерінен үні шықпай қалды ма, тілі байланы-ды ма, әйтеуір сондай бір түсініксіз жай...

Алдияр саржағал, дударбас баланың Пижо екенін бір-ден таныған. Танымайтын да жөні жоқ еді. Пижоның ешкім-ге ұқсамайтын сүйкімсіз бейнесін ол алғаш көрген сәтте-ақ іштей: «Алла-ау, дүнияның жүзінде осындай да бала бо-лады екен-ау» деп ойлаған. Бірақ жиені «досым» деп ертіп, тіпті сайтанның ғана көлігі дерлік – екі аяқты матасекіліне мінгесіп келгендейтін де таңданысын сездірмеген.

Алдиярдың бойын билеген үрей қара сиырының дәл есік аузында тұрғандығынан да, Пижоны танығандығынан да емес-ті. Пижоның бетіне жарық түсіре берген сәтінде түкпірге таяу тұрған қасқа сиырының тасасынан да бірде-ңе қарандаған. Сол қарандаған ешқандай да бірдене емес, біреу екенін және оның Женя екенін Алдиярдың іші бірден-ақ сезген. Шалдың тілін байлап, үнін шығармай тастаған да сол қарандаған... еді. Қандай қаранды тұн болса да, оның

үстінен қандай тұман басса да, Алдиярдың көзі оны анық шалмаса да жүргегі сезді... Қателеспегендігіне де сенімді.

Саржағал баладан соң-ақ бірден қолфонарын солай бұра беруді ойлап тұрып-ақ өшіре салғаны да өзіне түсінік-сіз түйсіктің әсері еді.

Кейін қарай бұрыла беріп, сыртқы есіктің алдында аз-кем бөгелді. Бөгелген себебі, «Айтпақшы, бұлардың мата-секілі қайда?» деп ойлаған. «Матасекілдің дауысы естілген жоқ қой!».

Үйіне кірген соң да бәрібір үрейден арыла алған жоқ. Көлөшін ғана босағаға шешті де, киімшең тәрдегі тәсегіне қарай жүрді. Жарықты да жақпады. Терезеден сыртқа қараған болып, текеметтің үстімен әрі-бері жүріп келді де, жайдак диванның бір шетіне ғана шоқыып отырды. Көңіліне Женясы ере келетіндей көрінген. Ере келіп: «Ну-у деда-а!» десе-дағы мылқаудың кешірім сұрағанында, болмашы мейірім де дәметкендей еді. Келмеді. Одан әрі қанша үнсіздік боларын, жайдак диванның шетінде шоқыып қанша отырарын да кім білсін... Шабаланып иті үрді де, үрген күй тамды айналып кетті. Женя үйге соққан жоқ.

«Мүмкін емес» деп ойлады шал үрейден әлі де арыла алмай отырып. «Ол менің туған жиенім емес пе? Бибітайымның баласы емес пе?» Екі алақанымен бірауық басын қысты. Сосын бетін сипап, саусақтарымен сақалын тарамдады. Осылай отыруының өзін намыссыздық, әрі әл-сіздік екенін ол жақсы сезді. Бірақ өзгеше амалы да жоқ секілді ме, әлде қартайған жанның дәрменсіздігі деген осы ма, анығын білмеді.

Қанша отырғаны кім білсін, әлден уақытта итінің тағы да қаңқ-қаңқ үргенін естіді. Итінің дауысынан да ашу мен ызынны аңғарды. Тіпті бұған «Өзің тірімісің?.. Бармысың?» деген өкпе-назы да бар секілді. Шал шарасыз халде екі алақаның екі тізесіне қойып отырып: «Алла-ау шынымен сөйткені ме? Туған жиенім осындаі іске барғаны ма? Мүмкін емес

қой... Мұндай істі дүшпаныма да тілемес едім...» дегенді ойлай беріп, орнынан оқыс тұрып, босағада жатқан көлөшіне ұмтылды.

Алдияр сыртқа шықкан сәтте ит бұған мұң шаққандай болып, жақындаپ келіп тағы үрді. Өзін алдағаны ма, әлде итін алдағаны ма, шал аяғына келіп сүйкенген итінің басынан сипады. Бәлкім өзінің шарасыздығын білдіргені шығар...

Көлөшін тарпыштада басып малқораға кірсе, қара сиыры былтырғы бұзауымен жоқ. Қасқа сиыры жас бұзауымен орнында тұр. Тағы бір өгізесі де орнында. Шал енді шын сасқан жандай аң-таң қүйде қалды. «Шынымен-ақ... Алла-ау, мынау өзге жұрт естімей-ақ қойса екен дерлік сорақылық қой» деп ойлады ол ыза мен ашудан жарылардай, тырсып тұрып.

Малқорадан ашумен шықты. Ашумен шыққаны ғой, малқорасының сыммен байластырып жасаған ағаш есігін тарс жапқаны. Өзі солай сезінді ме, әлде тұнгі дыбыс осылай ма, бейне алып қақпаны тарс жағқандай тәнірекке соншалық қатты есітілгені. Иесінің ашуын сезген соң-ақ иті қайтып үрген жоқ. Құйрығын бұлаңдатып, жанамалап қана жүр.

«Телефонмен теміржол бекетіндегі милицаға «Малым үрланды, түстері мынадай, саны мынша» деп хабар берсем... темір жол бекетімен қоса, ауылдағылар да дүрлігеді-ау... ұлаған кім деп... Алла-ау сорлаған жерімді қарашы. Тілімнің оңбай қырқылған жерін қарашы...»

Шал осы ойлармен тызақтай жүріп, қайтадан малқорасының аузына келді... Сосын үйіне қарай жүрді. Сосын малқораға... Мына жүрісі – нендей шешім жасарын білмеген есалан жанның мінезі еді... Сосын басы салбырап, өңсесі түсіп, үйіне кірді.

Тағы да көлөшінен өзге киімдерін шешкен жоқ. Киімшен қалпы төрдегі текеметтің үстімен әрі-бері жүрумен болды. Жарық жағуды да ойламады. Неге ойламасын... ойлады ғой. Бірақ дәл қазір жарықтың өзі де шалға үрей туғызатындағы халде еді. Соナン соң қайтадан жайдақ диванның шетіне

шоқып отырып, құлақшынын шешті. Екі алақанымен басын қысып, бетін сипағанда беті де, алақаны да таспадай қатты, ері дәрекі сезілді.

Өлден уақыттан кейін барып киімшөң күйі төрдегі төсегіне барып жантайды. Бірақ үйқы жоқ. Жуық арада көзі іліне қояр белгі де байқалмайды. Бойын кернеген ыза мен ашу бір басылып, бір көтерілгендей... Енді оған қырық жылғадан ағып келіп ой қосылды. Және қандай ойлар деңізші... Бұл жолы Алдияр қиял қанатына жармасып, тіпті әрегірек ұзап кетті.

## 2

Өзеннің тыныш ағысындаі Алдиярдың бірқалыпты ауанмен етіп жатқан өмірін ойда жоқта астан-кестен еткен сол оқиға Жұрқаның баласы Сағынжан келіншек түсірген тоймен байланысты болып еді-ау. Құдайым-ай, сол тойдың болатынына Бибітайы қандай қуанып еді. Күтіп еді... Өзінің де бойжеткен қыздар санатына енді қосылып, бой түзеп, құлышындаі ойнап, құлпырып жүрген шағы ғой. Басын дариядан алып, ауылды жарып өтетін Ұзынарықтың арғы шетінде, бергі шетіндегі үйлерді шарлап, іші пысқанда құрбыларымен күнде болмаса да күнара кездесіп, әңгіме-дүкен құрып, кешкісін әкесімен екеуі ас ішіп, соңынан бес литрлік мыс самаурынның шайын сораптап, асықпай ішіп отырып қай үйде қандай жағалық болып жатқанын, болатынын жілкө тізгендей етіп айтып беретіні-ай...

Ол кездегі Ұзынарықтағы түтін саны отыздан асып жығылатын. Бірі жұмыс іздел көшіп, екіншісі бала оқытатын жетіжүлдіқ, онжылдық мектебі бар жерді сағалап, қазір ғой... түтін саны он жетіге түсіп, тәрт класты мектепке әзер ие болып отырғаны.

Үй саны көп кезде бұл ауылда әңгіме де көп еді. Бірақ той аз болатын. Олай болатыны жұмыс іздел ауданшылап,

қалашылап кеткен жастары сол жақта үйленіп, сол жақта тойлайтын да, бойжеткен қыздардың көпшілігі ұзатылудан гөрі күйеуге қашып кетуді қолай көретін. Қай кезде де дәүләттері асып-тасып кете қоймаған, ұзынарықтағылардың қонторғайлау тіршілік қалпын анғартқандай егін егу, мал ұстая төнірегіндегі қарабайыр кәсіппен ауылда қалған жігіттердің ата-аналары ғана сатынып-сұтынып амалсыз той жасайды.

Осы себепті Жұрқаның баласы Сағынжанның үйлену тойына дейін үш ай, тойдан кейін үш ай отыз үйлі Ұзын-арық ауылының әңгіме-ермені болды. Алты айдан соң ба-рып әңгіме ескірді. Ескірейін деп те ескірген жоқ, айтуға дым таппаган өсекшілердің одан әрі мылжалай беруіне әлі де жарайтын еді, ойда жоқта ауылдың тағы бір жігіті Түркістан жақтан қыз алып қашып келген соң ғана Жұрқа жасаған тойдың хикаясы адыра қалды. Әйткені соңғы тойдың әңгімесі ерекше қарқынмен басталып кеткен еді.

...Сонда болайын деп жатқан Жұрқаның келін түсіру тойына байланысты Бибітай айтып келетін әңгімелер де әралуан еді. Қыз емес пе, көбіне жас жұбайларға арналып тігіліп жатқан шымылдық, көрпе-тесектердің жайы болатын. Маталардың түр-түсі, қайдан сатып әкелінгені, тігіліп жатқан үлгісіне дейін әкесіне түк те қызық емес екенін біле тұра моншақтай тізіп, мәлдіретіп әңгімелуеші еді-ау. Той дастарқаны үшін қанша ыдыс-аяқты, кесе-шәйнектерді қай үйлерден жинағалы жатқан есебін де ерінбей тәптіштейтін. Сонда Алдияр ішінен ойлайтын: егер Шекеркул марқұм тірі болғанда қызының осы әңгімелеріне аузының сұзы құрып отырып тыңдал, оған өзінің естігендерін де қосып айтқанда екеуі сол шүңкіл әңгімелерімен қанша самаурынның сұын тауысар еді деп...

Қалай болғанда әкесінің еркек адам екені, өсек-аяң тыңдауға ықылассыздығы білініп тұрады. Кейде тіпті қызының әңгімесін одан әрі тыңдағысы келмеген сәтте құлық жасағандай болып, ойда жоқта «Ойбұ-үй, атымды суара-

тын кез өтіп барады еken ғой», болмаса «Қорада тұрған мәлдүң алдына шөп салуым керек еді» деп босағадағы аяқ киіміне ұмтылады да, бірақ шалдың бұл айласын Бибітай біліп қояды... Біліп қойғандығын ол да білдірмегенсіді... өкесіне қарап күлімсірейді. Немесе бірден дастарқан жинауға кіріседі. Қалай дегенмен қызы айтып келетін көп әңгімелердің ішінде зәуіде Алдиярдың сүйсініп бар ықыласымен тыңдайтын көзі де болып қалады. Мәселен, қызы «Жұрқа атам той күні киуге деп Түркістаннан су жаңа кәлөш алдырыпты» дегендеге кәдімгідей елең ете қалды. Сөйтсе, бұл ауылда сол жаңа кәлөшті естігенде елең ете қалған Алдияр ғана болмапты. Ұзынарықтың сағалығында тұратын Тұрап, Түйебай деген екі шал Жұрқа сатып алған жаңа кәлөшті көреміз деп, әрі алда болатын тойдың жайын әңгімелесеміз деп Жұрқанікіне жетеді ғой. Антұрғандардың түпкі ойлары жаңа кәлөшті көру ғана емес, сол кәлөштің желеуімен барғанымызда Жұрқаның кемпірі Күлше қазан көтерер ме еken, қазан көтере қалса, қазанға түскен ет те кәделі, майлы болса деген есек дәмелері болса да өздері білсін...

Сейтіп барғандарында сараң Күлше қазан көтермек түгілі, жаңа кәлөшті де көрсетпей «Жаңа кәлөшін шал той күні киеді-дағы. Беретін көрімдіктерінді сол күнге сақтаңдар. Бірақ жаңа түскен келіннің көрімдігінен бөлек болсын» деп сарандығымен қоса адудын, бетбақ Күлше «Жаңа кәлөш көреміз, соңынан бұйырса ет те жейміз» деп барған екі пақырды отырган көрпешелерінің шетін шұқығандай етіп, тұрғындағы тастапты.

— Өй кемпір, өздері еңбектеніп, Ұзынарықтың ту сонау сағалығынан жаяу келіп отырганда, сол кәлөші түспегірді көрсете қойшы, — деп Жұрқа еркексіп, қоқырайған еken, Күлше оның сөзіне пішту де деместен: — Көреді-дағы, шодыраң қалғырлар, — депті де, сыртқа шығып кетіпти.

Тұрап пен Түйебай жаяулап үйлеріне қайтып бара жатып өзара құңқілдескенде: «Жолдан Пірәліні де ертіп

аламыз, үшеге болып барсақ, қалайда қазан көтерер деп бөскеніміз-ай...» деп Пірәліні қоспағандарына да қуанған секілді.

Әңгіменің осы тұсына келгенде дардай тұтып жүрген ағаларының сезін жерге тастаған Құлше жеңгесіне Алдияр қатты ашуланып: – Әй, мына жаман кемпірдің тасуын-ай... Қөрсете салса қайтеді еken? Ол екі шал тай-туяқ, алтындарынды қөреміз деп отырған жоқ қой. Тәйірі, аяққа киетін көлөш қой, той өтер-өтпестен-ақ шаң басып, лай жабысып қалатын. Және басқа-басқа, Жұрқаның аяғына тап болған көлөш не оңар дейсің... егер тіл біте қалса «Құдай-ай, Жұрқадан басқа біреудің аяғына тап келмегенімді қара-шы...» деп зар жылар еді... Бірақ Құдай оған тіл бітіре қоя ма? Қап мына жаман қара кемпір Құлшенің тасығанын-ай!

Осылай деп отырып Алдияр ішінен ойлады: «Сол арада менің болмағаным-ай. Болғанымда ғой... ана жаман қара кемпірдің құйрығынан Жұрқа ұrap еді... Егер шалдың батыллы, яки қауқары жетпей жатса, мына мен ұrap едім... Ой әттес-ай... Көп болғанда «Құлшені шалының орнына қайнысы сабапты» деген атқа қалар едім. Сонда бұл жұрт мені сотқа бере қояр деймісің... Ал жаман қара кемпірдің ауыл арасына жаяр ойбай-байбайын көріп алдым».

Алдияр бұл әңгімені қызына айтудың әбес екенін сезді. Бірақ өз үйінде отырып-ақ Жұрқаның үйіндегі жаман қара кемпірге ашууланғаны сонша Құлше жеңгесінің құйрығына шарт ұратын оң қолының жеңін шынтағына дейін түрініп, алақанын иегіне дейін көтеріп, бір түкіріп алуға бейімделе беріп, шай құйып отырған қызынан қымсынып. алақаның қайтадан төмен түсіргені. «Ой, әттес-ай» деді ішінен, қуректей алақанына түкіре де алмай, әлде сол алақанның Жұрқаның қара кемпірінің құйрығына тимей қалғанына шын өкінгендей күйде отырып.

Жұрқаның үйінде болып жатқан той дайындығын қызықтап жүріп, Бибітайдың өзі де сол тойға той иелерінен кем дайындалған жоқ. Түркістанның базарына екі барып, көйлек

тіктіруге деп түсі жалт-жұлт етіп, шайыдай сусылдаған көк, жасыл, қызыл-сары маталардан әкеліп, «Мынасын тойларға килемін, мыналарын үй маңына...» деп алған топлилері тағы бар. Сөйті жүріп қызы әке көнілін аулауды да ұмытқан жоқ. Бір барғанда Алдиярға жасыл пүліштен тігілген тақия, екінші барғанда мал жайғауыңызға керек болады» деп қолфонар әкеліп берді. Алдияр соған да мәз.

— Бибітай-ау, сен мені Жүрқадан да асырып жібердің ғой. Басыма киетін тақия мен қолыңа ұстағанда жарқылдан жолынды көрсетіп жүретін қолфонардың жаңында тәйірі-ай аяққа киетін көлөш те мүлік болып па? Тілті осы сен әкелген бүйімдарымды ерегіскенде Жүрқаның қара кемпіріне барып көрсетейін бе? Қызғаныштан іші өртеніп-ақ кетсін... — деп әзілдегені де бар.

Мұндай сәттері екеуі де көнілденіп қалатын. Ас-ауқат жеп, шай ішіп отырып та немесе қызы пешке от жағып, Алдияр пеш астына шұлығын жайып, кептіріп отырып та екеуінің қаңғыр-күңгір сөйлегендері, жарыса құлгендери жаман тамдарының терезе әйнектерін дірілдетіп, ән салып түрған радио мен сампылдан сөйлеген теледидарды ба-сып... олардан озып кететін.

Жүрқа келін түсіретін күні түскі асқа Бибітай үзбен көже-ні мол әзірлепті. Қазаннан енді құйылған бір керсен көжені қызы буын бұрқыратқан күіі дастарқанның шетіне қоя берген сәтте: — Қызыым-ау, мына көжен Ұзынарықтағыларға ту-гел жеткендей ғой. Тойды Жүрқа емес, сен жасадың-ау. — деген ризалығы да аралас таңданыспен отырып.

— Кешкісін... таңертен... жылытып ішесіз ғой, — деді қызы күле сөйлегенімен аз-кем күмілжіп қысылғандай. Және осы айтқанына өзі де ыңғайсыздандандай ақшыл жүзі алабұртып қалды.

— Е, мақұл шырағым, — деді Алдияр қызы алдына қоя берген ағаш табақтағы көжеге итіне беріп. Бірақ қызының өзін бөлектегендей «жылытып ішесіз ғой» деген сөзі ойында қалды. Өуелі кеспе көжениң ішіндегі сүйекті ала

беріп, көжесі сұығанша соны мүжіп отырып, іштей: «Жылтып ішеміз ғой демегені несі...» деп отырды да, бірақ қолындағы сүйектің майлы еті дәл қазір қандай әңгімегден болса да артық көрінді де, Алдияр етті ашқарақтан шайнап отырып өзгелей әңгіме бастауға да, егер біреулер бастап отырса қосыла кетуге де ерінгендей еді. Оның үстінен Бибітай да мұнымен сейлесіп отыратында болған жок: біраз уақытын шамадандағы киімдерін реттеуге жіберді. Шоққа қызатын үтікпен жаңада тігілген сарала-көкала көйлектерін, орамалдарын, беторамалдарына дейін үтіктел, қолындағы ақ дәкесін сулап алу үшін босағадағы шәйнекке бір жүгірсе, үтігіне қызған шоқтарды дер кезінде салу үшін пешке екі жүгіріп, етектеріне қыртыс түспеске әлгі сарала-көкала көйлектерін де абайлап көтеріп, жайдақ диванға да абайлап жайып, өзінше маңызды санаған тойға әзірлену машақатымен болып кеткен еді. Шашын да асықпай жуды. Сосын айнаға қарап тұрып, асықпай тарады.

Қызының осынша сұрсігіп жүргенін андаған Алдияр үзбен көжесін ішіп болған соң пеш үстінде қайнап тұрған шәүгімдегі шайды да шәйнекке өзі демдел, шайды өзі құйып ішті.

Шайдан соң да жалғыз өзі селтиіп отырып бата жасап, дастарқанды да өзі жинады.

Сыртқа шығып, қорадағы малын жайғап, пешке жаға-тын отын бұтап, біраз жүріп қалған Алдияр қайтып үйге кірген кезде Бибітай жаңада тігілген сарала көйлегі мен жеңіл нымшасын үстіне киіп, аяғында жалтыраган жаңа туфлиі, тойға кетуге әзір тұр екен. Қызының осынша сұлу екенін алғаш андалап, таңдануы да шығар. Ішкі есіктің табалдырығынан аттай берген Алдиярдың, есіктің тұтқасынан ұстаған күйі аузы ашылып тұрып қалғаны.

Үстіндегі сарала көйлегі сусылданап Бибітай пеш пен шкаф аралығындағы қабырғаға жapsырылған дөңгелек айнаның алдына келіп, шашын түзеп, сүйріктей аппак саусақтарымен бетін, маңдайын сипады. Құдайым-ау, әтір

сепкен бе немене... қызының үстінен аңқыған әдемі иіс мұрнына жеткенде, мұндай іісті де өмірінде сирек ұшырас-тырған Алдияр қайта-қайта мұрнын тартты. Қызына арнап бірер тәуір сөз айтқысы келіп, бұрылып тұрып, оқталып-ақ еді, қапелімде аузына сөз түсе қойсайшы. Үстіне құйып қойғандай жарасып тұрған сарала көйлегін, аяғындағы жалтыраған жаңа төплиін мақтаудың орнына, әлгі өтір ісін жаратпағандай мұрның шүйіріп тұрып: – Бұл нениң іісі? – дегені. Асылы Алдиярдың айтпақ болғаны «Қандай әдемі ііс!» деген сөз болатын.

Бибітай құлді. Құлгені қандай сүйкімді еді қызының. Бұрын Алдияр байқады ма, жоқ па, Бибітайы құлген кезде қасы керіліп, көздері құлімдеп, опа-далап сияқты бірдене жаққан беттері де албырап көрініп, тіпті сұлуланып кетеді екен. Тіпті құлкісінің де кісіні елжіретіп жіберердей сиқыры болса, кім білсін... Әйтеуір Алдияр осы сәтте қызын айрықша жақсы көріп, іштей қатты мақтанып, әрі көнілі толып тұр еді.

– Кейлелім қалай, көке-е? – деп дәңгелек айнаға қарап тұрған қызы кенет өзіне қарай бұрылған сәтте де Алдияр бірден жауап таба алмай абырап қалғаны.

– Кейлелім әдемі ғой, ә? – деп қызы өзіне-өзі жауап бермегендеге аңыра қараған күйі үнсіз қала берер ме еді, кім білсін.

Осы кезде барып Алдияр қызының не туралы айтып тұрғанын енді аңдағандай болып: – Құтты болсын! – дегені. Бибітай жүзі бұрынғыдан да алабұртып қуанып қалды. Бұрынғыдан да гөрі сұлуланып кетті.

– Айналайын-н! – деді осы кезде Алдияр қызына елжірей қарап тұрып. Бұл сөз оның қызына деген ризалықтан, бойын кернеген қуаныш пен мақтаныштан одан әріге шыдай алмай, енді ашылып, ақтарылғандағысы, жүргегіндегі бар сырды жайып салғандағысы еді.

Жалғыз ауыз сөздің мән-мағынасын Бибітай да түсінді. Түсінгені ғой, қыз оқыс ұмтылып келіп, күтпеген жерден

әкесінің мойнына асыла кетіп, бетінен сүйгені. Бұл Алдияр күтпеген жай еді. Тіпті бұрын-соңды Бибітай Бибітай болғалы... мұны дәл осылай сүйіп көріп пе еді, әлде жоқ па, анығын есіне түсіре алмады. Соңдықтан болар қатты көңілі босап тұрып: – Бибітайым-ау, бұл неғылғаның? Мұндай әдепті қайдан шығарғансың? – дегені, көзінің жасы парлап, иегі кемсендеп тұрып.

Екеуінің құшақтасып босағада қанша тұрғандарын да бір Алла білсін. Әйтте үр бір кездे Алдияр әкелігінен бұрын, қариялығына баққандай болып: – Қой Бибітай. мұндай әдептіңді. – деп дауысы дірілдеп, әзер сөйлеп тұрып, тоқтау айтқан болды.

Бибітай әкесінің мойнынан қолын ала беріп, сыйсындарап жылап жүріп, пеш үстіндегі шәүгімнің суымен саусақтарының ұшын шайып, көзінің айналасын суртіп тұрды да, кенет бұлт астынан шыға келген күндей құлпырып тұрып: – Тойға барамын көке-е! – дегені, ештеңе болмағандай жарқылданған үнмен.

Әлі де өзіне-өзі келе алмай тұрған Алдияр ішінен: «...Е, айналайын... барсаң бар-р. Ол тойға гүлдей жайнап сен бармағанда кім барады?» – дей тұрып, осы сездерді дауыстап айта алмағанына да қамықты. Әйткені ол қызына арнап тағы бір сөз айтса болды-ақ кемсендеп жылап жіберуге өзір еді.

Бибітай сыртқа шықкан кезде Алдияр да ере шықты. Сөнді киініп тойға бара жатқан қыздың соңынан әкесі болса дағы ер адамның ербиіп қарап тұрғанының аса жарасымды еместігін де біле тұра, ол осы жолы қызын өзі шығарып салып, көзімен ұзатқысы келді. Бәлкім қызының көркіне жұрт қарайтындаидай, қызығатындаидай болып өскеніне мақтанғысы келгені шығар.

Алдияр есік алдына шыққанда қызы келесі үйдің түсында бас жақтағы үйлер мен аяқ жақтағы үйлерден жиналып, өзін күтіп тұрған үш-төрт құрбыларына жақындаپ та қалған екен. Әкесінің ере шығатының білгендей құрбыларына

қосыла бергенде, Бибітай артына бір бұрылып, әкесіне қолын бұлғады да, одан әрі құшақтасып, күлісіп, өздерінше ұқырышұқыр сөйлесіп, әлгі қыздарымен болып кетті.

Сәлден соң-ақ өңшең сәнді киінген сылқым қыздар үйден ұзап топталып бара жатқанда да, орталарында сымбат-салтанатымен аққудай болып, Бибітайы ерекше сияқтанып еді. Әлде Алдиярға осылай көрінді...

Сол күні Ұзынарықтың екі бетін жағалай қоныстанған ауылдан Бибітайдан асатын қызы Алдиярдың есіне түскен жоқ. Көзіне де көрінбеді... Ұзынарығың не, бұл маңайдағы қалың төғай арасын ықтаған торғайлардай болып дарияны жағалай қоныстанған өзге ауылдарды да, теміржол бекеттерін де Алдияр біледі ғой. Сол ауылдарда да өзге қыздар бар болса, бар шығар... бірақ басқа Бибітай жоқ еді.

Қайтып үйіне кіріп, әр жерде шашылып қалған Бибітайының киімдерін жинады. Құнделікті үй маңына киіп жүретін көйлек, орамалдарын, шұлығын бүктең шкафтың төменнегі бөлігіне салды да, аяқ киімдерін шүберекпен мұқият сүртіп, босағаға қатарластыра қойды.

Бір жаққа асығыс шыға қалғанда әкесіне сеніп киімдерін, үй-ішінің өзге де мұліктерін қалай болса-солай тастап кете беру Бибітайдың бала кезден әдеті еді. Бір жолы Алдиярдың «еркек балаға ұқсан» деп кейігені де бар. Бірақ кейідің еken-aу деп қабақ шытқан Бибітай болса еken-aу. Бұған қарап күліп тұрып: – Көке еркек балаң да, қызы балаң да жалғыз мен емеспін бе? – дегені бар. Сонда Алдияр қызының мына сөзіне не деп уәж қайырарын да білмей, бір сәт аңырып қалып, әкелігін салмақтаған дәң айбатпен: – Өй, берекесіздің сөзі – деген бар болғаны. Бірақ іштей «Рас-ау ә... Бұл Бибітай маған сенбегендеге, кімге сенеді? Маған еркемегендеге, кімге еркелейді?» деп қызынан уәжден тосылып қана емес, кінәлі болып қалғандай сезінген.

...Біраздан соң тағы бір мән бергені – үй ішінде әтір иісі қалып қойыпты. Ішінен «Бибітайжан осы үйге түгел

әтір сеуіп кеткеннен сау ма өзі?» дей беріп, мұрнын шүйіріп оңына бір, солына бір бұрылып тұрып, сол әтір ісінің тапқай жерден шығып тұрганын да аңдай алмады. Әлгінде өз қолымен асықпай бүктеген қызының үй маңына киетін кейлекінен бе, киім ілгіште тұрган сырт киімдерінен бе? Әлде қабырғадағы түкті кілемнен бе? Бәрібір ол әтір ісін соншалық жатырқаған да жоқ. Тіпті «Бойжеткен қызы бар үйден әтір исі шығып тұрганы жарасымды емес пе?» деп те ойлады. Бұлай ойлауы – Бибітайы үшін бір сәт тасып, биіктегені еді...

Сыртқа шығып отын бұтап, кешкін жайылымнан қайтқан малдарын қораға кіргізген кезде де Алдияр көнілді жүрді. Тіпті жалғыз сирын малқораға кіргізіп жатып: – Ой өүкім-ай, осында ием бар деп... түнемелік жататын қорам, жейтін шебім бар деп... келдің-ау, жануарым-ай, – деп маңдайынан сипады. Сауырынан қасыды. Бұл Алдиярдың әдетінде бола бермейтін мейірім еді.

Қой-ешкілерін қорага қамап жатып та: – Өй жарыса маңыраған маңырамаларым менің... Басқа үйдің малқорасына кіріп кетпей, «Иеміз де, жарылқаушымыз да бір Алдияр...» деп келдіңдер ме? Ой, жабыла жамырасқан дауыстарыңынан ендеше, – деп арбиган саусақтарымен екіүш қойдың белін басып, бір-екі ешкінің мүйіздерінен сипады.

«Біздің де белімізден басып, мүйізімізден сипашы» дегендей иелерінен мейірім-ықылас дәметеп бірер қой-ешкілері өзін қаға-маға жанасқан болып, қайта-қайта маңыраптақ еді, Алдияр оларға бұрылмады. Бұрыларға мұршасы да жоқ еді. Сирына түнемелік жейтін шөп салуы керек. Сосын сауып, қара қазанға құйып пісіруі керек. Және ол сүт сұыған кезде керсenge құйып, үйітқы салуды да ұмытпауы керек. «Құдайым-ау, мені әлі қанша іс күтіп тұр, онымен жұмыстарың бар ма өзі? Айтпақшы, әлі итім бар екен фой. Оған атласын пісіруім де керек» дегенді ойлағанда өзінен ықылас-мейірім дәметкен әлгі қой-ешкілерді қолындағы таяғымен онды-солды салып-салып жіберуге оқталып, таяғын жоғары көтере беріп, өзін-өзі әзер дегенде тоқтатты. Тоқтағаны –

ішінен: «Бибітайым қызғалдақтай құлпырып, қуанып келін түсетін тойға кеткен күні жануарларымды да ренжітпейінші... Бұлар да өздері үшін жайылып, өздері үшін су ішкенімен кешкісін мені іздел осы үйдің қорасына кіріп жүргендегой» дегенді ойлағанда, өзін айнала қоршап, маңырасқан жануарларға да айрықша мейірленіп кетті.

Сиырды өзі саууды ойлаған себебі – Пірәлінің үйіндегі келіннің де тойға кеткеніне күмәні жоқ-ты. Келіні түгілі, сол үйдегі женгесі Ақнұрдың да ере кеткеніне сенімді-тін. Бұл ауылдың кемпірлері де сондай өуейі, келіндеріне, яки қыздарына ере барып, сосын жастардың ойын-сауығы болып жатқан бәлменің босағасына сығылысып отырып-ақ солардың билегенін көреді... өндерін, домбыра шерткендерін тыңдалап, ойын-сауық кезінде қай қызыдың қандай жігітпен билегенін, кім кімнің жанына отырғанына дейін аңдып... той өткен соң қырық күнге дейін сол тойдың оқиғасын жарыса айтЫП, ауыздарының сұзы құрып отырғандары.

Қырық күндері бітпей, өлде біте бере ауылда тағы бір той, құрығанда шілдехана, болмаса сұндет тойы киліге қалса жақсы, болмаса әлгі кемпірлер былтырғыдан қалған сүрді малжандап шайнағандай баяғы тойларының әңгімесін үршықтарын ііріп, жүн тұтіп отырып-ақ айта береді... тіпті бір айтқандарын екі... үш қайталаудың да олар үшін айып-шамы жоқ. Oho-o, дегеніңіз... Бұл ауылдың кемпірлері осындей. Өйтепеір шалдарына Құдай сабыр берген. Осындаға қыз-келіндері мен кемпірлерін тойға жіберіп, өздері үйде қалған мал-жанға қарауыл, айқайшы болып отырғандары...

Пірәлінің үйінде қалғанын есіне алған сәтте Алдияр ішінен «Айтпақшы, шаруаларымды бітірген соң бірауық Піре-кеңмен әңгімелесіп қайтсам да болады екен-ау» деп те ойлаған. Бірақ сол әңгіме-дүкенге баруга анық қолы босағына күмәнді еді.

Сауылған сүтті қазанға құйған соң пешке от жақты. Шешінді. Бірауық теледидардан концерт тамашалады. Бибітай пісіріп кеткен үзбен көжеден өзіне жетерлігін ысы-

тып ішті. Тамақ ішуі сырттағы итінің де бұдан атала дәметіп жатқанын есіне салды да, енді итін риза етудің қамына кірісті.

Итінің аталасын беріп, жол-жөнекей малқора жаққа да бұрылып, олардың да аман-есендігіне көзі жетіп, үйіне қайта кіргенде сағат тілі оннан асып та кеткен екен. «Пірәлінікіне енді бара алмайтын болдым-ау» деді ол сағат тілінен көзін алмай тұрып, «Пірәліге бару қайда... Сәлден соң сұыған сүтке үйітқы салуым керек. Соңан соң малқора жақты тағы бір шолып... жүргенімде Бибітай да тойдан қайтып келіп қалмай ма? Бибітай келген соң-ақ, тойдың оны-муны әңгімелісі дегендей. Бәсе түннің жарымында Пірәліні іздел барып, әңгімелі-дүкен құрып отыратын уақыт менде қайдан болсын» деп ойлады, біржагынан Пірәлінікіне бара алмағанына аса өкінбей.

Малқора жақты тағы бір шолып қайтуды ойлаған себебі – кейде ұры-қарылар ауылда болып жататын той-томалақ, яки өлім-жітім сияқты опыр-топыр кездерін андитынын да біліп қалған. Үйінен ұзамасқа енді анық бекінді. Жаңада үй болған кезде өзі қолдан жасаған киімілгіштің бір ілгегіне құлақшынын, екінші ілгегіне иығындағы құпәйкесін ілді. Сосын тізесін бүге беріп, теледидарды ашса, Құрманғазы оркестрі концерт беріп жатыр екен. – Ой Құдайдың бергені-ай – деді қүйді айрықша жақсы көретін Алдияр диванға жайғаса беріп. «Ойпырмай, Пірәлінікіне бармай-ақ қойғаным қандай онды болған. Құдай-ай мынадай қүйдің жанында Пірәлінің әңгімесі не тәйірі... Оның бұған айттар әңгімесі бола қойғанда да... болмаса «Ана ауылдан не хабар білдің? Мына ауылда не жаңалық бар екен? – деп, көбіне мұның өзінен әңгіме дәметіп, мұның есіл уақытын босқа еткізетін Пірәлі ағасы емес пе?»

Алдияр қүйлердің жеке орындаушылардан гөрі оркестрмен орындалғанын айрықша жақсы көріп, елітіп отырып тыңдайтын. Қазір де сол дағдысына бағып, біржола тыңшыған. Үйде оркестрдің күніренген үнінен өзге дыбыс

жоқ. Пештегі отынның сыйырлап жанғаны, ала мысығының мияулап әрі-бері жүргені болмаса.

Концерт біткен кезде құйге елтіген денесін әзер қозғап, тәлтіректеп орнынан тұрды. Тәлтіректейтін жөні де бар еді. Құй тыңдалып, бірауық жылап та алған. Ол киімлігіштің бір ілгегінен құлақшының, екінші ілгегінен күпәйкесін алдып, жолай киініп, сосын етігіне қарай ұмытылды.

Сыртқа шыққан себебі – сағат тілі он екіні көрсеткен-ді. Тойдың тараітын да көзі. Алдиярдың қазіргі ойы, Бибітайды есік алдынан құту, келе қоймаса Жұрқаның үйіне қарай журу еді.

Шыққан бойда байқағаны – бұл теледидар көріп отырғанда жаңбыр жауып, аспан шайдай ашылған. Жұлдыздар енді болмаса жерге төгіліп түсердей мөлдіреп көрінеді. Терезенің алдында біраз тұрды. Келіп аяғына оралған итін ертіп, сонау шеттегі Жұрқаның тамына қарай жүрді.

Не дегенмен той болған үй емес пе, ауласының жарығы алыстан көзге ұрып, келіп-кетіп жатқан машина-тракторлардың гүрлі алыстан естіліп мен мұндалап тұр.

Ит иесінің ойын сезгендей бірден алға түсті. Алдиярдың өзі аяқтарын ілбіл басып келеді. Асықпағаны – қызын орта жолда кездестірмін деп ойлауынан да еді.

Ұзынарықта айында-жылында болатын қыз ұзату не-месе келін түсіру тойларынан ол Бибітайды осылай қарсы алады. Әкесі алдынан шыққан кезде Бибітайы жарқылдай сейлеп, қуанып, тіпті құрбы қыздарына мақтанып та қалатын. Онысын сол сәттегі қуаныштан алып ұшқан көңіл-қүйін аңдатқандай қаранғыда аяқтарын әр жерден бір басып, өзінше әкесіне еркелегендей кейде қабаттасып, кейде алда келе жатқанда бұл да әз тарапынан «Шырағым-ау, сен де биледің бе?», «Сен де ән айттың ба?» «Кіммен биледің», «кімнің жанында отырдың» деген сияқты сұрақтарды жаудырып, екеуі қанғыр-куңгір сейлесіп келе жатушы еді. Содан үйлеріне кіріп, Бибітай киімдерін ауыстырып болған соң да той жайлы әңгімелері таусыла қоймаган соң қызы

шай қойып, сол шайды ішіп отырып та. қаңғыр-күнгір да-бырласқан күйі тәсектеріне жатысатын. Той әңгімелері ертесіне де, арғы күні де жалғасып жатқаны.

Төңірек жым-жырт. Жұрқаның үйі жақтан ғана түн тыныштығын бұзып, айқайлаған, дабырласқан дауыстар әлдебір әуенімен қосыла талып естіліп жатыр.

«Той әлі тарқамаған екен-ау» деп ойлады Алдияр аяктарын асықпай басып келе жатып. «Бәсе, бұл ауылдың тойы оп-оңай тарай салмаса керек. Құдайым-ау, қайсыбір жылы осындағы тойлар таң ата тарап жүрді ғой. Сонда үйиқтал қалған балаларының басын салақтатып көтеріп келе жатып та, әйелдер тойдың әңгімелерін жолда айтып, құлкілерін де жолда құлліп келе жатты емес пе? Бәсе, бұл ауылдың тойы...»

Ол орта жолға жеткенде кенет тоқтады. Тоқтаған себебі – жыртықтарынан түтеленіп мақтасы шығып тұрған ескі күпәйкесімен, терсінді құлақшынымен жетіп барып, ырду-дырырудың қалың ортасында жүрген Бибітайын іздел сұраса... «Бойжетken қызын іздел мына сыйптымын той үстіне келгені несі?» деп біреулер күлмей ме? Қызы намыстанбай ма?»

Осылай ойлауы-ақ мұн екен, Алдиярдың жүрісі кібіртіктеп қалды. Бір сәт тоқтал тұрып, тағы да тың тыңдады. Жұрқаның үйі жақтан бұрынғыша құлағына көңілсіздеу естілген әуенмен бірге абыр-дабыр дауыстар қабаттасып жатты. «Жә, өзі-ақ келер» деп ойлаған Алдияр енді кері қайтты.

Иесінің кері бұрылуын иті ғана түсінбегендей, сонынан сүлесоқ еріп келе жатып ит те болса әуен ойнап, жүрт дабырласқан жаққа бірер бұрылып қарады.

Кері қайтып келе жатып та ол ойлады: «Бір топ қызбен кеткен Бибітай сол қыздармен бірге қайтпай ма? Е, менікі не сопайып, бойжетken қыздардың алдынан шығып жүргенім».

Алдияр да Шекеркүлмен осындаі бір тойда танысқан...

Ол кезде Ұзынарықта үй саны көп болғандықтан тойлар да қызықты өтуші еді. Дарияның арғы бетін қонысғанған Жаңарық ауылымен де алыс-беріс, қатынастары жиі болатын. Ұзынарықта қыз ұзатқан, келін түсірген той бола қалса, екі қайықпен, кейде үш қайықпен думандатып Жаңарықтың қыз-бозбалалары өтіп келетін де, Жаңарықтың осындаі той-думандарына бұлар да екі қайық, кейде үш қайықпен өтіп, дуылдастып, думандатып жетіп баратын.

Әскер қатарынан келген бойда-ақ Алдияр сол тойлардың қай-қайсысынан да қалмай журді. Екі ауылдың тойға келген қыз-бозбалаларды дария жағасынан қүтіп алу, шығарып салу салттары да өзгеше қызық еді. Той дастарқанынан жынды судан молырақ татып, домбыра, мондолиндерін мойындарына іліп алған жігіттер жол-женекей де тыңқылдатып, екеу-үшеуден қосыла шырқай жәнеліп, жол жиегінде әлдеқалай алаңқайлау жер кездесе қалса – ана ауылдың жігіті мен ана ауылдың қызы... екеу-екеуден кейде топтарымен билеп жатқандары...

Қайыққа мінер жердегі абыр-дабыр, у-дулары тіпті ерекше еді. Қызып алған жігіттер «Қонақтарды өзіміздің ауылдың қайығымен өткіземіз» деп, ана ауылдың екі қайығына, мына ауылдың қайықтары қосыла кетіп, екі-үш қайықтың ай жарығымен су бетінде бәрі қосыла айтқан әнмен бірге қалқып бара жататындары-ай!

Тойлардан қалмай жүріп, Алдиярдың Жаңарықтың қыздарын көнілінің сүзгісінен өткізіп жүрген кезі... Өйтпеске амалы да жоқ. Ауылдағы өрімдей жас жігіттердің қатарынан озып, сақа жігіттердің қатарына қосылып қалған. Оның үстіне үйде тәсекте күрк-күрк жөтеліп жатып-ақ «Келінді бүгін әкелесің бе, әлде ертең әкелесің бе?» деп қылқылданған ауру шешесі бар.

Әскерден қыс ортасында келген Алдияр жазға дейінгі болған арғы бет, бергі беттің тойларында Шекеркүлді

кездестірген жоқ-ты. Жаз шыға болған арғы беттің бір қызы ұзату тойында акқұба өнді, шашы да, көзі де қапқара талдырмаш қызды Алдияр бірінші көргенде-ақ іштей ұнатып қалған. Артық сөзі жок, үркек киіктей болып, өзге бойжеткендердің соңынан жүріп, соңынан сөйлейтін, соңынан қүлетін үялшақ мінезі де көңіліне қонды. Бір-екі рет биге де шақырыды. Қызы-жігіттер жұптасып отырып «Қассың ба, доссың ба?» деген ойын ойнаған кезде бір-біріне аты-жөндерін айттып, шүйіркелесіп, қарсы жақтан бір жігіт «Соның жұбын қалаймын» деп Шекеркүлді сұрағанда «жұбымды бермеймін» деп қыз үшін домбырамен ән де айтқан.

Сонда сөз арасында бұл: – Қарындастым-ау, бұрынғы тойларда өзінді көрмедім ғой, – дегенде Шекеркүл жымия күліп, үялшақтап отырып-ақ өзілмен: – Шамасы таяуда ғана бойжеткен болуым керек, – дегені бар.

Өзілінің өзі Алдиярга қатты ұнаған. Қызыға ынтыға түсінен. Сол жазда Ұзынарықта да, Жаңарықта да тойлар көп болды. Дарияның екі бетін кезек дуылдатқан қызы-бозбалалар да ән салудан, би билеуден шаршамады. Алдияр мен Шекеркүлді де сол думандатқан тойлар біраз жақындастырыды. Екеуі қанша рет биледі. Қосылып ән айтты. «Қассың ба, доссың ба?» деген ойын ойнаған кезде де, телеуін әнмен, бимен өтеп, Алдияр қыздан айрылған жоқ.

Көңілінде күні кешегідей есінде... Бірге болған үшінші тойдың аяғы ма екен... Әлде төртінші тойдың аяғы ма екен, әйтеуір, Жаңарықтан Ұзынарыққа тойға келгендерді таңға таяу қайыққа дейін шығарып салып, дуылдасып келе жатып, Алдияр қызға көңіліндегісін айтқаны...

Жұрттың сөз айту дегендері де сол шығар...

– Қарындас өзінді ұнатып жүрмін... – деген Шекеркүлдің қолтығынан ұстап келе жатып.

Қыз үндеген жоқ.

– Қатты ұнатамын. Өзіңмен тұрмыс құрғым келеді, – деді тағы да.

Қыз бұл жолы да жауап қатпады.

— Келесі тойда-а... рұқсат етсең... алып қ-қашсам... – дей бергенде барып үнсіз келе жатқан қыз кенет басын көтепіріп: – Мен қашпаймын, – дегені байсалды үнмен. Сосын Алдиярды құттіріп барып: – Эке-шешем той жасап ұзатады, – деді. «Мен қашпаймын» деген сөзден кейінгі бір сөттік үзілістің өзіне қыздан қарсылық естігендей, еңсесі түсken Алдияр «ұзатады» деген сөзден соң ғана есін жинап, бойын тіктеді. Кенет көнілі алып-ұшып қуанды да. Қуанғаны ғой, асығыс Шекеркүлдің бетінен сүйді. Асығыс сүюі де артық кетіп, қыздың көнілін қалдырмайын деп абайлағандағысы еді. Ішінен ойлады, «Бәсе тәрбиелі қыздарды әке-шешелері той жасап ұзатады емес пе?» деді ішіне қыз сөзін енді мақтан еткендей болып. Іштей Шекеркүлді бұрынғыдан да жақсы көріп кеткен еді.

Сүмбіле туа шешесі марқұм Жұрқа мен Пірәліні Жаңарыққа құда түсіп қайтуға қуды. Қуды дейтіндейі де бар. Жұрқа тұрып: «Е, келініміз бен баламыздың сөздері түзиды болса, біздің құда түсуіміз оңай ғой. Енді пісіп жатқан қауын-дарбызымыздың сататынын сатып, тілетінін тіліп игеріп алайық. Совхоздың жүгерісі де жиналыш болсын» дей бергенде, шешесі «Сендер асықпасаңдар, мен асығып жатырмын. Көзімнің тірісінде келінімді көріп қалайын деп...» деген соң екі шалдың да үндері өшкен. Жаңа кастем, жаңа тақияларын киіп, қайыққа міну үшін екеуі құнжыңдай жүріп, дарияның қойнауына қарай үмтүлышқан.

Құда тұсу де сәтті бітіп, «Енді бір айдан соң келінімізді ұзатып алатын болдық» деп елбіреп-желбіреп отырғанда «Сендер асықпағанмен, мен асығып жатырмын» деген шешесі қайтыс болып, той тағы бір айға шегеріліп қалған.

Қазанның ортасында Пірәліні бас құда, Тоқашбайды қүйеу жолдас етіп Шекеркүлді алуға барды.

Той думанды өтті. Шырқалған әндер қандай... Билері қандай... Әнді де, биді де қойши, шайы көйлек киіп, шайы

Орнімші тартқан Шекеркүлдің топ қыздың ортасынан уылжым піскен алшадай болып сондағы бұған үрланып қарғаны-ай... Екеуі көпшіліктің кеү-кеуімен валіс билеген кезде аппақ білегін мұның ығына салып жүргені-ай...

Жалғыз андығаны – алатын жарының шайы кейлелгі сусылдал жүргені де, тал шыбықтай болып тұрғаны да, жымышп құлгені де әсем...әсем ғана емес-ау армандаі... ғажайып ертегідей. Іштей «Жұрттан ұятты... Күйеу атым бар ғой сұқтанып қайта-қайта қарай бермейінші» деп отырады да, қайта қарайды. Тіпті жүзінің солай қарай қалай бұрыла кеткенін де андамай қалады. Жан дүниесі мен сезімін сиқырдай арбаған сол бір түн де ақыры бітіп, таң да атты-ау. Сонда бұларды қайықтың аузына дейін жастар ғана емес, қалғып-шүлғыған сәбілерін көтерген келіншектермен бірге сарықарын бәйбішелердің де шығарып салғаны ше... Жаңылмаса шығарып салушылардың арасында жалаң аяқ, жалаң бас үйқылы-ояу жортпаш балалар да жүрді.

Қайыққа мінердегі, түсердегі у-удудан кейін жас жүбайлар үйлеріне кірген соң-ақ жастар таrasып, өздеріне қарасты бес-алты адам ғана қалған кезде Алдияр үйішінің жүдеулігіне іштей қатты қысылған. Ауызғы үйге шығарылатын қайсыбір жұмыс киімдері де төрге іліне қалыпты. Үйдис-аяқтар да сatal-сатпағымен ретсіз жиналған. «Бәрін реттеп, жинатып қоямын» деген Ақнұр жеңгесі күні бойы бауырсақ пен таба нан пісіруден-ақ қолы босамаған сектілді. Бір тындырғаны – төрге шашақтарын желбіретіп ақ шымылдық тұтыпты.

Келіндері табалдырықтан аттаған соң да, өздеріне қарасты деген бес-алты адам; әйелдері сойылған малдың етін жілікте, ішек-қарының тазалаудан, еркектері самаурынға, ошаққа деп отын бұтаудан артылмай дабырласып сыртта жүрді де, Алдияр бірауық жаңа түскен келіншегімен шымылдық жаңында оңаша отырды.

Сонда үй ішінің жүдеулігі мен ретсіздігіне қысылғаны болар, Шекеркүлдің жаңына жақындан отырып: – Шекер-р...

айып етпе, иесіз үйге келіппін-ау деп, – дей бергенде Шекеркүл бұған құлімсірей бұрыла беріп: – Осы үйге өндігі жerde иелік етуге мен келіп отырған жоқпын ба? – деген сондай сабырлы, сүйкімді үнімен.

Қайдағы батылдық жеңғенін кім білсін, Алдияр сол сәтте келіншегін құшақтай алып, уылжып піскен алшадай болып тұрған бетінен сүйіп еді-ау... Және бұл жолы ұзақ сүйген...

Алдияр үйіне кірді. Бұл жолы етігінен өзге сырт киімдерін шешпестен диванға қисая кеткен күйі кезі ілініп те кеткен еken, сырттан үрген итінің дауысынан оянды. «Е, той енді бітіп, жұрт тараған еken-ау» деп ойлаған ол енді босағадағы етігіне ұмтылды. Бұгінгі мазасыздығына өзі де таң. Әйтеір қызының қалайда сырттан күтіп алуға ант-су ішкендей дерсің.

Тағы да есік алдына шықты. Иті кепіп, кәдуілгі әдетімен аяғына оралды. Абыр-дабыр сөйлесіп үй сыртынан бір топ өтті. Сосын тағы бір топ өтті. Гүбір-гүбір сөйлесіп, сыңқ-сыңқ қулгендеріне қарағанда соңғы топтағылар бойжеткен қыздар секілді. Бірақ араларында Бибітай жоқ...

Аңтарылып біраз тұрды да, Алдияр да үйіне кірді. «Бір шаруалармен бөгелген шығар. Жұрқа да бөтен емес қой, бәлкім қолқабыс етіп жұр ме еken?» дегенді ойлап, ол тағы да үйреншікті диванына қисая кеткен. Бұлай етуі де Бибітайдың келуінен үмітін үзбегендік еді.

Үй шаруаларынан шаршап, әрі қайта-қайта үйқысын бәлгендіктің әсері ме еken, қатты үйықтап қалыпты. Ол оянып жан-жағына алақ-жұлақ қараса – үй іші едөуір жарайқ. Алақ-жұлақ қарағанда іздегені Бибітай еді... Ол жоқ. Малды өріске шығаратын уақыт та болыпты. Бибітайдың ендігі жоқтығынан кәдімгідей есі шықкан Алдияр дәл қазір істі нeden бастауы керек еkenін де біле алмай бірауық абдырап отырды. Бибітайды іздеуі керек пе, пешке от жағуы керек пе, әлде малқорадағы сиыры мен қой-ешкілерін өріске

шынып керек пе? Менірейіп айналасына, терезеден сыртқа құрап, үіраз отырып барып, әйтеуір алдымен аяғына етігін киу керектігі есіне түсіп, босағаға ұмтылған.

Шала мас адамдай аяғын әлтек-тәлтек басып, пеш жаңына жете беріп: «Айтпақшы, сиыр сауылуы керек екен ғой» деген тағы бір ой келіп, «Сол сиырды сауған дұрыс па, әлде бұзауын босатып...» дей беріп, басы бұрынғыдан да қатып тұрғанда, даңғыр еткізіп сыртқы есіктен біреу кірді. «Е, бәсе-е» дей берген Алдияр енді қызының кіріп келеріне сенімді болып, қызына деген құрмет ретінде ішкі есікті өзі аша бермек болғанда, ар жағынан есікті жұлқи тартып Ақнұр женгесінің кіріп келгені.

— Ойбай-ау, тал түске дейін жатырсың ғой, — деді женгесі аптыға сөйлеп.

— Енді-і...

— Қыз қайда?

— Қыз-з тойға кеткен.

— Тойға кеткен дейді... Ойбай-ау мұның көнілі әлі кеше-гідей. Қыздан айырылдық қой. Қызың түнде күйеуге қашып кетіпти...

— Айрылғаны несі? — деді Алдияр женгесінің өрт сөн-діргендей екпінінен де «Қыздан айрылдық қой» деген мына сезінен де шошынғандай болып, бірер аттап кейін шегініп тұрды.

— Күйеуге қашқаны несі? — деді Алдияр тағы да.

— Ойбай-ау, қашқаны несі дейді-ай... Қыз деген бойжет-кен соң күйеуге қашпайтын ба еді? Мына сенің ағаңа баяғыда мен де қашып келген жоқпын ба, әке-шешемді еніретіп...

— Сонда қала-ай? Қайда қашып жүр?

— Менің ана жаман келінімнің айтуынша тойдың әбден қызған кезінде қызың... Бибітай бірер қызben сыртқа шығып кетіпти-міш... Содан қайтып оралмапты-міш... Іштегілер әндепті, күйлетіп, естері шығып билеп, жындары басылған шақта барып Бибітайды іздепті-міш... Іздесе — жоқ... Әңгіме-нің бар-жоғы осы...

«Бибітай жоқ» деген хабар қарсы бөлмеде кемпіршалдармен әңгіме-дүкен құрып отырган маған жетпеді ме? Кетіп қалған қызға мен не істейін? Жұдырығымды аспанға көтеріп, айқайды салдым-ақ... «Жерден қазсандар да қызымды тауып беріндер... Мен енді қайнұмының бетіне қалай қараймын... қандай уәж айтамын» деп... Жамау қайнағамның да, Мұлше абысынымның да апшыларын қуырдым-ақ қой... қуырғанда қайтейін қыз кетіп қалған соң?

— Сонда Бибітай енді үйге келмей ме? – деді осы кезде ашу мен ыздан шын булықкан Алдияр қызының шын қашқанына да әлі толық сенбегендей тырсып турып.

— Ұйбай-ау, мен саған күндікі не деп тұрмын, сен не тыңдалап тұрсың? Осылай ашуланарыңды да білдім ғой, мен бейбақ... білгенде қайтейін... Пұркөрордай тексердім ғой, тексеруін... «Осының ішіне тығып отырсыңдар» деп жаңада тұтылған шайы шымылдықтарын да жұлып ала жаздаған жоқпын ба? Бозым бала-ау, менің долылығымды да оңай ойлама! Сейтсем тойға көрші ауылдардан да қыз, бозбалалар келіпті-міш. Байғұстар жыл он екі айда болған Ұзынарықтың жалғыз тойына түгел домалаған ғой. Обалы не керек, той ығы-жығы болды-ақ. Ығы-жығы болғандығы өмес пе, жастардың ойын-сауық құрған бөлмесіне мына біз сияқты кемпір-сампирлар бас сұға алмай қалдық қой. Болмаса ән тыңдайық, балалардың өнерін тамашалайық деп үйқымыз келсе де, көзіміз жыртиып ойын-сауықтың бір шетінде отырап едік. Айтпағым сол – сырттан келген қызы-бозбалалардың ішінде Жаңатастан келген орыс тілділеу екі жігіт болыпты-міш. Солар айттыпты-міш: «Осы маңайдан шөп алып кетуге келіп едік, той болып жатыр деген соң аялладық» деп... Бибітай сыртқа шығып кеткен соң сол екі шүлдірек жігіт те... олардың мектептің тасасына жасырып қойған мәшинелері де жоғалып кетіпти-міш. Ұйбай-ай, осының бәрін де қыз кеткен соң білдік қой. Жау кеткен соң қылышынды бокқа шап деген...

Бәрін айт та, бірін айт, сейтіп тойдан қарабет болып

қайттық қой, қыздан айрылып. Тұнімен мені пырылдап үйиқтады, шалының жаңында шалжайып жатып... деп ойлайсың ба? Өкініштен ішімді ит жалағандай болып жаттым емес пе? Тұнде өзіне келуге де батылым жетпеді. Қайнам балтамен шауып тастар деп қорықтым. Жамау қайнаганың тойы бізді өстіп жерге қаратты ғой, енді қайтейін...

Алдияр ескі құлақшынымен бетін басып отырып пырс-пырс жылады. Алдияр жылаған сәтте Ақнұрдың тіпті есі шығып кетті. – Әй. Бибітайжан әкендей жыллатып кеттің-ау деп ойлап едім-ау... Айтқаным келді... – дей беріп. өзі де пырс-пырс жылап жауалығының ұшымен көздерін кезек-кезек сүрттіп жатты. Сейтіп отырып: – Сиырынды сауайын ба, сауын шелегің қайда еді? – деді Алдиярдың қөнілінен қайтсем шығамын деген жарамсақ үнмен.

Алдияр жауап берген жоқ. Сазарған күйі тұрды-тұрды да, кенет ойына әлдене түсе кеткен жанша ашулы күйде сыртқа ұмтылды. Ақнұр да қайнысынан осы мінезді күтіп отырғандай соңынан ере беріп: – Әй, Бозымбала-ау, ашу – көпір, ақыл – дос деген... Сенің ашуың енді кімге керек... Неге керек? Немене қызың мініп қашқан мәшинені Жаңатасқа дейін қуайын деп пе едің? Жұртқа құлқі болма, елдегі қызы күйеуге қашып кеткен жалғыз сен емес, – дей берді де. Алдиярдың кайта қоймайтын өккі мінезін андаған соң: – Әй, Бозымбала, Жамау қайнаганың үйіне бармақсың ғой. Одан не шығар дейсің. Жарайды, ашуынды басуға ол да керек шығар, бірақ үстінде жаңа киімдерінді кисенеші. Ол үйде ұзатылған қызға ере келген құда-құдағилар бар, – деді.

– Жұрқаның құда-құдағында не шаруам бар? – деді Алдияр ішкі есіктен шығып, енді сыртқы есікке жете бергенде бұрқ етіп.

Енді Ақнұр бірдеңе деуден қалып: – Сендердің жындарың оп-оңай басыла салушы ма еді, тұқымдарың солай ғой, – деп күңкілдеп жүріп. – Бұл үйдің сауын шелегі қайда

тұр деші, – деді қаракөлеңкелеу ауызғы үйдегі ыдыс-аяқтардың біріне аяғы, біріне қолы тиіп, салдыратып жүріп.

Сыртқа не үшін атып шыққанын шынтуайтында Алдиярдың өзі де анық білмейтін. Тұла бойына тоқ соққандай болып бір ашу келді де, кетеріп кетті. Қапелімде басына оқыс түскен мұнадай іспен елең-алаңда женгесі әкелген хабардан шын есенгіреп қалғандығы шығар, ашумен аяқтарын арбаңдай басып, тамын айналғанда берді де, қайта тоқтады. Малқорадағы сиыры мен қой-ешкілерін ойлап, өзін-өзі тоқтатқысы келгендей де болып еді, кеудесін кернеген ашу қайта киіп, кетеріп әкеткені. «Бибітайым күйеуге қашып кеткенде малқораға кіріп, Ақнұрмен бірге сиыр сауысып жүргенім... Осындайда мал неме керек... Малдан басқасы неме керек?» деген ашу еркектік намысына қосылды да, мұны Жұрқаның үйіне қарай дедектетіп әкетті. Сол ашу мұны бастап келе жатыр ма, әлде желкелеп қуып соңында келе жатыр ма, оны да Алла білсін. Жел айдаған қаңбақтай арбаңдай жүріп, ана үйдің тұсынан да, мұна үйдің тұсынан да етіп бара жатты.

Бұрыш-бұрышына жиде бұтақтарын қада етіп, араларын жыңғылмен өрілген, қорасындағы Ұзынарық жағы өздері тұратын үй болып, арғы беті ат қора, сиыр қора, қой, тауық қораларға бөлініп кететін Жұрқаның кең ауласына кірген бойда-ақ Алдиярдың бір байқағаны: бір шетіне отын, екінші шетіне жантак жиналып, шашылған отыны да шөбі де сиырлардың жапасымен яки жылқының тезегімен араласып ыбырсып жатушы еді, бұл жолы біршама тазаланыпты. Отынды да, жантакты да қораның сыртына шығарып, біріне нан көміп, екіншісіне ас, үшіншісіне бауырсақ пісіретін көп жерошақтың маңы да сылпырылған. Қайсыбірлерін қайта соққан. Сол жерошақтардың арасында нан көму, ас пісіру үшін бір шеті жиналып, екінші шеті шашылып, аяқ астында езіліп, топыраққа әлде балшыққа араласып жататын сиырдың жапалары, жылқының тезегі мен ыбырсыған көп қиқым отындар да ізім қайым жоғалған. Тіпті әлті сыланып қайта

қаланған жерошақтардың өзін үй маңайынан мал қораларға таман жылжытып қайта соққан ба қалай деп те қалды.

Тамының алдына да су сеуіп, аз-кем тегістелгеннен кейін Жұрқаның ауласы да өзі талай рет көрген теміржол бекетінің мыжырайған ескі клубының жаңындағы жазғы би алаңына үқсан қалыпты.

Оу баста масахананың бауын байлау үшін қадалған есік алдындағы сойдиган қадалар алынған. Жұрқаның өзі күзде, қыста күншуақтап отыратын тыс қабы жұлым-жұлым болып бір ескі диван тұрушы еді, ол да зым-зия.

Мына қалпында «мына үйде түнде той болған... және үлкен той болған» деген сөзге кім де болса сенеді.

Жұрқа мен Күлше де төсектерінен енді тұрған ба, әлде үйықтамай шықса да өздері білсін, әйтесуір Алдиярды дәлізге енді бас сұға беріп, ішкі бөлмелерге бастайтын үш есіктің қасысының кіретінін білмей аңтарылып тұрған жерде ұшыраса кетті. Өншейінде ашуланбайтын жанның ашуланғандагы мінезі де қызық. Алдияр олармен амандасқан да жоқ.

– Бибітайымды қашырған сендерсіндер ме? – деді салған жерден.

«Сен неге әуелі жұртпен амандаспайсың?» – деп мінез көрсетудің орнына Жұрқа мен Күлше қыз қашырғандарын бірден мойындағандай қалбалалақтады да қалды. Бірден алдына түсе жорғалаған Күлше болды.

– Ойбай-ая, бұл бала ашуланып келіп тұр ғой. Ашуланбай қайтсін, – деді жығыла сөйлеп. Сосын сөзі ғана емес, жүрісі де мәймәңкелегендей Жұрқа мен Алдиярды меймандар демалып жатқан бөлмеге жолатпай, бөлек бөлмеге бастады.

– Қайным ашуланып келді. Шай кіргізіндер, – деді ауызғы бөлмеде бірі картоп тазалап, екіншісі ет турап, құда-құдағылардың ертеңгі шайының қамымен отырған екі келініне зіркілдеп сөйлеп. Сосын өздері кірген бөлменің

есігін қатты жауып алды. Мұнысы – әңгімеміз ешкімнің құлағына жетпесін, үстімізге де кіріп мазаламасын дегендегісі еді. Бір жағынан Алдиярдың дауысы қатты шығып кетсе, үттің деп меймандарынан да абайлағандагысы.

– Бозым бала-ау, бір орысша араластырып сөйлейтін бала-а... шодыраң қалғыр.

– Соларды қайдан тауып әкелдіңдер? – деп Алдияр тағы бір зірк ете қалды.

– Сайтан білсін. Балаларымды, келіндерімді түгел тергедім ғой. Ешқайсы білмейді.

Осы тұста әңгімеге Жүрқаның өзі де араласып: – Маған неге айтпадындар. Тойда бөтен біреулер жүр деп... Желке шаштарынан ұстап, бастарын қабыргаға соғып-соғып жіберетін едім ғой, – деді басы қалтаңдан отырып-ақ күші тасығандай екпіндеп.

– Әй, қоя тұршы... әңгімені бұзбай. О несі екен, бірдіекілі кісі елтіріп көргендей еліріп. Жұрт ойда жоқта қызынан айрылып, ашудан терісіне симай отырса...

Кемпірінің сөзінен кейін Жүрқа басылып қалды да, Құлше ендігі жерде әңгімені біржола өз қолына алды.

– Түркістанның базарына бара жатырмын апа-а, – деп бір рет өтіп бара жатып қолымды алып еді. «Бибітай Түркістанның базарына тағы барады екен-ді» балалардың аузынан екінші рет тағы естідім. Сол күйеу баламызға қайта-қайта базаршылап жүріп, қызымыздың өзі кездесіп жүрмесін деші... шодыраң қалғыр...

Алдияр енді үнде меді. Қайнисы жуасыған соң-ақ Құлше енді жарқылдай сөйледі. – Құтты болсын. Барған жерде бағы ашылсын. Қыз болған соң, оның үстінен бойжеткен соң, әйттеір баратын жері ғой. Орысы көп қала демесең... Жаңатас та мынау тұрған жер екен ғой. Біздің балалар айтып отырды, мәшинемен түген сағатта жетуге болады деп...

Осы кезде есік ашылып, келіндерінің бірі үйге қожыл-

даған самаурын кіргізді. Самаурын кірген соң-ақ Құлше сөзін доғарды да, осыған дейін әңгіме додасына араласуға кемпірінен қаймығып отырған Жүрқа сөйлемді.

— Осы ауылға екі қазан палау жетер ме еken, жетпес пе еken деп уайымдап жұр едім, Алдияр-ау. Әйткені той десе осы ауылда бала-шағасымен, қайсыбірі үйлеріне қыдырып келген қонақтарын да шұбыртып келеді ғой. Ойпымай таразымен өлшегендей болды. Жетті де тұрды... Жетті де тұрды...

Осылай деген кезде Жүрқаның екі алақаны жаңада жайылып жатқан дастарқанның үстінде қолтаразының екі табақшасындай бірауық қалтылдан тұрды.

Алдияр мен Құлшенің үндері өшіп, әңгіме тізгіні өзіне біржола тиген соң-ақ Жүрқа енді ашыла сөйлемді. — Алдияр-жан-ау, саған айтпағанда кімге айттайын... Үш қап бауырсақ пісіріліп еді, сол түгел кетті ғой. Осы сенің алдыңа қазір қос уыс бауырсақ сала ма, салмай ма білмей отырмын. Егер-әки сала қалса, сол қос уыс бауырсақты ең соңы деп біл... егер-әки ол бауырсақ алдыңа келмесе өкпелеме шыратыым... Ойпымай осы ауылдың адамдары аш па, ашқарап па, немене-е... Әй, аш болмаса өздері түбінде бір ашығады-ау... менің тәжірибамда. Солардың соңына еріл келген балаларының қалталарында да біраз бауырсақ кетті-ау.

Жүрқаның одан әрі тағы не айтарын кім білсін, Құлше оған ажырайып қарамағанды.

— О несі екен-әй... тойға пісірілген палауы мен бауырсағын санап, таразыға салып кеткені. Енді сәбізің мен пиязынды, шемішке майынды да есепте. О несі екен-әй... алжыған шалдарға үқсан. Кісі байлықты не үшін жинайды? Бала-шағасының қуанышы мен игілігі үшін... О несі екен-әй, шодыраң қалғыр.

Одан әрі Жүрқаның да үні біржола өшіп, шай үнсіз ішілді. Ішілді дегеннің өзі де жай нәрсе еді. Бір кеседен соң-ақ Алдияр алақанымен кесесінің бетін жапты да, жеңгесі-

нің «Ішсейші, жесейші... тойдан сыбағанды абыр-сабырдан соң жерсің» деген шұбыртпа сөзіне жауап та қайырмады. Әрі-беріден соң Алдияр Жүрқаның батасын құтпей-ақ бетін алақанымен сипай беріп, орнынан тұрды. Оның сазарған ашулы түрінен шошығандай Құлше де көніл ауларлық сөз айтып, алдай алмасын сезгендей сипақтаған болды.

— Келгенің жақсы болды, — деп Жүрқағана тіл қатқанымен, сол сезді не үшін айтқанын шалдың өзі де аңдаған жоқ.

Алдияр қайтар жолда мектеп жанымен жүрді. Көнілі десал, шоғы сөнген мыс самаурын секілді. Қазіргі қалпында ол елең-алаңнан осы үйге жетіп келгеніне де өкінгендей еді. Екі көзін табан жолынан алмаған күйі келе жатқан Алдияр кенет мектептің тасасындағы машинаның ізін көрді де, қыз алып қашудың түнгі жауыннан кейін болғанын да аңдады. Машина қозғалар кезде кебір-лайға біраз батқан да секілді. Жыбырлаған ерекек бәтіңкелерінің арасынан балшыққа өкішесі біздей болып батқан жіп-жіңішке Бибітайының төплінің ізін де таныды.

Қызының ізін тауып, таныған сәтте Алдияр күрсінді. Көнілі де босап, кеңсірігіне әзіз өксік тығылғандай болды. Бірақ жылаған жоқ.

Жыламаған себебі – осы кезде сабақтарына келе жатқан оқушы балалар оның жанынан өтіп жатқан. Тіпті екі-үш ерекек бала бұрылып көліп, мұның қолын да алды.

Ендігі жерде Алдиярдың Бибітайдың анық күйеуге қашып кеткеніне күмәні болған жоқ. Ол қызының бойжетіп қалғанын да кейде ойлап қоятын. Сонда Алдияр «Қызыымды шешесіне үқсатып ұзатып беремін» деп шорт кесіп шешетін де, осы кесіміне сәйкес қиялында Бибітайын әлем-жәлем киіндіріп, ырду-дырду тойын жасап, сыңсытып, өзі де жылап-сықтап қызын аттандырып жататын да, осындаі тәтті қиялынан соң кейде «Оған дейін әлі не зама-ан-н» деп ұзын арқау, кең тұсау күймөн көнілденсе де, кейде Бибітайы шын бойжетіп, ұзатылып кететін-

дей, қарадай жүдеп, мұңайып отыратыны бар. Енді міне... Сол қиялы ойламаған жерден шындыққа айналғаны... Үйіне қайтып келе жатқанда Алдиярдың еңсесі түсіп, аяқтарын да өзөр көтергендей халде еді.

Үйіне келсе Ақнұр женгесі сиыры мен қой-ешкілерін өріске жіберген екен. Алдияр етігінен өзге киімдерін шешпестен төрге жайылған көрпешенің үстіне, қолтығына бір жастық алып, жантая кетті де, неше түрлі қиял жетегінде түяқ серіппестен түске дейін жатты. Бірақ кезін ілген жоқ. Түс кезінде Пірелінің жортпаш немересі шайға шақырып келді де, Алдияр шәугімнің сұымен асығыс бетін шайып, жортпаш баланың соңынан ерді.

Шай үстінде Ақнұр женгесі түске дейін – тойда жастардың ортасында болған қызы-келіншектердің біразымен сөйлесіп алғанын аңғартып «Жаңатастан келген жігіттердің бірімен қашатыны той үстінде-ақ белгілі болыпты-міш. Бибітай солармен өзбекше әуенге билепті. Солардың бірімен қосылып орысша ән айттыпты-міш» деп әңгімені жорғалатып-ақ бағып еді, бірақ оны қостаган да, қарсылық білдірген де ешкім болмады.

Пірелі қашып кеткен қыздан гөрі Жұрқаның тойға қанша күріш, қанша ет жұмсағанына, Түркістанның базарынан дастарқанға салуға қанша қап мәуе-шәуе алдырғанына көбірек көніл бөліп, кемпірінен соларды ғана шұқылаңқырап сұрап отырды. Ал Алдияр ешқайсынан ештене сұрамады. Өз бетінше де тіс жарып әңгіме бастамады. Сазарған күйі отырып, Ақнұрдың ортаға легенмен қойған күріш ботқасынан аузына сараңдау салып отырды да, сүт қатқан қою шайды ғана сүйсініп біраз ішті.

Үйіне қайта кіріп енді диванына жантайған. Бұл жолы да үйіктаған жоқ. Шым-шытырық қалың ойдың арасына кіріп, қалың ну тоғайдың арасынан аланқайға шығар жол таппай шаршаған жандай, оң жағына бір аунап, сол жағына бір аунап жатты да қойды. Сосын есіне иті түсті де «Ойбұ-ұй, итім аш екен ғой. Оны ашықтырғаным, неғылғаным, Бибітайдан

кейінгі жақыным да, серігім де сол емес пе?» деп іштей күбірлеп орнынан тұрды да, тойға кетерде Бибітайдың пісіріп беріп кеткен мол көжесін жылдытуға кірісті.

Көже әп-сәтте ысыды да, сүйек аралас бір табағын сыртқа шығарып, итінің итаяғына құйды. Қүшіктей асыраған Алапары да мұны күтіп-ақ жатыр екен, құйрығы бұландарап ит кетектен атып шықты. Мұндайда иесіне еркелеп, аяғына жабысып, иесі қөнілді кездері қеудесіне қарғып, мазасын кетіретіні де болушы еді, бұл жолы ол әдеттерін жасай алған жоқ. Мұның сесінен жасқанды, әлде аштығы жеңді... Әйтеуір, бірден итаяқтағы мол асқа бас қойды. Итінің асты қалай сұғынып ішкеніне, сосын алдыңғы екі аяғымен қысып сүйекті де ықыласпен мұжігеніне қарап Алдияр да ұзақ тұрды. Тұрған себебі – дәл қазір өзгелей алаңдайтын шаруасы да жоқ секілді. Оның үстіне ендігі өмірінде Алапарының ас ішкенін, еркелегенін қызықтаудан асқан ештеңе қалмаған-дай ма-ау немене...

Ол итіне бұрынғыдан да ғері мейірленгендей, жақын тұтқандай сезімде қарап тұр еді.

Үйіне қайта кіріп, өзіне тиесілі көжені алдына ала берген кезде Бибітайы есіне түсе кеткені. «Кешке жылдытып ішесің... таңертең жылдытып ішесің...» дегенде менің осындаі күйде аңырап қаларымды... маган білдіргені екен-ау. Бибітайым менің... Жалғанда көрген жалғызы... Мені осындаі күйде қалдырып кете барғаның... Айналайын-ай, қайтейін... Не дейін?» деп жылап қалды. Бұл жолы пырсылдап қана қоймай, өкіріп те жіберді. Дауысының тым орайсыз болғандығынан шығар, күні бойы пеш түбінде бұйығып жатқан ала мысығы атып тұрып, иесіне бұрыла берді де, өткір көздерін қадаған күйі көпке дейін қақшиды да қалды.

Алдияр бұл жолы ұзақ жылады. Өзін-өзі іріккен де жоқ. Өкесі мен шешесі өлгенде осылай жылап па еді? Жақсы көріп отасқан, жақсы көріп тіршілік кешкен жары Шекеркул өлгенде осылай егіліп пе еді? Анық есінде жоқ. Табақтағы көже де, қолына ұстаған қасық та далада қалды. Қатты өк-

сіп отырып «Бибітайым-ай...» деді тағы да жүрегі енді болмаса езіліп кетердей болып отырып. Бұрын-соңды осынша егіліп, үгілмене, таусылмаған Алдиярдың осы жылауына пеш түбінде өлі де қақшиып қарап тұрған ала мысықтан өзге күе да болған жоқ.

...Ертеңіне тұс ауа көйлегінің етегіне сүрінердей ентелеп, тағы да Ақнұр женгесі кіріп келгені.

— Бозым бала-ау, кешірімші келіп қалды ғой.

Алдияр біразға дейін жауап берген жоқ. Терезеден далаға қараған күйі бедіреп тұрды.

— Оларға енді не дейміз? — деді қайнысынан дәл қазір жауап алудың оңай еместігін аңдаған Ақнұр, босағадағы бұтаулы отынның үстіне жалл етіп отыра кетіп. — Кешірім етуіміз керек... Сосын қыздың киімдерін де... Мұндайда тіпті қашқан қыздың киімдерін алып біз жақтан қыз женгесі, әлде құрбысы барса да жарасар еді.

— Несіне сасып отырсың? Қашқан сенің қызың емес қой, — деді Алдияр өлі де қабағын ашпай.

— Үйбай-ау, Бозым бала-ау, сенің осы қабағынан жасқанып, кешірімші өзіңе бата алмай біздің үйге келіп отырған жоқ па? Оның үстіне Жамау қайнағаның үйіндегі абысынымыз қызымыздың қайда, кімге барғанын үйіне кіргендерге, үйінің тұсынан өткендерге сайрап жүр-міш. Керек болса айтайын, күйеу баламыз Жамау қайнағаның Түркістандағы құдасының жиені-міш. Ал ендеше... Сонда Жаңатастан тойға келген балаларды Мұлше абысынымыздың білгені ме, білменеңі ме? Керек болса тағы айтайын... Сол Мұлше абысынымыз «Таң бозармай қайнымыз «Қызымыды жерден қазсандар да тауып беріндер» деп... дігірлеп келіп кетті. Ашулы. Кешірімге келетін адамдарың қыздың әкесінікіне түспей-ақ жанындағы ағасынікіне түссін. Әңгіме жаймашуақ шешілсін десендер...» деп хабар жіберіпті-міш. Сонда қызымыздың қалай, кімге қашқаның білгені ме, әлде білменеңі ме? Ал ендеше-е... әкыры айт-

қан соң, мен де ішімді бір босатып алайыншы. – деп Ақнұр бір дем алып алды.

Алдиярда әлі де үн жоқ. Терезеден сыртқа қарап әлі тұр.

– Келін палау басып жатыр. Кешірімшімен бірге шай іш. Оның көзінше бағанды тәмендетіп торсанда май-ақ қой. Елде қызы қүйеуге қашқан жалғыз сен емес... Мен қыздың киімдерін ынғайлайын, – деп Ақнұр отынның үстінен көтеріле беріп, кебісін босағаға тастап. өнді төрге шықты. Бибітайға тиесілі шамадандарды ақтарды. Шифонерді ашып қайсыбір жаздық, қыстық жағалы киімдерін шығарып жатты.

Алдияр женгесінің ендігі ісіне араласқан жоқ. Терезеден сыртқа қарап әлі тұр.

– Бозым бала-ау, мына қыз қүйеуге қашуға қырық күн бұрын дайындалған ғой. Қараши... жаздық киімдерін бір бөлек, қыстық киімдерін бір бөлек шамаданға салып қойғанын. Тіпті ештеңені қосып-алмасақ та болғандай.

Алдияр женгесінің бұл сезіне де бұрылмады.

– Қой бәрі дайын тұр екен. Шай ішіп болған соң, – екі шамаданды кешірімшінің қолына ұстаратамыз... Бітті! Жұр, шайға барайық, – деп Ақнұр үлкен екі шамаданды босағаға таяу сүйрелеген болды да, өзі көлөшін киіп жатты. Сосын қатқылдау үн қатып: – Жұр енді безере бермей. Арты жақсы болсын... Барған жерде бағын ашсын деп тіле Алладан. Құда-жеекжат деген үйреніскенше жат, сосын досың да, туысың да солар болады, – деді. Алдияр амалсыз босағаға қарай бұрылып, амалсыз женгесінің соңынын ерді.

Жалбыраған шашы өйел шашынан азғана келте сылыштырып қара жігіт алдынан шығып, еллендеп қолын алды. «Шамасы кешірімшісі осы болар» деп ойлады Алдияр. «Аман-есенбісің» дегенді ернінің ұшымен әзер айтқандай болып.

Бәрі дастарқанға отырды. «Барған жері құтты болсын, бақытты болсынды» қайта-қайта жаудырып жатқан Пірәлі. Өзгелері үнсіз.

Осылай отырғандарында алдарына дастарқан жайылып, нан туралып, ортага буы бүркыраған палау келдіде, кешірімшісі де, кешірімші емесі де бірауық аспен болылып, ауыздары босаған кезде ғана Пірәлі мен өлгі шашы жалбыраған кешірімші Жаңатастың жаңада ашылып жатқан, әлде жабылайын деп жатқан бір зауыты жайлыша жарыса айтып жатты. Шамасы Алдияр үйге кіргенше басталған әңгімелері болуы керек.

Алдияр ол әңгімеге араласқан жоқ. Араласуы былай тұрсын, «Ойпирмай, біздің Пірекенде сол зауытқа жұмыс-қа кіретіндей екпіндеп» деп іштей ағасының әңгімешіл бола қалғанан жаратпай да отырды.

Шайдан соң «Құданың үйіне бас сұға кет» деп Ақнұр әлгі кешірімшіні Алдиярдың үйіне кіргізді. Сол арада «Қызымызыздың киімі. Кемшіні болса жол-жәнекей толыға жатар» деп босағадағы екі үлкен шамаданды жалбыр шаш кешірімшінің қолына ұстартты.

Кешірімшінің мәшинесіне мінгізген соң Пірәлі мен Ақнұр бұрылып кете бармай, Алдиярдың үйіне ере кірген. Мұнысы бір есептен көніл жұбатқан сияқты әрекеттері еді. Бірақ көнілденетіндей ештеңе болмады. Қызы кеткен үй қай-қайсысына да үнірейіп қалғандай, әрі кешелі бері от жағылмаған үй іші тым сұық еді.

Үшегі оңаша отырған сәтте Ақнұр үнсіз отырғанымыздан гөрі дегендей: – Күйеу баламыздың осы келген жалбыр шаштан да жақын ағалары, достары бар екен. Бірақ ешқайсысының кешірімші болып келуге жүректері дауаламапты-міш. Күйеу баламыз орыс мектебін бітіріп, тіс салатындардың техникумында оқыпты-міш, – деп Алдиярдың көнілі үшін әңгіме бастаған. Онысын қостаған жан болған жоқ. Күйеу баланың тіс салатын техникумды бітіргенін айтқан кезде Пірәлі ғана аузын кең ашып отырып, сынған, құрт жеген, мұжіліп қалған тістерінің орнын сұқ саусағымен сипап отырды.

Шалы екеуі тізіліп үйден шығып бара жатқанда Ақнұр

қайнысына бұрылып: – Бозым бала-ау, үйіңе от жағып қойсан да болар. Дала жылы болғанымен үй ішіне бір мезгіл от керек қой. Қызы қашқан үйге басу айтамыз, жұбатамыз деп келетіндер де болады, – деді жаны ашығандай болып.

Алдияр бұл жолы да үндеген жоқ.

«От жақпаймын» деді өз-өзінен қатуланып. «Алланың өзі сұтыып отырған үйді мен қалайша жылытпақын. От жақпаймын...» «Мына қызы қүйеуге қашуға қырық күн дайындалған ғой. Қарашы жаздық киімін бір бөлек, қыстық киімдерін бір бөлек шамаданға салып қойғанын» деп жеңесі айтқан сөздер де санасында. «Жалғыз әкесінен жасырғаны, алдағаны... Бибітайым... Бибітайым деп жүргенде маған да шын адалдығы болмағаны ма? Шешесіне тартып, шешесінің ізімен жүрмегеніне не дейін...»

Бір сәт Алдиярдың қызына да көңілі сұығандай болды. Кешегі Бибітайға деген елжіреген көңілдің де, ағыл-тегіл жылаудың да ізі жоқ. Бүгінгі Алдияр тұмсыынан қаныпезер жандай сұп-сұық. Бет өлпеті ғана емес, іші де сұтып кеткендей. Бір есептен кешелі бері алай бір, былай бір соққан дауылдай өзінің осы қылыш мінезіне де таңғалулы еді. Бірауық ойлады, «Сұық үй де кісі көңілін сұтыып жібере ме екен?» деп...

Тұс ауа сыртқа шығып, пешке отын бұтады. Кешкісін өрістен келген сиыры мен қой-ешкілерін қорага қамады. Тұнемелік қызының пісіріп беріп кеткен мол көжесінің қалғанын жылытып ішті. Сүйектерін мұжіді. Бірақ ештеңеге елжіреген жоқ. Бұл мінезі – қүйеуге қашып кеткен қызына қайтып жібіместей болып өкпелегендегісі еді.

...Арада бір жеті өтті ме, өтледі ме, кешкілік мал қораларының астын тазалап болып, ентігін басып, бірауық тыныстанғандай күргінің сабына сүйеніп, батып бара жатқан күннің арайына қарап, менірейіп тұрғанда теміржол бекетінен қатынайтын пошта бала белесебетімен ызыған қүйін келіп, мұның жанына тұра қалып, қолына бір хатты ұсына

қойғаны. Өмірінде өзге жақтан хат алып көрмеген Алдияр пошта балага бір, хатқа екі қарады. Басқа жақта оқып, не жұмыс істеп жүрген баласы, яки туысы болса екен-ау. Жалғыз Бибітайы болмаса... Бибітайы есіне түскен бойда Алдияр хат сыртындағы жазуға үнілгені. Үнілген себебі – сол хатты қолына ұстай бергенде-ақ ішінен: «Жазулары өйелдің жазғанындай екен» деп ойлаған. Енді қайта зер салып, қараса, Бибітайдың қолы. Өзгелердің қолын шатыстырса, бәлкім шатыстырар, бірақ Бибітайдың қолын танудан жаңылуы мүмкін емес-ті.

Хат сыртына жазылған «Аққұм теміржол бекеті. Ұзындық ауылы. Нұршабеков Алдиярға» деген жазудың анық Бибітайдікі екенін білген соң-ақ, ол үйіне қарай асығыс, емпендей жүрді. «Қолыма хат ұстап келе жатқанымды біреуміреу көріп «Кімнен келген хат?» деп сұрап жүрер ме екен» дегендей онына бір, солына бір қарап та алды.

Күйеуге қашып кеткені бар, ұзатылып кеткені бар, әйттеуір қыздардың кемі жарты жыл, тіпті бір жылға дейін хат жазуы елде үрдіс емес-ті. Егер Алдиярдың Бибітайдан дәл бүгін хат алғанын естісе ана Жұрқаның үйіндегі Күлше жеңгесі алдымен ернін бір сылл еткізіп, соңынан кекесінмен: – Немене... бармай жатып хат жазып... шодыраң қалғыр... Сонда «Мені қайтып алып кет» деп пе? – дер еді. Күлшені қойши, ол айтса айтатын да жөні бар, «Сенің тойында қашты» деп ашумен Алдиярдың таң атпай үйіне барғаны рас қой... Аталастық жөніне келгенде былайлау екендігі тағы бар. Қыздың барған жерінен келген кешірімшіні алдымен қабылдап, қыздың киім-кешегін де әзірлеп, қалғанын қызыл тілімен жайғап, жорғалап жүрген жақын жеңгесі, әрі құдайы көршісі Ақнұрдың да осы хат туралы біле қалса үйіндегілерге қалай сарнарын Алла білсін.

Қызының бір жеті толмай жатып хат жазғанына Алдияр таңданумен бірге жүрт айттар қанқу сөзден де қаймық-қандай болды. Бірақ хат алуын іші жек көрмеген секілді.

Тіпті сүйсінгендей ме қалай... «Жұрттың ойына келмейтін істі Бибітай бастаса несі бар екен?».

Жүргегі қатты соғып, апыл-ғұптың үйіне кірген бойда, әуе-лі жарықты жақты. Асыққандағы әдетімен аяғындағы етігін де сілкіп шешіп, төрге қарай бірер аттай берді де. босағана қарай қайта бұрылып, есіктің ілгегін салды. Және ілгекті салу ойына түсे кеткеніне іштей қуанды да. Диванға отыра бере. конвертің шетін асығыс жыртып, ішінен торкөз дөптердің бүктелген бір бетін шығарды. Сол бір бет қағаздың бүктеуін жазып, оқымай жатып-ақ қарадай алқынғаны. Сосын ол бар ынта-ықыласымен хатты оқи бастады.

«Көке! Дүниедегі жалғыз жұбанышым, жалғыз арқа сүйер тірегім... Көкем менің... Маған ренжіп қалдың ба? «Мұнысы несі, бұл не істегені?» деп маған бұртиып өкпелеп жүрсің бе? Келген жеріме толық үйреніп те болмай жатып өзіңе хат жазып отырғаным... елде жоқ ерсілік екенін біле тұра саған хат жазбай жүре алмадым. Көке-е... Бұдан әрі шыдар шамам жоқ та секілді. Әкем боп, әрі анам боп құлышнадай еркелетіп, ойнатып өсірген жанды жұрттың табасына қалдырып кете барғанымды өзіме-өзім кешіре алмай журмін, көке-е...»

Осының бәрін кетерімде сізге айтып кетуге қанша рет оқталған сәттерімде көзімді жас жуып, амалсыз теріс айналып кеткенімді әрине сіз білмейсіз. Ренжіменің көке... Сіздің өмірдегі бар арманыңыз менің бақытты болуым емес пе? Ендеше мен сізден мына істеген ісімек кешірім сұраумен бірге, қуантайын дедім. Мен бақыттымын! Күйеу баланыз мені жақсы көреді. Мен де оны жақсы көремін. Бұдан өзгенің бәрі де жәй өмірдің ұсақ-түйектері емес пе?»

Хаттың осы жеріне келгенде Алдиярдың жүзін жас жуып кетті. Одан әрі оқи алмай кемсендеп қалды. Осыдан екі-үш күн бұрын ғана Бибітайды енді көрместей болып, бұртиып, өкпелеп жүрген сәттері есіне түсіп: «Бибітайым-ай, қарғым-ай, қырық құбылттың-ау мені...» деді жан қалтасынан

беторамалын іздел, қапелімде бүкшендел жатқанда кенет оның есіне тосын бір ойдың сап ете тұскені. Ол ой Бибітайға жауап хат жазу туралы еді. «Жазамын да көнуертке саламын. Ол жақтың әдресін толық жазамын да, бұл жақтың әдресі жазылатын тұсқа Бибітайға ұсал жай қолымды қоя саламын. Сонда ол хат туралы кім, не біле алады? Тіпті білген күнде менің өзге жүртпен шаруам не? Біліп, ерсі көр-гендер әнгіме ете берсін, күлгендер құле берсін. Мен үшін апта сайын Бибітайдың қолымен жазылған, Бибітайдың жүргегінің лүпілін, көнуертке орап әкелген сөздерді оқудан артық бақыт бар ма? Мұрат бар ма?

Ол қатты толқыған көңілінің әсерімен оң жағына бір, сол жағына бір жантайып, бүкшендел жүріп өзер тауып алған беторамалымен көз жасын сұртіп отырып: «Айналайын Бибітай-ай, жанымды жай тапқызыған осы айланы да өзің-нен үйрендім-ау. Сен маган үйреттің-ау» – деді іштей көңілін алаңдатып біткен жоғы табыла кеткен жандай бір сәт тынып отырып.

## 3

Шекеркул дүние салғанда Бибітай сегізде ме еді, әлде тоғызыға шығып қалып па еді Алдиярдың анық есінде жоқ. Бірақ сол жылы екінші класқа барып жүргені жадында сақталыпты. Марқұмның актық демінің шығуы да, жерленуі де Бибітай мектепте жүргенде болғандықтан, ол анасынан қалай айрылып қалғанына біразға дейін қайран қалып жүргендей еді. Әлде әлім дегеннің не нәрсе екенін де анық түсінбеді ме, анасы жерленген күннің ертесіне таңертең мектепке кетер алдында бір жапырақ нан мен ыстық сүт ішіп отырып: – Көке-е, апам қайда кетті? – дегені, сыйырлай сөйлеп. Сыйырлай сөйлеуінің өзі де оның әлденеден күдік алғандай күйін аңғартып та тұрды.

Алдияр әуелі айран-асыр күйде қалды. Осылай сасуы-

ның қызының анасының өлгенін әлі түсінбей жүргендігіне таңдануынан ба, әлде қызына қалай деп жауап берерге абырағаны ма, анығын өзі де білмеді. Ең қиналғаны – Бибітайға қалайды жауап беруге тиіс екендігі еді. Әйткені құлақтары қалқып отырған аңқау қыз бір сәт жауап күтіп кеседегі сүтін де ішпей, нанын да тістемей, әкесіне жаутаңдай қарап қалған-ды. Сүлесоқ қана: – Апаң Самарқанға кетті ғой – дегенде Алдияр осы жауаптың аузына қалай түскенін де білген жоқ. Әйтеуір бірдене деу керек болды. Сосын айта салды. Қызығы сол – қызы мұның айтқанына сенді. Сенгендігі ғой, «Иа, солай ма?» дегендей әкесіне жапақ етіп бір қарап алды да, көнілі сәл-пәл орныққандай болып отырып нанын жеді, сүтін ішті. Осы қалпында қыз жүзінде алданғысы келмесе де амалсыз алданып отырған бейкүнә жанның кейпі бар еді.

Ол күні қызы Алдиярға қайтып ештеңе деген жоқ. Ертеңіне де үндеместен бір жапырақ нан мен сүтін ішіп, ертеңгілік мектебіне кеткен. Екеуінің арасында ғана есте қаларлықтай жай қызы мектептен оралған сәтте болды.

Әуелі сыртқы есіктен, сосын ішкі есіктен апыр-топыр кірген қыз кітап-дәптерлері салынған сәмкесін төрге қарай тастай беріп: – Көке-е, сен мені алдапсың ғой, – дегені жыламсырай үн қатып.

Пешке от жағып, шөугімге шай қайнату қамында отырған Алдияр екі кеспелтек бұтақты екі қолына ұстаған күйі, босағада сілейіп тұрып қалды. Сосын барып: – Алдағаны несі? – деді жуас үнмен.

– Апам Самарқанға кетпепті ғой.

Қыз осылай деп текеметтің етегіне етпептей құлап, еңіреп жылап жібергенде Алдияр қызын қалай жұбатудың да ретін білмей сасқалақтан қалған. Сасқалақтағаны ғой пешке салынуға тиіс екі қолындағы екі кеспелтек ағашты да жерге тастай-тастай салып қызына ұмтылғаны.

– Оны саған кім айтты?

– Балалар айтты.

Осылай деп қыз тағы да еніреп қоя берді.

– Қой айналайын-н... Қой енді.

– Қоймаймын... Сен мені алдадың...

– Солай болды ғой енді. Апаң екеумізді тастап кете барды ғой, – деді Алдияр өзі де кемсендеп.

– Қайда-а?

Алдияр енді шын састы. Текеметтің етегіне енді өзі де отыра беріп, қызын көтеріп, алдына алып, қайта-қайта бетінен сүйді.

– Қайда дегенің, не дегенің, қызыым-ау? Өзің есітіп келіп-сің ғой.

– Олар өтірік айтады. Менің аламды қайтып келмейді дейді. Келеді ғой, көке-е... Келеді ғой.

– Келеді, – деді Алдияр кемсендеген үнмен. Бірақ қайдан, қашан, неге келетінін... кішкентай Бибітай тұгілі, өзі де білген жоқ.

Сәлден соң Бибітай дастарқан жайып, Алдияр нан турал, піскен жұмыртқаларды аршып, оңаша шай ішіп отырған сәтте қыз анасы туралы да, Самарқан туралы да одан әрі сұраған жоқ.

...Ол кездері Алдияр совхоздың әртүрлі жұмыстарына жегіліп жүретін. Алыстағы отарларға қыс кезінде трактормен шөп жеткізетін. Қора жөндейтін. Мал төлдету кездерінде шопандарға көмекші де болып кете баратын.

Ыбылыңқы-сыбылыңқы көктем кезі еді. Тракторшы екеуі Қызылқұмда отырған шопанның үйін Қаратая етегіне көшіруге барғанда, ертесіне қайтап келеміз деп ойлағандықтан Бибітайына да солай ұғындырып, қөндірген. Бір күн Пірәлінікіне қонып шығуға да қыз келіскең.

Жол-жөнекей тракторлары бұзылған екеу отарға да жете алмай, айдалада екі түнессе болар ма? Сондарынан тағы бір трактор жетіп барып аман қалып, әрі Қызылқұмдағы отарды да тау етегіне жеткізіп, қайтып келіп, түннемелікке үй жанынан трактордан түсіп жатса Бибітай сол кез-

дегі жаңада асырап алған күшігі Алапармен бірге мұны күтіп жүр екен. Әкесін сағынғандығы ма. әлде әбден қорықан-дығы ма: – Көке-е! – деген ашы айқайы трактордың дауысын да басып, саңқ етіп жеткенде. Алдияр өзіне қарай жарыса үмтүлған қызы мен итінің қайсысына құшағын жаярын да білмейabdырап қалған.

Бұл жолы Бибітайы жылаған жоқ. Бірақ әлденеге көнілі қалған жандай екеуі қабаттасып ас қамымен жүргенде де, сол асты жеп отырғанда да қызы бұртиып, қатулы қабағы жадыраған жоқ. Жарықты өшіріп төсектеріне жатқан кезде барып, әкесі құшақтап мәндайынан сүйген кезде ғана: – Тағы бір сүйші көке, – деді сондай бір мұнлы үнмен. Алдияр қызының мәндайынан, бетінен қайта-қайта сүйді. Қызы әкесінің мойнынан құшақтаған күйі ұзақ жатты да: – Апам үйде жүргенде мен бұлай қорықлас едім. Жалғызырамаған да болар едім, – деді ересек жандай байсалды сөйлеп.

– Тракторымыз сынып... жұмыс деген осы ғой қызыым, – деді бұл амалсыз ақталған жандай болып. Бірақ уәжіне қызы сенді ме, сенбеді ме, анығын біле алмады. Өйткені қызы жауап орнына мұның мойнынан тас қып құшақтаған калпы жатты... жатты да күрсінді. Жас баланың күрсінісінің осыншалық мұнлы, әрі ауыр болатының да Алдиярдың алғаш аңдауы еді.

Бибітай жетімдігін біржола мойындағанша кінәмшіл, әрі ашуланшақ болды. Әкесіне оп-оңай-ақ ренжіп, бұртия қалатын. Мұндай келіспеушілік қашан, неден болады деп күтудің де қажеті шамалы еді. Екеуі қабаттасып әлдебір ас-ауқат түрін дайындал, қазан-ошақ маңында жүріп-ақ.. Алдиярдың «Қызыым-ау, бұзауды неге дұрыс байламадың?» немесе «Сүтті қазанға абалап қүйсаң етті, тегіп-шашпай» деген сияқты болмашы ескертүіне де қыз оп-оңай қылтия салатын да, сол қылтиюдың өзі кейде кешке дейін... кейде екі-үш күнге созылып кететіні бар. Бір-екі рет мектебіне жиналышп жатып «Сен шашымды дұрыс өрмедің» деп Алдиярдың әп-әдемі етіп өрген шашын қайта тарқатып, өзі әлек-

теніп отырып өргені бар. Сонда өзінің өргені Алдиярдықінен асып тұрса екен-ау. Осының бәрі шешесінің жоқтығына бола қырсығу екенін түсінетін де Алдияр қыз алдында бәйек болып, өзін-өзі ақтап өлекке тусер еді.

Кей-кейде өзі де қызына өкпелеп, тоң-теріс мінез көрсетіп, бей-жай күйде қалатын кездері де бар. Ондайда Бибітай да өз-өзінен шегініс жасап, және әкесінің көңіліне жазықсыз тигенін де мойындағандай оп-оңай жадырай салатын да, жоқ жерден көңілді бірденелерді айтып әкесінің көңілін аулайтын.

Екеуінің арасындағы қарым-қатынас үнемі ренжісу, ереғістен де тұрмайтын. Бибітайдың үй-ішлік қайсыбір істерді қүле жүріп атқаратын кездері де бар. Мәселен кейде «Апама ұқсан сүттен құймақ жасайыншы» деп қазан-ошақ маңында қолы-басы қүйелеш болып, қатты өүреге түсетіні де, ондайда Алдияр қызының қолын қақпай, керісінше өзірлеген нәрсесі көңілінен шықпай, шалапістілеу болып жатса да, «Құймағың апаңдікінен аумай қалды ғой», «Шелпегің қандай дәмді еді» – деп мақтап жатады. Ондайда қыз көңілденіп, тасырандаپ «Осы үйдегі әйел атқаруға тиіс шаруалардың бәрін ендігі жерде өзім-ақ атқарамын» деген кеудемсоқ мінезben Алдиярды пеш маңынан шеттетіп жататыны да бар.

Енді ойлап қараса, қызы екеуі оңаша ауылдың оңаша үйінде қандай тату өмір сурді. Бір-біріне өкпелескен сәттерінің өзі қандай тәтті, сонымен бірге көңілді еді. Шешесі Шекеркулдің Самарқандан енді қайтпайтынына біржола көзі жеткен соң, ол шешесіз тіршілікке де бейімделіп, Алдиярга көмектесуге және қолынан кейде келіп, кейде келмей жататын сол көмегімен әкесінің ойынан шығуға соншалықты тырысатын. Үй сыйырып, әлде пешке от жағып отырып Бибітайдың ыңылдатып әндетеңтін кездері де болатын. Дауысы нәзік, әрі мұнұлы еді. Сонда Алдияр төрдегі құрақ көрпешенің үстінде бір жастықты бауырына басып, бүк түсіп, өтірік қалғыған қалыпта жатып-ақ қызының ыңылдын

жалықпай тыңдайтын. Өйткені Алдияр жаратушы күштен қызының көңілді жүруінен артық ештеңе тілеген жоқ.

Малқораға шешесінің сауын шелегін қарына, басына шешесінің орамалын тартып, беліне алжапқышын байлап барып, сиыр сауған сәтінің өзі кішігірім мерекедей болмап па еді... Қайдарғы мереке... Сол бір сәт Алдиярдың көңілін бұзған мұң болған жоқ па еді... Өлде сол сәтті қыздың анасына деген үлкен сағынышы, орындалған кішкентай арманы десе болар ма еді.

Сауын шелекті тізелерінің арасына қысып кіп-кішкентай саусақтары сиырдың бауырына кіріп кеткендей болып желініне жабысып Бибітай отыра бергенде-ақ Алдияр қатты толқыған. Өзі сиырдың мойнынан, жауырынан сипап тұрғанда «Бибітайым анасына ұқсап орамалын тартып, алжапқышын байлап осындей іс тыңдырып жатқанда сиыр оны місе тұтпай, тарпаң мінезге салып, қызымның меселін қайтарарма» екен деген оймен ғана тұрған.

Бірақ сиыры мінез көрсетпеді. Қайта қозгалмaston жуас тұрды. Әйтседе қыздың кішкентай саусақтары сиырдың салалы емшектері үшін тым өлжуаз болғандықтан да көңілдегідей іімді білем, сиырдың сүті көдүлгісіндей күрпілдей қойған жоқ.

Қызы сиырды сауып орнынан көтеріле бергенде де қанша сүт сауғанына емес, оның анасына ұқсап, анасының орнын басқандай іс тыңдырып, сол ісіне өзінің де екі езуі құлағына жете ыржып тұрғанына қуанып еді. Орта шелек өлде болып, өлде болмас сол сүтті екеуі пісіріп, сосын үйітып ішкен кездері де қызы мақтаныштан жайқатылып кеткен-ді. Тап бір шат-шадыман мерекеде жүргендей Алдиярдың «апаның сауған сүті де осындей дәмді болушы еді» деген сөзі де оның тәбесін көкке жеткізгендей болды ма немене-е... сиыр сауғанда ғана керек болса-дағы шешесінің орамалы мен алжапқышында шешкен бойда өспеттеп төрге іліп қоятын болды.

Біреуге ауыз жарытып айтуда жарамаса да өздерін

қуантып қана қоймай әлденеше күн бақытты да ете алар ара-тұра осындай жайлар да болып тұратын.

Ауылдағы бастауыш мектепті бітірген соң Бибітай да өзге балалармен бірге теміржол бекетінің сегізжылдық мектебіне қатынап оқып жүрді. Совхоз басшылары «Балаларды тасуға машина, трактор бөле алмаймыз шаруашылықтан артылмайды» деп өгіз арба берген. Сол арбаны айдауға да Алдияр белінди.

Арбакешке бөлінген болмашы айлыққа да Ұзынарықтың әсіресе қыс мезгілінде жұмыссыз отыратын шалдарының қай-қайсысы да қарсы болмас еді. Өйткені аз да болса арбакештің айлығы. Оның үстіне балаларды мектептен алып келген соң, арбаны қайда, қалай пайдалансаң да еркін, әйтеуір арба сынбаса, өгіздер аман жүрсе болғаны.

Алдияр бұл жұмыстың айлығына да, пайдасына да қызыққан жоқ. Оның «Арбаны мен-ақ айдайын» деп ферма бастықтан сұрауының бір-ақ себебі бар-ды. Ол себеп – Бибітайдың сол арбаға мініп, окуға қатынайтындығы еді. Бір жағынан бұл жұмысты өзіне қолайлы, әрі жеңіл де көрді. Кешкісін жазда орып жинаған көде шөптен, мінетін оқушы балаларға жұмсақ болуы үшін деп, әрі барған жерде өгіздер жеу үшін арбаның қауын жартылай толтырып шөп салып алады да, үйінің жанына келіп, өгіздерді арбадан шығарып, әлгі әкелген шөптен алдарына салады. Ертеңгілік өгіздерді арбаға жегіп, Бибітайы келіп арбаның ең жайлы жеріне жайғасып болған соң ғана шу-у деп өгіздерге қамшы сілтейді де бұл кездे өзге балалар да үйлерінің тұсына жүгіріп шығып, әр жерден арбаға жармасып жатқандары.

Тоғыз баланы түгендеп болған соң Алдияр өгіздерге қамшысын қаттырақ сілтеп, қаттырақ айқайлайды. Өйткені өндігі жерде тоғыз баланы алты шақырым жердегі теміржол бекетінің мектебіне уақытылы жеткізу тиіс. Балаларды мектебіне кіргізіп жіберген соң арада бес сағат өткенде әлгі тоғыз бала шуылдасып әрқайсысы әр кластан сабактары-

нан шығып, өгіздері жегулі тұрған арбаға жайғасып жатады да, теміржол бекетінен ұзап шықкан соң екеуара, үшеуара дуылдасып, шуласқан күйлері Ұзынарыққа қарай қайтып келе жатады.

Олардың ертеңгілік арбаға міндерлерінің өзі қандай қызық еді. Біреулері үйқысын аша алмай, әкесінен немесе шешесінен ұрыс естіген күйі жыламаса да, жыламсырап келіп отырады да, қайсыбірі қолына ұстай шықкан нанын арбадағы балалардан сырт қарап отырып жейді. Үйінің тұсунан өтіп бара жатқан арбаны қып алаөкпе болатындармен бірге, анда-санда арбадан қалып қоятын үйқышылдары да бар.

Қыс күндері тоғыз бала да теміржол бекетіндегі мектепке жеткенше қарсы беттен соққан сұық желден бірі-бірін паналап, үйректің балапандарында үйлігісіп отырады да, жел басылып, күн сәл жылыша болды-ақ үйқыларын опонай ашып, қолдарына ұстай шықкан наандарын жеп болысымен-ақ жарысып ән айтады.

Олардың салған әндері қосылып дегеннен гөрі өзара жарысып десе жарасатындағы еді. Өйткені бірі сезіндің басында жүрсе, екіншісі сезіді айтып болып, әннің екінші сезінен қарай ұмтылып отырар еді де, сол әнге арбаға жыламсырап мінгендер де ұялмай қосылып, қосылмаганның өзі ернін жыбырлатып отырғанын байқағанда арба айдал отырған Алдиярдың өзі де ерінбей, артына бір бұрылып қарап алышып, ақырынғана езу тартып отырар еді.

Бәрібір олардың осылай арба үстінде шуылдасып отырғандары Алдиярга ұнайтын. Ұнайтын себебі – бірі-біріне кейде бағынса да, кейде бағынбай отыратын сол тоғыз дауыстың ішінде Бибітайының да дауысы бар той. Және Бибітайының дауысы қандай! Жабыла шапқан тоғыз дауыстың ең әдемісі, ерекшесі Бибітайдікі еді-ау! Алдияр Бибітайын ержеткен кезде әнші болар деп те шамалайтын. Шамалап қана қоймай, солай болса еken деп іштей ар-

мандайтын. Қызының саҳналарда ән айтып тұрған сәттерін елестететін де сол елестердің орындалатынына соншалық сенгендігінен болар Бибітайы ән айтып кейде түсіне де кіретіні бар.

Балаларды мектепке әкелгеннен кейінгі Алдиярдың түске дейінгі уақыты да босқа өтпеуші еді. Жаз кездерінде шөпті Ұзынарықтың маңынан орып, егісті де Ұзынарыққа егіп, еклегендері де сол ауылдың қауын-дарбызынан ауыз тиіп, оразаға деген тарысы мен асқабақтарын да сол ауылдан сатып алып, болмаса көмірге, бөлке нанға, теміржолдан алышып тасталған ескі шпалдарға айырбастап, арапасып, әкей-үкей болып отырған теміржолшылар Алдиярды түгел танитындықтан арбаға салынған шөптің жартысын өгіздердің алдына салып болған соң, оқушы балалардың бес сабак оқудан шығын қутіп, тықырлап мектеп жаңында жүретін Алдиярды олар ескерусіз қалдырмайтын. Кезектесіп шайға шақырады. Құдайы ас беріп жатқан жерлердің де қадірлі қонағы болып жүргені.

Жетісіне екі-үш рет теміржол бекетінің дүкеніне соғатыны да бар. Теміржолшылардың бөлке наны да, қанты мен шайы да сапалы. Бибітайына керек айна, тарақ, әтір, әтірсабын сияқты нәрселер болса да сатып алып, ішкі-сыртқы қалталарына тықпыштап жатқаны.

Дүкенге де бармай, ешкім елеп үйлеріне шақырмай қалған күні Ұзынарықта бала күннен бірге ойнап өсken, теміржол бойына кейінрек көшіп келген мектептің қаррауылы, әрі от жағушысы Битайдың бір жағына көмір мен отын жиналған кен сарайдай бөлмесіне кіріп, пешке от жағып отырып ол темір жол бойының, бұл Ұзынарықтың әңгімесін жарысып айтамыз деп бесінші сабактың да біткенін білмей қалып, Алдиярдың өзі балалар арбаға түгел мініп, үйректің балапандарындаш шүлірлесіп, шуласып отырғандарының үстіне келетіні бар.

Мектепте оқып жүрген кезінде-ақ Алдияр Бибітайды

жақсы киіндіретін. Ұзынарықтан қатынайтын тоғыз оқушы мен теміржол бекетінің тоқсан бес оқушысының ішінде жаңа киініп жарқырап жүретіндері кемде-кем еді. Қөпшілігінің үстінде біреудің ескісі, жамап-жасқағаны. Сол мектептің жоғарғы деген тәрт класында үнемі жаңа киіп, жайнаңдал жүрген Бибітай ғана болды-ау. Әлде Алдиярға солай көрнүші ме еді?

Алатын айлығының қант-шай мән ұннан артылғанын сол қыздың үсті-басына жұмсайтын. Айлығы не тәйірі... Кеңес үкіметінің кезінде де ауылда оңған айлық болып па еді? Жыл сайын күзге салым Алдияр Бибітайдың киімі үшін деп өгіз, әлде сиыр сататын. Әрине ауылдағылар мұның қаршадай қыздың киінуіне осынша мән беруін ерсілеу де санайтын. «Жақын туысқанымыз» деп кейде бірге ішіп-жеп отырған Пірәлі ағасы мен Ақнұр женғесінің өздері де көзінше: «Мақұл болған еken. Бибітайдан аятын нең бар? Құтты болсын...» деп отырып-ақ өзгелерге бұрыла беріп: «Түркістанға апарып өгіз сатады-міш. Сосын оның ақшасына Бибітайды киіндіреді-міш» деген әңгімелері Ұзын-арықты түгел жағалап келіп, сонында Алдиярдың құлағына да шалынатын. Бірақ сондай қаңқу әңгімелерге Алдияр мән беріп те жатпай, мырс етіп күлетін де қоятын.

Сөйтіп жүріп Бибітайы сегізінші класты бітірді де. Және жақсы бітірді. Одан әрі оқимын десе де Алдияр қызының жатын жерін, жағдайын қамдап, зыр жүгіріп кетуге де әзір еді. Сондарынан ерген бұзауларын қоса есептегенде ұзын саны оннан асып кеткен ірі қаралары мен отызға жететін қой-ешкілерін де сол қыздың жолына түгел салып жіберу-ге әзір еді. Бибітайдың өзі одан әрі оқығысы келмеді. Бір жолы «Мен оқуға кетсем саған кім қарайды?» деп қалғанда, «Қалайда оқуың керек қой» деген сөзді Алдияр да табандап айта алған жоқ.

...Бибітайды әзірге күйеуге шыға қояды деп, шыққан күнде қашып кетеді еken-ау деп Алдияр тіпті де ойламап-

ты. Осыны қалайша ойламағанына қазір аң-таң. Үйінің көркі болып, өзінің серігі болып, әлі талай жыл жаңында жүре беретіндегі көрінетін.

Енді міне-е... Қыз бір тұнде бойжетеді... деген сөздің мәнін сақал-шашы ағарған шағында өзер түсініп, мойындан отырғаны... Және түсінейін деп түсініп отыр ма, бұл пақыр. Жаратушы құштің өзі түсіндіріп, бір тұнде мұның да есін жиғызып жіберген жоқ па?

## 4

Алдияр жөтелді. Жөтелген кезде бірауық қарандыда басын көтеріп отырды да, қайта жатты.

Ол ойдан құтылғысы келсе де, ойдың бұдан айрылғысы жоқ. Қаумалап қамап алғандай. Бір он жағына, бір сол жағына аунады. Алдияр қалай аунаса, ой да солай аунап, алдынан шыға келеді.

Есіне малқорасы, малқорадағы сиырлары түсті де шал «Сол жақты тағы бір шолып қайтайыншы» деген ниетпен кеудесінен көрпесін ысырды. Бірақ орнынан тұрған жоқ. Малқорасы есіне түскен сәтте үйқысы шайдай ашылып, денесі тоңғандай болды ма, әлде қалтырады ма, сондай бір түсініксіз әсер білінді. Шынтуайтында бұл әсер – бойын қайта билеген үрей еді. Осылай екенін сезсе-дағы Алдияр соны ойлағысы да, мойындағысы да келмегендей «Тәтті қиялымның берекесін кетіріп, сол малқора, сиырлар қайдан есіме түсе қойып еді?» деп іштей өзіне-өзі құңқілдеді де, қайтадан көрпесін кеудесіне дейін көтеріп, аударылып жатты.

Ұйқының нышаны да болмаған соң көздерін зорлап жұмды. Бәрібір көзін жұмып жатқанда да ойлағаны – сол ойлар. Ұйықтар алдында аузын кең ашып қайта-қайта есіндейтіні болушы еді, бүгін ол да ізім-қайым... Бірақ үлкен сай, кіші сайлардан жылтырап ағып келіп көлге құйып жатқан

мың сан жылғалардай болып шұбырып келіп есіне түсे кететін ана ой, мына ойлар түгесілер емес. Және қанша ойласаң да сарқылмайтын дария ой... шетсіз-шексіз теңіз ой...

Бибітайды келін етіп түсірген соң Жаңатастағылар араға ай салмай-ақ бұларды құдалыққа шақырды. Пірөлі ағасы мен Ақнұр жеңгесі... үшеуі қосылып бір самаурынның суын тауысып отырып шұңқілдескенде келген бәтуалары былай болды: Осы отырған үшеуіне туыстық жөнімен Тоқашбайдың Сырғасы қосылды да, қыздың қатарларынан да біреулер болсын деп, бірге оқыған әрі ауылдағы құрбыларынан екі қызы еретін болып шешілді. Жұрқаның кемпірі Күлшеге келгенде үшеуі өуелі үш айрылды да, сосын қайтадан екіге ғана айрылды. «Жұрқаның қара кемпірі неменеге керек еді?» – деп Пірөлі жақтырмай күңк етті де, Алдиярда ағасының пікіріне кетәрі емес ыңғайын танытқан кезде; үстеріне қой терісінен тігілген бір-бір құртеше киіп, бір-бір үйдің еркегіміз деп қожырайып отырған екеуді жалғыз Ақнұр піш-міш деп отырып-ақ өз ыңғайына дырылдатып сүйреп-ақ кетсе болар ма? «Сүйрекендеге жалғыз әйел екі ереккітің бастары айналып қалатындағы не істей қойды? Не айта қойды екен?» деп ойлауы да мүмкін ғой жүрттүн. Тіпті ештеңе де істеген жоқ. Артық-ауыс сөзі де болмады. Теміржол бекетінің дүкенінен алдырған көк қанттың қант қайшымен бөлген сынығын мүжік тістерімен қытыр еткізіп тістеп, сүт қатқан қою шайдан тұнімен сүр ет жеп шыққандай сораптап отырып-ақ: «Түркістан маңында қызы мен жігіттің жұғысына себепші болған кісіні де елеп-ескереді-міш. Ондай кісі барған жерде екі жаққа бірдей бәтуагер, қай істің де он шешілүіне бітуажақ болады-міш» деп отырып-ақ, тәрде күжірейісіп қатар отырған қайнысы мен шалын қатар жығып кетті.

Жығып кеткені емей немене, әлгі теміржолдың дүкенінен алдырган көкқанттың сынығын қытыр еткізіп тағы бір тістеп, сосын кесесін ерніне жақындана беріп, тәрдегі екеуге «Осы айтқаным қандай уәждерің бар?» дегендей паң бұрылғанда, бірі көкқанттың тағы бір сынығына, екіншісі туралған нанға қарай қолдарын созып, екі ереккө тәменшіктеп, тұғжыңдасып қалды емес пе?

Әңгіме мұнымен де біткен жоқ. «Күйеуге шықкан қызыдың нағашылары бар. Олармен істерің бар ма? Олардың да бірлі-жарым өкілі қатыспаса, құдалығымыздың сені болмайды» деп дарияның арғы бетінен Шекеркүлдің інісі мен келінін алдыратын болып, екі еркекті де бұл ұсынысына бас шұлғытып алған соң, «Пойыздан түсіп тағы қандай көлік болады деп жүгімізбен көшеде жургенше, осы жактан аттобозбен шығуымыз керек. Аттобоздың шопыры да құдалар санатына қосылады» дей бергенде: – Ой, шопырың немене, тағы да-а... О заманда, бұл заман шопырлары да құда болсын дегенді естісем құлагым керең болсын, – деп Пірәлі тәменшіктеп отырған басын қайта көтеріп, кемпіріне айбат шегуге тәуекел етіп-ақ еді.

– Әй шал, – деді Ақнұр тістегелі отырған қантын да, ішкелі отырған шайын да дастарқан жиегіне қоя беріп: – Осы сен не білесің а-аа? Не көріп, не есітіп жүрсің... насыбай тостағынды есіктен төрге, сосын төрден есікке сүйреп жүргеннен өзге а-аа? Басқаны қойып осы ауылдан құда-жеюкат болып жатқандардың құдалыққа баруы мен қайтуының не-мен тынып жатқанынан хабарың бар ма а-аа?

Пірәлі тіпті тәменшіктеп қалды. «Хабарым бар» да, «жоқ» та дей алмады.

– Ендеше мен саған... Саған деппін-ау, екеуіңе бірдей айтайын. Мына теміржол бекетіндегі Үргенішбай деген шал туыс-жеюкаттарымен құдалыққа барып, мәз-майрам болып қайтып келе жатқанда «Мені құдалар санатына қоспадыңдар. Ақымды да жарытып бермедіңдер... Өңшеш әшешенді үрайындар деп, қыстың көзі қырауда, айдалаға

аптабоздан түсіріп кете барыпты. Ал енде-е... Сонда екі сағат тұрып қалып, құда болып барғандардың үшесінің беті үсіп, құдалыққа қылтиып топлимен барған келіншектің аяғы үсіп ауруханаға түсіпті-міш. Мұны аз десендер ерінбей-ақ тағы айтайын... Сол Түркістанда бір шопыр араққа тойып алып: «Мені құдалардың тізіміне тап қазір ендіріңдер... ендірмесендер машинаға мінбейсіңдер» депті. Сөйтіп мәзмайрам болып отырған құда-жекжаттардың абыройын аяқ астынан айрандай төгіпті-міш.

«Осы айтқандарым бола ма. әлде тағы да айта түсейін бе?» дегендей Ақнұр ентігін басып отырып, төрдегі екеуге тағы бір бұрылып қарағанда Пірәлі амалсыздан: – Осы айтқаның да жетер... Әбден түсіндік, – деді абдырай сөйлеп. Алдияр да ағасына еріп бас изеп қалды. Қазір ол екеуі «Сендердің орындарыңа екі шопыр барады. Сендер ауылда қаласындар» десе-дагы келісе салуға дайын еді.

Араға бір жеті салып, тоғыз адам болып Жаңатасқа құдалыққа барып қайтты. Одан әрі үш ай өткенде екі шопырын қосқанда он үш адам болып Жаңатастағылар да құдалыққа келді. «Біз тоғыз адам болып барғанда, олар неге он үш?» деп Пірәлі ептеп, бас көтеріп, ашу шығарып еді, әңгімелеге тағы да Ақнұр арапасып: «Сендердің кісілерің неге артық?» деп қыздарынды қайтарып алайын деп пе едіңдер? Олар артық болып келсе, Бибітайдай қызды келін етіп түсіргендеріне мақтанып, «Мен барамын... мен барамын» деп таласып келе жатыр. Ол – біздің мәртебеміз емес пе? Екі еркек кәстемі мен екі әйел көйлегі артық кетеді екен деп... О несі екен-әй?» деп бұларды тағы да басып таstadtы. Және осы әңгімeden соң тек өз айтқаны ғана өтетіндей етіп екі еркекті жүгенсіз-ақ біржола жетелеп алған-ды.

Тауы шағылып, женіліп жүрген де, жүгенсіз жетекте кеткен де Пірәлі. Алдиярдің не естісе де, көрсө де ағасының ығында ғана қалу. Оған құдалыққа барғаны да, кигені мен мінгені де, құдаларға қандай сый-сияпат жасағаны да есеп емес. Алдиярдың үлкен есебі – Бибітайын екі рет

көріп, бетінен сүйіп, кеудесіне қысты. Абыр-сабырмен жүріп-ақ арасында қатар отырып оны-мұны айтқан болып, шүңк-шүңк сөйлесті. Бұл өлшемге келмейтін бақыт еді. Шұлдіреп орысша арапастырып сөйлейтін күйеу баласы Марат та жүзі тәменшіктеп, емпеңдеп келіп қолын алды. Бұл да көңілін орнықтырған қуанышы еді.

Сол екі құдалықтан соң қызымен жиі көрісуден де қалды. Бірақ хат жазысып тұрды.

Қай жылы екені анық есінде жоқ; қыс күндерінің бірінде салқын тигізіп, қатты тұмауратып жатқанда қызы мен күйеу баласының жеңіл машинамен асығыс келіп-кеткендері... Кешкісін келіп, ертеңіне қайта қайтқан. Сол бір түннің ішінде бұған қажет дәрілерді ішкізумен бірге Бибітайы қанша шаруасын тындырып кетіп еді. Бірнеше күнге жетер ас-ауқатын өзірлеп, кірін жуып, көрпе-төсегінің де тысын жаңартып... Құдай біледі сол түні Бибітайы көз ілмеді-ау...

Артынша «Бибітай бөпелі болыпты» деген хабар естіді. Есітіп қана қойған жоқ, сонау Жаңатастан бір сарыұрпек бала жеңіл машинамен арнайы келіп «Бөпеміздің атын қойып берсін деп жіберді» дегені... Зияда болсын деді. Зияда деген сөздің аузына түсе кеткен себебі Шекеркүл марқұм «Бибітайдан кейін тағы да қыз туа қалсам атын Зияда қоямын» дейтін.

Қызы кейіннен жазған хатында «Зияда қызыңыз өсіп жатыр. Ол апама тартты. Апамның қыз күнінде түскен суретінен аумайды» дейді. Алдияр ішінен «Е мақұл» дейді. «Шешесін есіне алып, туған қызын оған үқсатып отырғанына да шүкір».

Келген хаттар тек Зияда туралы айтатын болды: «Зияда күлетін болды», «Зияда жүретін болды», «Зияда ата-а дейтін болды...» деген хаттарды да алды. Осы хабарлар бір жағынан көңіл алдау үшін айтылса да, Алдияр әр хатты оқыған сайын марқайып, мақтанып, ерекше бір сезім құшагына бөленетін. Қуанып жүретін. Сол хаттарды кез келген жерге тастай салмай, кейде кәстемінің ішкі, кейде

сыртқы қалтасына салып жүріп, қауын егетін жерін өзірлеп жүріп те, совхоздың шебін орысып, шанаға шөп салып жүріп те, жұмыс арасындағы дамылдап, демалатын шақтарында оңашаланып, өзге жүртттан жасырып отырып оқушы еді ау.

Бибітайдың арнайы қыдырып, ұзақ жатып, мұның мауын басқаны да – сол Зияданың енді жүріп, жүгіріп, былдырлап сейлеуге талап қыла бастаған шағы ғой. Дәл жылы есінде жоқ, бірақ еккен қауындары пісіп, қызанак, бәдірендері де сабағынан үзіліп түсіп, жерде домалап жатқан тамыздың орта тұсы еді-ау... Сол жылы жерді де тыннан ашып, оған Ұзынарықтан су алу үшін жіңішке арықты да жаңадан қазып, айрықша еңбектенген. Сонша бейнет-пен маңдай терін сыптырып жүріп, бір тұп шенгелдің, яки бір тұп жиденің көлеңкесінде дамылдап, сусындалп отырып та ішінен ойлайтын: «Еккеним Құдай біледі, бітуін бітер-ау... Бірақ сол пісікшіліктің кезінде Бибітайым күйеуімен, қызымен келіп, піскен қауын-қарбызымды, қызанак, бәдірендерімді қалауынша жеп, жинасып, шырайымды шығарса-ау. Тәйірі жалғыз өзіме егін салып керегі не, оны пісіру үшін жасаған бейнетім кімге керек, оның қызық, рақатын жалғыз қызыым да көре алмаса».

Құдай тілегін берді... Қауындарының алды енді сарғайып, қызанак, бәдірендерінің жаппай пісіп кеткендігі сондай «Балаларыңа апарып беріңдерші... обалды...» деп өткен-кеткендерге тарата бастаған шағында Бибітайы бесік көтерген күйеуін ертіп, Зиядасын жетелеп бір жеңіл машинадан қауындық басында шұбырып түсіп жатқандағы Алдиярдың қуанғаны-ай.

Күйеубаласы екі түнеді де, «Жұмыстарым бар» деп теміржол бекетінен поезға мінетін болып кетті де, Бибітайы әлі де жатып, қызы екеуі қауын жеп, әкесіне қолқабыс етуге қалып қойды.

Бибітайдың сол жолғы келуі ұмытылmas мереке күндеріндей есінде қалып еді-ау.

Олниң де сол жаздағы әлектенуі ерекше еді. Жаздың аптал ыстықынан панаңау үшін кепе қазып, жиде бұтақтарынан күркө тігіп, оның жан-жағын қамысмен, жыңғыл бұтақтарымен бітеп, кешкісін көп масадан қорғануға масахана құрған. Сауылатын сиырын жетелеп, итін ертіп, ыдысаяқ, қазан-ошағымен қоса көрпе-төсектерін есек арбамен тасынып жүргенде, Ұзынарықтағылардың «Осынікі не әуре... Кімін асырай алмай әлектеніп жүр» деп сыртынан құліп, әңгімелегендеріне ешқандай шүбесі жоқ еді. Өзгені былай қойғанда өз женгесі Ақнұрдың өзі тұтетін, иретін жүні мен үршығын қоса көтеріп Жүркәнікіне барып отырып, Құлше абысынына «Қауыны пісіп бой бермей барады-міш. Басына көшіп бармаса болмайды-міш. Үақтылы ас-ауқат ішпеген соң өзі тыриып азып, инеліктей қатып қалыпты-міш...» деп қайнысының әуре-әлегін, бір күн кешке дейін әңгімелеймін деп кешкі сиыр сауынына өзөр үлгеріпті. Онда да қайнысы туралы әңгіменің қалғанын айту үшін ертесіне жүні мен үршығын көтеріп қайта келуге уәде беріпті.

Бибітай қыдырып келген соң-ақ сол пыш-міш әңгіменің бәрі тыйылды. Қызының келуіне дейін өсек-аяқ болып жүрген бейнетінің бәрі ақталып, мақталып кетті. Басқасын былай қойғанда иретін, тұтетін жүнін үршығымен қоса көтеріп бір күн кешке дейін Ақнұр женгесі Бибітайға сәлем беруге келіп те кетті. «Бибітайжан-ау, сен келмегенде қайнымның қауын-дарбызын жейтін, қағын тілетін адам да болмай, еңбегі далаға кетер екен» деп әңгімесі де өзгеріп қалыпты.

Қауыны пісіп, тәркіндеп қызы келіп, қағанағы қарқ болып жатыр деген сөз сыртқа айтуға ғана. Болмаса күн шықпастан басталып, күн батқанша бітпейтін бұл бір қалың бейнет еді.

Торғайлар шырылдағаннан Бибітай екеудің қатар оянып, орындарынан тұрады да, қызы әуелі сиырды саудады. Оны пісіріп жатып кешеден үйіп тұрган айранмен күбі піседі. Ара-арасында Зияда ояна қалса, оны тербетіп, емізіп әлек

Болып жатқаны. Алдияр бұл аралықта пәлектерді аралап, піскен қауындарды үзіп жүреді де, пәлектерді түгел аралап болған соң үзген қауындарын шартақтың астына тасиды. Сиры мен атын арқандайды. Сосын қамыс күркелеріне кіріп, Бибітай екеуі Зияданы кезек-кезек алдарына алып отырып, шүңқ-шүңқ әңгімемен ертеңгі шайларын ішеді.

Ондайда Бибітай бала қундерін есіне алып, әкесінің Ұзынарықтың ана тұс, мына тұсына қауын еккен кездерін, шешесіне еріп келіп, әр үядан үш құлақ, төрт құлақ болып жер бетіне жыбырлап шыққан қауын сабақтарын қалай жегенелегенін, әкесіне ілесе жүріп суарғанын, отағанын айтады. Және өмірінің ең қызық сәттерін ғана әңгімелегендай жарқылдап, қуанып отырып әңгімелейтінін қайтерсін. Ондайда Алдияр қызының әңгімесін шайды асықпай ішіп отырып, үнсіз ықыласпен тыңдайтыны соншалық, кейде кеседегі шайы суып қалатын кездері де бар. Өйткені оған Бибітайдың айтқанынан артық, Бибітайдың айтқанынан қызық дуниеде ештеңе жоқтай көрінетін.

Шайдан соң Зияданы қайтадан бесікке салып, Бибітай әкесіне еріп, шартақтың астына кірер еді. Екеуінің де қолында жалаңдаған өткір пышақтар, шартақтың асты тола піскен қауындар. Басыбалды, қара торлама, сары торлама, ала қауын, дәмбілше, шыртылдақ, күләбі... Сарғайып піскен, еті ішіне симай түбінен жарылып піскен... Құдайым-ау, қауынның қай түрін іздесең... соның бәрі Алдиярдың шартағының астында домалап жатыр.

Қауынды тілетін де, қабығын сылитын да Алдияр. Қызы тілініп, қабығы алынған тіліктерді шартақтың белдеу ағаштарына қаз-қатар етіп іліп жүргені. Сөйтіп жүріп те сейлеп жүреді; бала кезінен есінде қалған елестер, ойнағаны, қыздармен суға тұскені, шешесіне еріп анда-мында барғаны, шешесіне еріп ана үй, мына үйлерге кіргені, сол үйлерден ішкені, жегені...

Алдияр кей-кейде «Осы қызыым қүйеуге тиемін деп мылжың болып кеткеннен сау ма өзі?» деп те ойлап қоятын.

Бибітайды не айтса да Алдиярға бәрі қызық, бәрі таң... Тек қана тыңдаушы болып үнемі үнсіз де қала бермейді. Қызы Жаңатастың базарынан алған қауындарының дәмсіз болғанын, су татып тұрғанын әңгімелеген кезде «Ойпырмай, берекесіздер-ай, ертерек сатып, пұлдан аламыз деп дәрі берген гой. Ойбай-ау дәрі берген қауын не онсын. Ауру тауып қалмағандарыңа шүкір де. Дәрі араласқан суды ішкен қауын кісіні айықлас кесел қылуы да мүмкін» деп қайдағы жайдағыны айтып, Бибітайды қорқытып алатын кездері де бар.

Күн қыза бере бұлар қауын тілуді доғарады да, Бибітай жол-жөнекей қызанақ, бәдірендермен қоса сәбіз, жуаны да қазып алып, түскі ас қамына кіріспіл, Алдияр аты мен сирын дариядан суарып, аударып арқандайды.

Түскі ас кепеде ішіледі. Күн әбден ысыған сәттегі салқын кепе жанның рахаты сезіледі де, біраз әңгімелері кепе жайлыш болып кетеді. Себебі Бибітайды осы кезде Жаңатастағы тас үйлерінің іші қайнап ысып, тамақ ішу де, демалу да мүмкін болмайтын абыржуларын бастайды да, Алдияр оның сезін шорт үзіп «Үкіметтің тас үйі де үй ме тәйірі... Қыста сүық, жазда ыстық» деп бастайды да «Оңтүстік өнірлерде жазда кепеге жететін басспана бар ма? Қазір мына Ұзынарық пен теміржол бекетіндегі полдаған тамда отырғандар да қарадай ағып терлеп отыр, маңдайларының терін сұқ саусақтарымен сыйрырып» деп айналып келіп әңгімесін өзінің кепесіне тірдейді.

Сөз арасында Бибітай Зияданы тамақтандырады. Екеуіне ол да бір қызық ермек. Жиенінің аузы-басын былғап отырып тамақтанғанын, шақылдан бірденелерді былдырлағанын, бұларға қолын сермегенін қызықтап отырып, Алдиярдың алдындағы ішетін тамағын да ұмытып кететін сәттері бар.

Астан соң салқын кепеде бәрі де үйқыға жатады. Бірақ Алдиярдың ұйықтай қоярмын дегені де бір далбаса. Кейдеғана аз-кем мыйзып алғаны болмаса... қызы екеуі тағы да

гүрің-гүрің әңгіме. Тағы да көбіне сөйлейтін Бибітай ғана... Алдияр жалықпайтын тыңдаушы. Бесіктегі бала оянып кетпесін деп сыйырласып, күбірлесіп басталған әңгіме кейде бесінге, кешкі тіршіліктері қайта басталар шаққа дейін созылады.

Салқын түсे бере қақ тілу қайта жалғасады да, кешкісін Бибітай қайтадан сиыр сауыны, сұт пісірумен болып кетеді. Алдиярдың жұмыстары одан да қауырт. Масахана құрып, кепедегі көрпе, жастықтарды сәби жатқан бесікпен қоса соның ішіне тасиды. Байлаулы түрган сиыр, бұзау, аттарының жел жағынан тұтіндік салады. Қызы екеуі ең соңынан ішетін-жейтін ас-ауқаттарын да масаханаға кіргізіп бола бергенде күні бойғы қамаудан енді шыққандай масалар да гулеп шыға келеді.

Сыртта масалар атой салып, гулеп түрганда, масахана-ның ішінде отырып ас-ауқат жеп жайшылықтағыдай гүрің-гүрің әңгімелесіп отыру да ғанибет-ау. Ғанибет емес, баз біреулерге бұл азап шығар, бірақ Алдиярға осылай сезілді. Өйткені осы істердің бәрін де Бибітайы қуанып жүріп істейді де, қызы қуанып жүріп істеген істің бәрі де Алдияр үшін дүниенің рақаты!

Бибітайы қыдырып келгелі ол осыны ұқты... Бақытты сезінді...

...Бибітай осылай екі жеті жүрді. Сонда ол қандай көңілді еді. Таңертеңнен кешке дейін қанша бейнет кешіп жүргенде, бір қабақ шыту жоқ. Тінті Алдиярға қызы кісі айтса сенгісіз болып өзгеріп кеткендей де көрінді. Өйткені бала кезінде де осылай егіс басына келгенде, қызы қырсық, әрі жалқау болып көрінетін.

Кейінірек те Бибітайын қайта-қайта ойлап жүрді ғой. Сондагы бағамдағаны – қызы сол екі жетіні күткен екен... Сол екі жеті демалысқа ескен жеріне деген... балалық шағына деген сағынышымен жеткен екен. Әкесіне деген ықылас-пейілі тағы бар...

«Аяғыңа шенгелдің тікені, жиденің шөңгесі кіреді» деп әкесінің айтқанын да тыңдамай, көбінше жалаңаяқ жүретін. Өзі ғана жүріп қойғаны да айналайын еken ғой, енді қаз-қаздал жүрген Зияданы да жалаңаяқ ыстық топырақтың үстімен жүргізгенін айтсайшы. Бепесін жетелеп апарып дарияны да көрсетті. Сонда сәбидің айдын-шалқар суды көріп былдырап, айқайлап шаттанғанына қосыла өзі де мәз болып тұрып: «Көке, біз келесі жылы да қыдырып келеміз. Марат та келеді. Сол жолы бір ай боламыз. Қауынды тағы да осы жерге ек» дегені бар-ды.

Қызының сөзіне Алдияр тәбесі көкке жете қуанып тұрып ойлады: «Келесі жылы да қыдырып келер болсаңдар, балам-ау, қауынды тың жерге егуім керек қой. Онда күзден бастап тоғай шетін шенгелден ашамын. Арықты да ұзартып қазамын. Сендер қыдырып келіп, бір ай жайрандал жүрер болсаңдар, күз бен көктемде мен неге пырылдап ұйықтап жатуым керек. Құлкі мен қуаныш үшін де бейнет кешіп, тер тәгу керек қой...»

Бибітайын ойласа-ақ ұсақ түйек жайлардың өзі де ес-керусіз қалмай есіне орала кететіні бар.

...Сол екі жетінің соңғы құндері өнірде күн қатты ысыды. Тіпті ыстыққа тәзімдімін деп жүрген Алдиярдың өзі шартақтың астында «ысысын, қауынды пісіретін осындағы ыстықтар ғой» деп қызына ақыл айтып отырып-ақ мәндайынан, омырауынан тері сүмектел кеткен-ді. Анда-санда қолының шіресін жанында тұрған шәүгімдегі сумен шайып, көйлегінің кең етегін түріп бетін, мойнын сүртетіні бар. Бірақ онымен тер тоқтамай, сәлден соң тағы да шәүгімді еңкетіп қолын шайып жатқаны...

— Қой мен барып дарияға бірер сұнгіп келейін – деп ол сәлден соң жүре киген кәлөшін тырп-тырп басып, жиде мен шенгел араласып өскен тоғай арасынан өзі салған жалғыз аяқ жолмен жағаға қарай үмтүлған.

Дарияның толып ағып жатқан кезі еді. Лайланып,

долданып ақсан ағысынан кісі сескенгендей. Жағаның суға түсуге қолайлы деген өзіне үйреншікті жеріне жете бере екі кәлөшін екі жерге асырыс шашып тастағандай етіп шешкен ол дарияның салқын суына көйлек-дамбалшаң күйі күмп берді. Су салқын екен, денесі жадырап ракат тапқан соң дарияның ортасына таман құлаштай жүзіп барып, сосын кері жүзіп жағаға жете берсе Зиядасын көтеріп, әкесінің әлгіндей жүзісіне мақтанғандай болып, ақсия күліп Бибітайы тұр.

Әншейіндегі қызымен бірге суға түсуге ұялатын ұян мінезін де ұмытып: – Сен де түсесің бе? Дұрыс. Салқында ал – деп деп дабырлай сейлеген күйі Зияданы қолына ұстай беруі мұн екен Бибітай да жалаң аяғымен жағаның саз балшығын кешип келіп, дарияның лайсаң суына күмп бергені. Дария суы денесін жадыратып жіберген соң-ақ қызы суға малшынып, ебет-себет болған шаштарын саусақтарымен жөндеп, суға мойнына дейін батқан күйі мәз-майрам күйде тұрған.

Осы сәтте қолындағы сәбидің де денесін салқындастып алуды ойлаған Алдияр Зияданың арқасын суға батыра бедіріп жайлап қана бір сұңғітіп алған. Қыз суға шашала беріп, қатты-қатты шүлдіреген бір сәздер айтып, қорыққандай аяқ-қолдарын тарбаңдатты. Бірақ жылаған жоқ. Алдияр су тамшылары жуған сәбидің сүйкімді жүзіне мейірлене қарап біраз тұрды да, тағы бір сұңғітіп алуды ойлап қыз денесінің ағысқа қарсы жүздіре бергенде Бибітайының шар еткен дауысын естіп шошып кеткені.

Бибітайының өзіне бірдене болдыма деген оймен жалт бұрылып қараса, ештеңе болмаған секілді. Бірақ қызы су ішінен бұларға қарай жанұшыра ұмтылып, Зиядага қолын созып жатты. Сейтсе Бибітайдың сәбиі үшін қорыққандағысы екен. Алдиярдың қолынан жұлдып алғандай етіп кеудесіне басқанда барып Бибітайдың көңілі орнына түскендей болды. Бірақ алқынған демі мен әксікке толы ашуын баса алмаған күйі бірауық алқынып тұрды. Бөлесін айналып, толғанған үні де жыламсыраған күйде еді. Ендігі жерде Зияда-

ны ешкімнің көтеріп тұруына да сенбейтін секілді. Алдияр аз-кемabdырап қалғандай да еді. Жас сәбиге суық тиіп қалады екен-ау деп ойламағанына қысылып қана қоймай, өзіне-өзі ұрысқандай да болды. Қызының алдында ақталғысы келгендей – М-мен-н әш-шейін – деп тағы бірденелер айтпаққа үмтышла беріп қарадай кекештеніп қалғаны. Қызының қолына алғанда барып Бибітай тынышталды. Бірақ тыншап тұрып-ақ әкесінің әлгі әрекетінен шошығандай мінезін де аңдатып, жалма-жан кері бұрылып, қызының қеудесіне қатты қысқан күйі жағаға қарай жанталаса үмтышлды.

Күркелеріне оралған соң да Алдияр қауынды өзі жарып, өзі тіліп, шартақтың белдеу ағаштарына да қауын тіліктерін өзі іліп жүргенде Бибітай қызының қайта жуындырып, үстін таза сұлгімен сұртіп, соңынан тамақтандырып, түске дейін шартақ маңына оралған жоқ. Алдияр қызының бұл қылышының «қолы тимей жатыр ғой» деп ойлағанымен, іштей әлгіндегі өзіне сенбегендей мінез көрсеткендігіне ептел үялыштауып жүргенінен деп те ойлады «алыстан қызыым келді... қызыым бар... деп мақтанып жүрсем, мұның өз қызы бар екен-ау... менен ғері соны жақсы көреді екен-ау» деп бірауық қылтишип әкпелегісі келсе де әкпелей алмады. Қайта өзін кінелі сезініп, қызы асқа шақырған кезде де, күркеге Бибітайның жүзініне жаутаңдай қарап, қаймыға кірген-ди.

Күркеде отырып ас ішкен кездерінде де араларында артық-ауыс әңгіме болған жоқ. Ашуы тараған Бибітай өзін бұрынғыша көнілді ұстап, әкесінің алдына тостақпен ас қойып, нан турал, қолына қасық ұсынып жүрсө де күн астында ошаққа от жағып, ас пісіріп, нан көміп, ыстықтан албыраған беттері «көкем ренжіп қалған жоқ па?» дегендей үялыш, қымсынудан да құралақан еместігін Алдияр ішінен ғана үқты. Бетіне айран жағып, печенье жеп отырған Зияда былдырлап сейлел өзіне үмтышлғанда әдеттегіше құшағын жая салуға да батылы жетпеді.

Шайдан соң күркенің бір жағынан Бибітайына деген аз-кем әкпе-назын да оп-оңай жуып-шайып тастағысы кел-

мегендей бұтагына ілінген сүлгіге қол созып алып бетін, мойның сүртініп отырып:

— Бибітай жан кепеге барып жатып, аз ғана көз іліндіріп алайын, — деді.

— Ұйдыс-аяқты жинастырып болған соң біз де барамыз, — деп Бибітай да жарқылдай сөйлеп, осы ықыласымен әкесін де көңілдендіргісі келгендей.

Алдияр үндеғен жоқ. Сүлгіні иғына салып, тақиясын да күркеден шыққан соң киіп, көлөшін тырп-тырп басып салқын кепеге еңкейе кіріп, тердегі көрпешені де қолымен сипалай жүріп тауып, жантайған соң да көпке дейін көз ілмей жатып ойлағаны Бибітайы жайлы еді. Сонда Алдияр өз баласын осынша жақсы көрудің оған қайдан жүққанын ойша елеп-екшегенде марқұм Шекеркүлді есіне алды. Әрине қызының шешесіне тартқан қаталдыққа да, мейірімге де үқсас осы мінезі үшін ренжіген жоқ, қайта айрықша жақсы көріп, елжіреп, қамығып та қалды. Перзенті үшін туған әкесінің көңіліне қарамас қылығын да кешіре салды.

Ақыры қараңғы кепеде өз-өзінен көңілі босап, пырс-пырс жылап жатып-ақ ол қалғып та кеткен еді.

...Кейінірек те Бибітайын сағынып, ұйымдал қызы үшін ғана емес Зияда үшін де қамығып, жұні жығылып жүрген сәттерінде өлті көрініс қанша рет Алдиярдың есіне түсті... Есіне жай түсіп қана қойды ма, түскен сайын көңілін бұзып, жанын жылдатып жасытты ғой...

Бибітай келгелі егіс маңынан олай-бұлай өткендер де бұлардың қамыс күркесіне соққыш болып алған. Сол еki жетіде Ұзынарықтың үлкен кішісінен бас бұрып келмегені қалды ма екен өзі? «Бибітайға сәлем берейік деп едік», «Бибітайды көрейік дедік» деп үлкені де, кішісі де келіп жатқанда Алдиярдың төбесі көкке жетеді. Көкке жеткендігі емес пе, келгендеге қак айрып қауын, қак айрып дарбыз жарып жатқаны. Кетерінде қауын алып кетуге ыдыстарай қамдай келгендердің қабын, қоржының толтырып, көлік-

теріне артып жататыны тағы бар. Екі жетінің өтіп кеткенін Марат күйеу баласы Жақатастан әйелі мән қызын алып кетуге газик мініп келгенде барып білді.

Бибітай алып кетуге келгендеге ас өзірлеп, бір жағынан киініп, жиналып жүргенде Алдияр газиктің құыс-құысын қауын-дарбызыға түгел толтырды. Кастрюльдерге салынған қызанак, бәдірендер мен қаптарға салынған картоп, сәбіз, жуалары тағы бар.

Бибітай аттанып кеткен соң-ақ Алдиярдың қолы жұмыс-қа бармай қалды. Абыр-дабырга үйренген жан енді жұртта қалғандай көнілі құлазып екі-үш құнға дейін жынынан айырылған бақсыдай дел-сал күйде жүрді. Істеген істеріне де ықылассыз. Күйбең іс түгілі кең дүниенің мәні кетіп, қадірі қашқандай.

Есесіне «Бибітайға сәлем берейік деп едік, өттеген-ай, кетіп қалған екен ғой», «Бибітаймен әңгімелесіп, әрі бала-шағамызға бірер түйнек алып кетейік деп едік» деушілер атпен, есекпен бұрынғыша шұбырып жатты.

Соларға қауын жарып берді. Солармен әңгімелесті. Ала келген қап-қоржындарын да бос жіберген жоқ.

Қауын жеп, қауын ала кететін қыдырмалардың әдетімен бірінен соң бірі тізбектеле берген қонақтарын түгел шығарып салған соң барып, бірауық дамылдал қамыс күркесінің төрінде жатқан болады. Бірақ онысы да әншейін құр жатыс емес-ті. Ойша күзде, келер көктемде атқаратын шаруаларын рет-ретімен ойластырып, іштей Бибітайның келер жылтғы қыдырып келуіне дайындалып жатты.

Келер жылы Бибітай қыдырып келе алған жоқ. Себебі екінші баласын дүниеге әкелді.

Алдиярдың қауыны енді пісіп «Бибітайлар бүгін шаң бे-ріп қалар ма екен, әлде ертең келер ме екен?» деп темір-жол бекеті мен екі ортадан шаң көрінсе-ақ дәмеленіп, көнілі алып-үшып отырғанда «Екінші жиенінің атын да өзі қойсын» деп хабаршы бол, әрі шүйінші сұрай келген жігіттің

жөніл машинасын да қауын-дарбыз бен қызанақ, бәдірен, жуа, сәбіздерге толтырып-ақ жіберді. «Бибітайжан қалжа қылсын» деп бір тоқтысын сойып, тағы салды.

«Әттеген-ай, келе алмай қалғаның қарашы...» деген елеуреген көнілі аз-кем басылып, төменшіктегенімен, «Ұлды болған екен ғой. Бұдан асқан қуаныш бола ма, мәртебе бола ма? Шүкір дейін. Піскен қауындарым далада қала қоймас, атқа мініп, есекке мініп, қаптары мен қоржындарын сүйретіп туыс пен таныстар өздері-ақ жетер» деп өзін-өзі жұбатты.

Ойлағанындай-ақ таудағы жайлаудың шебін жеп болып, енді Сыр бойының отына мал тұмсығын салуға келген шопандарға жағалай тоғыз тартты. Ұзынарықтың көктемде қауын егуге ерінетін жалқаулары мен теміржол бекеттеріндегі ағайындары, таныстары өздері келіп жеді. Қоліктері көтергенше алып кетті. Әйтте Алдиярдың қауыны іріпшіріп кетіпті деген қаңқу сөз болған жоқ.

Содан соң-ақ Бибітайдың Ұзынарыққа келуі сиреді. Оның есесіне баяғы әдетінше «Көк аман-сау жүрсің бе? Ауру-сырқаудан амансың ба?» деп басталатын хаттары айына бір рет келеді. Кейде екі рет те келіп қалатын кездері бар.

Әуелде бір бастықтың хатшысы, сосын кеңсе сыпырушы болып жүрген болмашы жұмыстарын Бибітай екінші баласы дүниеге келген соң тастаған. Оны да Алдияр хат арқылы білді. «Енді күйеуінің болмашы айлығына қараған күндерің не болады?» деп, Жеткерген туған жылдың күзінде «Келін болып түскенде киген киімдерің де тозған шығар. Қатарынан кем болма» деп қызының киімі үшін Түркістанның базарына бір сирын сатып, осымен біттім деуге дәті бармай «Қысқы соғымдарың» деп тағы бір тайыншасын сойып беріп жіберіп көнілі орнықты-ау.

Қызы мен күйеубаласының Ұзынарыққа келуі енді тіпті сиреді. Жалғыз хабаршы Бибітайдың сүйріктей саусақтарымен сәнделеп жазылған хаттары ғана.

Зиядасы бесінші, Жеткергені төртінші класта оқып жүргенде ғой шамасы, түгелденіп бір келгендері. Алдияр екі ба-ланың бірдей шүлдіреп орысша сейлегенін жаратпай: – Е мына немелерің қазақша білмей ме? – деп қалған. Бибітай әкесінің бұл сөзіне елеусіз ғана мән берген болып: – Олар орысша оқиды ғой көке, – деді.

– Қазақшага бермедіндер ме? – деп Алдияр да өзінше қадалып-ақ бағып еді, – Қазақ мектебі бізге қашық, – деп әкесінің көнілін көншітпесе де уәж орнына өзөр жарағандай болмашы жауабымен сыйылып шыққандай болды. Бәлкім сыйылып шыға алмас па еді, Алдияр нешеме жылдан кейін қыдырып келіп отырған қызының көніліне қарады. Ішінен «Е, одан да ана шүлдірек күйеуім жеңіп отыр. Соның айтуымен тіршілік жасап отырмыз десейші» деп ойлап, қызын жазықсыз кінелаудан әдейі шегініп қалған.

Tіпті сол жолы жиендерін Зина, Женя деп орысша ата-ғандары да құлағына түрпідей тиген. – Мұнысы несі, тағы да? – деп шыдай алмай, күңк еткенде қызы төменшіктеп отырып:

– Бұлар орыс балаларымен ойнайды ғой, – дегені.

Алдияр ішінен тынды. Есесіне – қатты күрсінді.

Бірін бірі орысша атаса да, қазақша атаса да, ел қатарлы тіршілік етіп жүрген сол кездері де айналайын екен. Үлкен қындықтар елдің егемендік алуымен байланысты келді. Өзі істейтін тіс салатын клиниканы бастығы жекешелендіріп алып, Марат жұмыссыз қалды да, сол атыраптағы тіс салатын мекемелерді жағалап шықса, «Тіс салғыштар өзімізде де жетіп жатыр» деп жолатпапты.

Кеңес үкіметі құлардан аз ғана уақыт бұрын Ұзынарық-қа да телефон келген. Телефонмен сөйлесердей маңызды шаруалары болмаса да ауылдың әйелдері құлақшасын құлақтарына кейде он, кейде теріс тосып тұрып, бір-бірінің нөмірін теріп: «Әләу, ешкіміз келмей қалды, сендердің қораларыңа кіріп кеткен жоқ па?», «Бала жіберейін, ертеңге

дейін бір әшімке шай бере тұршы», «Шайға қататын сүт бере тұршы...», «Келесі айға дейін қарыз бере тұрындаршы...» деген сияқты женіл-желлі сұраншақтыққа да талтырмайтын мүлік болды. Жұзін көрмей тұрып сұрау, сұраушыға өзін еркінрек ұстaugа да оңтайлы ма, немене... Тіпті бергісі келмеген сараңға да телефон қолайлы болып шықты. Сұраушиның жүзін көрмеген соң, оның да беті қызармайды. Бейшенбі, жұмада өлген әке-шешелеріне құран оқытуға, әлдеқалай бола қалса тұсаукесер, бесікке салар шілдеханаларына шақырумен бірге окушы балалардың бірбірінен шығара алмаған есебін, жаттауларын сұрап жатуға да телефонның пайдасын көріп, үлкен де, кіші де қауқылдастып жатты.

Бибітай енді хат жазбайтын болды. Есесіне жетісіне кейде екі рет, болмаса бір рет телефон шалып, әкесінің хал-жағдайын біледі. Өз жағдайларын айтады. Осындағы бір телефондасудың кезінде Бибітай: – Мына Зинамыз да шаршатып бітті. Сабакқа ынтасы жоқ, – дегені.

– Ынтасты жоғы қалай? Өзі окушы болып оның сабаққа ықыласы болмауы да мүмкін бе? Оқтауменен қайқаңдатып сабап алмайсың ба?

– Қеке осы қызды өзінә жіберейін бе? Оқтаумен сабайсыз ба, айырмен сабайсыз ба, еркініз.

– Жіберсөң жібер-р, – деп қалды Алдияр, алғашқы екінімен. – Окуын оқығысы келмейтін, тәртіпке бағынғысы келмейтін қызбен сөйлесіп көрейін...

Осы әңгімeden соң телефон біраз тынып қалған. Сонда Алдияр «Ашумен айтқан әңгімесі болды да. Қалада оқып жүрген баласын есі бар адам Ұзынарық секілді үкіметтің есебіне кейде кіріп, кейде кірмейтін түкпірдегі ауылға жібереме екен? Үкіметтің жайнаған жарығы мен тілефонының өзі адасып-адасып енді келіп жатқан» деді.

Сол әңгімеге есінен шыға да бастаған шақта, көктемнің салқындау бір кешінде Алдияр өрістен қайтқан малдарын жайғап, малқорадан енді шығып, айырын қораның төбесіне

жинаған шөпке лақтыра шанши бергені сол еді, бір ескі газик есігінің алдына келіп, тоқтай беріп, ішінен шашы селтиіп жиені Зинаның шыға келгені.

– Оу-уу! – деп қалды Алдияр қуанышынан ғері таңда нұны көлтеу үнмен, қызға қарай ұмтыла беріп. Нешеме жылдан бері көріп тұрғаны да осы ғой, құшақтап, бетінен сүймек болған. – Зиядажанбысың айналайын...

– Не Зияда-а... А Зина.

– Е мейлі, айналайын.

Қыз бетіне тиген шалдың сақал-мұрттың жаратпады ма, әлде сүйгөнін ерсі көрді ме, қалтасынан бет орамалың шығарып бетін сұртіп жатып: – Ну-у надо же-е, – деді тік-сіне сөйлеп.

Екеуінің арасындағы оңайлықпен бітісе қоймас кикілжінің сол кештен-ақ басталғанын Алдияр кейіннен барып білді.

Бұл кезде теміржол бекетіндегі мектеп онжылдық болып үлкейгенімен, Ұзынарықтан қатынайтын балалардың саны бесеу-ақ болып азайған. Совхоз тараған бойда-ақ арбаға жегіп жүрген екі өгіз жекешеленіп кетті де, көнерген арбаниң қаңқасы арбыып Тоқашбайдың тамының жаңында қалған.

Арбаны Алдиярдан кейін теміржол бекетіндегі Ургенішбай айдал жүрді де, кейіннен совхоз тараған, арбакештің еңбекақысын ешкім төлемейтін болған соң, үйінен екі бала теміржол бекетіне қатынайтындықтан, Ургенішбай тастап кеткен арбаға амалсыз Тоқашбай иелік етті. Оның өзі де арбаны балаларға көnlі түскен күні ғана айдал, көnlі түспеген кезде екі өгізді де тоғайға жіберіп, Ұзынарыққа ел қоныстанғалы бері қисандап амалсыз келе жатқан алқасалқасы шыққан көне арба енді аз күнде алыс-қыырдағы музейлердің біріне аттанғалы тұрғандай тамының жаңында қаңқайып қала береді.

Ұзынарықта Кеңес үкіметінің көзіндей болып тозып, иесіз қалған осы өгізарба ғана емес-ті. Бұл ауылда үй-үй-

дің арасынан ескі жеңіл машиналардың қаңқасын, ауыл шетіндегі егістік орнында сыйып қалып қойған «Беларусьтің», комбайнның бөлшектерімен бірге тот басқан дәнсепкіш, соқа мен тырмаларды ұшырастыруға болар еді.

Алдияр совхоздың қиян-кескі жекешелендіруінен аман қалған осы қалдықтарды ерінбей аралап жүріп, жеңіл машиналардың тәрт дәңгелегі мен белтемірін тауып, ескі арбаның қау ағаштарын да пайдаланып, бір ат қана жегетін жеңіл арба жасауға кірісken. Бұл іске Тоқашбайдың ғана көмектесуі де туысқандық жаңы ашумен емес, үйінен теміржол бекетіндегі мектепке екі бала қатынайтын болған соң амалсыз жасаған қолқабысы еді. Қойшы әйтеуір Тоқашбаймен екеуі қолдарынан шоты мен балтасы түспей жүріп үш күн жасағанда пәуескедей лыптыған ат арба өзір болған кезде келіп, көріп, сүйсінген ауыл адамдарының «Мына арбага бала ғана емес, ересектер мінсе де жарасқандай екен» дегендері болды. Үйінің қабырғаларын ақтап, есік-терезелерін сырлаған кезден қалып қойған сырмен тағы да Тоқашбай екеуі арбаның балалар ұстап отыратын қоршау ағаштарын сырлап, сәндең те жіберген.

Әрине арбага Алдияр өз атын жекті. Басқадай амалы да жоқ еді. Келгелі бері-ақ көрсеткен қайсыбір мінездері үшін Зинаны алты шақырым жердегі теміржол бекетінің мектебіне қарай жаяу қып жіберсе де болар еді, Бибітайы үшін амалсыз көнді. Атын да аямады.

Алдияр ойда жоқта баяғы арбакештік көсібіне қайта көшті. Табанына кейде шөп, кейде ескі текемет тәселеletін арбасына әуелі Зинаны мінгізіп алады да, Тоқашбайдың тамының жаңынан оның екі баласын тағы қосады. Қалған үш бала үш жерден мінеді.

Баяғы өгіз арбаның кезіндегідей енді теміржол бекетінің мектебіне дейін бір сағат изенделмейді. Алдиярдың қыс бойы малқорада шөптө тұрған бағулы аты жарты сағатқа кейде толып, кейде толмай-ақ теміржол бекетіне желіп жетіп, мектептің алдында тұрғаны.

Осында арбаға мінбеймін деп те Зинасы екі күн кесірленді ғой. Сондағысы – мінсем жеңіл машинаға мінемін, болмаса жаяу барамын – дейді. Шал: «Шырағым-ау, сени мінгізе қоятын жеңіл лөккебайым қайда менің?» десе үндемейді. Екі күннен кейін барып, онда да ерні тұртип ашуланып, Ұзынарықтың үйректің балапандарындаш шүпірлеген бес баласымен бірге даңғыраған мәшине жолмен жедей ескен ат арбаның үстінде ер баланың шашынан шамалы-ақ ұзын шаштары желмен желбіреп Зина да мектепке бара жатты.

Алдияр арба айдамай кеткен бәлен жылдағы өзгеріс – ендігі балалар бұрынғы балалардай шуылдасып өлең айтпайды еken. Бір-бірімен ұрсысып қалғандай, болмаса енді ұрсысатында болып отырған біреулер. Бұлар тіпті бұрынғы балалардай арбаның үстінде отырып нан да жемейді. Тапқандары ернін томпайтып кәмпит сорады, кәмпиті жоктар соларға сазарып қарап отырады. «Сен де соршы» деп бір-біріне артық кәмпитін бере салатын мінез тағы жоқ.

Алдияр мен Зинаның үй ішінде оңаша отырғандағы қарым-қатынастары да қызық еді. Зина көбінше теледидардан орысша хабарлар көріп, орысша ән тыңдағысы келеді де, Алдияр қазақшаға қол жеткізу үшін оған: – Зиядажан-ау, кішкене оқуынды оқысаншы, – дейді сыпайы үнмен. Зина торсан етіп бұрылып кетеді. Бұрылып кеткенде де кітап оқып, дәптерлерінің бетін ақтарып жатқаны шамалы. Айнаға қарап отырып, шашын тарайды, болмаса терезеден далаға қарап үнсіз отырады. Және ұзақ отырады. Сонда ол қыздың не ойлайтындығы да Алдияр үшін жұмбақ.

Тағы бір келіспейтіндері ас-ауқатқа байланысты. Алдиярдың пісіргендерін жегісі келмейді. Өзі бірденелер өзірлемек болады. Өзінікінің де асып тұрғаны шамалы. Дегенмен шешесі құймақ құю мен сұтке күріш ботқа жасауды үйреткен еken. Алдияр сонысына да куанды.

Қыз үй ішінде де шүлдірлеп орысша сөйлейді.

– Зиядажан, тым болмаса оңашада қазақша сөйлеши,

– дейді Алдияр жұмсақ үнмен. Қыз бұртың етіп теріс айналады. Сосын қайта бұрылып: – Я не Зиядажан... Ешё жан-н... Я Зина и всё, – дейді.

Осындаі әңгімелерден кейін екеуінің сағаттап әңгімелестіп отыратын кездер де бар. Зинаның мектепте оқытушылармен де ренжісетінін Алдияр өзге балалардан естіген. Естігенде не істесін... «Е бала ғой өлі... Бала болған соң ондай-ондай болады-дағы» дейді іштей өзін-өзі жұбатып. Ақыры май мерекесінің қарсаңында сондай бір ренжісүден соң Зина теміржол бекетінен пойызға мініп, қашып та кетті. Әуелде Алдияр «Қанғырып жүріп пойызға басылып, әлде машинаға қағылып қалмай, үйіне аман-есен жетсе болғаны ғой» деп уайымдады да. Сөйтіп жүргенде «Үйге келді» деп Бибітай телефон соққан соң барып, көнілі орнына түсті-ау.

Май мерекесі өтісімен Бибітай жеңіл машина жалдал, Зинаны әкеліп салды. Алдиярдың қызын көптен көргені осы еді. Соншалық жүдеу. Құдайым-ау, жас келіншек дейтіндей өмес қарарадай тозып кеткен. Самай шаштары да ағара бастапты. Мандайына, бетіне әжімдер түскен бе-ау, немене? Киген киімдері де көнерген, кейлегі үй маңына кигенге ғана жарасардай, арзанқол матадан тігілген бірдеңе. Аяғындағы топлийнің де мандайы қажалған ба-ау, сірісі кеткен бе-ау... Бір жағынан шал оның осыншалық кісі аятындаі хал кешкенине де қатты таңданды.

Екеуі оңаша ұзақ әңгімелесті. Сондағы Алдиярдың білгені – күйеу баласы әлі жұмысқа орналаса алмаған. Біраз уақыт Түркістанның базарында майда-шүйде заттар сатып жүріп, біреумен төбелесіп, сottалып кетуге де шамалы-ақ қалып, мілица мен заңгерлерге оңbastай ақша беріп әзер құтылған.

Оның үстіне Жаңатас халқының жартысын жұмыспен қамтып отырган зауыт жабылып, ел жан-жаққа жұмыс іздеп, көшіп салырылысып кеткен.

Қызын аяп кеткендігі соншалық Алдияр жалма-жан қой сойып, етін мініп келген машинасына салып берді.

Пенсиясынан жырымшылап жинаған қаражаты да бар еді. онысын да түгел қалтасына салғанда Бибітай қөңілі босап:

— Жинаған малынды да, ақшанды да мен құртып біттім-ау, кеке-ай, — деп жылап қалған. Алдияр бұл жолы жылаған жоқ. Терезеден сыртқа қарап тұрып:

— Бибітайжан-ау, ол ақшаны да, малды да мен сен үшін жинаған жоқпыш ба? — деді.

Бибітай осы сөзден кейін басын мұның кеудесіне қойып тұрып, солқылдан тағы жылағаны. Алдияр өзінше қаттылық жасап бұл жолы да жыламады.

Қызы мінген машина жылжып бара жатқанда да, шығарып салып тұрып, міз бақпады. Бірақ іші жылап тұр еді. Іштей үгіліп, егілгені сондай, машина ұзап кеткен соң-ақ үйіне қарай бұрыла беремін дегенде құлап кете жаздал, теңсөліп барып, бойын өзөр түзегені. Сонда да жыламауға бекінді. Бірақ жыламағаны бар болсын... Өз аяқтарына өзөр иелік етіп келе жатқан қазіргі халі жылағаннан да әрі еді.

Зина екеуі бақ-шақ етіп тағы бір жыл тұрып, енді бір айда мектеп бітіреді, сосын үйіне кетеді деп жүргенде «Кешкісін осы жердің клубынан кино көремін» деп теміржол бекетінде қалған қыз тағы қашып, ауылды да, теміржол бекетін де қайта шулатқаны.

Бұл жолғысы Жаңатасқа емес, күйеуге қашу болып шықты. Алматыдан келіп, сауда-саттық жасап жүрген бір жігітпен ілесіп, машинасына мініп кеткенін бір теміржолшы көріп қалғандығы өз алдына, әлгі саудагер жігітті сүйіп қалғандығын және сонымен тұрмыс құрмақ болғанын қыз бір құрбысына айтып та үлгерген екен.

Бұл оқиғаға қаттырақ дүрліккен мектеп оқытушылары болды. «Қалайда тауып келемін» деп пойызға мінген класс жетекшісі Алматы базарларын сандалып бір жеті аралап, ақыры қайта оралды. Зина жоқ. Мектеп директоры мен класс жетекшісі тергеушіге жауап беру үшін аудан орта-

лығы мен бекет жолдың арасында бір ай сенделіп, соттатын болып, соңынан мәлшері көп пәре беріп барып аман қалыпты.

Әуелде «Күйеуге шықтым» деп шешесіне телефон соққан қыз көп ұзамай-ақ Жаңатасқа қайта оралып шешесіне де, дос-жарандарына да «Алматыға барып сауда жасап, үстімін киім алдым» депті-міш деген әңгімені өзгеден емес, үй жанындағы көршісі Ақнұрдан естігенде, женгесінің қайдан болса да әңгімені есітіп үлгіретін қасиетіне, әлде әkkі ұрылар секілді бармайтын, баспайтын жері жоқ әңгіме деген пәленің желаяқтығына таңданарын білмей Алдияр аңырып қалған-ды.

Хабарды алғаш естігенде Алдияр әуелі екі иығын кезек қозғап қойып, сасқаны әлде дағдарғаны – саусақтарымен сақалын тарамдай берді. Женгесін қостап, яки «бекер әңгіме шығар» дегендей бірдене деуге де оңтайланғаны мен аузына сез де түспеді.

Бұл аралықта Бибітайдан хат та, телефон да болған жоқ. Хабар болмауына да Алдияр аса таңданбады. Өзі де үн-түңсіз іштей тынумен журді. Содан орыс жана жылынан кейін бір ай өткенде, әлде бір жарым ай өткен шақта барып Бибітайы телефон соқты. Бүйтіп телефон соқканы да бар болсын, әуелі әкесімен амандасып алудың орнына бірден жылады. Қызының солқылдан жылаған дауысы трубкадан шалға ап-анық есітіліп тұрды. Бір кезде барып:

- Кеке-е-е, – деді-ау әйтеуір.
- Бибітайжан, аманбысың? – деді шал да қазір-ақ жылап жіберуге әзір халде қалбалактап.
- Жағдайымды біліп жүрсің ғой кеке-е...
- Біліп жатырмын ғой, Бибітайжан-ау. Мен пақыр білгенде қайтейін.
- Ана бетбақ қыздың мектеп бітіруі жайын мектеп директорына жолығып, біліп бересіз бе? Бәрібір ол қыз аттестат алуы керек қой. Аттестат-т!

– Есіттім айналайын... Мақұл айнала-а-йын-н... Ертең барамын да деректіріне жолығамын.

Осы сәтте Бибітай тағы да жылады. Қызының жылаған үні оның сөздерінен гөрі де анығырақ естіліп тұр еді. Шал шыдал баққан болды. Бірақ іші жылап, егіліп тұрды. Қызы тағы бірдене десе-ақ еңіреп жіберердей халде-тін. Дегенмен қызының ұзақ жылауы, шалдың бойын тіктеп, өзін-өзі басуға аз-кем көмектескендей де болды.

Бір кезде барып Бибітай:

– Қеке-е, жаңыңа жалау, көніліңе демеу болудың орнына мен бейба-ақ-к...

– Қайтеміз енді... айналайын... Тағдырдың жазуы ғой. Алладан жақсылық тілейік... Соңын онғар дейік... – деді шал ендігі шыдамға әлі жетпегендей пырс-пырс етіп.

Осы сәтте Бибітай жылауын доғарғандай болды. Дауысы да еркіндеу естілді.

– Сізге көмекші болар... Әрі ауыл тәрбиесін көрсін, білсін деп едім.

– Күйеуге қашпайтынын-ақ жіберсең болатын еді ғой, – деді шал да «Ұл балаларыңды маған беруге қимадыңдар» деп ілгеріректе қызына айтқан өкпе-назын еске салып.

– Женяны айтып тұрсыз ғой, – деді қызы енді дауысы көдімгідей түзеліп. – Оны да қайбір жетісіп тұр дейсіз. Сізді шаршатып мұнымның қайсы бірін айта берейін. Қаласаңыз ол да баар, бірақ ендігі қалған шашықызды сол бала ағартпа ма деп...

– Мениң шашым ағаруға жаралған шаш қой. Ол шашты аяса Алла аясын. Сендер аямаңдар а-айна-алайын...

Бибітай қайта жылады-ау, шамасы. Трубка арқылы оның мұрнының пырсылдаған дыбысы ғана жетіп тұрды да, соңын трубканың құлақшасы дыңылдал кетті. Шамасы одан әрі сейлеуге көз жасы ерік бермеген соң, Бибітай телефонның трубкасын тастай салған.

Шал осылай ойлап тұрып-ақ Бибітайның дауысын

әлі де есітуді дәметкендей трубканы тастамай ұзак тұрды. Әйткені сол таусылмайтын дыңылдың өзі де Бибітайның жылап тұрған үніндей еді.

Алдияр енді бойын біржола жинап алғандай. Енді жылау туралы ойлаған да жоқ. Бірақ әл-дәрменінен айрылғандай аяқтарын қисандай басып, қол созым жердегі жайдақ диванына өзөр жетті.

Ертеңіне атына мініп, теміржол бекетіндегі мектеп директорына жолықты. Обалы не керек директор жігіт ықыласты қарсы алып, Зинаның шаруасы бар, өзгенікі бар, бір сағаттай сөйлесіп, «Мамыр мерекесінен кейін биылғы оныншы сыныптағыларға қосылсын. Солармен бірге бітіреді» дегенді айтты.

Шал қызының өтінішін орындағанына қуанып, атын малқораға кіргізіп, қазыққа байлаған бойда, үйіне асығыс кіріп, Бибітайға телефон соғып, мектеп директорының сөлемін жеткізді. Әкесінің ықыласына ризалығын білдіргенімен қызы аса қуанбаған секілді.

Бұл жолы Алдияр бір нәрсеге анық қуанды. Ол қуаныш қызы екеуінің арасындағы әнгіменің жылаусыз біткендігі еді.

Оянып кеткенде таң саз беріп қалғандығын терезенің бозамық жарығынан андады. Екі қолының сұқ саусақтарымен көздерін асығыс уқалап отырып, қатты ұйықтап кеткенине де таңданды. Болмаса таңға дейін бақырайып жатып «Бүгін сірә ұйықтамаспын» деп те ойламап па еді?

Апыл-тұлпыл орнынан тұрып, босағадағы калөшіне ұмтылды. Өуелі ішкі есікті, сосын сыртқы есікті сарт-сарт жауып сыртқа шықты. Алғаш андағаны тұман сейіліпті. Бірақ таңғы ауа сал-салқын. Тіпті қыс ызғары әлі қайтпағандай. Шыққан бойда сиыр қорасына беттеген. Түнде көрге-

шілдесі қара сиыры былтырғы бұзауымен жоқ. Қасқа сиыры ақырдан шөп жеп түр. Алысырақта байлаған жас бұзауы. Алдияр сиыр қораның есігін ашлас бұрын мағынасыз үмітпен маңайға біраз қарады. Қеніліне қара сиыры былтырғы бұзауымен түнімен жайылып, қораға қайтып келе жатқандай әсер еткені... Бірақ ештеңе көрінбеді. Тұманнан әзер арылған дала сүрексіз. Көз жетер жердегі ағаштар мен бұта арасынан өскен шөлтердің жапырақтары да алыстан сұрықсыз күйде салбырайып көрінеді.

Алдияр сиыр қораның есігін ашып, әуелі жас бұзаудың бас жібін сыпырды да, енесімен қоса сыртқа айдал шығарды. Қазықтан әзер босаған жас бұзау сыртқа шықкан бойда-ақ енесінің шабына жабысып жатқанда, қой-ешкілерін де шығарды. Бірақ ешкайсын да өріске қарай айдаған жоқ. Бостандыққа шыққан соң-ақ мүйіздері қақшиған ешкілер ауланың ана бұрышы мен мына бұрышынан ішетін-жейтін тым болмағанда тұмсығымен турутіп, иіскеп, жалап көретін нәрсе іздегендей безектеп кетті де, қойлар көдуілгі кербез әдетінен жазбай, тізіліп жыңғылмен қоршалған ауланың ағаш есігінен шығып бара жатты. Маң-маң басқан қасқа сиыр да бұзауын ертіп қойлардың соңынан ерді. Ешкілер ғана отын үшін бұталған ағаштарды, құдық басындағы қауға шелекті, әлдеқалай далада қалған шылапшын, тостақ сияқты қайсыбір ыдыстарды түгел тінтіп жалап, жаландап тіміс-кілегенде ештеңе таппай жүр.

Малдарын сыртқа шығарып болып, енді үйіне қарай беттеген иесіне иті де жақындаған беріп, құйрығын бұланғатқан. Мұнысы әдеттегіше быламық, сүйек-саяқ дәметкені ме, әлде осы қимыл-мінезімен түнгі болған оқиғаны баян еткендерісі ме, анығы белгісіз-тін. Сейте тұра өзіне назар да салғысы келмеген иесінің ашулы түрінен шошып, бірауық шегінді. Шегінгенде қайда барсын, итаяғын бір айналып барып иесіне жалтақ-жалтақ қараған күйі, кетегіне қайта кірген соң да, басын ауызға беріп, бауырлап жатқан күй өткір көздерімен иесін бағумен жатты.

Шал ауызғы бөлмеден бір кесе бидай алып шығып миңайға шашты да, сосын барып тауықкетектің аузын ашты. Өзуелі мойындары сораңдаған қораздар, сонынан мекиендері шықты. Бірақ ешқайсының ешкіммен ештеңемен шаруалары болмастан безектеп дән теріп кеткенде, өзегі шыққан екі қораз дәнге таласып қанаттарымен сабаласып өзара күш синасып барып таасты да, безек қаққан мекиендер қыт-қыттай бидай теруден өзге ештеңеге назар аударған жоқ. Олар дәл қазір дәнді кімнің шашқанын да керек етпейтін секілді.

Шалдың дәннен босаған кесесін қолына ұстап, тауықтарының қымыл әрекетін баққан қазіргі тұрысы – тауықтарын қызықтаудан гөрі ендігі жерде өзі не істерін білмей дағдарған жанның ермегі ғана сияқты еді.

Алдияр ішке кіріп пешке от жақты. Кеше пісіріп ауызғы белмеге қойған кастрөлдегі сүтті әкеліп пеш ұстіне қойып ысытты да, бір тостағын құйып алып оған қатқан нан турады. Сүтке жібіген нанды асықпай шайнап, едірейген сарғыш мұрттары аузы бұлтындаған сайын шошаңдалп отырып ол менірейіп бірауық терезеден сыртқа қарады. Сонын бұрылып жанып жатқан темір пешінің жалын жылт-жылт еткен тесіктеріне көз салды.

Шын мәнінде оған сыртта не болып жатқандығы да, темір пештің жарығынан көрінген жалынның да түккө керегі жоқ еді.

Алдиярдың іштей тынған қазіргі үнсіздігі сырт көзге ғана. Болмаса селдір шаштары түгелге жуық ағарып болған шарадай басындағы ой-қиялды алай-дүлей күйде-тін. Шалдың осы басы қазір тутеген ой дауылышының ортасында қалды десе де болғандай.

Шал қайда баратынын, кімге жолығатынын түгел жоспарлап отырды. Бірақ «Сол неменің өзі тап қазір келіп қалмас па екен, келіп қалса не айтары бар?» деген болмашы үмітпен жиенінен де күдерін толық үзген жоқ-ты.

Тостақтағы сүтке туралған нанын жеп болған соң, дұ-

ғасын іштей оқып бетін сипады да, дастарқанды жинады. Үстіндегі малқора мен үйдің ортасына киетін киімдерін шешіп тастап, жаңа көйлек, кастем-шалбар, астарлы плаш киді. Басына әуелі шләпі киді де, тағы да онысын ерсі көріп, қайта шешіп, құлақшын киді. Баяғыда Бибітайы: «Көке, плащ пен құлақшын киүге болмайды. Жұрт қүледі» деп жатушы еді. Бәрібір шләпіні ерсі көрді. «Менің қай сөніме келмей жатыр?» деп ойлады қабырғадағы дәңгелек айнаға бұрылышп тұрып. Айнаға қарағаны да қызық, тап біреу аңдып, құліп тұрғандай, жау құғандай құлақшын киген басын айнаға қылт еткізіп бір қарады да, қайтадан жұлып ала қойды. Тіпті құлақшының өзіне жарасып, не жараспай тұрғандағы түгілі, басына дұрыс киді ме, кимеді ме соны да анық аңдаған жоқ-ау.

Шифонердің сықырлауық есігін ашып, басқа бір кастемінің ішкі қалтасынан ақша алды. Оны да санап әуре болмады. Өңшең бесмындықтар мен екімындықтарды бүктеулі күйінше кастемінің ішкі қалтасына салды.

Сыртқа шығып, малқорадағы атын ерттеді. Үйіне қайта кіріп қамшысы мен ердің үстіне салатын көпшігін ала шығып бара жатып, бірауық есігіне бұрылышп қарады. Мұнысы «Құлып салсам ба екен, әлде...» деп ойланғаны еді. Бәрібір құлып салмады. Бәлкім сол құлыптың дәл қазір қайда жатқанын білмегендігі өз алдына, үй ішінен, дәлізден іздел, қанша уақытын кетіруге ерінді. Бәлкім соншалық асықты да. Босағаға таяу жатқан томарды аяғымен итеріп есікті бастыра құллатты да, ерттеулі атына қарай адымдады.

Түнімен шәпте тұрған ат иесі ерге қонысымен-ақ ауыздағымен алысып, үй сыртынан өтетін үлкен жолға қарай екпіндей жүрді.

Ауыл әлі үйқыда. Балалары теміржол бекетіндегі мектепке қатынап оқитын сосын намазға, сиыр саууға ерте тұратын үйлердің мұржаларынан ғана сыйздықтап тұтін шыға бастапты. Өзге үйлерден тіршілік белгісі біліне қоймаған. Малын өріске шығарған да әзірге өзі ғана секілді.

Алдиярдың қазіргі ойы бірден теміржол бекетіндегі мілица бөлімшесіне барып, болған істі баяндау. Мілицаның жағдайын да елтеп біледі. Ана жолы Тоқашбайдың сиыры ұрланып, хабаршы болып барғанда, үйқысынан енді тұрған мілица мұны үйіне де кіргізбей сыртта сейлесіп тұрып, ұзақ есінеген. Сосын өзінше денесін шынықтырған болып, оң қолын онға, сол қолын солға сермей беріп: – Малы ұрланып жатқандар көп қой. Соңғы аптаның өзінде бес жерде мал ұрланыпты – деп, маңайдағы ауылдардың атын атады. Сосын қайта есінеп тұрып:

– Мен бүгін сірә, дарияның арғы бетіне кететін шығармын. Келінтөбеде де мал ұрланған екен, – деді. Мұнысы Алдиярға «Мен барып қылмысты анықтау үшін де, қылмыскерлерді ұстау үшін де, менің тілімді табуларың керек» дегендегі көрінгенімен Тоқашбай қалтасына тиын-тебен салып бермегендіктен үндей алмады. «Басқа ауылдардағы қылмыстарды шешіп болған соң ғана соғармын» деген ықылассыз, әрі екішты сөзін алып қана кері қайтқаны бар-ды.

Бүгін Бибітайға деп жинап жүрген ақшасының бір бөлігін ала шығуы да, мілицаның сол жолғы емеурінін есіне алуы және мына қылмысты қалайда тезірек қолға алып, ұрыларды сиырлары аман тұрған кезде қолға түсіруден дәмеленгендігі еді.

Аттың жүрісі сүйт. Қамшы салдырап емес. Иесінің барап жері теміржол бекеті екенін сезген соң-ақ тілті аршындал алды. Жолдың екі қапталына араласып өскен ақшенгел мен жиде-жыңғылдардың бұтактары да жапырақтарынан кешелі-бүгін ғана айрылып, олар да жоғын іздел тұрғандай көрінді. Тұз басып сорланған жол жиегінің топырақтары да әрсіз. Сонадайdan қарағанда қар басып қалған дерсің. Жақындал келсең өні өзгерген, сұықтан тоңған топырақ қана...

Шалдың қиялында шатысып-бытысып жатқан көп ойдың бір тармағы бұл осылай мілицаға барып, қылмыскерлерді ұстау үшін ақша беріп, әуре-сарсаңмен жүргенде, Женя үйге қара сиырды былтырғы бұзауымен қоса айдал,

қайта келіп түрмаса нетті деген есек дәмеге жетелейді. Солай болып жатса, өзін шын ұятқа қалардай сезінді. Онда Ұзынарықтағыларға кемі екі-үш жыл құлқі болып жүрер-ау. Сағынжанның өлген әкесінің пенсиясын бір жыл алғандығы жайлы аудандық қозитке фельєтон шыққандағы қулқілері құлқі ме, мұның ісіне тіпті шек-сілелері қатып, іштерін басып, етпептеп жатып қалатын да шығар. Алдияр ажалы жетіп өле қалған күнде де мұның қонақасын жеп отырып та, жетісінде, сосын қырық күннен кейінгі асын жеп отырып та... Құдай біледі жұз күндік, тағы бір жылдық асын жеп отырып та жырқ-жырқ әңгімелері таусыла қоймас.

Осыларды ойлаған кезде ат үстінде отырып-ақ шалдың өзі де езу тартты.

Алдиярдың басына тағы бір ой келді, бұл мілицасымен де тіл табысар, қылмыскерлерді тауып, пәлен күн оларды тергеп, сосын соттары да болар. Сонда сотталатындардың бірі және бастысы Женя... өзінің жиені болмай ма?

«Ұзынарықта осындағы оқиға болып жатыр» деген хабар Бибітайға да жетпей ме? Жеткені не, сол сотқа, жаны аман болса өзі де қатысар. Сонда қызына не дейді? Қызын не бетімен көреді?... Қалай тілдеседі?»

Әңгіме Бибітайға келіп тірелгенде шалдың еңсесі түсіп қалды. Ол енді астындағы атының адыраңдан қатты жүргенін де қалаған жоқ. «Жо-жоқ бұл болмайтын іс екен. Мұндаидің іс істеген соң арсыз, ұттың болмасам, мен өліум керек қой... Бетсіздік жасап өлмей қалсам, Бибітай өледі ғой... Мен пақыр Бибітайжанымның ажалына келе жатпайын».

Осы ойдан оның денесі де мұздалап кеткендей еді. Ат үстінде бір сәт шарасыз жандай меңірейіп отырған ол кенет ат тізгінің тартты.

Иесінің бұл мінезіне тіпті түсінбеген аты басын алға қарай жұлқып, ауызың темірді тістеген аузын ырсита ашып, бір езулеп мінез көрсетпек болып еді. Иесі тізгінді қаттырақ тартты. Сосын аттың басын кері бүрдьы. Осылай оқыс шешім жасауы – астындағы аты түгілі өзіне де түсініксіз еді.

Ол біраз уақыт ат үстінде салбырайып көңілсіз отырды да, кенет таңнан бері шеше алмаған жұмбақ түйіннің опонай-ақ шешуін тапқан жандай өз-өзінен жадырап сала бергені. Жадырауы да екі түрлі себептен еді. Әуелгісі – әпенденің ғана ісіндей болар осы беталысынан ешкімнің араласуыныз опонай-ақ ақылға келіп, кері қайтуы да, екіншісі – нешеме күннен бері жүртты мезі еткен еңсесін басқан тұманнан кейін айналага күннің шуағын мол төгіп, айрықша мейірленуінен еді.

Бұл кезде күн көтерілген. Күн алыстан Қаратая беттегі қарауытқан тебе, төбешіктерден асып, әр үйдің хал-жайы мен тіршілігін аңғартқандай; бірінен сыздықтап, екіншісінен будактап шығып жатқан Ұзынарықтың екі бетіне жағалай салынған ауыл тамдарына түсті. Сосын одан да асып, ауылды орағытып етіп жатқан дарияның жағасындағы тұтаса өскен қалың тогайларға түсті. Күннің мейірлі шуағына бойы да, көнілі де жылып отырған Алдиярдың көздері күнмен бірге жылжып қалың тогай үстін жағалап барып, дарияның қалың ну жасырып тұрған иініне жете бергенде, сол арадан түтін сияқты шұбатылған бірдеңені көріп жанары бір сәт іркіліп қалғаны.

Әуелде оны бөлек қалқыған шарбы бұлт деп ойлады, бірақ «Шайдай ашық аспанның етегінде шұбатылып жүрген қандай бұлт?» дей беріп, енді ат тізгінің тартып тұрып, алақанымен мәңдайын көлегейлеп асықпай қарады. Түтін секілді...

Сол арада дарияның қысы-жазы қамыс басып жататын қойнауы бар. Дария шалқып-тасып жатқан замандарда Арыс пен Түркістаннан, Жаңатас, Кентаулардан келіп балық аулайтындар аялдайтын сол жерде өлшек там да бар. Қайықтардың да неше түрлісі жағалауда байлаулы тұратын.

Алдияр Тоқашбай екеуі балықшыларға еріп балық та аулаған. Ау керген. Сол заманда обалы не керек, бұлардың аузығы бөлмесі балық сасып-ақ тұрды ғой.

Қазір ойлап қараса сол қойнауға бармағалы қанша жыл

өткені де Алдиярдың анық есінде жоқ. Өткен жылы «Байшұбар мен Ералының балалары қойнауда балық аулап жүр екен» дегенді есітіп. «Алда айналайындар-ай, несібелеріне қармақтарыңа бірдеңе ілінсе етті» деп уйінде отырып-ақ тілектестігін батасымен айттып бетін сипағаны бар-ды.

Қойнаудың үстінде шұбатылған анық тұтін екеніне көзі жеткен соң-ақ Алдияр атын енді сол жаққа қарай бұрды. Бір жақсысы тоғайға кіремін деген жанның жол ізден әуре болатын да жөні жоқ. Бұл маңайда аң жүрген жер де сүрлеу... Мал жүрген жер де сүрлеу. Ал отын алуға, балық аулауға келгендердікі көдімгідей жол. Және жүргіншілер қаншама... Теміржол бекеттерінен келетіндер... көрші ауылдардан келетіндер... «Ұзынарыққа аңға барамыз» деп иықтарындағы мылтықтарының ұшы сорайып екі аяқты, ұш аяқты мотоциклдерімен, женіл машинамен де, жұқ машинасымен де келетіндер бар. Солардың бықпырт қыл қоян, тұлқі, қырғауыл атып әкетіп жатқандары да шамалы. Қебісінікі дақпырт, мақтан да, біразынікі әлек үшін ғана... Сондықтан бұл маңайда әр бұтаның түбінен бір жол ұшырасса да таңырқайтын ештеңе жоқ.

Осының берін Алдиярдың өзі ғана емес, астындағы аты да билетіндей еді. Иесі ешқайда бұрмаса да, ат өз бетінше шенгел, жыңғыл араласып өскен қалың жыныс арасының бір сүрлеуімен жүріп барып екінші бір сүрлеуге түсті. Со-сын ол сүрлеумен барып үлкен жолға түскенде ат үстінде отырған Алдиярдың өзі «Ойпырмай мына жануар жолды қалайша оп-онай тауып ала қойды?» деп іштей таңырқап та қалып еді.

Қалың жыныс арасындағы жер де сорланған. Алапестің денесіндең тәңбіл-тәңбіл дақтай болып бозарып жатыр. Қарайып көрінген топырақтың өзі де ексең ештеңе шықпайтын қара кебірге айналған.

Бұл ауылдағылардың дақыл егуді доғарғанына да үштөрт жылдың жүзі болды-ау. Жұгері мен жоңышқа егіп, әу-реленіп жүргендер бар. Ал қауын дарбыздың шырайы кет-

келі қашан. Пісті дегендердің өзі дәмсіз бірдеңе... Оның үстінен піскен қауынның ішін ірітетін шыбын құрт деген шықтыма-ау немене... Осындай дағдарысқа ұшырағандардың ішінде Алдиярдың өзі де болғандықтан бұл ой да қосымша дерптей болып енсесін езе түскендей еді.

Жол-жөнекей қосылған тағы бір жолдан Алдияр екі аяқты мотоциклдің де, жеңіл машинаның да іздерін көрді. Сол іздер қайсыбір тұстарда жаңа болып көрінді де, базбір жерлерде есік жолдармен араласып ескіленіп кетті.

Қойнауға үш жұз метрдей қалғанда Алдияр атынан ту-сіп, шылбырын жуандығы білектей жас тораңғылға күрмел байлады да, өзі ары қарай жаяу жүрді.

Алдияр ес білгелі бұл атыраптың тоғайы отын үшін деп неше рет өртелгенін әрине санаған емес. Әйтте үір жиырматызың жылда тұтаса өскен тоғай бір өртеліп, орнына қыл-қандай бол жас шыбықтар өсіп шығады да, сол шыбықтар жуандап, жапырақ жайып қайтадан ну тоғай болған шақта... тағы да өртеледі...

Шамалауына өзінің де баяғы Тоқашбай екеуі балықшыларға қосылып жүрген жылдардан соң... келе жатқаны осы шығар? Жан-жағына барлай қарап еді: тоғайдың базбір жерлері ит тұмсығы батпайтындағы қалың да, қайсыбір тұстары өртеліп, сосын ағаштары кесіліп, орнында шашылып қалған көп бұтақтарының өзі жолаушыны жүргізбей тастаған. Ағаштары да әрқилы, бір жерлерде сыңып өскен қаратал, тораңғылар да, көбінше арбыып-тарбыып өскен жиделер.

Дария жағасына жұз метрдей жер қалғанда барып баяғы балықшылардың жарбиған өлшек тамы көрінді. Бұрынғы қалпымен салыстырғанда ескіріп, әрі шеккен секілді. Бірақ баяғы алқам-салқам тақтай есігі, кісінің басы ғана еркін сиярдай жылтыраған терезесі сол қалпы тұр. Тоқашбай екеуі бір көктемде есігін жылылық үшін деп киізбен қаптаған еді, онысынан жүрнақ та жоқ.

Өлшек-тамның маңынан секем алардай ештеңе бай-

қалмады. Қазіргі қалпында оның ішінде біреу бар деп те, жоқ деп те айтуға келместей еді.

Алдияр тоқтады. Сосын бұтақтары мен жапырақтары тұтасқан бір жиденің тасасына келіп тұрды.

Өлшек-тамның аргы беті мен бергі бетін көзімен барлап, түгендер. Тінтіп, жағалап келгенде Алдиярдың назары дәл жаңындағы қоқыс тасталған жерге тоқтағаны. Өуелде «Кедімгі қоқыс-тағы» деп ойлағанымен, сол қоқыс былтырығы жылғы деуге де, болмаса осыдан екі-үш ай бұрын тасталған деуге де келмейтін еді. Тасталған ірі-қараның сүйектері де жауын-шашын көріп, көнеріп, топырақпен басылып қалмаған. «Демек мына өлшек-тамда біреулер болған... Бәлкім олар осында қыстаған».

Алдияр әлгі сүйектердің баз біреуін қолындағы қамшының сабымен аударып көру үшін еңкейе бергенде, шұбар тауықтың қауырсындарына көзі түсіп кеткені.

Өуелде оны қырғауылдың қауырсыны екен деп қалған. Бажайлап қараса тауықтікі.

Шалдың тауықтың қауырсыны екендігін анықтап, мән бере қарауының да себебі бар-ды. Тајудағана «Шырайдың он екі тауығын бірдей ұрылар алып кетіпті» деген хабар естіген. Кезінде Байшұбар Шымкент жақтан әкелген сол тауықтар түгелімен шұбар еді. Ондай шұбар тауықтарды Алдияр Ұзынарық түгілі, көрші ауылдардан да ұшыратқан емес. Алғаш сол тауықтарды көрген ауыл шалдары «Бұл тауықтардың ата тегі басқа елдерден болса керек және өзі қырғауылмен жақынырақ туысатын шығар...» деп топшылаған.

Мына шұбар қауырсындар да өлі кір шалмаған. Осыдан үш-төрт күн ғана бұрын жұлдынған қауырсындар деуге келіп-ақ тұр.

Алдияр бұтаққа ілініп тұрған бір тал қауырсынға енді қол соза бергенде денесін үрей билегендей болды. Ол енді өлшек-тамға да шошына қарады. Шошынуының себебі – бұрнағы құні үйде жалғыз өзі жайдақ диванда теледидар

көріп жантайып жатқанда, Женя асыр-тасыр кіріп келіп, бұған тұтас тауықтың етін ұсынған.

– Бұл не? – деген Алдияр қуанудың орнына тауық етіне шошына қарап.

– Ет... тауықтың еті. Деликатес! – деген Женя.

– Мұны қайдан алдың?

– Как қайдан? Түркістанның базарынан. Сіз жесін деп еште пісіртіп алдым, ақшасын төлеп.

Сосын Женя «Сұрақтарың осымен бітті ме?» дегендей шалға ежіреіе қарап, теріс айналды.

Шал орнынан көтеріле беріп, тауық етінің бір аяғын опырып алды да, қалғанын Женяның қолына қайта ұстадты. Және солай етуі де Женядан қорыққанынан ғана жасағандай әсерде сұлқ отырып, ауыз тиген болып, екі саусақымен ғана сан етінен шымшып үзіп, аузына салғаны бар.

Енді сол көрініс кез алдына қайта елестегенде, шалды шошынтумен бірге мойындағандай болып тұр еді. «Сол ауыз тиген етім Шырай келіннің тауығы болып шықты-ау. Әйтіп ет жегенше, тас жесем, құм шайнасам етті...»

Ой құшағында тұрып-ақ Алдияр жан-жағына үреймен, абайлап қарағанда, басқа бұтактарға да ілініп тұрған шұбар қауырсындарды көрді. Демек тауықтардың жүнін жұлып болған соң осы араға әкеліп тастаган. Ол еңкендең жүріп, қоқыс арасынан тарбиып-тарбиып жатқан тауықтың аяқтарын да көрді.

Шырай келіннің шұбар тауықтарының есіне салғаны бұл ғана емес-ті. Осыдан екі ай шамасы бұрын Сағынжан «Әкеме құран оқытамын» деп ауылдың бір топ шал-кемпірлерін шақырған. Сонда Жүрқаға арналған құран аяты оқылышымен осыдан үш жыл бұрын хабар-ошарсыз кеткен ауылдың жігіттері Ералы, Байшұбар, Шертайлар жайлар оқыс әңгіме болып, қайдан естігенін кім білсін, жеңгесі Ақнұр бір хикаяны бастап кеткен.

– Жеке қойларының өзі мыңға таяп қалған көрші ауыл-

дың Бораншы деген байы биыл Қызылқұмды қыстапты-міш. Жақында азық-түлік, қант-шай алып қайтуға келген сол қойшы айтыпты-міш... Қызылқұмның қалың сексеуілінің ішінен құдық көрдім... Құдықтың маңынан ордалы жылан көрдім деп... Ордалы жылан бағыма көрінген болар деп әуелде қуаныпты-міш. Қойшы сол маңайдан кепе көріп, кепенің ішінен ескі аяқ киім, шалбар тауыпты. Шалбардың қалтасынан Шертайдың Әлікүл мен Бейсенге жазған хаты шығыпты-міш. Өзі де Шертай, Байшұбар, Ералыларды жақсы билетін жігіт екен... Тіпті Байшұбар, Ералылармен бір класта оқыған ба-ау немене-е... Еліне келген соң Ұзынарық-қа да соғып Шырайға мән-жайды айтқанда, Шертайдың хатын өзі де оқып шыққан Шырайдың сол түні аузы қисайып шығыпты-міш. Ал Ералының аяқ киімін Сияқұл келін тануын танығанымен көкбеттікке салып: – Ералының төплін тіккен фабрика сол жылы жалғыз осы төплиді тікпеген болар. Кемі мың... болмаса бес мың төпли тігіп бүкіл Қазақстанға таратқан болар-ау. Сонда Қызылқұмнан табылған жалғыз төпли неге Ералынің бола қалады? Қызылқұмда нағашысы жоқ, құдасы жоқ, Ералы ол жаққа неге барады? Бос сандырақтарыңа сенбеймін. Соғыста хабарсыз кетіп, өлдіге есептеліп, сосын да еректер аман-есен келе берген екен ғой. Құдай айдаса, бір күні келер. Басқа қатын алып, келуге беті күйіп жүрсе кештім... Ал мынауынды өзіңмен алып кет, – деп әлгі төплиді мың қойы бар бай қойшының өзіне қарай лақтырыпты-міш, – деп Ақнұр әңгімесін аяқтағанда Ұзынарықтың өзге кемпір-шалдары «Мұндай әңгімеге араласуымыз керек пе, жоқ па, аралассақ не деп сөйлеп, не айтуымыз керек, әлде әліптің артын бағайық па?» дегендей, көздерінің астымен бір-біріне қарап, жұмған ауыздарын ашпаған күйі қалған. Сонда Ақнұр жеңгесі «Сендер қорықсандар да мен қорықпадым» дегендей екпіндеп: – Шертайдың Әлікүл мен Бейсенге жазған хатын Шертаймен бірге оқыған тағы бір бала, басқа да жазуларымен қоса Алматыға апарып, экспер-тез деген жерге көрсеткен екен, әлгі экспертеzде істейтіндер

«Ақиқат Шертайдың жазғандығын растаймыз» деген қағазға мөр басып, қол қойып беріп тұрып: «Хатта жол жүреміз... атпен жүреміз депті ғой. Ауғанстанға атпен жүрмесе керек... Оның үстіне қалтасынан Шертайдың хаты шыққан шалбар Қызылкүмнан табылып тұр емес пе?» деп байлау айтыптыміш, – дегендеге баяғыда НКВД дегенді көрмегенімен есітіп өскен кемпір-шалдар бірдеме демек түгілі, үрейден жақ жүндері үрпіл кеткен-ді. Сонда олар баяғыда аты да, өзі де өшкен НКВД-ден емес Ақнұрдың өзінен де аяқтарын тартып қалды-ау шамасы. Өйткені сол Ақнұрмен бір төсекте жатыр деген Пірелінің өзі де:

– Әй бейбіше, жоғалып кеткен балалар жайлы біраз айттың ғой. Осы да жетер-р... Енді мына Жұрқа бауырымыз жайлы... ия баласы мал сойып, құран аятын бағыштап отырғанда... біздің үнсіз қалғанымыз жарамас, – деп ет пен шайдың арасындағы әңгімені оп-оңай басқа жаққа бұрып әкеткен айласын өзгелер қауқылдасып, қостай жөнелгенде,

– Е-е, шодыраң қалғырлар, сейтсен-дерші, – деп Құлшенің өзі де қуанып қалған. Қуанатын жөндері де бар. Өткен жылдың жазында КНБ дегенді ауылдағылардың ешқайсысы түсіне қоймаған соң «Қазіргі НКВД-ның адамдымыз» деп екі жігіт келіп «Соңғы рет осы жігіттерді қашан, қай жерде көрдіңіздер?», «Олардың қайда жүргенін біреуміреулерден естіп қалған жерлерінің бар ма?» деп сұрағанда сол отырған кемпір-шалдардың қай-қайсысы да «Е, осы ауылдың балалары екені рас қой», «Қайда жүргендерін Алла ғана біледі. Біз Алладан артық білмейміз» деп үрке жауап берген. Өйткені сол «Бүгінгі НКВД-міз» деп келген жігіттердің жоғалып кеткен жігіттер үшін өздерін мақтағалы отыр ма, әлде «Сондай жандарды тәрбиелеген сендер екенсіңдер ғой» деп айыптағалы отыр ма, анығын біле алмай дал болған.

Сол кезде «Жігіттер жұмыс іздел Ауғанстан асып кеттіпті» деген бір өсекпен «Жоқ олар тұрмеде отыр-міш. Қалталарында ақшасы болмаған соң босана алмай жүр-міш»

деген екінші өсектің де қосыла гулеп тұрған кезі еді. «Тым болмаса ағайындары іздеп келер» деп түрменің бастығы Ұзынарықтан хабар күтіп жүр-міш» деген сол өсектің азын-аулақ қосымшасы да болды.

Әлбетте екінші өсекті айтып жүрген Ақнұрдың өзі екенін жүрт білді. Бірінші өсектің иесі де Ақнұр шығар деп шамалагандар болып еді, бірақ Ақнұрдың Ауғанстан деген ел барын білер-блмесіне ешкімнің анық көздері жетпеді.

Алдияр қасына Шырай келінінің шұбар тауығының қауырсының ұстаған күйі ойға батып тұрғанда, кенет өлшектамның ішінен абыр-дабыр дауыстар есітілгендей болды да, бұл қауырсынды лақтыра беріп, солай қарай бұрыламын дегенше өлшек-тамның тақтай есігі сарт ашылып, басына етектері жапырылған көне шләпі киген жуан қара жігіттің шыға келгені. Сыртқы кейпі таныс секілді. «Құдай-ау, мұны қайдан көрдім?» деп ойланған бастағаны сол еді, есіне сап ете қалды. Баяғыда трактор айдаған Барақбай. Үйі теміржол бекетінде, бірақ Кеңес үкіметінің кезінде осы маңайдағы ауылдардың егістік жерлерін айдайтын. Қыс болса отарларға шөп таситын.

Ұзынарықта да талай рет болған. Бір көктем, науқан кезінде Алдиярдың үйінде жатып істегені де бар. Жүрт оны Жалтыр Қара деп те атайдын. Жалтыр Қара десе дегендей еді. Бұл өнірде бұдан өткен қараны Алдияр көрген де, естіген де жоқ. Оның үстіне жас кезінен-ақ семіз болатын.

Соңғы жалдары «Жалтыр қара осы өнірдегі ұрылардың бастығы екен» деген қанқу сөз де естіген. Бірақ сондайлық сенбеген де секілді. «Ұрлығымен ұсталып, Жалтыр қара бір жыл түрмеде отырып келіпті» деген хабардан соң барып иланды. «Ұлқен қалалардың базарында ғана журеді екен. Жанында нөкерлері... Танымайтын кісілермен сол нөкерлөрі арқылы сейлеседі екен» дегенді де естіп айран-асыр қалған. Қалай таңданса, солай қорыққан да.

Сол Жалтыр Қара Алдиярдың дауысы жетер жерде тұр. Өзі соңғы көргөн кездегіден де жуандаган, бірақ қымылы әлі шираж секілді. Түрі мосқал тартқан, әрі сұзық көрінеді.

Шықкан бойда Жалтыр Қара шалбарының қалтасынан темекі шығарды. Бір талын добалдай ерніне қыстырып, оттықты тұтатты да, темекісін будақтатып тұрып, оттық қорабын аспанға үш рет лақтырып, үш рет қағып алды. Жанжагына да көнілдене қарап тұргандай. Алдияр тұрган жаққа да көз тіккен. Бірақ қалың ағаш бұтақтары ештеңе көрсетпеген болар, бөгелмей-ақ жүзін басқа жаққа аударып әкетті.

Жалтыр қара өлшек тамнан шықкан бойда-ақ іштен ән естілген. Бірақ ән дейтін ән де емес, қойыртпақ бірдене еді. Тіпті сол ән арқылы шал іштегілердің мас екенін де аңдаған. Қанша қойыртпақ болса да, сол ән айтушылардың бірінің дауысын Алдияр таныды да. Ол жиені Женяның дауысы еді.

Жалтыр қара күпәйкесінің омырауын ағытты. Сосын оттық қорабын тағы да аспанға екі рет лақтырып, екі рет қағып алды да, темекісін будақтатқан күйі өлшек-тамды айналып кетті.

Алдиярдың бойын үрей билеп алды. Сол үрейдің әсері болар, Жалтыр Қара өлшек-тамды айналып кеткен сәтте-ақ бұл бұрылып атына қарай жүрген. Және аяқтары әр жерге бір тиіл, шашылып жатқан кепкен бұталарды да абайлап, ашық жерлермен ғана қаздандай жөнелген. Жүрегінің қатты соққаны сондай қеудесінде ат шауып келе жатқандай еді.

Алдиярды иті ауыл шетінен қарсы алып, қүйрығын бұланақтатып келіп, иесіне бірнеше рет үрді. Үруі аштығын, иесіне деген өкпесін сездіргені еді. Шал кінәсін түсініп, мойындарды. Бірақ үндеғен жоқ. Осындайда итін еркелетіп, алдаған боп, басынан сипап жұбата сөйлейтін әдеті болушы еді, оны да жасамады.

Малқорасының жанына келіп атынан түсіп, шылбырын қораның қоршаша ағашына байлады да, есікке тіреп кеткен

томарын аяғымен теуіп, домалатып, үйіне кіргенде пеш түбінен атып шығып мысығы да мияулап алдынан шықты.

Көктем бір кунде келгендей болып, күннің бүгін жылығанына қарамастан үй іші салқын еді.

Шешініп, киімдерін ауыстырып киген соң пешке от жақты. Итіне быламық, өзіне шай әзірлеудің қамында жүріп, қастрөлден ет қалдықтарын, дастарқаннан нан түйірлерін алып мысығына берді.

Быламық дайын болған кезде, бір тостағын апарып итаяққа құйды. Шәугімнің қайнаған сүйін шәйнекке демдеген соң әдеттегіше дастарқанын төрге тасымай пеш түбіне жайды. Бұл ерінгендігі, өлде ішіп-жеуге асыққан ашқарақтығы да емес-ті. Терде жамбастап жатардай көніл қүйінің болмауытын. Оның үстіне дастарқанның арасында да аузы жарып жейтіндей ештеңе қалмаған-ды. Бір жапырақ қатқан нан, бірер қант түйірлері. Дастарқанның қазіргі бар мәзірі осы ғана.

Қанттан тістеп, ыстықтығын да елеместен кеседегі шайын сораптауға кірісken. Екінші кесені құйған кезде барап, қатқан наннан омырып, ыстық шайға салып жібітіп жеді. Осы отырғанда шайдың ыстық-сұықтығын, астың дәмін ажыратып жатуға уақыты да жоқ асығыс кісі секілді. Бірақ қайда, неге асығып отырғанын тағы білмейді.

Шайға қанған соң барып созалаңдай тұрып итке деп жасаған быламықтан қасықпен бір-екі іліп аузына салды.

Бибітай қүйеуге кеткен соң-ақ осындай жарытусыз ас-ауқат түрлеріне үйренгені өз алдына, соған да бойы жадырап, көнілі бірленгендей, жайдақ диванда шалқасынан түсіп, бірауық керіліп жатып осы күніне де шүкіршілік етеді. Көдімгідей қанағаттанады. Тіпті өзін бақытты санайтын сәттері де бар.

Шал бата жасап бетін сипады. Бірақ дастарқанды жинаған жоқ. Жайдақ диванына сүйретіле шығып жантайып жатты. Бұл жолы керіліп шалқайған жоқ. Шалдың бүгінгі ойы да,

уайымы да бөлек еді. Асылы оның санасында дәл қазір ой да, уайым да емес, үрей ғана. Және бұрын-соңды басында болмаған, болады-ау деп ойламаған үрей...

Шай-быламықтан соң да осылай жатып-ақ үйықтап кететіні болушы еді. Бұл жолы үйықтамады. Теледидарды да көргісі келмеді. Диванның бас жағында ілініп тұрған радионың да құлағын бұрай салуға көнілі соқпады. Әншейін қалың ойдың қамауында жатты да алды.

Кешкін малдарының өрістен келгенін терезеден көріп барып орнынан тұрған. Сиырларын сиыр қораға, қой-ешкілерін мал қораға кіргізіп, есіктерін жапқан соң үйіне кірді де, жайдак диванына қайта жайғасты.

Тағы да ештеңеге зауқы болған жоқ. Үй іші қараңғыланған сәтте де орнынан тұрып, жарық жаққысы келмеді. Бұл – ерінуі емес-ті. «Бүгін бұл үтеге қараңғылық та жетеді...» деген шаршau ойдың әсері еди.

Үй сыртынан тырылдаған мотоцикл дауысы естіліп, сол мотоцикл терезенің тұсына келіп тоқтаған сәтте де, келгендердің Женя мен Пижо екендігін біле тұра орнынан қозғалмады. Бірақ іштей қатты елеңдеді. Тіпті қорықты да.

Салдыр етіп сыртқы есік ашылғанда да, салдыр етіп ішкі есік ашылғанда да Женяның кіріп келе жатқандығына күмәні болған жоқ.

Женя әуелі жарықты жақты. Сосын дивандағы бүрісіп жатқан Алдиярға қарап: – Ну-у деда-аа, – деді ыржалақтай сөйлеп. Алдияр жиенінің кейпіне қарап, оның мас екенін де аңдады. Қолындағы газетке оралған затты дастарқан шетіне дұрс еткізіп тастав беріп: – Ну-у, мен саған ет әкелдім-м, – деді әлі де ыржалақ күйден арылмай.

– Ол неғылған ет? – деп осы кездे басын көтерген шал жиеніне зілдей етіп осындай сұрақ қойғанына таңырқады да. Өйткені қарсы сұрақ қоймақ түгілі, әуелде батылды жетіп бетіне қарап сөйлей қоюына да күмәндансып жатқан кісі ғой. Бәлкім осы батылдық Женя әкелген еттің өзінің сиыры, әлде өткен жолғы бұзауынікі екенін анық сезінуінен бе екен...

Бойын тағы да үрэй билеп, қарадай шошып жатқан шал басын көтерумен бірге орынан көтеріліп, аяғын жерге салбыратып отырды.

— Енді ет-т қой, — деді ыржалақ күйден арылған Женя.

Бойын әлдеқалай батылдық билегендей, шал бір қолымен жиек тұктарі желінген көне көк тақиясын жөндеп киген болып отырып: — Тағы да пісіріп әкелдің бе, ақшасын төлеп... — деді кекесінмен.

Енді Женяның жүзі ашудан тутігіп тұрды.

— Вот что-о... я тебе скажу деда-а. Если воровать некого, нечего... Воруй себя... Такой век... Такое время... Жегің келе ме, же-е... Жегің келмей ме, отдан собаке... Тоже благородное дело... Хорошо-оо!

Алдияр жиенінің сырыйттай ұзын бойы мен ұсқынсыздай сопақ бетін әкесіне ұқсатып кейде ішінен «ұқсамасаң тумағыр-р» деп жақтырмай отырса да аясы кең қара көздері мен білектей қасын Бибітайдына ұқсатып, әлдеқалай қуле қалғанда немесе мұның сездеріне езу тартқан кездері ол қызының қатты ұқсап көрінетін де мейірленіп отырып «Бибітайджаным» әйтеуір бір порым, мінездеріңің ұқсағанына да шүкір» деп тәубаға келетіні бар-ды. Тіпті қуанатын да.

Шал жиенінің қазіргі түрін қызына да, күйеу баласына да ұқсатуы қыын еді. Адам баласымен араласпайтын безер біреудің, тіпті нағыз жанкештінің түрі ме деп қалды. Жиенінің түрінен сонша шошығандығынан да болар, тұла бойы қарадай сұнылып, өзі қатты қорқып та тұрды.

Женя шалға сұық жүзімен ежіреиे қарап біраз тұрды да, кері бұрылды. Бұл жолы Алдияр ештене дей алған жоқ. Дегісі келіп тұрып-ақ аузына сөз түспей қарадай дегбірі қашқаны.

Жиені салдыр еткізіп алдымен ішкі есікті. сосын салдыр еткізіп сыртқы есікті жапты. Ашуы мен ызыасы есіктерді жабуынан-ақ көрініп тұр. Шал екі аяғын салбыратқан күй жайдақ диванда үнсіз отырып қалды.

Сыртта терезенің тұсында Пижомен екеуі тұрып қатты

дауыстап бірденелерді айтты да, артынша мотоцикл ота-лып, сосын тамды айналып кетті. Енді сыртта, үй іші де жым-жырт.

Еңсесі түскен шал осы отырысында өзін ешкімге қажет-сіз жандай сезінді. Өзі де ешкімді іздел отырған жоқ. «Құдай біледі ендігі жерде ешкіммен кездесіп, сөйлеспеспін де... Өйтуге қандай бетім бар? Жұрт та менен түңілер... Мені көргенде теріс айналар» деп ойлады ішінен. Үміті кесілген жандай сопиып отырғанда мысығы келіп он аяғына жарма-сып еркелеген болып еді, оны да аяғымен қағып жіберді. Мысық бірер аунап тұрды да пеш түбіне барып, иесіне қарап шоқып отырды.

Осында жарты таба нанын, кейде бір тостақ айран қатқан жүгері көжесін алып «Бозым бала-ау, аш-тоқтығың қалай?» деп Ақнұр женгесі келетін. Сонын бұл жүгері көже-сін ішіп отырғанда «Анау үй аш отыр-міш, мына үй тоқ отыр-міш» деп Ұзынарықтың он жеті үйінде болып жатқан жақсы-лық, жамандықтарды түгел тізіп шықкан соң барып үйіне қайтатын. Бүгін ол да келмеди.

Шал дәл қазір сол кемпірдің келуін қаламас та еді. Өйткені оны мына жалғаннан түңілу... үмітсіздік сезімі биледі. Осы отырғанда өзін ешкімге де қажетсіз жан сезінді. Абырой, беделден де жүрдай болғандай, үміті өшкендей. Өні жуған шуберектей бол-боз болып отырып, ол көздерін жұмды сосын ашты... Алдиярдың өлгісі келді... Және ертеңге қалмай-ақ осы түні...

Осында жағдай Алдиярда бұрын да болған. Алғаш рет Бибітайы қүйеуге қашып кеткен күндері... Соңғысы осы қыста Бибітайы телефоннан ұзақ жылаған түні...

Бірінші шешімін взерткені – ашуы басылып, ақылға келген кезде «Е, елде қызы қүйеуге қашып жатқан жалғыз мен бе екенмін?» дегенді ойлап, өзін-өзі тоқтатты. Тіпті «Өле салайын дегенім – не дегенім-әй, жын соғып кеткен кісішे» деп өзіне өзі ұрысқан да.

Екіншісінде одан гөрі күрделілеу еді. Бұл жолы өзіне

басу айта алмаған себебі – ауыр ойлар оны жеңді. Әрі аунап, бері аунап, ара-арасында күрсініп түнімен жатып ойлағанда сол ауыр ойлардан құтылар жол да таба алмады. Таң атарда көрген үзік-үзік түстерін-де де ол жүріп келе жатқан жолынан оп-оңай адасып, қайтып жол таптай, үрейден шошып ояна берді. Оянып кеткендегі қайта-қайта ойлағаны да өлім туралы ғана еді.

Шалдың өлімге бару туралы бұл жолғы шешімі тіпті қатқыл еді. «Егер мен өлмесем... мына баланың қасіреті қайғысынан Бибітай өлуі мүмкін. Бибітай өлсе мен одан әрі тірі жүре алмаймын ғой. Өз өліміммен мен ендігі көрер қасіреттерімнен құтыламын. Әрі Бибітайымды өлімнен құтқарамын. Одан арғысын қызыым маңдайының жазуынан көрсін... Мениң қолымнан келген соң-ақ шал өлімнің неше түрлісін ойлап жатып, әуелі әуре-азапсыз у ішіп өлуді қалады, бірақ Ұзын-арықтан да, маңайдағы ауылдардан да удың табыла қоятындығына құмәнді еді. Тіпті қалған жалғыз сиырын оп-оңай сатып, сатудан түскен ақшаны қалтасына басып пойызға мініп, Тәшкен, Түркістан асып кеткенде де бір ұрттам уды қайдан сұрап, таба қоюдың яки сатып алушың жөнін таппады да, енді асылып өлуді ғана оңтайлады.

Асылып өлу үшін ауызғы бөлмеден жіңішкелеу кендір арқанды да тауып, іске кіріспек бола бергенде, «Жаман шалдарға үқсан үйде өлмей, түзде өлемін, жақсы ит өлігін көрсетпейді деген... Ит құрлы жоқпын ба?» деп дарияның жағасындағы Бибітайы қыдырып келіп, екі жеті жататын жаздағы қауындығының орнын қалағаны. Сол маңайдан асылып өлуге қолайлы, бұтақтары иір-иір көрі жиде ағашын да есіне түсірген.

Алайда асылып өлеңтін кендір жіп те табылып, енді үйден кетуі ғана қалған сәтте шалдың мінезінде тағы да айнып, ауытқу болды. «Мен өлсем, өле салармын-ау, сонда Бибітайымның жағдайы нешік болады? Тозып кетпей ме? Дүниеден жылап өтпей ме? Одан да қалған

сиырымды бұзауымен Түркістанның базарына сатып, қызыма көмектесудің жайын ойламаймын ба?» «Пенсиядан жырымшылап жинаған тәңгелерімді беріп жібермеймін бе?» «Өлемін, өлемін деп өзімді қорқытқаным ба, әлде басқаларды қорқытқаным ба?» деп өзіне-өзі басу айтқандай болып әрі-сәрі күйде біраз жатты.

Сөйтіп жатып сөлден соң қайта қатайды. Қорқақтағаны үшін өзіне іштей жекіріп, ұрысқан сөздерді де айтты. Қатайғаны сонша қалайда бүгін өлу шешіміне қайта оралып, орнынан тұрып ауызғы бөлмеден жіңішке кендір жіпті қайта қолына алып тұрып: «Өзі кісі өлтірмек түгілі қарадай шіріп тұрған бірдене болмасын» дегендей екі қолымен тартқылап та көрді. Жіп үзілген жоқ.

Енді тап осы бетімен сайтандар азғырып, айнымай тұрғанда шыға жөнеліп, дария жағасындағы межелеген же-ріне қарай тартып беруге оқтала бергенде, тағы бір ой келіп, сыйрқы табалдырықтың аузынан тоқтатқаны.

Ол ойы малдарын, жинаған қаражатымен қоса біреуге тапсырып кетудің жайы еді. «Сонда кімге тапсырамын» дегенде ойына ең жақын деген Пірәлі мен Ақнұр, тіпті Тоқашбай да түспей, Шырайдың түсे қалғаны. «Ойбай-ау, ол келінге және он екі тауық қарызыбын ғой. Менің жиенім үрлағанын келін білмегенімен, өзім білдім ғой... Алла біліп отыр ғой! Өзім күні ертең-ақ Алланың алдында тізерлеп отырып жауап беруге бара жатқанымда, күнөһар басым, қарашы ең басты нәрсені ескермей бара жатқанымды» дей беріп, кейін қайтты.

Шифонердің сыйқырлауық есігін ашып, ана кастем, мына кастемінің, палтосының ішкі қалталарын тінтіп жинағанда бар тәңгесі бір жұз отыз жеті мың болды. Ақ шүберекке бөлек түйген он бес мыңға таяу өңшең тының ақшалары тағы бар. Тындарын бөлек түйген себебі – қыста Бибітайы телефоннан ұзақ жылаған түні, дүниеден баз кешіп, дәл бүгінгідей өлімге дайындалмады ма, сонда: «Мен өліп, мұрдем ауладан шығып бара жатқанда Бибітайым жолыма шашсын...

«Әкесін лайықты шығарып сала алмады» деп қызыымның ақшасы болмағанын жұрт пышың-пышың өсек етпесін» деп бар тиындарын жинап санағанда бес мың тенгеге жетер-жетпес болып, осы түйіншекке түйіп, Ақнұр жәңгесіне тапсырмаққа бекінген. Он бес мыңға жеткені кейіннен қолына түскен тиындарды үсті-үстінә қосып, көбейткендегісі ғой.

Енді сол ақ түйіншекті қолына ұстап аз-кем ойланып тұрды да, шифоньердің жоғарғы қуысына көрінетіндей етіл қоя салды. Алла тілегіне жеткізіп, о дүниеге аттанып жатса, басқа тапласа да бұл түйіншекті Ақнұр жәңгесінің оп-оңай-ақ тауып ала қоятынына құмәні болған жоқ.

Тап осы сәтте «қазіргі заманда мұрдені шығарып бара жатқанда соңынан тиын шашу әдеті бар ма?» деген ой тағы да сап етіп есіне түсе кетті де ол терезеден сыртқа мағынасыз қарап аз уақыт менірейіп тұрып қалды.

Шырайдың үй-іші әлі жатпаған екен. Шал кіргенде көліні пеш түбінде Әліқұлдың ойынға киетін шалбарының тізесіне жамау салып, ұлдары дәңгелек столдың екі жағында сабақтарын оқып-жазып отырды.

Тұнделетіп Алдиярдың кіріп келгені олар үшін оқыс оқыға болды. Қуанудан гері шошынуы басым күйде балалар ұстап отырған қалам-қағаздарын тастай беріп, жапырласа есікке қарады да, Шырайдың өзі де жамап отырған шалбарды жинастыра салып, бір қолымен қара жіппен сабақталған инесін жоғары көтерген күйі, екінші қолымен жаулығының ұшымен аузын қымтай отырып-ақ балаларына: – Аталарыңың қолын алмайсыңдар ма? – деді өзі де орнынан тұрып, сәлем жасай беріп.

– Бәрекелде-е, – деді Алдияр орындарынан таласа тұрып жапырласа қолдарын созып жатқан Әліқұл мен Бейсенге.

– Көп жаса-а... келін шырағым, – деп Шырайға да ризашылығын білдірді. Дегенмен шал абыржулы күйде еді.

– Менің тұнделетіп жүргенім-м... Келін шырағым-м...

– дей бергенде төрде қатар ілулі тұрған Байшұбар мен Шертайдың суретіне көзі түсіп: «Бұлар қайдан шықты? Қайсыбір жылы келгенімде бұл сурет жоқ сияқты еді-ау» деп таңданғандай болып тұрып, соншалық ықыласымен емініп қарағаны...

Суретке осылай таңданып қарауы баяғыда бірінші класты бітірген жылы совхоз орталығына барғанда кеңсе жаңындағы қаз-қатар ілінген партияның саяси бюросы мүшелерінің суретін алғаш рет көргендегідей болған-ды. Аузы ашылып, әр суретке өкшесін көтеріп тұрып қарап еді-ау сонда. Таңданған себебі «Жұздері күн тимеген, шаштары әдемі тараптан осындай реңді кіслер де дүниеде бар екен-ау. Сонда олар қандай қалада тұрады» дей беріп, олардың аппак жүздеріне де қызығып, «суретке түсерде бұлар үстепінен әтір сеуіп, беттеріне вазелин майын да жаққан шығар-ау» деп те ойлаған. Бөріне бірдей қара кастем, ақ көйлектің дүкеннен табыла кеткені ме, «ойпырмай сонда үнемі көлен-кеде жүре ме өздері» дегенді де ойлаған. «Еккен егістерінің басына да бірде бір рет бармайтын болғаны ғой... Тіпті егісті бұлар екпейтін де шығар...»

Содан кейін таңданыспен қарағаны осы Байшұбар мен Шертайдың суреті болар-ау... Өкшесі де көтерілуге аз қалды. Жоғалып кеткен жандардың бет-бейнесі де қоса жоғалтында болып, енді ұмытылып жүргенде екеуінің бірдей алдынан шыға келуі Алдиярды таңдандырумен бірге қатты қуандырды да. Қуануынан шығар «Айналайындар-ай» деп ішінен қатты елжіреп тұрып күбірледі. Көңілі де босап, көзіне жас келді. Келін де, балаларды да ұмытылып бір аттап, сол суреттерге жақындаған берген сәтте өксіп жылағысы да келіп, өзін-өзі әзер тоқтатты. Байшұбардың үстінде қара кастем, ақ көйлек, суретке түсерде шашын да жылтыратып жұнттай етіп тараған екен. Шамасы вазелин майын жаққан ба деп те қалды. Мойнында галстукі де бар. «Ойпырмай мұны қайдан тауып, мойнына байлап жүр» деп Байшұбардың галстук таққанына айрықша мән бергені.

Шертайдың кастемі де, галстүгі де жоқ. Көйлегінің де қанша жыл киілгенін кім білсін, жағасы да алқам-салқам, қыржым-тыржым бірдеңе, үйқыдан жаңа оянғандай шашы да үйпа-түйпа. Бірақ қашанғы әдетімен езуінде құлкі, көзінде мейірім. «Құдайым-ау, өзі егін суарып жүріп түскең бе, өлде дариядан балық аулап жүріп...» дей беріп Шертай дәл қазір жанында тұргандай... көңілі де босап кетті. «Кеке-е» деп ауылда жүрген кезіндегідей арсаландаپ келіп, екі қолын бірдей ұсынардай пейілде көрінді ме-ау, немене-е, «айналайыным-ай!» деді тағы да оның мейірім толы көздеріне үңіліп тұрып.

Жылағысы келіп тұрып-ақ тағы да жыламады. Бұл Алдиярда сирек болатын қаталдық еді. Бірақ жаны егіліп тұрды.

Өлден уақытта барып үй ішіндегі өзге жандарды енді есіне алғандай кейін бұрылып тұрып – Байшұбар мен Шертайдың суреттерін жасатқандарың, тेңлеріңе іліп қойғандарың қандай жақсы болған – деді кемсендеп тұрып.

– Төрлетінің ата, – деді Шырай төрге асығыс түрде көрпеше жайып жатып. Сейтіп жүріп те аузын жаулығының ұшымен қайта-қайта қымтай бергеніне қарап «Келіннің аузының қисайып қалғаны рас болды-ау, шамасы» деп ойлады Алдияр ішінен.

Алдияр төрге шыққан жоқ.

– Төрлеткенде-е шырағым, менің шаруам есік аузынан-ақ бітетін... Тауықтарыңың ұрланғанын есітіп едім. Менің тауық кетегімде он үш тауық бар... Соларды ал-л... Шырағым ала ғой... Ертеңен бастап сол тауықтар сенікі...

Шал осылай дегенде Шырай түгілі сабактарын оқып, жазып отырған балалардың өздері де таң қалысып, оқып, жазып отырған кітап, дәптерлерін тастай салып, Алдиярга қарай қалған. Бұл таңданыс ойда жоқта он үш тауық сыйлаған кісінің хабарына қуанудан да емес, «Осы шалдың ақыл-есі қалай еді?» деп таңданумен бірге жүздерінде өлде-қалай үрей де бар секілді.

Шырай жауап қатқан жоқ. Оның да жүзінде естіген сөздеріне сенер-сенбесін де білмегендей, қайран қалған жаңыңың кейпі бар еді.

— Қасқа сиырым жақында бұзаулаған, — деп шал әңгімесін одан әрі жалғастырды. — Сол сиырды да Бибітай келіп, иелік еткенше, сауа бер, шырағым. Сияқұл келінге де сауған сүтіңен беріп тұрарсың. Шырағым менің қолымнан келгені осы ғана. Қалғанын Алладан сұрандар... Аллаға жалбарыныңдар-р... Таңертең үйге келерсің... Тауықтарға-а... сиырга-а... иелік етерсін.

Осылай деп шал сыртқы есікке қараій беттей беріп, саусақтары ербендей, есіктің тұтқасын іздең тұрып та төрде ілулі тұрған Байшұбар мен Шертайдың суреттеріне бұрылып тағы бір рет қарауды ұмытқан жоқ.

Состиып, үнсіз тұрып қалғанына ыңғайсызданған Шырай осы кезде барып: — Нан ауыз тисеніз-з, — деп қалды, босағадағы көне шкафтың ішінен ораулы дастарқанын ала жүгіріп. Сөйтіе жүріп те Шырай аузын жаулығының ұшымен жасыра журуді ұмытқан жоқ.

— Нанның ауыз тиейін, шырағым. Нанның жолы үлкен ғой, — деп тізесін бүге беріп шал таба нанның шетінен омырып, бір түйірін аузына салды. Сосын тұрған қалпы қубірлеп бата жасап, соңынан екі алақанымен бетін сипады.

Шал бетін сипаған кезде Шырай да, дөңгелек столды ортаға алып отырған екі бала да беттерін сипады.

— Айтпақшы-ы, — деп орнынан тұра берген Алдияр ішкі қалтасына қолын салды. — Енді болмағанда ұмытып бара жатқанымды қарашы — деп газетке ұқылтап оралған ақшасын ұсынды.

— Шырағым, мұны да Бибітайға берерсің.

Шырай ізет сақтап «Бұл не, ата?» деп сұрамады. Шал да «Қызыма сақтаған ақшам еді» деген жоқ.

— Келін шырағым, түсіндің ғой, — деді енді Алдияр бір аяғын табалдырықтан шығара беріп. Бірін түсініп, бірін түсінбей тұрса да:

– Түсіндім, ата-а, – деді Шырай басын қайта-қайта изеп тұрып. – Жасаған жақсылығыңыз Алладан қайтсын.

Осы ықыласымен-ақ Шырай шалдың аманаттарын түгел орындауға өзір екенін, таңтерен барып бұзаулы қасқа сиыр мен кетектегі тауықтарға иелік ететінін де аңғартқан.

Алдияр ішкі есіктен шыққан соң, сыртқы есікке жетерге дейін әлсіздеу жарық қойылған ауызғы бөлмеде өзі де жиі кіре бермейтін үйдің жолында тұрған әлденесін басып, қағып кетіп, бұлдіріп жүрмейін дегендегі аяқтарын абайлап басып жүріп, ақыры сыртқа шықты-ау.

Ойындағысын жүзеге асырған, әлде көлтен құтыла алмай жүрген қарызынан құтылған жандай (тіпті жартылай қаранғы бөлмеден аман есен шыққанына қуанса да өзі білсін) сыртқы есіктен шығып алған соң әдейі тоқтап тұрып, ауыр дем алды. Бойы женілдеп қалғандай сезінді.

Келесі соқпақ үйі Тоқашбайдікі болатын. Бір жақсы жері Тоқашбайдың өзі сыртта жүр екен. Ана бір жылғы ішіндегі малымен бірге малқорасы өртеніп кеткеннен кейін де оған мал біткен. Ағайын-жеюқаттарының қолынан келгені бір қарадан, «Жағдайымыз осы ғана» дегендегі қой, әлде ешкі жетелеп келгенде Тоқашбай жаудай сасып, тоғайдан ағаш, жыңғыл тасып, қайтадан малқора соғып өуре болған. «Аталаспыз ғой, осы тұста мен де демейін» деген ниетпен Алдияр да туажақ бір қашарын жетелеп әкеліп, қазығына байлаған-ды. Жасаған жақсылыққа кішіреймейтін жан бар ма, тәйірі... Содан бері Тоқашбай мұның алдында қол қусырып тұрмаса да, бір жағы кішілігін сақтап жік-жапар көңілмен ұшырасатын.

Қазір де емпендей келіп, қолын алды.

– Алдеке кештетіп жүрсіз ғой?

– Жүррейін деп жүресің бе? – деді Алдияр самарқау үнмен.

– Жайшылық па?

– Мен де қара сиырымды былтырғы бұзауымен алдырыдым ғой.

— Со-лай деңіз... бәссе-е.

«Бәссе-е» деген сөзімен Тоқашбай әлденені аңдағанын сездірісі келді ме, «Негып мал үрланбай кетті деп ем-ау» дегендей – дағдылы бір сөз айтқысы келді ме, әйтеуір, аржагы күмілжігөн жұмбақ күйінде қалды.

— Тауықтарды Шырай келінге бердім. Қасқа сиырды да сол келін саяу тұрады. Атым бар... қой-ешкілерім мен итім бар... Оларға өзің бас-көз боларсың. Сосын Бибітайға табыстарсың.

— Өзіңіз жол жүрмекпісіз? – деді Тоқашбай шалдың «Бибітайға табыстарсың» дегенін түсінікіремей.

— Жүремін-н, – деді Алдияр бәсекен дауыспен.

— Сиырларыңызды іздемексіз бе?

— Сиырларымды іздеймін... Басқаларын да іздеймін. Осы ауылдан соңғы жылдары жоғалып кеткен мал-жанды түгел іздеймін.

Өрине түн ішінде Алдиярдың жүзі Тоқашбайға анық көрінген жоқ. Бірақ мына сездерін әлдененің шалығы тиғен жанның сездеріне ұқсатқанымен кішілік жөнімен одан әріге бармады. Құдігін де сездірмеді. Бар болғаны:

— Таңертең соғамын ғой, – деді жуас үнмен.

Енді Алдияр кібіртіккеді. Кібіртігінің себебі: «Бәлкім таңертең мені үйден таппассың» дегенді айтқысы келіп тұрып-ақ айта алмауынан еді.

Үйіне қарай келе жатқанда Алдияр өзін көнілді сезінді. Денесі де жеңілденіп кеткендей, тез жүріп келе жатты. «Бүгін, яки ертең өлемін» деп тұрған жанда осындағы көңілділік болады деп біреу айтса сенбес еді. Асығып келе жатып дария жағасындағы қауындығына қазір-ақ тартып кетуге шешім қабылдағанда да ол өзіне өзі өте сенімді еді. Тек «Телефон соғып, Бибітайыммен бір ауыз қоштассам ба екен?» деген ойдың төнірегінде ғана әрі-сәрі болды. Әуелі қалайда қоштасқысы келді. Сосын арада аз уақыт өткенде тағы да қоштасқысы келмей айнып қалды. Ақыры соңғы

шешімі жеңді. Өлер алдында жылап-сықтап өзін босатқысы келмеуінен бұрын «Бибітай мениң өлімім кедергі жасап жүрер» деген құдігі де болды.

...Әншейінде құлагына сұп-сұық есітілетін өлімге ықыласты бола қалуының тағы бір себебі бар секілді.

Жұрқа марқұм өлер алдында тәсек тартып ұзақ жаттығой. Құдайым-ау, бір жыл жатты ма? Әлде бір жарым жыл. Сонда ауыл шалдары кейде жиналып, кейде бөлек-бөлек аптасына екі рет, кейде күнәра дегендей оның көнілін сұрап тұратын әдеттері бар-тын. Сонда Алдияр көбіне Пірәлі ағасымен бірге барушы еді.

Қыстың қақаған аязында барғандарында, бұлармен бірге есіктен қосыла кірген бірқұшақ сұық аязды жақтырмaganы ма, әлде «Неменеге осылар келе береді?» деп өздерін қаламағаны ма, Жұрқа жүзін теріс бұрып жатып сейлескені.

— Әй шал, қашан өлесің? — деп келіп отырған шығарсындар-ау. Мен де өлмейін деп айламды асырып жатқан жоқпын. Өлгім келіп-ақ жатыр... Ал енді сен екеуіңе ағымнан жарылайын... түсімде әкем Кейқуат атымен түсірлетіп үй жанына келіп тұрып «Қазір алып кетсем, мынадай қақаған қыста батаға келетін жүртты да, қызметші болар ауылышында да абыржытасың ғой... Көктем де шығар... Күн де жылышында... сол кезде соғармын» деп атына мінгестірмей кетті. Мен жана ақ көйлек-дамбалымды, сыртынан шапанымды киіп, түлкі тымағымды қолыма ұстап дайын-ақ тұр едім... сол түлкі тымағымды қолыма ұстап қойып қойдым. Ал енді шыдамдарын жетсе, көктемді қутесіңдер... Менің ботқам көктемде пісетін болды...

— Жүреке, сізді қашан өледі екен деп, асығып жүргеніміз жоқ. Қайта сізді о дүниеге қимай жүрген жайымыз бар, — деп Пірәлі шын туыстық пейіл танытқандай болып еді, бәрібір Жұрқа жүзін жылытпады.

– Е о дүниеге қимайтындаі, менің қай сиқым, қауқарым қалыпты?

– Көнілімді келіп сұрамады деп ағамыз өкпелеп жүрмесін деп... – дей берген Пірәлінің сөзін Жұрқа тағы да шорт үзді.

– Ойпырмай енді көктемде-е деп уәдемді беріп жатырымын ғой. Бір аяғы төрде, екінші аяғы көрде тұрған шалдың сөзіне де сенбейсіндер ме?

– Сенуін сенеміз ғой Жүреке-е... Әйтседе амандағынызды да тілеп дегендей.

Бірақ Жұрқа көктемде де өлген жоқ. Шал өлмеген соң Пірәлі мен Алдияр бір жағы амалсыздан, көнілін сұрауға үйіне тағы кірген.

Шалдың қыстағы жұзін ғана теріс бұрып жатқаны да айналайын екен, бұл жолы көдімгідей теріс қарап жатты. Бірақ сейтіп жатып-ақ: – Бұл қайсың-әй? – деді қарлықкан дауысымен жаратпай үн қатып.

– Біз Пірәлі-і... Алдияр деген іні-ілеріңіз-з...

– Пір-рәлі дейді... Ол қайсысы еді тағы да. Е әлгі кімнің баласымен деші... Кімнің... Есіме жаңа түстіндер ғой. Ия Алдияр-р дегені де ббар еді ғой. Ойпырмай тағы келдіндер ме? Көктемің де бітіп, жаздың тәбесі көрінді. Енді неге өлмей жатырсың демексіндер ғой.

– Жүреке, құдай сақтасын... Біз жай ғана... ағайындық көнілімізben хал-жайынызды білейік деп... Құлан таза жазылып құлыштай ойнап кетсеңіз көнеки... – деп Пірәлі үйреншікті жорға әңгімесіне сала беріп еді, Жұрқа тағы да оның әңгімесін шорт кесті.

– Осыдан екі күн бұрын түсімде әкем Кейқуат атымен түсірлетіп үй жанына тағы да келді. Үстіме жаңа ақ көйлек-дамбалымды киіп, тымағым мен шапанымды қолыма ұстаган мен мінгесе кетуге оңтайлана беріп едім «Әй балам, үй-ішің сенің пенсияңмен ғана күнелтіп отыр екен ғой. Сені мен алып кетсем, ертеңіне пенсияң тоқтайды екен. Сонда

балапандай шүпірлекен немерелерің не ішеді... не жейді... Ержетті, соқталдай азамат болды деп жүрген балаң жұмыссыз жүр екен... Және ол балаң кірісе кетер жұмыстың төбесі өзір көрінбейді де екен»... деп атының сауырына қамшысын бір салып, жүріп кеткені...

«Ой әке-е... пенсиям тоқтап қалады екен, немерелерім сосын не ішеді, не жейді деп осылай жүре беремін бе... Құдайға шүкір, үйде бір сиыр мен бір бие бар ғой» деп соңынан жүгірген болып едім, әкем қайрылмады.

«Берекесіз, өзінді ғана ойлайсың...» деді кетіп бара жатып. Бар болғаны осы. Тымағым мен шапанымды қолтықтап тағы да қала бердім.

Осыдан жаз шыға ол шал тағы бір соғар-ая, егер сол жолы атына мінгестірмесе... ісім әкем Кейқуатпен болсын... – деді Жұрқа теріс қарап жатқан күйі кікіне сөйлеп. – Әкемді аттан жұлып алып, орнына өзім отырсам мына жұрт «Әкесінен атты тартып мінді, әдепсіз екен» дей ме? Десе десін-н.

Екеуди сыртқа шығып, үйлеріне беттеп келе жатқан кезде: – Ойпырмай, мына кісінің әруақ болып кеткен атамызға кікініп жатқаны, – деп Алдияр өзінше күңгілдеген болып еді, Пірәлі күрсініп: – Ағамыздың бар ықыласы ана дүние... Бізде керек те етіп жатқан жоқ, – деді мұнұлы үнмен.

– Расында бізге оң қарап жүзін де бүрмады ғой.

– Мен саған не деп тұрмын, – деді Пірәлі қатқылдау үнмен, – Шал бүл жалғанмен қоштасып қойған.

– Бәсеке-е, – деді Алдияр бірауық аспанға аңыра қарап келе жатып. Шынтуайтына бақса – сол жолы Алдияр Пірәлінің «қоштасып қойған» деген сөзін аса түсіне де қоймаған еді. Және түсінуге де аса тырыспаған. Енді ғой бәріне де қолмен қойғандай ұғынып отырганы.

...Ақыры сол жылдың жаз ортасында қайтыс болған Жұрқа ағасы туралы осы әңгімені Алдияр кешелі бері екі рет есіне түсірді ме, өлде үш рет...

Үйіне кіріп, жарықты жағысымен, етігін шешпестен Женя тастап кеткен газетке ораулы етті көтеріп сыртқа қайта шықты да, иткетектің алдына апарып қоя салды. Ет исін сезген ит түн жарымында ет өкеліп берген иесінің осы ісіне таңырқағандай иесіне бір, етке бір қарап аз-кем бұғып жатты да, Алдияр үйге қарай бұрыла бергенде-ақ атып шығып, оралған газетті олай бір, бұлай бір жұлдып тастап, етке бас қойды.

Шал бірауық жайдақ диванына отырып, «Кісінің өлерде жаңа киім кигені дұрыс па, әлде ескі киімімен-ақ өле берсе де бола ма?» деген сұраққа қана басын қатырып отырғанда, кенет «Осы мен неге өлемін... Өлемін...дей беремін... Ау ұрылардың мекені болған кешегі қойнауға қос ауыз мылтығыммен барып, Құдайым-ау, соларды түгел қырып салып, о дүниеге сосын неге аттанбаймын? Тым болмаса мына ел үш ұрыға азаяды ғой. Бұл іс – дарияның бойындағы қалың тағайды ықтап отырған кішкентай ауыл үшін ғана емес, жалпақ ел үшін еткен еңбегім болмай ма? Осы ақылдың таңертеңнен бері басыма бір келмегені... қалай-ә... Тіпті кеше неге-е?» деп ойлағаны.

Шал ашулы қалпы апыл-ғұпты ауызы ғұлмеге шығып, қос ауыз мылтығы мен ораулы патрондарын іздеп, оларды тапқан кезде, шаңын сүртетін шүберек іздеп сипаланып жүріп, бәрін тапқан соң, артынып-тартынып қайтадан ішке кірді.

Мылтығы мен патрондарын сүртіп, тазалап отырып: «Осы қазір барып, мәнің сиырларымның етіне тойып, тырайып-тырайып жатқан жерлерінде жайлап салсам...» деп ойлады да, «Түннің жарымында қойнауға барамын деп жүріп, өзім жол-женекей бір шұқырга сүрініп құлап...» деп тағы да ол ойынан қайтты.

Мылтығын екі патронмен оқтады да, екі патронды бөлек қойды. Төртінші патронды өзіне арнағандағысы еді. Со-сын үйінің төбесіне қарап мәңгіріп отырып, теледидардан күнделікті көріп жүрген хабарларды да есіне алып «Осы

елдің ұрылары күн сайын көбейіп жатыр ғой. Мүмкін мен барғанда олар үшеу емес, бесеу болып отырар» деді де оқ дәрі салынған тағы екі патронды қосып алды.

Бір ойлап ұйықтаған секілді... екінші ойлап ұйықтамаған да секілді болып... әлдеқайда әлденеге елеңдеген елірмелеу көңілмен танды да атырды-ау.

Ескі қупейкесін киіп, қалтасына артық патрондарын салып, мылтығын асынып, құлақшыны мен етігін босағада тұрып киіп, Алдияр сыртқа шықты.

«Елең-алаңнан үйден ұзап кетемін, ешкім мені көрмей де қалады» деп ойлаған ол таға дейін ұйқы орнына қалың тұмандай басқан көп ойлардың арасында жатып. Пәлеге иті мен мысығынан қалды. Екеуі де бірдене біліп алғандай, шал мылтығын асынып, тамын айналғаннан-ақ жарыса ерсе болар ма? Екеуіне күңк-күңк ұрсып, кезек-кезек кесек атып жүргенде мысығы зытып үйге қашты да, иті қалмай қойды. Үш-төрт жұз қадым жерден-ақ басталатын қалың шенғелжыңғыл аралас тоғай шетіне кіргенше үрганын да, ұрысқанын да тыңдамай ерді де отырды. Шал тоғай шетіне ілігіп, бойы жасырынған соң таяқ лақтырып, жекіріп-ұрсып жүріп өзөр қалдырыды-ау. Бүйтіп қалдырғаны да бар болсын, Алдияр қойнауға қарап бет түзеп, ну жиде мен шенғелдердің арасына кіре бергенде-ақ итінің ұлыған дауысын естіді. Және естіген жанның қүйқа тамырын шымырлатар қандай аянышты дауыс еді... Әлде шалдың құлағына осылай есітілді ме, кім білсін. Мына дауыстан кейін Ұзынарықтағылардың әлі де үйықтап жатқандары амалсыз оянған шығар, ал енді намаз оқимыз, мал жайғаймыз деп оянғандары болса, Алапардың ұлыған дауысын есітіп «Иттің таң атпай осынша ұлығаны несі? Бұл жақсылық емес қой...» деп кәлештерін аяқтарына бірі оң, бірі теріс киіп, құмандарын көтерген қуй тұрып, тоғай жаққа асығыс бұрылып қараған да шығар ау.

Ит қана ұлыған жоқ, итпен бірге бүкіл тоғай ұлыды. Қалайша тоғай ұлыды демесін, ана шеті мен мына шетіне ат шаптырсаң жете алмас қалың тоғайдың бүкіл құстары у-шу

болып аспанға көтерілді емес пе? Көтеріліп қана қоймай сол улап-шулаған күйлері бірауық көkte ұшып жүріп алғандарын қайтерсің.

Енді сол көп құстың дүрліккен үнімен алақандай Ұзын-арық ауылының аспаны ұлыды. Дәл қазір шал қойнауга жетуге емес, ұлыған, шулаған дауыстан қашып, ол қашқан сайын у-шу қүшейіп, бейне соңынан қуып келе жатқандай.

Әлде өзіне осылай сезілді.

Ол тоғай арасының жолкедергі болған шұқанақтары мен өткен жылдан қалған қалың шөп арасынан қаракөлеңке шақта кейде білініп, кейде білінбейтін томар-томашалармен бейберекет шашылған бұтақтардың арасынан аяқтарын абайлап басып келе жатып қатты толқыды. Сонын кемсөндеп жылады... «Жарықтығым-ай, бірденені сездің-ау, бүгінгі күні жақсылық болмайтынын ішің біліп тұр-ау» деді итінің осыншалық қасиетіне қайран қалып. Қайран қалатындағы да бар еді. Шекеркүл марқұмның өлерінен үш күн бұрын осы Алапары (ол кезде тіпті күшік кезі еді-ау) қыңыслап Алдиярдың аяғына оралып тұрып, талтүсте-ақ ұлығаны бар. Күшігінің оқыс мінезінен шошып кеткен бұл оның мойнынан құшақтап, жұбатпақ болғанда көзінен парлаған жас көріп, денесі мұздап кеткен-ді. Күшігінің көзінің жап-жасыл екенін де (әлде бар иттің көзі осындай бола ма, оны да білмеуші еді) алғаш сол жолы аңдаған. ... Үш күннен соң Шекеркүл дүниеден қайтты.

Итін осынша ұлытып кеткені көнілін қанша толқытса да Алдияр бәрібір алған бетінен қайтқан жоқ. Тіпті әйелінің өлімімен біткен сол оқиғаның қайта есіне тұсуі де оны жібітпеді. Жібітпегені ғой іштей қанша аландаса да, итіне бұрылмағаны... Осы қаталдығы оның біреуді өлтіруге бет алған жанға шын ұқсаған жері еді. «Ием біреуді өлтіруге бара жатыр» деп те осынша ұлығаны несі?» деп іштей итін кінелгады да.

Ақыры қойнаудағы өлшек-там анадайдан көрінді-ау. Бірақ маңайында жан баласы жоқ. Бір іздегені Пижоның

екі аяқты мотоциклі мен Жалтыр Қара – Барақбайдың женіл машинасы еді. Олар да ізім-қайым. Өлшек-тамның тақтай есігі жабық түр.

Шал бұл жолы қалың жапырақты ағаштарды паналап, алыстан қараган жоқ. Есік аузына дейін жетіп барып тыныстады. Тым-тырыс. Әлгіндегі шуылмен оянған тоғайдың әртүрлі құстары ғана өлі де көңілдері байыз таппағандай анда-мында ұшып жүр.

Алдияр есікті ашты. Іште де ешкім, ештеңе көрінбеді, сүп-сүзық болып үнірейіп түр. Қабырғаға тақап құрылған пеш үстінде қазанға бергісіз үлкен кастрөл, отқа қақталған шәугім... Пеш жанында балта мен пышақ, кесе-тостақтар бірнеше қабат етіп төсөлген газет үстінде рет-ретімен жиналған. Ескі тақтайлардан жасаған сөре үстінде жұлымжұлымы шыққан текемет пен көрпелер жатыр.

Бұл сөре өлшек-тамда баяғыдан болатын. Балықшылар жан-жақтан келіп балық аулайтын замандарда Алдияр да соларға көмектесіп жүріп, осы серенің үстінде талай рет жантайып жатып, балықтың сорпасын ішкен. Түнеген де кездері болған. Жаңылмаса осы серенің астында ұра да бар. Онда балықшылар қармақ, керме торларымен бірге сойылып тұздалған балықтарын, артылған ас-ауқаттарын сақтайтын. Алдияр ойланып жатпастан бір тақтайды шетінен көтере беріп еді, сол ұра үнірейіп шыға келді.

Шыға келген ұраның ішінен, қара сиыр мен оның былтырғы бұзауының бастары көрінді. Жанында қойдың, ешкінің бастары да жатыр. Әртүрлі арақтардан босаған шөлмектер де осы арада.

Алдияр бірауық үнсіз тұрды. Ұраның бетін қайта жабуға асықкан жоқ. Сиыры мен бұзауының бастарына қарал тұрып ойлады. Кеше таңертең сойған... Кешке дейін сойылған еттен пісіріп жеген. Тойлаган. Кеше кешкі апақ-сапақ кезінде жолға шығып кеткен. Бәлкім Түркістанның базарына...

Женяның кешегі өзіне соққан мезгілін жол сапарларына жүрер алды деп шамалады.

Шал көтеріп тұрған тақтайын енді тастай салды. Сойылған сиырларының басын көруі оның көніл-күйін мүлдем өзгертіп жіберді. Дәл қазір ашудан тұтігіп тұрып, өлшек-тамға ентелей тұрған мыйрық-сырық төфай ағаштарына қарады. Сосын иығындағы қосауызын алып, солай қарай кезенди. Басы қалт еткен біреуді көрсө-ақ атып салуға әзір тұр. Тіпті ол адамның ендігі жерде ұры болуы да шарт емес сияқты. Қанғырып жүрген аң немесе жайылып жүрген мал болса да... Бірақ ешкім де, ештеңе де көрінбеді. Ашудан қаны қайнал тұрғанда кезенген мылтығын гұрс еткізіп бір ату да арман екен-ау. Шығыстан соққан болмашы леплен сыйбыраған жабайы ағаштардың көк-жасыл жапырақтарынан басқа... ешкім, ештеңе жоқ.

Шал мылтығын кезенген күйі өлшек-тамды айналды. Үй сырты қамысты қойнау. Былтырдан қалған ескі қамыстар су бетінен әр жерден сарғайып шошаяды. Біразы құлап жатыр. Борыққа айналып, су бетінде қалқып жүргендегі де бар. Аржағы-жарқырап аққан дария. Дарияны да былтырығы жаздан бері көрмегендіктен болар арнасы толып ағып жатқанына Алдиярдың бір сәт көнілі орнықандай болды. Тіпті осы көрініс оның ашуын да басқандай.

Баяғыдан өзіне таныс жар қабақтың қия жолымен төменге түсті де, шылп-шылп етіп жағаға соғып жатқан суға жақындаған соң барып, мылтығының құндағын жерге тіреді. «Көксарайдың сүйін жіберген екен-ау» деп ойлады ол ағысқа үнсіз қарап тұрып. Қайсыбір жылы дарияның сүйі тартылып, түбіндегі жылап аққан бір арық қана суды көріп қатты қамығып қалған. Енді шүкіршілік етті. Бір сәт ұрыларды ату туралы ойдан да арылғандай.

Жағада екі қайық тұр екен. Бұлар да баяғы балықшылардан қалған мүліктер. Бірақ күтімсіздіктен қаңсып, ес-кірген. Ескектері де сынып, әлде шіріп, көнерген соң, жалтыраған қаңылтырмен оралып, жіппен, сыммен байланған бірденцелер.

Оң жағына бір, сол жағына бір қарай беріп, Алдиярдың

көзі жағадағы киіз үйдің орнындағы жерді алып тұрған сәмбі талға түсे беріп, қалшиып қалғаны.

Қалшиған себебі – баяғыда совхоздың әртүрлі шаруашылық істерімен күн демей, түн демей анда да, мында да шапқылап жүретін жас кезінде, көктемде тауға малшыларды көшіріп жүріп, өзен жағасының сәмбісінің бір бұтағын ала келіп, осы қойнауға отырғызғанда, қармақ құрып жүрген балықшылар «Таудың сәмбісі сырдың топырағын жерсінбейді. Бәрібір өспейді» деп таласып, соңы басекеге айналып, арада бір жыл өткенде арпа ішіндегі жалғыз тал бидайдай, сұлулығымен де, нәзіктілігімен де тоғайдың өзге ағаштарынан бөлектеніп тұрған жалғыз тал сәмбіні көргенде бәрі таңданысқан, бәстескендері женілістерін мойындаған.

Құдайым-ау, сонда женілген балықшылар екі бөтелке, өлде үш бөтелке арақтың аузын ашып, осы қойнауда ел көшіргендегі дуылдасып, құрған қармақтарына шабуға келген балықтарды үркітіп еді-ау.

Содан кейін де бір-екі рет келгенде сәмбі бұтағының шашын өрген қыздай болып өсіп кеткенін көріп қуанған.

Енді міне мың тарам шаштай болып, сол бұтақ талға айналып киіз үйдің орнындағы жерге жайылып жатқаны. «Мениң осы тұрған қойнауға келмегеніме қанша жыл болғаны?»

Алдияр анығын есіне түсіре алған жоқ. Бірақ балаша елпілдеп қуанып тұрды. Қуанғаны ғой – кенет сымдай нәзік бұтақтары иіліп келіп, суға малшынып жатқан сәмбі талға алысырақтан, дария жақтан қарауға құлшынып, иығына ілтіген мылтығының ұшы шошайып жүріп, өзіне таяу тұрған қайықтың шынжырын ағытып, ағысқа қарай итерді де, өзі лып етіп оп-онай секіріп мінді. Қайық есуді де сағынып-ақ қалған еken, ескектерімен қойнаудың сүйін шылп-шылп еткізіп, лезде қайығымен ағысқа жақындал барды да, сәмбі талға қарай қайығын қайта бүрдуды. Қайықпен бірге өзі де бұрылды. Өзуелі отырып қарады... Ескектеріне сүйеніп, орнынан тұрып та қарады. Сосын балаша қуанып тұрған шалдың жүзі кенет сүйді. «Құдайым-ау, мынау сәмбі тал

емес, жылап отырған әйел ғой. Мынау айнымаған Шырай... Сияқұл... Бибітай ғой...» Бибітайының атын құбралегенде шал кемсөндеді. «Құдайым-ау, тауда ғана өсетін сәмбі талдың һәзік бұтағына неге қызықтым, неге осынша ықыласым түсті десем, Ұзынарықтың өңшең жылап отырған, болашақта да жылайтын бақытсыз әйелдеріне, өзімнің Бибітайыма ескерткіш іздеген екем-ау. Ескерткіші не тейірі... Ескерткіш дегенің сұп-сұық тас емес пе? Ал менің мына сәмбім – тірі тал – әйел ғой! Мына заманға, заманды бағып отырған аспанға, ай мен қүнге, ағып жатқан дарияға мұңын шағып, аңырап жылап, мың тарам шашын жайып отырған ана дегеніңіз осы емес пе? Менің Бибітайым емес пе?»...

Тірі Бибітайдың алдында тұрғандай шалдың көздері жасаурады.

«Қызыым-м... Жалғандағы жалғызым... Ризамын саган осы бір беймаза жарық дүниеден қашу деген айланы менің санама жоқ жерден сүйреп әкеліп, үйреткенің үшін!

Алғаш жазған хатындағы «Мен бақыттымын!» деген сөзіңмен мені қуантып едің... Жұбатып едің... Өмір бойы арбаға жегіліп, ыңыршағы айналған бақырауық атанадай болған менен де мезі болған шығар, өмірге бақыт табу үшін келген жас адамды жыл он екі айда болар той-томалағынан өзге тым болмағанда алаңдатар тіршілігі жоқ, дарияның түкпір қойнауындағы біреу біліп, біреу білмес оңаша ауылдан да іші пыспағанда, жерімегенде қайтсін... қапасқа қашанғы шыдасын деп өзімді өзім жұбатушы едім. Сергітуші де едім... Жүргегімнен жұлып, қанымнан үзіп жаратқан перзентім-ау бұл ауылдан сор іздел қашқаныңды, сол сорға адастырмай аппаратын жол іздел қашқаныңды енді сезіп, әзер тусіндім емес пе мен пақыр-р...

Саған еліктеп, еріп қашқанда қайда, не іздел бара жатқанымды да білмеймін. Алла ғана білер... Жаман ақылымның айтқаны – мына дүниеден бақытыңды іздел қашсанда бақыт, бақытсыздығыңды іздел қашсанда бақыт. Солай емес пе Бибітайым? Ендігі жерде ақылды сен менен

емес, мен сенен алсам да жарасады. Айтшы қызыым... Жалғызыым-м... Өлде мен қателесіп тұрмын ба?»

Көңілдегі мұң-шерін айтып ағыл-тегіл жылау да Алдиярдың соңғы кездегі арманы еді... Өзуелі оның батып ба-ра жатқан күнге қарап отырып жылағысы келген. Сосын ауыл сыртындағы бейітке барып, әке-шешесінің моласының басында отырып шерін тарқатпақшы да болды... Бірақ осы ойлағандарының қай-қайсысы да айызын қандырып, мұң-шерін тарқатпайтындаі көрінді... Өйткені оның тірі адамның алдында жылағысы келген. Сонда ойына Бибітай оралған... «Құдайым-ау мені Бибітайдан артық түсінетін, білетін жан осы дүниеде бар ма өзі?» деп бір тоқтамға келгендей болған. Сөйтіп Бибітайының ауылға бір келуін... көруін күтіп жүргендегісі еді ғой...

Жөне аңырап жылап отырғанда Бибітай екеуміз оңаша болсақ екен, менің көз жасымды Бибітайдан өзге ешкім көрмесе екен деген де болмашы тілегі бар еді.

...Сол тілегін Алла ақыры берді. «Бұдан артық кездесу, бұдан артық оңашалық бола ма?»

Алдияр әсем таралған қыздың қолаң бұрымындаі бір шеті дарияның лайсаң суына төгіліп тұрған сәмбі талға перзентіне отыз-қырық жылдан соң зарығып жолықкан әкедей елбіреп-желбіреп, алып ұшқан көнілмен үздіге қарап тұрып, қанша күн басын қатырған, жаңын жегідей жеген өлу ниетінен де айнығандай болды. Бәлкім ұмытты. Тіпті үйіне қайтадан жетіп барып, Бибітайна телефон соғып «Бүгін жет-т... бүгін жете алмасаң ертең жет-т... Қайткенде жет-т» деп өтініш жасағысы да келді. Егер-әки әртүрлі желеу айтып, ырқына көне қоймаса «Ертең жетпесең өмірден, бұл дүниеден жүзінді кермей өтемін» деп қорқытқысы да келді. Сондагы ойы... Бибітай жеңіл машина тауып, зыр етіп келе қалса дария жағасына жетелеп әкеліп, осы сәмбі талды көрсету. «Бибітай жан-ау көрдің бе? Мына тал сенсің ғой, таудағы өзеннен сен үшін әкеліп еккенмін...» дегенді айту. Бар болғаны ... сол ғана.

«Сосын Бибітай келген машинасымен қайтып кете беруі көрек пе?» деп шал өзін-өзі таңдандырығандай тағы бір сұрақ қойып тұрып бірауық аңырып қалған. Еңкейіп тәменен-дегі дарияның ағысына қарады. Енді болмаса дарияға құлай жаздал, ентелеп тұрган жағадағы сәмбі талдан өзге де ағаштарға қарады.

Кенет өзінің әлгі сұрағына жауапты таба қойып:

«Е, Бибітай екеуміздің оңашада айттар сыйыр-кубір әңгімеміз құрып қалып па? Баратын үйлеріміз, амандасатын кісілеріміз бір жаққа ауып кетіп пе? Бибітайым келді. Қызыым өздеріне сөлем беремін деп» – Ақнұр мен Пірәлінің қолын алып, сосын «Бибітайым Байшұбар мен Шертайдың суретін көремін» деген сылтаумен Шырай келіннің де отbastарына кіріп шықса неси айып?

Өзі Бибітайының атқосшысына ұқсан қызының соңына еріп жүрсө, кім сөкет көрер еді? Қайта есіктерінен, терезелерінен сығалап, қызыға қарамай ма? «Бибітай әкесін іздең келген еken-ау» деп...

Алдияр жоқ жерден марқайып, шаттанып кеткендей болды. Ол өмір сұруге қайта құлшынды. Кешелі бері қырық құбылған мінезіне де қысылған жоқ. Арманына жеткен, жеңген (нендей жеңіс екенін де анық бажайламаса да) тілті осы қалпында жарты дүниені өзіне бұрып тұрган кісідей жан-жағына масаттана қарап, паң қозғалып, иығынан ысырылып, тәмен түсіп кеткен мылтығының бауын қайта көтермекке, қайық үстінде тұрганын да ұмытып, сол иығы мен сол аяғын қоса көтере бергенде, аяғының астындағы желқайық тайтаң етіп ауып, шал суға гүмп құлағаны...

Қойнаудың сұы терең екенін Алдияр баяғы балықшыларға ілесіп қармақ құрып, ау керетін кездерде-ақ білген.

Алдымен аңдағаны – ерте көктемнің сұық сұынан денесі қатты тіксінді. Қайығының ернеуіне қолы ілікпеген соң, далбасамен әйтеуір мылтығынан айырылмауға бекінген.

Тұла бойының оқыс тоңазуы – бүгін өлімге бел байлап, осы жерге де өлу үшін келгендігін есіне салды. Бірақ өлім

туралы ойлау мен онымен бетпе-бет келудің екі басқа дүние екенін дे дәл көзір ғана ұғынғандай.

Ол енді өлімнен қорыкты. Дәл көзір адыраң батыр мінез де, ақыл да адыра қалған. Өлімді де, шаттығы мол өмірді де мұрат етпегендей өзгеше сұлық күйде. Бір сәт «мен өзі тірімінбе осы...» дегенді де ойлады.

Тірі секілді. Етік киген аяғы зілдей, бірақ қозғалады. Қолдарының қымылын да сезініп тұр. Айналасы да лайсан, шаңытқан тұман секілді бір-екі рет сол лайсаң суды жұтып, ауа қармап қиналды. Оны да сезінді ғой...

Әзірге санасындағы ойлары да осы дүниенік дерлік. Бірден су түбіне кетіп қалмайын деген далбасамен мылтының бауынан ұстаган күй (мылтығынан айырылмай жүргені ғана ақылына сыймады) су бетіне жан-дәрмен күйде қатты ұмтылғанда, құлақшын киген басы су бетінен бір рет қылтиып, сәмбі талына... Бибітайна... тағы қарады. Бірақ айқайламады. Қорыққандай әлде сасқандай өзгеше дыбыс та берген жоқ. Ендігі андағаны – бәрін жақсы көріп, бәріне елбіреп-желбіреп, елжіреп жүргені де өз көнілі ғана екен, болмаса, басқа дүниенің Алдиярсырап бара жатқаны шамалы секілді. Ет бауыры елжіреп жүрген сәмбі талы да, жағадағы інтиressен өзге ағаштар да, биіктө ұшып жүрген құстар мен ақшаңқан бұлттар да бей-жәй... Шалдың қашан, қалай өлерін күтіп қызықтап тұрғандай. Түсі ақшаңқан демесен, бұлттар да сұп-сусық, әлжуаз жапырақтары желмен тербелген ағаштар да мелшип тұр.

Судың ғана емес, мына дүниенің сұықтығынан шошынғандай шошақ сақалын шошаң еткізіп басын қатты бір шайқады да, шал су түбіне қайта батты. Бір-екі рет су жұтып, мағынасыз жанталасулардан әлсіреген шақта Алдияр кенет Бибітайның үнін естігендей болып аз-кем танырқады. Және қызының бала кезіндегі дауысын: әйелі қайтыс болған жылды қауындық басына тігетін күрке мен шартқа деп түзу ағаштар іздел қызын ертіп тоғай аралап жүргенде бір-бірінен адасып, көп әурешіліктен кейін Бибітайның дәл

осы дауысын естіп, тауып алған. Табысқан сәттерінде де өксік әкпесімен бірге ет бауырын елжіреткен осы дауысы көңілінде біржола қалып қойып еді ау. Кейінректе түсінде Бибітайынан әлденеше рет адасып қалып, осы дауысын танып, тауып алыш жүрді.

Кенет қызының дауысы итінің қатты ұлыған мұңлы үніне ұласып кеткені... Әлде осы дауыс әуелден ақ итінің ұлыған үніме еді? Шал шатасты.

Көпшілік бас қосқан жерлерде сөзшендер бұл дүниенің жайын бітіріп, о дүниенің қамын әңгімелеп кеткен тұстарда «адам өлгенімен жаны өлмейді екен, ол жан тағы бір адамға, әлде мақұлыққа беріледі екен» деген әңгімені Алдияр да әлденеше естіген. Естігені сол, тубінде болар сол о дүниелік те жағдайын ойлап, қырық түрлі қиялдың жетегіне еріп кеткен сәттері «құдайым-ай, менің де шыбын жаным әйтеуір біреуге берілер-ау, солай бола қалған күнде көзіргідей үйім, мал ұстайтын қора-қопсым болса екен. Сонда арманым болмас еді... Алла осы тілегімді жеткізе алмаған күнде қайтадан Алдияр есімді момынбас жан бола қоймасам да сол үй мен қора-қопсыны құзетіп жүретін тым болмаса Алапардай ит болғанда нем кетті» деп те ойлап, әйтеуір үйренген қора-қопсысынан ұзағысы келмейтін пейілін көп-көп қиялмен алдайтын.

Дерияның топырақ татыған лайсаң сүйін тағы бір жұтып, лоқсып, әлсіреп, аяқ-қолдары әншайін ербендереп қалған сәтінде «шыбын жаным сол итке берілсе (беріліп те қойған-ау шамасы деп те ойлады).» Өйткені иттің дауысы қай тұстан естілгенін де аңдай алмай мең-зең күйде ұзак дағдарып, ақыры: «үн өз кеудемнен, аузымнан шығып тұр екен-ау» деп ойлаған. Бірақ ол өз ойына анық сенген де жоқ. Итінің де қолайсыз жағдайға ұшырағанын сезінгенімен сүйікті Алапарын ойлауға мұршасы да болмады. Санасы шата-сумен бірге өзі жек көрген, жек көргендіктен де әлденеше рет безініп те, қоштасып та ұлгерген жалған жарық дүние үшін қайта қүрескендей хал кешіп, аяқ-қолдарын бағытсыз,

мақсатсыз ербендең тіп жатты. Алдияр өзін бақылыққа қылышына жалған дүниеден жұбаныш етер бірдене іздегендей жан-жағына алақтағандай сол дауыстан өзге тіршілік белгісі жоқтайды.

Оның әлі тірілігін айғақтағандай су бетіне әлден уақытқа шейін лайсаң көпіршіктер жыбырлап шығып жатты... шығып жатты... сосын азайды. Бір сәтте көпіршік мүлдем жоғалды. Оның орнына ар мен үятты табанына басып тұрып, бетіне мүләйімсіп күле қарайтын мына сұрқия заманың алдамшы айла-әрекетіне ұқсан, дәл Алдияр батқан жерде шылп-шылп толқындар ойнап, ағыспен әлде қайдан қаңғырып келген тұтамдай борық толқынның құшағында шыр көбелек айналып билеп жүрді.

### Эпилог

...Арада жылдар өтіп жатты. Бұрын діндарларды кінелап, мазақ еткен елде дін қайта құш алып, енді дүние-ден әлдеқашан озып кеткен бесінші, әлде жетінші атасына, кәмпескеден, ашаршылықтан, соғыстан қаза болған туыстарына ас берушілер көбейіп, соның бәрін аудандық, облыстық газеттерден оқып жүрген Сағынжан мен Тоқашбай бір жолы осы мәселе жөнінде өнгіме-дүкен құрып қалыпты да, Сағынжан айтыпты: – Біздің солардан неміз кем, Тоқашбай аға... Ел егемендік алғалы хабарсыз кеткен ана Ералы, Байшұбар, Шертайларға ас берсек... Оларға Алдияр көкемізді де қоссақ, – дегенде Тоқашбай желкесін қасып отырып: – Е, мақұл... бір қазан палауға біз де жарап қалармыз, осы топқа Жүркә ағамды да қосайық – деген екен, әкесінің аты аталған сәтте Сағынжан ептеп қызарақтап:

– Көзиттің тілшілері тағы да жазып, масқара болып

жүреміз бе? – деп шегіншектеген соң Тоқашбай да «Қайтсөң де Жұрқа ағамды қосамыз» деп ентелемепті.

Ертеңіне Сагынжан ауылдағы қатарлары мен інілерін жинап алып «Тоқашбай ағамыз екеуміз осындай бәтуа жасадық» деп болған әңгімені баяндап бергенде, өзгелер «Мыналарың аталы сөз, үлкен іс қой» деп дуылдасып қостап кетіпти.

Содан көктемнің жаймашуақ бір күнінде ертең болар астың мәслихатына арнап кішілеу бір қара қазан палау басса, сол мәслихатқа теміржол бекеттерінде, көрші ауылдарда тұратын шал-шалағайларға қоса Ералы, Байшұбарлармен мектепте бірге оқығандар, олармен бірге жұмыс істегендер, Шертаймен мектепте бірге оқығандар, Бибітайдың теміржол бекетіндегі мектепте бірге оқыған құрбылары, ауыл қыздарының барған жерінің бас көтерерлері түгел жиналыш келгенде, бір қара қазан палау жетпей қалып, Тоқашбайдың үйінде қосымша палау басылыпты.

Өзге ауылдарға ұқсан, бұлар жұрт жиналған кезде, Сагынжан сөз бастапты.

– Біздің Ұзынарық ауылы егеменді елімізге қандай азаматтар әзірлеп бердік... Періштерер десе де болатындей. Соларды пайдаланып, игілікке жұмсаудың орнына, мақтанып, өнеге тұтудың орнына – өздерін шаршатып, тоздырып жіберсе, қайда кеткендерін жан баласы сезбейтіндей етіп қаңғыртып жіберсе, егеменді елдің иғі жақсылары өздерінен көрсін.

Сагынжан осылай дегенде Ұзынарықта өсіп-өнгендері бар, асқа келгендері бар, дуылдасып қол соғып, баз біреулері жылап та қалыпты.

Сол күні бастарына дағарадай сәлде ораған молдалар да келіп: «Бұл жолы Ералы мен Байшұбарға ғана арнап шығарған құранымызды ғана оқымыз. Шертай мен Алдиярға арнап шығарған құранымыз келесі жолы оқылады» деп ауылды тағы бір құдайыға қарыздар етіп кеткендей болыпты.

Құлағы есітуден, көзі көруден қалған Пірәлі астан соң таяғына сүйеніп, тасбақаның жыбырындај жүріспен үйіне өзер жетіп, шешініп, жантайып жатып ентігін басып, есін жинап алған соң, келіні дайындаған шайға кемпірі екеуі өнді жайғаса бергенде: – Өй кемпір, сенің құлағың саулау ғой, өлгінде Сағынжанның сөзіне жұрт неге дуылдаса қол соғып кетті? – деп еді. Ақнұр өуелі жаулығының шетін қайырып, құлағын ашып алды да, итініп таяулай отырып, шалының құлақтардың қатарына қосып жүрсін бе? Ойбұ-үй қайтейін... сенің дәмен де қысыр сиырдан күрпілдетіп сүт сауармын-ау деген қатынның дәмесіндегі бірдене ғой... Сағынжанның сөзін мен де жөнді ести алмадым, – депті.

– А-аа... не дейсің? Сен де ести алмадым дейсің бе? – деді Пірәлі қатты сөйлеп.

– Сенің де құлағың менің құлағымның қатарына қосылған еken де.

– Ақырын ойбай, үйді басыңа көтеріп кеттің ғой. Келіннен сөз естіп қалармыз. Кішкене шыдасайшы, жазған-ау. Жиналыста жанымда отырған Сырға келіннен сұрадым ғой «Жамау қайнағаның баласы не деді?» деп...

– Е-е... Сырға келіннен сұрадым деші...

– Сұрадым.

– Ақыл болған еken... Сонда Сырға келін не деді?

Ақнұр «Былай депті-міш» деп, Сырғаның айтудында Сағынжанның сөзін қайталап бергенде, Пірәлі бірауық тістері опырайған аузын ашып, тәбедегі белагашқа қарап отырды да, келіні ұсынған шайды алышып, дастарқан шетіне қоя беріп: – Шіркін сөз болғаныңа-а! – деді... – Кемпір, жұрт не десе ол десін... біз не десек, ол дейік... Жүрқа мен Құлшеден бір ұл туған еken!

Шал осылай дей беріп, кемсендеп жылап қалды.

Ертеңіне жұрт Ұзынарыққа қарай ағылып келіп жатты. Бірнеше тобы ауылға жақын тұстагы теміржол бекеттері-

нен, тағы біразы дария жағалай қоныстанған ауылдардан ... Қайықпен өтіп, дарияның арғы бетінен келгендер де бар.

Дала жолының шаңын аспанға көтеріп жеңіл машинамен келгендер, бір ұяның балапандарында болып шүпірлесіп жүк машинасының қорабынан түсіп жатқандар, үздік-создық шұбатылып жеткен аттылар мен есекке мінгендер, арылдатып трактор айдағандар, екі аяқты, үш аяқты мотоциклдерге мінгесіп-ұшқасқандар ... Құдайым-ау, алыс қойнаудағы бес-алты үйлік қана, ауылдарының атын өздерінен басқа ешкім білмейтін бір ауылдан өгіз арбамен жеткендер де болды.

Сол күн желсіз, тұнық болғандықтан да Ұзынарықты әртүрлі қашықтықтағы теміржол бекеттерімен, өзге де ауылдармен байланыстыратын, жауын, қар суларымен қазылып, шұқыр-шұқанақ болып кеткен ирек-ирек мәшине жол, арба жол, жалғызаяқ жолдардан ұшқан будақ-будақ ақ шаңдар да ешқайда ұзамай болғалы жатқан асқа жиналып жатқан жұртпен ілесіп келіп, ауыл үстінде қалқып жүріп алса болар ма?

Сонда жүк мәшинесінің қорабына сығылысып, трактор тіркемелерінде өзгелермен кимелесіп, бет-ауыздары шаңшаң болып бір топ балалар да жетті-ау.

Олардың жеңіл мәшинелерге сығылысып мінген бірлі-жарымы ғана мұнтаздай тап-таза болып түсті де, өзгелері ақ шаңнан көздері ғана жылтырап тұрып-ақ осы асқа аманнесен жеткендеріне қуанышты еді. Тіпті солардың арасында өздерін аса бақытты сезінгендер де болды-ау. Себебі қайсыбір балалар үстеріне киген жаңа болмаса да бүтін дерлік кәстемдерінің шаңын қағып, төплілерін сурткіштеп жатып-ақ жүздері құлімдеп, тіпті желеу бола қалған күнде жырқ-жырқ құлуге де әзір тұрғандай еді. Және бір ғажабы – сол көп баланың ішінде жүк мәшинесінің қорабынан орын тимей, трактор тіркемесіне де аяқтары жетпей, мінгесе көтер көліктің де реті болмай, кедей-кепшіктеу, жок-жұқана-

лау кіслерге ілесіп тәрт-бес бала жаяу да жеткен. «Біз жаяу келдік-ау» деп еңселері түсіү былай тұрысын, олар өздерінің жаяу келгендеріне мақтанғандай болып тәштірейіп түрдым-ма-ау немене...

Дегенмен балалар емес пе, ересектердің ыңғайымен біраз үнсіз тұрган соң-ақ әуелі бір-біріне қарап жымындасты. Сосын жақындасып, күбірлесті. Бұрыннан таныстары бірін-бірі тұртіп ойнап, күлісіп, қол берісіп, құшақтасып та жатты. Сосын өркайсисы әр тұстан жылыштал ересектерден бөлінді.

...Сол күні кешкісін күні бойғы ойыннан, астың абырдабырынан діңкелеп шаршаған Өліқұл мен Бейсен төсектеріне ерте жатқан. Ойын демекші... «Ұзынарықта ас болады еken, содан палау жейміз, бауырсақ жейміз» – деп ересектерге ілесіп теміржол бекеті мен жақын ауылдардан өңшең өздері қатарлы балалар келді емес пе? Олардың біразы бір мектепте оқып жүрген, сыйыптас, тілті дос-жаран балалар еді де, таныс еместерімен танысадың өзі бұлар үшін қызық болған.

Содан бәрі ойнады-ау... Әуелі асық ойнады. Асықтан жалыққан кезде екі топқа бөлініп футболға кірісіп кетті.

Футболдан соң да бір демалып алып, сырт киімдерін, бәтіңкелерін шешіп, екеу-екеуден, үшеу-үшеуден жалаңақ жарысты-ау. Озғаны бірінші орын алдым деп, қалғаны – екінші орынды иелендім деп мақтанды. Озғаны да риза, қалып қойғаны да риза осындаидай да жарыс болады еken. Бұл бір балалар үшін мереке сияқты күн болды.

Ең басты қызықтары – палауды көп жегендіктен өздері ойнаған көгалдың шетінде қарындары шенбірек атып жатқан сәттері-ай! Ересектерге екі қазан палау жетпей қалып, ептеген дау-дамай шығып жатқанда бұлардың тоқ болатыны – қазанның басында табақ таратушылардың төрағасы болып жүрген Тоқашбай: – Балаларға табақ алдымен тартылсын, – деп он-он бес баланың ортасына бір керсен, тағы бір көп баланың ортасына екінші керсен палауды қойғызды

емес пе? Содан жуылған таза қолдар бар... аса таза деуге келмейтін кір-ластау қолдар бар... тырнағы алынған қолдар бар... тырнағы әлі алынбаған бірақ алынатын шығар-ау деп үміттендіріп жүрген қолдар бар... пышақ кесіп, әлде төбелесіп жарақат алған соң таңылған қолдар бар, таңылмастан, әсілі таңуға таза дәке табыла қоймаған қолдар бар... ой кеп жабылды-ау... таласты-ау. Қанша үлкен керсен болса-дағы он қол ат қойғандай ұмтылғанда (айтпақшы, керсенге екі қолын бірдей салып жіберген балалар да болды...) сыйсын ба... Ойын кезінде тату болған балалардың керсендегі палауға салған қолдары да тату-тәтті болады деу қыын екен. Мұндайда бір алақандарғы етті, әлде күрішті екінші алақан-ның тартып әкетуі, тартып ала алмаса шашып кетуі, тіпті бір қол мен екінші қолдың ерекесуі, жауығып нұқып кету, тұртіп кету жуан білекке шамасы жетпесін білген соң тыриған арық білектің оны нұқып қалып, болмағанда тырнал алыу сияқты жайлар да болып жатты.

Керсеннің түбінен бейнетпен алып шыққан палаудан жол-жөнекей айрылып, бірін-бірі қағып жіберген, езіп жібергеніне, ызаланып жылай жаздаған... тіпті жылаған қолдар да табылды-ау сол арадан. (Қол жылады демеске амалдары жоқ. Әйткені қолдың иесінің жүзіне қарап жатуға уақыт жоқ. Берінің білетіні де, аңдығаны да керсен ішіндегі қолдар-р...) Осының бәрі он бала біріккен керсендегі жағдай... Ал тағы он бала біріккен екінші керсеннің жайын бір Алла білсін... Ойырмай дүниеде мұндай қызық оқиғалар Ұзынарықтан өзге жерде болмаған шығар. Егерәки ешқандай қызық болмай, балалары қызық көре алмай жүрген ауылдар Ұзын-арыққа үқсан арып-ашып жүрген жиырма-отыз баланың ортасына екі жерден палау қойса бар ма, шіркін қырық күн айтқанда тауыса алмас оқиғалар болар еді-ау.

Түс ауа бір бөлегі асық, екінші бөлегі футбол ойнап арса-арсалары шығып шаршап, қарындары аша бастағанда Тоқашбай айқай салып, балаларды қайта шақырып, қазан-ның түбінен қырып алған қаспақ пен ас жейтіндей жөнді тісі

жоқ, әлде асты көбірек жесе асқазандары ауыратын қайсыбір кіслерден артылған палауды қосып, «Сарқытты да балалар жесін» деп керсенге салып, орталарына тағы қойса болар ма? Жиырма-отыз қол дегеніңіз жауға шапқан қалың әскердей болды. Ойнаған футболдарынан да, асықтарынан да, жалаңаяқтанып жарысуладарынан да өткен палау жеу жарысы қайта басталды да кетті. Кім жеді, кім жемеді, кімнің қолына не ілікті... айту мүмкін емес... Бұл арада тек ержүрек қолдар... жуан қолдардың жолы болды. Жіңішке қолдар... жылауық, жасық қолдардың біразы керсендегі палауға жете алмай, әншнейін жолдан қайтты. Жай қайтса да айналайын ғой, иесіне арызданып, өзге қолдарды жамандап, сөгіп қайтқандарын айтсайшы. Айтса таусылмайтын сол күнгі қызықтар-ай!..

Оның үстіне дастарқан толы бауырсақ... Тоқашбай он жеті үйге: «Бір-бір керсеннен бауырсақ әкелесіндер» деп тапсырма бергенде жұрт «он жеті үйден жеті керсен бауырсақ келсе де болар, Тоқашбай айтты еken деп жабыла шаба бермес. Жағдайлары да белгілі. Бір-бірінен ұн, шай қарыз алып отырған үйлердің шамасын білеміз ғой» деп ойлаған еken. Сейтсе он жеті үйден жиырма керсен бауырсақ келіпті.

Шырай, Сияқұл, Бибітай үшеуі бауырсақ пісіруге керек ұндарын, сүт пен жұмыртқаларын бір үйге жинап алты керсен бауырсақ пісіріпти. Дастарқан біткеннің үсті жыбырлаған бауырсақ... Ақ бауырсақ, қызыл бауырсақ, домбығып пісікен, жабысып піскен бауырсақ... Домалағы бар, солағы бар... төртбұрышты, үшбұрыштысы бар.

Ойпырмай сол күні балалардың бауырсақтарға өкпесі болмағаны белгілі ғой, бауырсақтар да балаларға дән риза шығар-ау. Ойынға дейін де, ойнап жүріп те, ойыннан кейін де өздері тойса да көздері тоймай, обырлықпен, ашкөзділікпен дастарқандағы қыбырлаған, жыбырлаған көп бауырсақты жайпады ғой...

Қанша бауырсақ артылғанын мынадан-ақ білініз: үйлерінде осы қарсанда жол жүріп кеткен, малға қарауға қал-

тан, ауырып-сырқап жатқан адамдары бар әйелдер «Олар да ауыз тисін» дег үтйіншек-қалталарына салып, орап өкетпек болғанда, қалған бауырсақтар екі уысттан алуларына жетпей, бір-ақ уысттан алып, оған да жете алмай қалғандар горсандал, сөз қағысып, жүз шайысып қалыпты-міш.

...Осы оқиғаның бәрін үййектар алдында төсекте жатып Әліқұл мен Бейсен кейде жарысып, кейде кезектесіп айтып біте бергенде Әліқұл үлкендік танытып, байсалды кейіппен: – Үлкейіп, жұмыс істеп, ақша тапқан кезімде мен де осындай ас беремін, – деді.

– Мен де, – дег қалды Бейсен де ағасынан қалысқысы келмей.

– Бәлкім екеуміз қосылып берерміз, – деді Әліқұл тағы да байсалды үнмен. – Сонда екі қазан емес, үш қазан палау пісіртеміз.

– Тіпті төрт қазан палау пісіртейікші... Ол жолы кісілер жан-жақтан бүгінгіден де көп келуі мүмкін ғой. Әйткені оған дейін Ұзынарықтың бүгінгі берген астары ел арасына азыз болып тарап, даңқы жайылып кетпей ме? Біз берген ас та ауылдың сол даңқына лайық болғаны жөн ғой.

Әліқұл інісін құлтап басын изеген кезде, Бейсен одан сайын екіленіп кетті.

– Егер палау артылып жатса, ертеңіне ауыл болып жылтылып жейміз. Оның ертеңіне тағы жылтылып жейміз. Ой шіркін сонда Ұзынарықтың балаларымен бірге ойын ойнау үшін жан-жақтан жиналған балалар да тағы бір тойынар еді-ау.

Әліқұл енді «Бірақ ол ойынға біз қатыспаймыз. Әйткені ол кезде біз соқталдай-соқталдай жігіттер боламыз» деген сөздерді айтқысы келіп тұрылып-ақ ерінгендей, әлде сол сөздерді айту үшін әл жинағандай халде інісінің сөздеріне бас изеп қана жатып, үйқы женіп, көздері ілініп бара жатып та төрт қазан палауды екеуі ертең-ақ пісіруге кірісетіндей Бейсенді өзіне тартып құшақтады.

Палаудың қаспағы жабысып, бауырсақтың майы жа-

ғылған інісінің айбақ-сайбақ бетінен сүйіп алуды ойлауын ойласа да көзін ашып, қозғалуға ерінді... Бірақ иіскеді... Онда да иіскейінші деген ойы да жоқ еді, бауырсақтың, палаудың майына араласып күні бойы асыр сап ойнап, шаршаған баланың тер исі аңқып, өз-өзінен-ақ мұрнына келіп жатқаны...

...Сәлден соң-ақ екі бала құшақтасқан күйлері бір көрпенің астында тырайып үйіктап жатты.

Бейсен тұс көрді... Түсі де құндізгі астай берекелі еді. Баланың қолында бауырсақ... қалтасында да бауырсақ... Құдайым-ау, қойнында да домбырып піскен өңшең майлыш ақ бауырсақтар жүр. «Үстімді бүлдіретін болдыым-ау» демейді. Өйткені көнеліктен шынтағы тесіліп те үлгерген көйлегінің жеңі мен омырауы әлдеқашан-ақ майланаип біткен. Бала тұс көріп жатып та күлімсіреді. Тіпті түсініксіз бірдеңелерді күбірлеп айтқан да болды.

...Бірақ күбірлекен бірдеңелері өзге түгілі өзіне де түсініксіз еді, бәрібір ол бақытты болатын. Бақытты болатыны мұндай түстерді де Ұзынарықтағылар соңғы жылдары жиі көре бермейтін.

2008 – 2014 ж.

## ТОТЫҚҰС

Тәкежан жоғарының қысымына шыдай алмай беделді қызметінен еріксіз түскен соң шетелге кетпек болды. Соңан ол тотықұсын Байгелдіге алып келіп: «Басқа адамға сенбей тұрмын... бір бақса сен ғана бағар деп шештім» дегенде, өзі жуықта әйелімен айрылысып, басы қарадай қатып жүрген Байгелді елл ете қойған жоқ-ты. Бірақ қызметтен бағы тайып, пұшайман болып жүрген досының уайымы бұның қасында әлдеқайда ауыр екенін түсінді. Оның үстіне Тәкежан тотықұсты бұның алып қаларына да, көңілдегідей етіп бағатынына да күдігі болмағандай, құстың жеміне қоса жем жейтін уақытын бір бет қағазға жазып та әкеліпті. Сондықтан Байгелді не сылтау айтарын да білмей қалды.

— Мейлің, — дей салды. Көңілі қимас жанның «үйінде жатып оқысын» деп өртіп келген берекесіз баласын қабылдап тұрған жанша.

— Аты Какаду... тұқымы солай, — деді Тәкежан.

Одан өзге артық-ауыс әңгіме болған жоқ. Заты қажырлы Тәкежан «болашағымның не боларын білмей тұрмын» деген сияқты жылауық мұн айтып бұның басын қатырып жатпады. Өзуелі тотықұстың айдарынан сипады да есікке беттеді. Есікке жете бергенде тотықұс тап бір оның алыс сапарға аттанып бара жатқанын сезгендей: «Қ-қо-ош-ш, қо-ош-ш» деп сұнқылдап қоя берді. Оның көңілі сонда ғана толқыды білем, қатып келіп тотықұстың айдарынан тағы да сипады. Сосын құсқа емес, тап бір талай жылғы досына сөйлегендей:

– Какаду... сен қамықпа. Сен ақылдысың ғой. Екеуміз өлі көздесеміз... Солай ма? – деді.

– Со-оо-лай, со-оо-лай, – деді totықұс.

Құстың бұлайша тіл қатуы көз көрмес, құлақ естімеке сапарлап бара жатқан Тәкежан түгілі, әйелі мен бала-шасын ойлап, дал болып жүрген Байгелдіні де елең еткізгендей еді.

Тәкежан шығып кеткен соң үй-іші тым-тырыс бола қалды. Totықұс өуелі үстел үстінде шашылып жатқан ыдыс-аяқ пен тамақ қалдықтарына, соナン соң жағалап барып босағада ретсіз шашылып жатқан аяқ күміге қарады. Соナン соң өткір көзін бұған аударды. Байгелді – Байгелді болғалы құстың адамға соншалық зер салып қарағанына алғаш мән беруі еді. Ойпырмай, тапжылмай, тайсалмай қарайды екен. Өңменінен өтіл кете жаздал тұрған totықұстың көзінен өзіне деген мүсіркеушілік, өлде мінеушілік сияқты бірдене байқады ма қалай...

Ақыры бұдан көзін аударып әкеткенде, құстың бейжай жүзінен «Е-е, сенің де жайыңды білдік» деген сияқты нем-құрайдылықты оқығандай болды да, біртүрлі totықұстың мысы басып, бір сәт төменшіктеп те қалды. Төменшіктеуінің тағы бір сыры – totықұстың осы қылышы пайымшыл адам мінезіне тым ұқсас көрінінен де еді.

Одан әрі Байгелдінің totықұсқа зер салып отыра берер уақыты да болған жоқ. Ас бөлмеге барып, кешелі бери тазаланбай, жиналып қалған ыдыс-аяқты жуып, түскі тамақ өзірлеген болды. Totықұстың темір торын асханаға көтеріп келе жатып:

– Какаду, тамақ ішеміз бе, – деді. Totықұс сондай жұтынып тұрып:

– Аа-ак-ка-адуу... та-ам-аақ... а-ак-ка-адуу, та-аам-аақ... – деді. Байгелді оған өуелі Тәкежан әкелген банкіден алып жеміс дәнін... кепкен жемістің бірер түйірін берді. Алдына оймақтай шыны құтыға құйып су қойды. Соナン соң өзі де түскі тамағын жеп отырып, шашақталып біткен айдары

айбатты, қоңырқай жүні жаңа жетіліп келе жатқан қаракөл терісін еске салатын, өзі көріп жүрген тотықұстардан ерекше мақұлыққа зер салып, ұзақ қарап отырды. Қүрәң тартқан құйрық ұшындағы теңбіл-теңбіл қызыл дақтары да құсты сондай сәндеп жіберген.

Кезінде араласып жүрген достарынан: «Текежан Австралиядан керемет бір тотықұс әкеліпті. Ақылы да, сәні де өзге құстардан ерекше» деген әңгімені Байгелді естіген. Бірақ аса құлақ қойып елікпеген-ді. Енді міне, мұның алдында шыны құтыдағы суды бөліп-бөліп ішіп, ішкен сайын тұмсығын көкке бір көтеріп қойып... Австралиядан келген сәнқой мейман құс, ел айтса, айтқандай тотықұстардың төресі, атақты Какадудың өзі тұрды!

Сол күні кешкісін жауын жауды. Байгелді құсты темір торымен көтеріп терезе алдына апарды да: «Жаңбыр!» деді. «Быр-р» деді Какаду бүгжіп отырып. Байгелдінің байқауында тотықұс сырттағы жаңбырға үйде отырып-ақ тоыйп отырғандай көрінді. Әлде жаңбырды жақтырмады маекен?

Ертеңіне сабалап қар жауды. Байгелді тотықұсты тағы да терезе алдына апарды. «Қар!» деді сосын иегімен даланы нұсқап. «Қар-рр!» деді Какаду да қанатын қомдал.

Осы сәтте Байгелді құстың қарлы даламен ұшып бір кеткісі келгендей ықыласын да андал қалды. Текежан досы әкелген құсқа ықыласының ауганы сондай Байгелді энциклопедия мен құстар туралы кітапшаларды ақтарып, тотықұстар тіршілігі туралы әртүрлі мәліметтер мен хикаяларды оқып алды. Тіпті, олардың суреттеріне де балаша қызығып ұзақ отырды.

Какадудың тамағын тауып беру оған аса қыын болған жоқ. Өзі сияқты әйел-баладан айырылған, болмаса жоқшылыққа тап болып, таныстарының қала шетіндегі саяжайын мекендей жүрген бөтелкелес достары нешеме түрлі жемістің дәнін де, кепкен жемістің өзін де бірі дорбалап, бірі ше-

лектеп әкеліп ас бөлмеге үйіп таstadtы. Тіпті, жеміс шырынын әкелгендер де болды.

Азық-тұлік қорының мол жиналғандығы сондай, енді Байгелді нанға ақша таппай қалған күндері тотықұспен жарысып кепкен жеміс жеп отыратын әдет шығарды.

Бұндайда Байгелді тотықұстың арқасында күн көріп отырғанын амалсыз мойындал: «Жарайсың, Какаду!» деп оны мақтап та қояды. Тотықұс болса: «Ака-адуу!» деп иесінің сөзін қайталайды.

Ал кейде қолына тыын-тебен түсіп, бір жұз, екі жұз грамм ерніне тие қалса, тотықұсқа тиесілі кепкен жемісті тіске басып отырып, ал кеп мақтайды.

— Какаду, сен құс біткеннің сұлуысың, — дейді.

Өрине, Какаду мұндай ұзақ сөйлемді жаттап үлгере алмайды да: — Су-уу, — деп соңғы сөздің ғана шалғайынан ұстап айырылмай отырғаны.

— Какаду, сен құстардың президентің.

— Пр-рез-з, — дейді Какаду тағы да қайталап.

Тағы бір жолы осылай құсты еркелетіп, өзі де құсқа еркелеп отырып Байгелді іштей: «Ойбай-ау, осындай тотықұсты қолыма қондырып отырып Тәкежанға рақметімді де айтпай қалғаным-ай, — деп өзін-өзі кінәлайды. — Қысылғанда бір бөтелкеге кез келген адам қуана-қуана алып кетіп түрған жоқ па? Ай, ақымақ басым-ай... ақымақ басым-ай! Тіпті, бір бөтелкеге басы бүтін бере салмай, бір, әлде екі жетіге қызықтауға берсем ше? Оған да өтіп тұр емес пе? Өй, тіпті Какаду көп сөз үйреніп болған кезде маскунемі бар, маскунем емесі бар, күллі таныс, дос-жарандарымды жи-нап қызықтатып жіберсем ше? Ақша сұрамай-ақ қояйын, бірақ бәрінің де атталап, айлап сыйлы қонағы болып журмей-мін бе? Ойпырмай, осы тотықұс мені асырамаса етті деші. Асырамаса деймін-ау... тіпті байытып жібермесе етті деші... Мәссаған... мен осы тотықұстың арқасында семіріп кетіп, майдан талтаңдал жүре алмай қалсам... Астапыра-ала-а!»

Бұл өз ойына өзі риза бол, еріксіз қарқылдалап күлген

кезде, иесінің қас қабағын аңдып отырған Какаду де: «Ха-ха-ха-а!» деді үйдің ішін жаңғырықтырып.

Екеуі бір-біріне әбден үйреніскең кезде Байгелді totықұсты тордан шығарып үй ішіне бос жіберетін де болды. Әрине, құстың бостандыққа шыққанына соншалық қуанғаны, оның анда-мында тез ұшып, мойнын қылттындағып жан-жағында тұрған заттарға қарағыштауынан байқалатын. Осылай totықұсты бостандыққа жіберіп, өзі бөтелке түбінде қалған арақты дәрідей етіп оймақтай рюмкеге сәндел құйып отырғанда, Какаду кенет пыр етіп ұшып қазан түбіне қонып: «Не-е?» дегені.

Байгелді әуелі сасып қалды. Сонан соң: «Ол – қаз-ан» деді.

– Қаз-за-ан, – деді құс та. Сосын іле-шала ұшып барып босағада тұрған шелектің өрненеүіне қонып: «Не-е?» деді тағы да.

– Шел-ек.

– Ше-еле-ек, – деді Какаду да іле-шала. Одан кейін ол бөтелкенің жанына келіп қонды.

– Не-е?

– Арақ.

– Ар-па-а-қ.

Байгелді totықұстың бұл сөзіне қарқылдалап күлді. Какаду да күлді. Және құдайым-ау, totықұстың күлкісі қандай қызық еді. Кімнің де болса көнілін ерікізіл еліктіріп әкететін... бір сиқырлы үн.

Құс енді иесінің дәл жанына келіп қонды да: «Не-е?» деді.

– Бұл Байгелді деген атақты ішкіш.

– Ішш-ішш, – деді құс.

Байгелді бұл жолы тіпті қатты күлді. Totықұс та оған ілесе үзақ күліп тұрды.

Какадудың осындағы қылыштарын қызықтап көнілденген бір сәтте Байгелді:

– Құдайым-ау, осы құсты Тәкежан менің бағыма сыйлап

кеткен болды-ау. Егер бұл totықұс болмағанда мен құса бол әлдеқашан өліп кетер ме едім? Өлмесем де ауру-сырқаудан арылмай, сорым қайнап журер ме едім... Сен маган көңілді өмір, күлкі сыйладың-ау, – деп totықұстың тұмсығынан сүйген. Какаду де қарап қалмай, мұның бетінен сүйемін деп, темірдей тұмсығын қадай бергенде Байгелдінің бетінен қан саулап кеткені.

Мінеки... бұл екеуінің арасында нендей қызықтар болмады деңізші. Сонда бұл ваннада қан сорғалған бетін жуып тұрып та екі иығы селкілдеп, ырқ-ырқ қуле берді емес пе? Ой, құдай-ай қандай бақытты сәттер еді десенізші! Тіпті, мұндай мол күлкі, уайымсыз көніл әйел-балалары жаңында жүрген шақтарда да болып па еді өзі? Ой, қайдам-м... Тіпті, бертін келе Байгелді Какадуды еркелеткені аздай, онымен әзілдесетінді шығарды ғой.

Арақтан бұйырғанын татып алып, қызара берткен қайсыбір сәтінде төнірегіне мойыны қылқылдан қонақтап отырған totықұсқа қарап тұрып:

– Ей, Какаду-уу, – демесі бар ма? – Totықұстардың президенті. Тіпті, бүкіл Австралия құстарының президенті... Немене сен тұрғанда... ана шүйкедей ғана болған бұйра totы мен ергежейлі totықұстар да президент болмақ па? Бұл әне бір жалқау totының тілті ойына да келмес. Әрине, сенімен таласуға қызыл ара мен көгілдір араның дәмесі де бар-ақ шығар... бірақ сенен асу қайда оларға? Егер, Австралия құстары арасында президент сайлау науқаны бастала қалса, анау құйрығы бір құлаш гицат ара біраз жерге дейін сеніменен таласып бағар-ақ. Бірақ, бәрібір жеңіс сенікі қой! Құдай біледі, Австралия құстарының тоқсан үш пайызы өзіңе дауыс берер. Бірақ, сондай жауапты науқанға әзірленудің орнына, сен біздің елде неғып жүрсін, а? Сен, осы президенттік шексіз билігінді лайдаланып, бірдене бұлдіріп қойған жоқсың ба? Бүкіл Австралия құстарының жиган-терген азығын сатып жіберіп, содан түскен долларды

шетелдердің банкісіне аударып... соның әуресімен жүрген жоқсын ба? Құдай біледі... сау емессің сен, сау емессің!

Осы сәтке дейін иесінің сөзін үнсіз тыңдал түрған то-тықұс, кенет өзіне соншалық таныс сөзбен ұшырасқандай тандайы тақ ете қалды:

— Дол-ллар! Доол-ларрр...

— Өне айттым ғой, сен тегін емессің деп. Есінде болсын бұндай президенттер өзге елден де табылады. Айтпақшы, сенің Қазақстанды паналауыңың өзі... Өй, Какаду сен сау емессің... Құдай біледі, сау емессің...

Осы сәтте тотықұс та қабаттасып: «аау-у ес-сі... ау ес-сі» деп қалды.

Байгелді қарқылдалап құлді. Тотықұстың да ішек-сілесі қатып жатыр.

Қыс ортасына қарай Байгелдінің халі мұлдем қыын-дады. Бұрын қалтасын қағып, бұған аз да болса қаражат жағынан қарасып түрған інілері «өз жағдайымыз да оңып түрған жоқ» деп маңайлатпай қойды. Бәтелкелестерімен бірігіп көмір түсіріп, кейде үй көшірісіп тыын-тебен табатыны бар еді... енді ондай жұмыс та көзден бір-бір ұшты.

Әрине, бұл қыындықты Какаду сөзген жоқ. Өйткені оның жейтін азығы ас үйдің бір бұрышында шашылып жатты. Тек иесі жұмыс іздеп, көше кезіп ұзақ жүріп қалғанда іші пыса-тыны болмаса. Осы тұста Байгелді оны мың, яки екі мың тенгеге алар адам болса, сатып жіберу туралы ойдан да құралақан емес-ті. Өкінішке қарай алушы шықпады. «Тотықұс алатын жан бар ма? Тез арада...» деген сөзіне өзі жақсы білетін бәтелкелестері құлді де. Арзан-қымбаттығынан бұрын тотықұс сатудың елде үрдіс болмауы да кедергі болғандай еді.

Ақыры жоқтықтан титықтап жүргенде жұмыс та та-былды-ау. Бір бай жігіт қала сыртындағы саяжайының қақ ортасынан жер қаздырды. Қақаған қыста жер қазу неге ке-рек бола қалғаның да сайтан білсін. Байгелді қыстың көзі

қырауда жалғыз өзі жер қазуды қынысынып: «екі-үш серік тауып әкелейін» деп еді, анау көнбеді. Шамасы, бұның бір құпия сырғы болса керек. Амал қанша, Байгелді сырт киімін шешіп тастап іске жалғыз кірісті. Әйтеуір, бір жақсы жері өлті жігіт ішіп-жейтінің артығымен әкеліп қойды. Жаураганда бой жылтытар арағы да бар... тек жұмысты бет қаратпай істей бер... істей бер...

Жерді үш күн қазды ма... әлде тәрт күн болып кетті ме немене... Үш-тәрт күн бойы құндіз-түні қарқынмен жұмыс істеген адам қанша мықты болса да есендіреп қалады екен. Әйтеуір анық есінде қалғаны – бай жігіт бұған ақысын артығымен берді. Әуелде жұз долларға әзер келіскен мырза, есептесер кезде екі жұз долларды бір-ақ берсе болар ма? (Сірә ол жігітте теңге деген ұғым, сірә, әу бастан-ақ болмаған шығар). Артылған арағы мен колбаса, нан, жуа сияқты азық-түлігі тағы бар.

Ойпырмай, әлгі жігіттің мырзасын-ай. «Мерседесімен» мұны үйінің жанына дейін өзі әкеліп тастаса болар ма? Байгелді өмірінде мұндай мәшинеге мінбеген және құндердің күні болғанда мініп те қалармын деп, сірә, үміттенбеген пақыр ғой, «Мерседестің» ішінде мақтаныштан енді болмаса жарылып кетердей, өз-өзінен ісініп отырғаны. Үш (әлде тәрт) құндік жер қазудан қалжырап шаршағанының да қайда қалғаны белгісіз. Шаршауын басып, өзін мақтаныштан ісіріп жіберген астындағы «Мерседес» пе, әлде қалтасындағы екі жұз доллар ма, оны да анық біле алмады.

Мырза жігіттің бергені бар, өзінің де жол-жөнекей дүкенге кіріп шыққаны бар, әйтеуір сол жолы есіктен мол кірді. Дауысы да зор әрі көнілді еді.

– Какаду-у! – деді кірген бойда, аяқ киімін да шешпестен.

– А-аака-ду-у! – деді тотықұс та. Ойпырмай ол да сағыныштан өлуге аз-ақ қалған екен. Пар-р етіп ұшып келіп, иесінің алдына қонғаны.

Әрине бұл жолы Байгелді оның тұмсығынан сүюге қорықты да, мойнынан, айдарынан қайта-қайта сипап, сүйіп

жатты. Құдайым-ау, сейтіп жүріп көнілі босап жылап қалды ма-ау, немене...

Тотықұс та бұрын байқалмаған бір өн шығарды. Шамасы ол да жылады, білем...

Өзі жоқта жесін деп қойып кеткен әртүрлі жеміс дәндері мен кепкен жемістерді тотықұстың шашып, суды төгіп, әр жерге саңғырығын да тастап, қайсыбір ыдыстарды төңкеріп, асхананы астан-кестен еткенін де елеген жок.

Газға шәй қойып, дастарқан қамына кіріспіл әрлі-берлі жүргенде тотықұс та еріп ұшып, соңынан бір елі қалмай қойды.

Кейірінек ойлап қараса, сол күнгі алапат қуаныш та, екеуара мереке еткен дастарқан да бұларды сорға бастаған еken...

Дастарқанға отырған бойда өзіне жұз грамды асығыс құйған Байгелдінің ойына, сайтан азғырғандай, тотықұстың су ішетін шыны құтысына да арақтан бірер, тамыза қою ойына келе қалғаны. Тіпті, солай етуді қызық көрді ме немене... Бұл қуаныш дегенді қойсаңшы, адамды жоқ жерден өзгертіп, лапылдатып жібереді ғой. Сондағы есін шығарып отырған – әлгі бай жігіттің берген екі жұз доллары! О жігіт бұның телефон нөмірін де жазып алды-ау! Тағы бірде әлгіндей жер қаздырап ма еken, әлде қайтер еken...

Ақыры сол тотықұстың алдындағы шыны құтыға арақ тамызды. Бір шәй қасық па, әлде оған да жетіңкіремейтіндей... Сосын: «Арақ!» деді тотықұсқа.

– Appa-aқ! – деді тотықұс та нәшине келтіріп, шыны құтыға қарай үмтүла түсіп. Енді Байгелдіге өзінің ішкенінен де ғері Какадудың ішкені қызықтау болып көрінді. Тотықұс тұмсығын шыны құтыдағы араққа батыра беріп, қайта көтеріп алды. Арақ тамшыларын үстел үстіне тамшылатып тұрып басын шайқады.

– Ашты! – деді Байгелді оған ентелей қарап отырып.

– Аш-щы-ы...

Байгелді рақаттанып қатты күліп алды. Бірақ, тотықұс

мұның құлқісін қайталаған жоқ. Тіпті, оның қазіргі тұрысында осындағы аңы нәрсені ұсынғаны үшін иесін жек көріп қалған кейіп байқатты. Осы сәтте Байгелді өз рөмкесін сәнмен жоғары көтере беріп:

— Какаду, сенің денсаулығың үшін! — деп қағып салды да, артынша колбаса мен нан жеді. Аппақ қып аршып қойған жуаны басынан қырт еткізіп тістеді.

Иесінің осы ісіне үн-тұнсіз қараумен тұрған тотықұс та кенет тәбеті ашылғандай, алдындағы шыны құтыға тұмсығын қайта созды. Оның тіпті кәдімгідей жұтып ішкенін де Байгелді тамағының бүлкілінен байқап отырды.

— Міні қызық! — деді ол алақанын алақанына шарт еткізіп соғып. — Какаду арақ ішті...

Тотықұсы арақ ішетін адам қай елде бар екен? Сенсация! Әттең, газеттер гүмпітіп жазып, теледидар дүрсілтіп айтатын хабар. Осыдан кейін тотықұсқа арақ ішкізіп жарайстыратын халықаралық бәйгеге қатысад ма еді, шіркін! Бірақ бұл оқиғаны керек етіп, насиҳатын үйымдастырап жан қайда? Қайсыбір жылды сыраханада отырып бір журналиспен танысқаны бар еді. Қазір оның қайда жүргенін сайтан білсін... ішкіштердің өмірі де сыйғаның өміріндегі бірдене ғой.

Бұл алақанын алақанына шарт еткізіп соққан кезде-ақ Какаду тұмсығын көтеріп алған-ды. Соңан соң бір сәт бейжай күйде сұлқ тұрды да, тұмсығын кекке көтеріп, қайта түсірді. Колбаса мен нанды қомағайлана асап отырған Байгелдіге шүқшиып қарады да бұрыла беріп, үстел үстінде шашылып жатқан қатқан нан үгінін шоқи бастады. Өншешіндегі қатқан нанға мойын бұрмайтын құстрың бұнысы әйтеуір иесінен еліктеу әрекеті сияқтанды.

Арада он бес-жырма минет өткенде қызық басталды. Какаду өзінен-өзі сейлей жөнелді. Өзуелі ол «арақ», «Ка-ка-аду, тамақ же», «Су», «Какаду, жарайсың» деген сияқты иесінің күнделікті айтар сөздерінен бастады да, кенет бұған бейтанаң бір әңгімеге түсіп кетті. Какаду бір сөздің ба-

сын, екінші сөздің аяғын дегендей, кейбірін созып, енді бірін жарым-жартылай айтқанымен де Байгелді бөрін түсінді. Түсініп қана қоймай, үрейі ұшып қорықты да.

«Мен кетемін... текке кетпеймін, сенің де түбіңе жете-мін, әшкерелеймін» деген сөздің Тәкежанның аузынан шыққаны анық. Байгелді оны жақсы біледі. Білмегендеге ше... бұл сөз биліктегі дәулермен кетіскен жанның ғана сөзі емес пе? «Мынадай құстың барын жоғары билік білсе... менің де желкем үзілер-ау» деп ойлады Байгелді осы сәтте Какадуға үреймен қарап отырып.

Дегенмен ол сәлден соң үрейден арыла бастады да: «Құдай-ай, менде осындай totықұс бар екенін, оның арақ ішіп алып адам таңғалатын сөздер айтатынын кім біліп жатыр? Есігімнен жан баласы сығаламағанына қанша ай... Мен неден сескеніп отырмын осы?» деп өз-өзінен батылданып та кетті.

Бұл аралықта Какаду темір торына кіріп қылжыип жатыр еді. Құстың қанша айдан бері темір торға өздігінен кіріп жатқанын Байгелдіңің көріп отырғаны осы. Әншейінде ғой, темір торға қарай айдаса, пырылдап ұшып, ана жерге бір қонып, мына жерге бір қонып зықысын шығаратын. Ал, үйқы мәселесіне келгенде... «осы құс қай уақытта ұйықтайды өзі» деп әлденеше рет ойлағаны да бар-тын.

Енді Байгелді Какадудың арақ ішетіні туралы ойланып кетті. Өсіресе, оның ішіп алған кезде қайдағы бір ежелгі әңгімелерді көйтіп кететіні және әдеттегіден көбірек сөйлейтіні таңдандырыды. Және өзін мас ету үшін бір шәй қасық арақ, тіпті жарты қасығы да жетіп жатыр-ау!

Байгелді асханада картоп тазалап, пияз аршып түскі асқа әзірленіп, бір жағынан Какадудың шыны құтысына бірер тамшы арақ тамызып, оның мылжың сөзіне құлақ салып жүр еді, телефон шылдырай қалды. Қалалық әкімшілікте істейтін Ерік деген досы екен. «Саған бара жатырмын, кандидаттық диссертациямды бітіріп едім, соны қарап берсөң. Кей жерін толықтырам десең де өзің біл» деп өзеурем түр.

Екеуі мектепте бір класта оқыған. Сол кезде де алгебрадан өсепті бұдан көшіріп, ренжітпей көшірткені үшін анда санда балмұздак алып беріп алдайтыны болушы еді. Сол әдеті әлі қалмаған. Диссертациясына бір жыл бойы Байгелдіге дерек жиғызып, обалы не керек, ақысына әр соққанда екі-үш мың теңгеден тастап кетіп те жүр.

Какадумен екеуі әлденені айтып мылжындастып отырғанда Ерік те үйге кірді. Кіре сала мұның бетінен сүйгіштеп жатыр. Осылай кісі алдары да баршылық.

Шешініп, үстел басына келіп отырысымен-ақ оның назары әр нәрсені бір айтып, тақылдап тұрган тотықұсқа ауды.

— Эй, мына құсың керемет қой, — деді ентелей түсіп. — Қайдан алдың?

— Тәкежан беріп кеткен.

— Ой, ол маған осындаі тотықұсының барын айтқан да жоқ қой. Сенің бәлең бар. Үйде отырып-ақ жүрттың ықыла-сын шақырып алатын.

Ерік диссертациясының жайын түсіндіруді де ұмытып, есіл-дерті біржола тотықұсқа ауды.

— Аты қалай?

— Какаду...

— Байгелді-ау, бүкіл Алматыда мұндай тотықұс жоқ. Мен байлар мен дәкейлердің біразын білем ғой. Тіпті республикада... өзі не ішіп тұр? — Ерік бір сәт Какадудің алдындағы шыны құтыға үнілді.

— Арақ...

— Арақ?! Ойбай-ау, мынауың керемет қой!

Ол қарқылдалп күліп жіберіп еді, Какаду оның күлкісін айнитпай салып, Ерікті тағы да естен тандырды.

— Сен осы тотықұсты бір жетіге маған бересің бе? Соナン соң өзіңе қайтып әкеліп беремін. Баеке-е... етінемін.

Ерік қалтасынан алып бұған бес мыңдық ұсынды. Әрине, бес мың теңге Байгелді үшін аз олжа емес еді, дегенмен:

— Ой ол жануардың күтімі бар, басқасы бар... басынды қатырып қайтесің? — деп бірден көнгісі де келмегенімен,

үйреніскең дос қосын ба, қалтасына әлгі бес мындықты тығып жіберіп, тотықсты да, тотықстың темір торын да икемдей бастады.

Алғашқы екі-үш күн Байгелді дүкеннен азық-тулік алып, кір жуып, теледидар көріп, ара-тұра кептен хабарласпай кеткен бөтелкелестерімен телефон арқылы сейлесіп уақыт өткізгенімен, алтаның соғы қундері іші пысып... Какадуды ойлаумен жүрді. Есіне балалары туғынде мазасы май ішкендей болғаны. Ал, Какадумен отырған кезде көп ештеңе ойлай бермейтін.

Ерік досының диссертациясына қарауға құлқы да болған жоқ. Какадуды ғана ойлаумен жүрді.

Ақыры жетінші күні: «Тотықұсымды неге әкелмейсің?» деп Ерікке енді телефон соғамын деп отырғанда, есіктен оның өзі кіріп келгені. Бірақ қолында Какаду жоқ. Бұл жолы Ерік Байгелді досының бетінен көбірек сүйді. Осы мол сүйістен-ақ Байгелді секем алып қалып еді, ақыры ойлағаныңдай болды да қойды.

Ерік досы көп сүйістен соң:

– Баеке-е, сен мені кешір... – деп бастады сөзін... – Ренжітініңді біліп те отырмын. Бірақ жақын досың ретінде менің сені бір рет ренжітүге хақым бар ғой.

– Не болды айтсаңшы әуелі? Тотықсты өлтіріп тастаганнан саумысың өзің?

– Жо-жоқ, Баеке, ол не дегенің? Мен сенің тотықұсынды неге өлтірмекпін?

– Енді айтсаңшы кісіні өзеуретпей.

– Кешір-р... Кешірші Баеке...

– Нені? Нені кешірем?

– Мен сенің тотықұсынды бастығыма сыйлап жібердім. Өткен сәрсенбіде ол кісі елуге толып еді. Өзің білесің ғой... елу деген жасты елемеуге бола ма?

– Әй, сен өзің?..

Байгелдінің бүрк етіп қатты ашуланғаны сондай, досын түйіп қалуға да сәл-ақ қалды.

– Баеке енді... еркеледім. Жан досың ретінде бір рет еркелеуге де хақым барғой.

– Ой, суайт, сен бүгін қайта-қайта «хақым бар» дегенді қайдан шығардың? Саған «жан досым» деп мен қашан айтып едім?

– Баеке мынаны айыбыма...

Байгелді досы ұстата берген жұз долларды жерге атып ұрды. Өзі өз болғалы жұз долларды жерге лақтырып тұрғаны да осы шығар.

– Мен сені сотқа беремін, білдің бе?

– Баеке, ашуланғанда өстіп кететінің бар-ау! Сонда мына екеуміз соттасып жүреміз бе? Ол кісінің өзіне де пайдасы тиер-р. Бастығымды білесің ғой. Теледидардан күнде көріп отырған жоқсың ба? Мейірімді кісі. Саған орталықтан бір пәтер алғызып берсем жетпей ме? Өуелі өзі мына тойтомалағын өткізіп бітсінші.

Байгелді жұз долларды жерге атып ұрғанымен, мына пәтер деген сөзді жерге атып ұруға шамасы келмей қалды. Едәуір тұтығып, бұлығып барып отындыққа отыра кетті.

– Е-е... сүйтші... басылышы, – дей жүріп досы сөмкесін аша бастады. Шамасы сөмкесі ішіп-жемге сықап тұрғандай.

Байгелді досы шығып кеткен соң да, тіпті әлгінде жерге атып ұрған жұз долларды амалсыз көтеріп қалтасына салып, сөмкедегі азық-түлік пен бір бөтелеке қымбат арақты стол үстінен қойған соң да бұрқылдап ашуланып жүрді. «Қап, мына суайттың алдап соққанын-ай... Өй, бұлар не деген алаяқтар-ей... Біреудің тотықсын біреуге сыйлыққа апара беретін. Сонда үят, кісілік қайда? Осы нарық деген заманың ұтсыздары мен алаяқтары неге көп, а?»

Қасында, сөз тыңдар жан болмаса да, өршеленіп сейлеумен болды. Еркін әкелген арақтан жұз грамм тартып алып, сол суайт әкелген колбасаны тіске басқан соң да ашуы басыла қоймады. Мұндайда Какаду серігі болса, Байгелдінің қайсыбір сөзін қайталап, бәлкім мұнымен қоса ол да ашуланар еді... Енді мұның мылжың сөзін керек етіп

жатқан кім бар? Мына бәлен жылдан бері жөндеу көрмеген ағал-сағал тас қабырғаға айттың не, айтпадың не?

Ақыры ол суайт досы әкелген арақты ішіп алып, мас күйі үйіктап кетіп еді, түсінде Какадуды көрді. Оның «Ар-ррак, ар-ррак» деген үнін естіді де, ояна салып, көрген түсіне Байгелді қуанарын да, ренжірін де білмей дал болды.

Сол күндері ішімдікке қатты салынып кете берер ме еді, әлде қайтер еді... ойда жоқта баяғы бай жігіт телефондал, мұны «Мерседесімен» саяжайына апарып, тағы да жер қаздырыды. Байқағаны, бұрынғы қазған жерінің беті топырақпен жабылған. Егістіктің орнына ұқсан жатыр. Әрине онда не көмілгені жұмбақ. «Әйтеуір өлген адамды көмбесе жарап» деп ойлады ол ішінен. Серік табуға тағы да рұқсат етпеді. Бес күн бойы жерді жалғыз қазды.

Бір жақсысы бұрынғыдай аландастын totықұсы жоқ болғандықтан, жұмыстың бітуіне де асықпады. Бесінші күннің кешінде мырза жігіт бұрынғыша қолына екі жұз доллар үстатель мұны «Мерседесімен» үйіне әкеліп таstadtы.

Енді Байгелдінің жағдайы тіпті жақсарып қалды. Бірсыныра жаңа киініп, үш-төрт айға жетерлікте етіп азықтүлік қорын да жасап үлгерді. Жағдайының дұрыстығы ғой, қайсыбір бөтелкелес достарына ақшадан, ішіп-жемнен қарасып өзгелер түгілі, өзіне өзі таңданатындей да іс жасады. Бірақ, ол totықұсын бір сәтке де ұмытқан жоқ-ты. Үй-ішінде кейде сенделіп жүрсе де, нешеме жылдан бері келе жатқан көне диванына бір сәт жантайып жатса да, Какадуды ойлай береді. Тіпті, ол енді ойламайынышы десе де, есіне тусе береді. Бір жолы ол қала әкімінің бөлмесіне кіріп баруды да ойлады. «Несі бар, беті-қолымды жақсылап сабындал жуып, қырынып, жаңа киім киіп. – Мен Какадудің иесі едім, – деп үстіне кіріп барсам, қыл жібере ме?.. Ана суайт досымның опасыз екенін айтып, қызметінен қудырып жіберсем... қандай сауап болар еді».

Бірақ Байгелді әкімге бірнеше тексеру, сұраулардан кейін ғана кіруге болатынын есіне алып барып, өзін-өзі

басты. Оның үстіне мұның сол араға барып тұрғанын көрсө, ана суайт досы қарап қалар дейсің бе? Белі бұрандарап алдынан шығып, бетінен қайта-қайта сүйіп, әкімге кіргізбей, бос қайтарудың мың түрлі айласын жасар-ая.

Какадуды қайтарып алудың жолын таба алмай, әбден құдерін үзген шақта ол үн-тұнсіз бүк түсіп жатып қалатын... не болмаса асханаға барып бөтелкенің аузын аша бастайтын...

Осындай көнілсіз қундердің бірінде Байгелдінің қолына қаланың күллі өсек-аяңын жазатын газет іліне кетіп, ермек үшін, әлті газеттегі хабар, мақалаларды түгелдеп оқып отырғанда: «Жақында қала әкімі жоғары лауазымды қызметке өседі. Өйткені ол сенімді кіслердің айтуына қарағанда, ең үлкен кісіге адамша сейлейтін tottykys тарту етілті» деген хабарды оқып таң-тамаша қалды. «Әрине бұл менің tottykysым. Кәдімгі Какаду» деп ойлады ол бірден. Күйік оты ішін жалап өтті. «Алда алаяқ-ай, суайт-ай, мені тақырға отырғызың-ая ақыры» деді күйіп-піскен күйі. Телефонмен сыйбамақ болып нәмірін теріп еді, өзге бір дауыс:

— Ерік Сұлтанович жаңа қызметке өсіп кетті ғой, — деп маңыздана жауп берді.

— Ох, оңбаған-ай! — деп бұл отырған жерін жұдырығымен бір қойғанда, үйден үйге кемі он рет көшіп, неше түрлі шанды да, сызды да көрген, үстіне бала да, шаға да ойнаған, үлкен де, кіші де аунап жатқан ескі диванның іріп тұрған тысы тесіліп-ақ қалғаны. Тесілген емей немене, ар жағындағы шіріген поролон арасынан Байгелді қолын өзөр сұрып алды емес пе?

Ертесінә өзге бір кластасынан: «Ерік қаланың бір үлкен мекемесіне бастық болып кетті» деген хабар естіп, ернін тістеп отырып іштей «Әрине бұл менің tottykysымның арқасында өсті. Сөз жоқ солай. Менің tottykysым болмағанда оны кім керек етер еді?» деп ойлады.

Осы оқиғадан кейін Байгелдінің реніші мен уайымы тіпті бөлек еді. Еш іске зауқы соқпай, үнсіз тынды да қалды.

Ішін күндіз-тұні жегідей жеген осы бір құсалықтан ол едәуір жүдеді де. Жөнді ас жемей, құр араққа салынудың соңында екі-үш күн тәсек тартып жатып, әзер айықан жайы бар. Әрине, ауруханаға түсе қалған күнде тотықұсының тапқаны бар, өз тапқаны бар, қолындағы қаржысын түгелімен сонда беріп те шығар еді. Құдай ол қындықтан мұны сақтады.

Іштей шын таусылып, жүдеп-жадаған адам болашақ туралы не ойлап қарық қылар дейсің. Алда өмір бар-ау... де-ген ой ендігі жерде мазалаған жоқ. Бетелкес достарымен де бас қосуға зауқы соқпады. Өйткені ол тотықұстан айырылуын біреудің өзіне жасаған қиянатынан гөрі, өзінің ақымақтығы деп ұқты да, ол жайды өлдебіреулерге сыр етіп айтудан қорынды. Ең басты қасіреті – Какадудың қазір кімнің қолында екенін айтуга болмайтындығында еді. Егер айттар болса, өзінің басы кетпей ме? Күндердің күні туып ана жақтан Текежан елге қайтып оралып «тотықұс қайда?» десе, бұл қасқа не демек?.. Масқара-ай... үят-ай!..

Ал, енді Какадуға деген сағынышы, тіпті, бөлек еді. Арақ ішіп отырып та, байқаусызыда тысын өзі тесіп алған ескі диванда жантайып жатып та ойлайтыны... сол. Айтқан сөздерін есіне алып, түр-түрплатын елестетеді. Темір тордан шығып, бостандық алған сәттері бөлме-бөлмені аралап парылдал ұшып келіп, кейде мұның басына қонағыны бар еді. «Әй, Какаду-ай, не дейін... Сенің де істемегенің жоқ қой!» деп ойлады Байгелді соны жүргегі елжірей есіне алып. Ондай сәтте басына қонып отырған құсқа:

– Әй, Какаду мұның не енді? Менің тамақ істеуім керек... Шәй қоюым керек... – дейтін жұмсақ қана. Сонда Какаду мұның төбесінде отырып:

– Ш-шәй... Ш-шәй, – деуші еді тақылдал.

Тотықұстың үйде жоқ екенін біле тұра, асханаға кіріп келе жатып кейде темір тор тұратын бұрышқа үмітпен бұрылып қарайтыны бар. Сонда бұрышта темір тордың жоқ екенін көріп өп-сәтте көңілі құлазып қалады. Кейде терезеден сыртқа қарай беріп те тотықұс еске түсе кетеді. Өйткені ол осылай көшедегі қалың бауға қарап ұзақ тұратын.

Екеуінің ваннаға су ағызып, бірге шомылатыны ше?  
Байгелді тотықсын қандай балтап шомылдырушы еді.

Жұындырып жатқанда жылп етіп мұның қолынан шығып кетіп су бетімен қанатын сабалап қашатыны ше? Әттең ваннасы түспегір тарлық етеді, ал көл яки теңіз беті болды ма, Какаду бұған сөз жоқ жеткізбей де кетер еді. Өйткені құстың аты құс қой, су дегенде, баудағы ағаштар дегенде бір бөлесі болатын.

Иесі тамағын жуып жатқан сәтте ол ерекше бір сүйкімді дыбыс шығарып, тыптырап кететін. Сол сәтте Байгелді ойлайтын: «Құстың да қытығы болғаны ма?» деп.

«Ой, Какаду-ай несін айтайын, қай қылышыңды есіме алайын» дейтін Байгелді оны ойлап-ойлап енді болмаса көнілі босап, жылап жіберердей халде отырып.

...О Жаратқан ие, мына ғажапты қараңыз. «Үра берсе құдай да өледі» деген сөзді қандай жындының ойлап тауып жүргенін кім білсін... ал ойлай берсөң... ойлай берсөң... ойыңдағының орындалатынына сенесіз бе, өлде сенбейсіз бе?

Үйде отыра беруге іші пысып, далаға шығуға ерініп, он аяғының бәтеңкесін киіп, сол аяғының бәтеңкесін қолына ұстап, есік аузында қолдан жасалған аласа ағаш орындықтың үстінде ұнжырғасы түсіп отырғанда, кенет есік қоңырауы зың-ң ете қалғаны. Үйіне жан баласы бас сұқпайтын адамның ойда жоқта шыр-шыр қоңыраудың дауысынан да зәресі ұшатының аңдаганы осы шығар. Есікті ашарын да, ашпасын да білмей абырайп орнынан тұрды. Сосын қайта отырды. Қайта отырғаны, қолына ұстап отырған сол аяқтың бәтеңкесін киіп аларын, өлде он аяғындағы бәтеңкені шешіп тастарын пайымдап үлгере алмауынан еді. Осы кезде қоңырау үні тағы да зың-ң ете қалды да, ол әлті сол аяқтың бәтеңкесін қолына ұстаган күйі есіктің кілтіне ұмтылды.

О ғажап! Есікті ашып жіберіп қараса, өзінің тотықсы салынған темір торды көтеріп бір бейтаныс жігіт тұр.

— Мейрманов Байгелди вы? – дейді қолындағы қағаздан оқып.

Байгелді жауап орнына темір тордағы Какадуға ұмтылды.

— О, менің тотықұсым, серігім... жан досым!

Сондағы тотықұстың темірторын сындырып жіберердей тапырлап тұрып, бұған: «Аай-гелді... аай-гелді-і» деп саңқылдағанын естісөніз. («Б» деген дыбысты ол дыбыс екен демей-ақ қойды).

Байгелді темір тордың ілгегін ашып жіберген бойда Какадудың темірдей тұмсығынан да, жон-мойынан да сүйіп жатып, қалай еңкілдеп жылап жібергенін де байқамай қалды. Сондай еңкілдеген үнді тотықұс та қайталаган кезде подъезд іші күніреніп кетсе болар ма?

Екеуі ұмар-жұмар құшақтасқан қүйі ішке енді де, әлгі орыстілді жігіт ауызда тұрып шүлдірлеп, Какадуды қайтып әкелуінің себебін ұғындырды. Ойда жоқта тотықұсина кездескеніне есі шығып жүріп Байгелдінің түсінгені: Какаду ауырып қалған. Нәр татпастан, қасарысып үнсіз қалған. Республикаға енбекі сіңген құс дәрігерлерінің өзі оны емдей алмай қатты сасқан кезде ең үлкен кісінің өзі: «Жарайды, бұл құсты бұрынғы иесіне апарындар. Өзі емдер... соңан соң қайта әкелерсіндер» деген. Орыстілді қазақтың айтуына қарағанда, ең үлкен кісі Какадудың түсініксіз ауруын құс тұмауы сияқты бірдене емес пе екен деп те күдіктенгендей.

Ең үкен кісінің осы айтқандарын сондай құрметпен қайталап, өзінің үш жетіден соң қайта келетінін ескертіп. Орыстілді қазақ қайтып кетті.

Байгелдінің бар ықыласы тотықұсқа ауғаны сондай, ең үлкен кісінің шабарманы айтқан әңгімені сол құлағымен тындал, он құлағы Какаду жақта болды.

Үйге кірген сәттегі тотықұстың қуанышын көрсөніз... Ол қанатын желліп-желліп тағы да: «Аай-гелді... Аай-гелді!» деді. «Менің атым Байгелді» деп Какадуге айтып па еді, айтпап па еді, анығы мұның есінде жоқ. Бірақ мас кезде тотықұсина қандай сез, қандай сыр айтпады дейсің бұл

бейбақ. Құдай біледі, жеті атасын да түгел айтып «Какаду, ұмытпа, енді сен де солардан тарайсың» деген де шығар-ау. Тіпті тотықсын тыңдаған сәтте өзінің Байгелді атынан ғері Айгелді деген әлдеқайда айбатты әрі әсем естілді де: «Әке-шешем де қызық... сол «Б»-та неменесіне жабысып қалғандарын...» деп әлдеқашан сүйегі қурап қалған атанасын кінәлап кетті.

Бірауық әлті орыстілді қазақ айтқан ең үлкен кісінің сөзін де есіне алды. «Құсты өз иесіне апарыңдар. Соның өзі өмдер» дегені қандай ақылды әрі мейірімді сөз. Ойбай-ау, сондай ақылды сөздері болмаса ол кісі бір ұлттың ең үлкен кісі бола алар ма?!

Какадудың да қуанышында шек жоқ еді. Иесінің қолынан тыпырлап босанып шығып, ұшып барып телевизордың үстіне қонды. Ол жерде де тағат тауып отыра алмай, ұшып барып терезенің алдына қонып, бірауық машина ағылған көшеге қарады. Сонан соң терезе алдынан қайта ұшып ескі диванға келіп қонғаны. О, ғажап... оның көзі бірден мұның жұдырығымен ұрып тескен жерге түсे қалғаны. Тіпті «мен жоқта диванды жыртып тыныпсың ғой» дегендей иесіне бір, диван жыртығына бір қарағанын қайтерсін.

Адамның тотықұстан, жалпы мақұлықтан ұялуы мүмкін бе, жоқ па оны Байгелді еш кітаптан оқыған жоқ-ты. Бірак дәл осы сәтте әлгі көне диванның жыртығы үшін жердің тесігі болса кіріп кете жаздал, өрттей қызыарып тәмен қарап ішінен: «Әй, мына Какадудың аргы тегі, құдай біледі, құс емес адам шығар» деп тұрғанда иесін тығырықтан тотықұстың өзі құтқарғысы келгендей жалма-жан ескі диванның арқалығынан ұшып келіп мұның басына қонғаны. Осының өзіне Байгелді есі шығып қуанып тұрғанда ол:

— Аай-гелді, Аай-гелді, Аака-аду, — демесі бар ма?

«Байгелді мен Какаду дос дегені ме, әлде тіпті аталас дегені ме, оны бір Алла білсін!» «Ризамын. Арманым жоқ!» деді Байгелді іштей күбірлеп. Расында да оның осы сәтте бақыттан басы айналып тұр еді.

Тотықұсқа кепкен жеміс пен жеміс дәндерін беріп, алдына шыны құтымен су құйып жатқанда ол өзінен-өзі: «Ик-краа жа-аман... ик-краа жа-аман-н...» дегені.

Байгелді ең үлкен кісінің адамдары Какадуге икра беріп, содан жақлас бірдене болғанын да осы сөзден аңдады. Сосын іштей: «Осы байлар сол икралы неменеге әлдеқандай қылады осы... егер берсе мен де жемес едім» деді. Әрине, бұл ой тотықұсын өлердей жақсы көріп, соған болысып отырғанымен бір жағынан ақыры қолы жетпейтін нәрсені жек көруден келер ешқандай зиян болмасын мойындаудан да еді.

Какаду бұл берген кепкен жеміс пен жеміс дәндерін шоқып жеп тұрып, кенет:

— Ар-раақ... ар-раақ-қ, — дегені бар емес пе? Әрине Байгелді оның үйге келе сап арақ ішемінге басқанына аса қуанған жоқ-ты. Бірақ, екеуінің осы кездесуінің атап өтуге тұратынын және ол үшін арақтан татуға болатынын тотықұстың аңғартуы Байгелдіні амалсыз мойындағы да, өзіне де, тотықұсқа да арақ құйды. Соңан соң Какадудың ішкенін қызықтағандай, қолына рюмкесін ұстаған күйі отырып қалған. Какаду бұл жолы арақты ашысынған жоқ, бір шәй қасық арақты сіміріп салып, тұмсығын көкке бір-ақ көтерді.

«Мәссаған безгелдек... мына сабазың нағыз ішкіштің өзі болып шығыпты ғой» деп ойлады бұл ішінен. Бірақ ренішін де, таңғалысын да Какадуға сөздірген жоқ.

— Молодец Какаду! — деді тотықұстың көңілтін көтергісі келіп.

— Дең-ц, аа-каду! — деп тотықұс мұны қостай беріп тағы да:

— Ар-раақ... ар-раақ, — дегені. Байгелді ойланып қалды. Біраз кідірістен соң:

— Әй, Какаду, сен менен де өткен ішкіш болып кетіпсің ғой, — деді тотықұсын уәжден жеңбек болып. Тотықұс жауап орнына тағы да:

— Ар-раақ... Аай-гелді-і, ар-раақ! — деді.

Байгелді тотықұсының бұл мінезіне таңданғандай иығын бірер қозғап қойып шыны құтыға тағы да жарты шәй қасық арақ тамызып тұрып:

— Маскүнем болмай қайтейін, өзім маскүнемнің тотықұсы болсам демегеніңе де шүкір, — деді күңкілдеп. — Сонда сен мені оңдырмай жеңер едің.

Құс үй ішінде күні бойы ұшып-қонып өте көнілді жүрді. Эр нәрсе айтудан жағы да семген жоқ. «Мұның ауырғаны қайда?» деп те ойлады Байгелді ішінен. Бірақ құстарың өз үйін, иесін сағынған сәттері ештеңе жемей, үн-тұнсіз қалатын әдетін бұл Тәкежан әкеліп тастағаннан кейін, бір жетіге дейін басынан өткерген. Байгелді де не шара жасарын білмей сонда қатты сасқан-ды. Сонан соң барып екеуі үйреніспін кеткенде тотықұстың әлгі тосын мінездерінің бәрі ұмытылған.

Иесін өлердей сағынған тотықұстың қызықты қылықтары кешкісін де жалғасты. Су ағызып, екеуі байырғы әдеттерімен ваннага түскен. Сөйтсе, байқұс Какадуды осы уақытқа дейін ең үлкен кісісі бар, кішілері бар, ешқайсысы жуындырмапты. Екі ай бойы, тіпті одан да көп уақыт жуынбаған тотықұс бұрынғы иесі мен үйін іздел, сағынбағанда қайтсін. «Әй, бұлардың үлкен кісі болғанын қайтейін... кіші кісі болғанын қайтейін... өздері екі жеті жуынбай жүре алар ма еді? Жүре алмайды еken, мына Какадуды да өздеріндей неге ойламайды?» деп Байгелді қатты ашуланды. Ал құстарың бұл жуындырған кездегі сақылдап күлгенін, қуанғанын көрсөніз... Иесінің қолынан сусып шығып, су бетімен сусылдап қашқаны ше? Мұндай ләzzат, шат-шадыман көніл екеуінің арасында ғана болатын шығар-ау.

— Құдайым-ау, тотықұсы жоқ адамдардың өмірі де өмір ме? Жуындыратын, сөйлесетін, күлісетін тотықұстары болмаса да өздерінше солардікі не мardымсу... не талтаң? Тіпті, өздері ертең өмірден не қызық көрдік деп ойлайды десенізші. Солардың сондай өміріне түкіргенім бар. Тф-фу, — деді самбырлай сөйлеп.

Бұған ілесіп тотықұс та «Тф-фу-у!» деді.

Ваннадан шыққан соң Байгелді алдымен қолына сұлғі алып тотықұстың үстін сұртті. Сосын өзі сұртінді. Салқын тимес үшін өзі сұлғі жамылдып, ал тотықұстың үстіне бет-орамалын жауып асханаға кірген сәті айбатты һәм салтаттатты еді.

Өзі шәй ішіп отырған сәтте, шат-шадыман көңілмен тотықұстың шыны құтысына да шәй құйған. Бірақ Какаду қып-қызыл шәйға бір еңкейіп қарады да ішпей қойды. Содан тұмсығын аспанға көтеріп тұрып:

– Ар-рраак-қ! – дегені. Тотықұстың мына сөзіне өзін ішкіштер қатарына қосып жүрген Байгелдінің өзі қысылды. «Әй, мына сорлы өбден маскунем болыпты ғой өзі» деп ойланған отырып, ана ең үлкен кісіні де есіне алды. «Сонда ол кісінің де ермегі арақ болғаны ма?.. Ең үлкен кісіміз де сондай халде жүргені ме?» Бірақ, енді орнынан тұрып, тоңазытқыштан арақ алып өзіне де, Какадуге де құймасқа амалы қалған жоқ.

– Әрине Какаду-у... әрине. Ваннадан кейін қалайда арақ ішуіміз керек қой, – деп тотықұсына көтеріңкі сөйлеп еді, ол да қарап қалмай:

– К-кер-рек, к-кер-рек-к! – деді тақылдан. Соңан соң Какаду деген батырының шыны құтыдағы бұл құйған бір шәй қасық арақты сіміріп салып, тұмсығын аспанға бірақ көтерді емес пе? Сөйтіп тұрып тағы да:

– Аар-раак-қ! – деді. Байгелдінің өзінен өзгенін ішкіштігіне таңдануы да осы бірінші рет шығар. Қарадай абдырап тұрып:

– Әй, Какаду, сен мынау әдетінді тый... болмаса бұзылып кетесін, білдің бе? Арақтың сонына түскеннің онғанын көрген жоқпын. Жасы үлкен жанның айтқанын тыңдар боллар, жарай ма? Сенің ақылың бар ғой. Сен мына жер-жандағы ең ақылды, ең сұлу құссың. Керек болса, осы ойыма таласқан жанмен бәс тігемін, – деді.

Байгелді Байгелді бол жер бетіне шыр етіп түскелі өзі-

нен өзге ішкішке ақыл айтып отырғаны да осы шығар...  
Какаду жауп орнына тағы да:

— Аар-раақ! – деді тұмсығын көктен түсірместен.

Байгелді енді шарасызың күйде қалды. «Тамызықтатып үш күнге жеткізермін деп кеше ғана сатып алған бір бөтелекке арақты шамасы енді. Какаду-ақ тауысатын шығар» деп ойлады ол іштей жүдеп тұрып.

Арада си бес-жыырма минут өткенде Какаду әңгімені ағытты дейсің... Үй ішілік қайсыбір сөздерді тақылдан тұрып бастаған ол Байгелдінің мас кезінде айттар бір қолайсыз сөздерін де қосып жібергені. Әрине, Какадудың бұл әдеттін жақтырмаса да, Байгелді оны тоқтатқан жоқ. Кенет тотықұс сондайлық дәрекі дауыспен: «Қарап кетпеймін дейсің... Түбіне жетемін дейсің... Сонда не істейсің? Ал, мен сені біржола құртамын... Білдің бе? Көзіңді жоямын» деді. Бұл сөз жоқ ең үлкен кісінің сөзі еді. Сөзі өз алдына, тотықұстың ол кісінің дауысын айнитпай салуы таңдандырды.

«Сонда ол кісі Тәкежанның сөзін Какадуден естіген болды-ау. Мына сөздер содан кейінгі бұрқыраған ашу мен ыза ғой. Ол кісі тотықұстың арқасында мениң мас кезде айттын былжырақтарымды да тыңдағаны-ау, масқара-ай...»

Тағы бір түсінбегені – мұның Какадуге «Сен Австралия құстарының президентің» деп бастап, ең үлкен кісінің жебірлігін, басқа елдерге көп қаражат аударып жібергенін мегзеген әңгімесіне ең үлкен кісінің көзқарасын біле алмады. Бәлкім мұның әңгімесін Какаду оған айтпаған... әлде ол кісінің ашулы сөздерін Какаду бұдан жасырып отыр. Ойлап отырса осы тотықұста иесін қатерден сақтау немесе аяу сезімі де бар секілді. «Мына Какадумен ойнауға болмас. Тіпті, саясатты да біле ме немене»... Байгелді бір сөт түсі бұзылып, тотықұсқа үнсіз қарап тұрды да: «Әй, осы тотықұсты мен сорыма бола асырап жүрген жоқпын ба?» деп те ойлады іштей үрейленіп.

Какадудың мұнымен шаруасы да болған жоқ. Сарнап тағы да ең үлкен кісінің сөздерін айтып тұр. «Ескі күпәй-

кемен жүрген жерінен тауып алып... адам етіп едім» дейді. Кей сөздің қайсыбір дыбысын тастап, қайсыбірін созып айтқанымен бәрі де түсінікті. Тотықұс емес, кекеш адам айтып тұрғандай.

Қызықтың көкесі үйқыға жатарда болды. Өлі қызуы тарамаған тотықұс бір кездे «Дава-ай раз-з-дева-атыс-ся... па-аха-аты буде-ем!» дегені. Байгелді таң-тамаша қалды. Бірақ, ол бұл да ең үлкен кісінің әңгімесі ме, әлде тотықұсты жол-жөнекей үйлеріне алдырып қызықтаушылардікі ме, анығын білмеді.

Кенет тотықұс ең үлкен кісі болып әйелі, қыздары, қүйеу балалары туралы сейлеп кеткенде Байгелдінің зәре-құты қалмады. Қарсы алдында сарнап тұрған тотықұс емес, ең қауіпті бомба ғой деп ойлады. Бұғін жарылатын, бұғін жарылмаса ертең жарылатын...

...Бір сәт «Бұл тотықұс менікі емес... тіпті үйге кімнің әкеп тастағаны да анық есімде жоқ... Әйткені мен ол сәтте өлесі мас едім...» деп Какадудан оп-онай танып кетудің де жөнін де ойлап қойды.

Бірақ бойын билеген үрей басылған соң, ол ойынан қайтып айналы. Тіпті, қорқынышты ештеңе жоқ сияқты болып көрінгені сондай: «Ең үлкен кісініздің жағдайы да менің жағдайымнан асып тұрған жоқ екен ғой. Тіпті ол кісінің қаси्रеті менен де гөрі ауырлау екен-ау, құдай аясын» деп өзінің болымсыз күн кешүіне қанағаттанғандай болды. «Қайта менің Какадуым бар ғой» деп өзінің болмашы тіршілігін ең үлкен кісінің тіршілігінен артықтау бағалады ма немене... Әйтеуір, шала мас адамның, шала бақытты қүйіндей біршама уақыт осындағы бір хал кешіп отырды.

...Сол түні Байгелді ұзақ уақыт көз ілмеді. Тотықұс жайлыштың әрі-бері ойлап, оңға бір, солға бір аунап жатып қорытқаны – ендігі жерде қалайда Какадудан айырылмау жайы еді. Ол тіпті қалайды тезірек қаражат тауып, пәтерін ауыстырып жіберуді де ойлады. Оған аяқ астынан табыла кетер қаражат қайда? Әрі пәтер сатып алуға жетерлік...

Сол қаражат ғайылттан табылып, пәтерді ауыстыра қойған күнде де анау ең үлкен кісінің құрығынан құтылудың оңай емесін ойлады. Егер Текежанға ұқсан шетел асып кеплесе... Байгелдінің шеті жоқ, шегі жоқ көп ойдан басы қатты-ау.

Кенет Текежан аты оған өл бергендей болғаны. «Оған тотықұстың жағдайы осылай болып жатыр деп... хабар жиберсем ше? Айтпақшы, мына Какадудың тағы бір мас болғанда айтқандарын кассетаға жазып алып беріп жиберсем...»

Осы ой Байгелдінің кеудесіне үміт отын жарқ еткізгендей болды-ау...

...Ертемен барып, басына түскен бір дау-шардан сотталып кете жаздал, әзер аман қалған бір досынан диктофон алып келді. Ендірі іс – Какадуды тағы бір мас ету. Оның реті де үзамады. Бұл таңғы асын сәскеде әзірлеп енді столға отырған кезде Какаду өз-өзінен тағы да:

– Аар-раак-қ, аар-ра-ақ-қ! – деп сарнап қоя бергені. Байгелді оның шыны құтысына арақ тамыза қойды. Өншейінде бір шәй қасықтан асырмай жүрсе, бұл жолы екі шәй қасық... әй, одан да көбірек болды-ау шамасы.

Какаду арақты сіміріп салып темірдей тұмысығын көкке көтеріп бір сәт тұрып қалды емес пе? Шамасы арақ көптеу болып кетті-ау, тотықұс басын шайқады. Сонан соң көңілденіп, иесіне бұрылыш тұрып күлген сияқты, сақ-сақ бір дыбыс шығарды да, артынша, әңгімелеге басты дейсің...

Осы сәтті аңдып отырған Байгелді де жанындағы диктофонды іске қоса қойды. Құдай сақтасе-ен-е... Дүниеде Какадудан өткен мылжың құс жоқ шығар. Үйдегі екеуінің іш пысқандағы бостекі әңгімeden бастап, Текежанның айтқаны бар... қала әкімінің айтқаны бар... Ара-тұра иесін отырғызып кеткен суайт Еріктің де бәскендері бар... бәрін де қорқытты. Ең соңынан ең үлкен кісінің сөздерін айтты. Ең үлкен кісінің бұған дейін айтқандары айтқан ба? Мына сөздері тіпті сорақы.

«Менің шетелдегі ақшамды тіміскілеп іздел жүрсің ғой. Ал тінті... Керек болса, мен мына халықтың өзін де сатып

жіберемін. Сонда сен не іstemексің? Бірақ, оны ешкім сатып алмайды ғой... Бұл бір ешуақытта, ешкімге керек емес соралы халық...»

Мынаны естігенде Байгелдінің тәбе шашы тік тұрып, зәресі ұшып кетті. Бірақ осы сөздердің Тәкежанға керек екенін білмей қалған жоқ.

Ақыры Какаду мылжың әңгімесін:

– Давай, раз-з-деваться! – деп бітірді де сол тұрған жерде гүрс құлап, демде үйқыға кетті.

Байгелді тотықұстың әңгімесінен кейін, Тәкежанға Какадудың қазіргі жай-куйін, оған үлкен адамдардың назары түскенін қысқаша айтЫП, бәрінен құтылу үшін қаражатқа зәру екенін ескертті. Соナン соң бірден: «Менімен хабарласу қажет жағдайда осы жігітке жолық» деп берген қалта телефонның нөмірін терді.

Ол әңгімені салған жерден түсінетін ұғынықты жігіт екен, бұған бар жайды баяндатып жатпай, бірден кездесер жерді белгіледі.

Не керек, сол күннің кешінде Тәкежанға деген сәлемдемесін берді де, үйге қайтып келе жатып, тағы да қаланың өсек-аяңын жазатын газет сатып алды. Газеттің бірінші бетінде «Ең үлкен кісінің тотықұсы емделіп жатыр» деген тақырыппен хабар беріліпті. Онда: «Ең үлкен кісінің адамша сөйлейтін тотықұсы ойда жоқта ауырып қалыпты. Сенимді кісілердің айтуынша, ол бұрынғы иесінің қолында емделіп жатқан көрінеді» деп жазылған. Какаду туралы мына хабарға Байгелді әуелі есі шығып қуанды. «Какадудың аты ел-жұртқа жайылды-ау. Мұндай даңқ қазір ешбір жазушы, ешбір әртісінде жоқ шығар. Тіпті, теледидардан түспей, алшаңдал жүрген депутаттардың өзін жүрт менің Какадуымдай біле қояр ма екен? Оған «бұрынғы иесі» болуымның өзі де жарты бақыт емес пе?» деп әлгі газетті кеудесіне басқан күйі үйіне қарай алып-ұшып, қуанып келе жатып: «Қазір өзіне оқып берейінші, ол атақ-даңқының елге жайылып, өзі туралы айтылып жатқанын білер ме екен?» деп те ойлады.

Сонан соң ол кенет қорықты. «Газеттің мына хабары Какадуға да, маған да сор болмаса деші... Қайран тотықұсымнан біржола айырылмасам етті».

Ол үйінің босағасынан қорқынышпен аттаумен бірге газеттегі хабарды тотықсқа оқып беру ниетінен де айнады. «Мүмкін ол хабар Какадудың да көніл қүйіне әсер етіп жүрер».

Ертеңіне таңертенгілік өзін «қаладағы бір компанияда істейтін едім» деп таныстырып бір жігіт телефондады. Жай қызметкер сияқтанып танысқанымен дауысы сондай нық, сабырлы. Байгелді кісі таныса – нағыз байдың дауысы. Құдай біледі, әлті компанияның бастығы да өзі болар. Жағалатып тотықұс жайын сұрайды. «Сататын болып шешсөңіз, хабарласыңыз» деп үялды телефонының нөмірін жаздырды.

Әрине, Байгелді оған сатамын деген жоқ. «Газетте тотықусты «ең үлкен кісінікі» деп жазды емес пе? Сонда бұл жұрттың ол кісіден де қаймықпағаны ма?» деп ойлады іштей. Тіпті әлті жігіттің: «Тотықұсыңыздың сатылу бағасын өзінің айтасыз. Мен саудаласпаймын» дегені де таңдандырды. «Сонда мен оны он мың доллар десем, соған алып кете бере ме? Он мының не ойбай-ау, отыз, қырық мың десе де саудаласпаймын деп отыр емес пе? Мен бейбақ әне бір кездері бұл тотықусты мың теңгеге де беріп жібермек болдым емес пе? Әй, ақымақ кәлләм-ай, кейде тіпті лағып кетесің-ау... Заман көшінен кейінде жүргенім де осы мінезімнен емес пе? Ойбай-ау, одан бұрынырақ бір бөтелке арақ-қа да беріп жібермек болғанымды айтсанышы...»

Какаду бейбақтың түкпен шаруасы жоқ, таңертенген «аар-раақ-қ, аар-раақ-қ» деп зарлап тұрды. Бұл естімеген болып шыдап бағып-ақ еді, ақыры туслі ас кезінде оның зарлаған үнінен құтылу үшін, шыны құтысына бір шай қасықтай ғана арақ тамызды. Какаду батырыңыз арақты тағы да сіміріп салып, тұмсығын көкке бір-ақ көтерді. Оның арақтан соң осылай тұмсығын көкке көтеріп тұруы – шамасы айрықша ләzzаттан туған көніл-күй екенін де Байгелді енді андағандай.

«Мұның әр ішкенде бір шәй қасық ішкеніне де шүкір, – деп ойлады ол. – Егер мен сияқты жұз, екі жұз грамнан ішер болса не тамтығым қалар еді?»

Тұс қайта ойда жоқта телефон соққан тағы бір жігіт: «Сіз туралы жақсы билетін дядямның ала келген газетінен оқыдыым» деді. «Сонда шын адамша сөйлей ме? Қанша сағат сөйлейді және өзге тілдерді менгеру қабілеті қалай?» деп тотықұстың мүмкіндігін тінтіп тексерсе болар ма? Байгелді: «Ол ең үлкен кісінікі» деп қашыртып еді: «Бәрібір қазір сіздің қолыңызда ғой, қазір сатып жіберсөніз де еркініз. Қазір сондай заман, сондай уақыт» деп әңгімені төтесінен тартып тұр.

Байгелді телефондың қойған соң да әрі-сәрі ой үстінде жүріп: «Сонда бұлар менің телефон нөмірімді қайдан, кімнен алып жүр?» деп те басы қатты.

«Тіпті осылардың біріне он бес, әлде жиырма мың долларға сатып жіберіп, бір жағына тайып тұрсам ба екен» деген арам ойға да кетті. Бірақ, ондай опасызыңық жаңы қас еді. Бұл опасызыңық Какадудың алдында ғана емес, Тәкежанның алдында да мұны тәмен қаратпай ма? «Жо-оқ... Құдай сақтасын...» деп, енді болмаса опасызыңық беттегелі тұрган өзін-өзі ұрысып өзөр тоқтатқандай, азар да безер болды. «Тәкежанның осы тотықұсты маган тастап кетуінің өзі... менің кіслік бағам, салмағым емес пе еді, ішкілікке әуес болсам дағы...»

Таңертенгі, түстен кейінгі күтпеген телефондардан соң Байгелді ұры-қарылардан да секем алып, әбден тозығы шықкан пәтерінің балконын, терезелерін жағалап қарап шыққан болды. Қарап шыққан есік-тесіктердің аңғал-саңғалдығы сондай, көнігі ұрылар түгілі сондай кәсіпті кешелі-бүгін бастаған үміткер, бозекпе ұрылардың өзі де мұның үйіне түсуді мақсат етсе, бәлкім аса үлкен қындыққа ұшырамай-ақ мақсатына жетер еді. Тотықұс түгілі, Байгелдинің өзін ұрлап алып кетемін десе дағы...

Ол түні бойы тағы да көз ілмей, totықұс жайлы ойлап шықты. «Какадуды алып, қала шетіндегі саяжайлардың бірінде тұрар ма едім» деп ойлады ол сондай әдемі қиял дүниесіне шомып жатып. «Онда ағаштар көп, іргеде таутас... Неше түрлі құстары тағы бар. Менен бұрын ол мекен Какадуға қандай ұнар еді. Тіпті, қазірдің өзінде қырау жамылған ағаштарымен-ақ қала сырты ертектегідей маужырап тұрған жоқ па? Солай кетіп қалсақ, ең үлкен кісі бізді іздел бүкіл елді дүрліктіре қоймас...» деп өзін-өзі жұбатқан болды да, артынша: «Саяжайда тұру үшін де қаражат керек қой» деп ойлады Байгелді қайтадан амалы таусылғандай күрсініп. «Бізді ешкім білмейтін, біз ешкімді білмейтін сондай бір мекенге... шіркін!»

Ол бірауық Какадудың ішкілікке салынуына да мән берді. «Әуелі дәмін татырған өзім-ау» демей «бұзған со-лар» деп жоғарыдағыларды кінелады. Суайт досынан бастап, ең үлкен кісіге дейінгілерден көнілі қалды. Соңан соң ойлап-ойлап: «Арақты әуелі мен қоюым керек шығар, егер мен қойсам, бәлкім Какаду да ішкілікті доғарар» деген шешімге келді де, осы шешім бойынша ертеңнен бастап ішкілікті аузына алмауға бекініп, үйқыға кетті.

Ертеңіне сәскеге таяу шәй үстінде-ақ Байгелді totықұс-қа ақыл айту сабағын бастап кетті. Бұған дейін «аар-ра-ақ» деген сөзді екі-үш рет қайталап, иесінен жауап болмаған соң, ол алдында жатқан кепкен жеміс пен жеміс дәндеріне қарамай, өзінше томсырайып мінез көрсетіп отырған.

— Ар-рақ жоқ... ар-рақ жаман, — деді Байгелді оған өзімсі сейлеп.

Тотықұс оған жақтырмай қарады да:

— Аар-ра-ақ жақ-қсы-ы, ик-кра жа-аман, — дегені.

Имансыз шекірттің сөзінен шошыған молдадай Байгелді ыршып түсті... «Ойбай-ау, мынау тіпті маған уәж айтып тұрғой. Масқара болғанда бір күні осының сөзінен-ақ инфарк алып жүрмесем қайтсін...»

— Мен ар-рақты қойдым, сен де қой. Бітті! — деп бұл

алақанымен аузын басып көрсеткен. Тотықұс иесінің бұл ақылына кәдімгідей ойланып бір сәт үнсіз тұрды да:

— С-сен қой, мен іш-ш, — дегені.

— Астапыралла!

Осы сөздің аузынан қалай шығып кеткенін де аңдамай қалды. Бұл бір жағынан Какадудың бұны менсінбегені әрі мазақ қылғаны секілді еді. «Ойбай-ау, мына түрімен бір күні мені тілдеп те тастамаса етті...» деп Байгелді кәдімгідей томсырайып қалған. Шын өкпелегені ғой, ішіп отырған шәйін да тастай беріп, орнынан тұрып, әрі-бері сенделіп кетті.

Қайран Какаду, қандай зерек, сезімтал... Иесінің өкпелеген қалғанын біліп, кенет пар-р етіп ұшып келіп, мұның тәбесіне қонғаны.

Жануардың иесіне еркелегенде, әлде оны өзі еркелеткендеге естетін әдеті бар. Тәбесінде сайрап отырып имек аяғының етімен мұның маңдайынан ұзақ сыйап тұрып:

— Се-ен-н жа-ақ-сы-ы... Кака-аду-у жа-аман-н! — дегені.

Ал бұған не дерсің? Аяғымен иесінің маңдайын сипауы тіпті тосын қылыш.

Байгелдің әлгінде ғана томсырайған жүзі жылдып қана қоймай, жайнап кетті.

— Әй, Какаду сен құс емес, шын адам шығарсың осы. Ата-бабаларыңың шежіресін алдырып, шіркін қарап шығар ма еді, ақтарып... Бұл не деген ақыл... мейірім... парасат... Сендей құс дүнне жүзінде менен басқа кімде бар, айтшы? Менде ғана емес пе? Алланың өзі жіберген бағын мен пакыр бағалай алмай қаламын-ау кейде. Сенің еркелеп бір шәй қасық арақ сұрағаныңды ауырлап тұрғаным... осалдығым емес пе? Пейілімнің тарлығы, кәдімгі шық бермес Шығайбай болғаным емес пе? Әй, Какаду, сенен аяғанды ит жесін... Келші... Үстелдің үстіне түssі былай. Тәбемде отырып сайрап, есімді шығаратының-ай, осы.

Байгелді осылай дей жүріп тыққан жерінен арағын шығарып, шыны құтыға бір шәй қасығын тамызды. Тіпті, өзіне де құя жаздал, өз қолын өзі зорға кейін қайырса бо-

лар ма? Какаду мұның тәбесінен пар-р етіп ұшып, үстелге қонды да шыны құтыдағы араққа қарады. Ойпырмай, сайтан алғырдың қуанғаны-ай. Қуанғанда көздері жайнап, ойнақшып кетеді екен. «Құдайым-ау, бұл нағыз ішкіштерде болатын мінез емес пе еди?» Сейтіп отырып тағы да:

— Се-ен жа-ақсы-ы... Кaka-аду жа-аман-н... — дегенін қайтерсің...

— Сайтан алғырдың дауысы қандай сүйкімді еді. Тф-фу, тіл-аузым тасқа-а...

— Тф-фу-у! — деді Какаду де мұны қайталап, сосын темірдей тұмсығын шыны құтыға салып жіберіп, сімірді дейсің. Не керек шыны құтыдағы арақты тауысып барып имек тұмсығын бір-ақ көтерді ғой.

«Әй, сабазым-ай, арақты суша сіміретін жалғыз totықұс та дүние жүзінде өзің ғана шығарсың».

Байгелді totықұсын аяп, әрі жақсы көріп тұрып, қатты толқып та кеткені.

Екеуді бірде өкпелесіп, бірде татуласып күндерді өткөріп жатты. Арада компанияяда істейтін жігіт қайта телефон соғып, totықұсты сатып алғысы келетін ниетін тағы да аңғартты. Байгелдінің таныстарының бірі арқылы мұның барлық жағдайын біліп алғандай. «Қанша сұрасаңыз да беремін, — деп тағы да ескерте келіп, — дегенмен он мың бакстан асырмаяға тырысарсыз» деген емеурін жасады. «Сонда оның бермек болып отырғаны он мың доллар ғой! Бұл менің өндігі қалған өміріме мол жетіп, жетпек түгілі артылып қалар ақша ғой. Құдайым-ау, сонда бұл жұрт долларды жерге егіп тауып жатыр ма? Қайдан ала береді».

Әрине, бұл таңданысын Байгелді компанияның жігітіне сездірген жоқ. «Болмайтын іс қой. Totықұс өзіме де көрек» дей келіп, әлгі байға «ойланайын» деді. Іштей: «Осы сұраушыдан біржола айырылып та қалмайыншы, әлдекалай заман болады» деген де құлышы болды.

Бірақ, телефон тұтқасын ұясына қойысымен үй ішінде сенделіп жүріп көп ойланып, Какадуды тіпті де сата ал-

майтынына көзі жетті. «Ол менің өмірім ғой. Одан өзге менің қазір кімім бар? Қандай қызық бар?! Оның үстіне жоқ жерден тағы бір мықты иеленіп...» Байгелді бұл тұста totықұстың тағдыры ең үлкен кісінің тырнағы астында тұрғанын да есінен шығарған жоқ.

Сол күні түнде Байгелді тағы да totықұсқа байланысты әртүрлі ойлардан басы қатып жатқанда есіктің қоңырауы шылдырағаны. Түннің бір уағы түгілі, тапа-тал түсте ешкім келмейтін, бас сұқпайтын үйдің қоңырауының бұлай мезгілсіз шырылдауы оның зәресін ұшырды. «Бұл қоңырау енді анық сау қоңырау емес... Totықұсты тартып әкетуге келген ұрының өзі болмаса қайтсін» деген ойдан үрейленіп, жүргегі қатты дүрсілдеп кетті. Темір торынан ұшып шыққан Какаду да мұның иығына келіп қонды. Ол да бір қатерді күткендей үнсіз.

Қоңырау үшінші рет шырылдағаннан кейін үй иесінің есікті ашпасқа да амалы қалмаған еді. Ерні ғана күбірлеп, іштей болса да көптен бері құдайға жалбарынғаны осы шығар. Қолы аз-кем дірілдеп тұрып кілтті бұрап жібергенде, ар жағынан өзінің Ерік досы кіріп келгені...

Какадуды қайдам, кіріп келген жанның ұры әлде рәкет болмай, әйтеуір таныс адам болғанына Байгелді қуанып қалды. Оның үстіне досының кіре сала құшақтал, қайтакайта сүйгені де қабағын түйіп, мұп-мұздай болып тұрған мұны оп-оңай көңілдендіріп жібергендей еді.

— Баеке кешірші. Сен кенсің ғой. Кешіресің ғой. Басшы болу деген бір ит жұмыс екен. Аяқ басқаның, сейлегенің... бәрі-бәрі есептеуіл. Сенсөң, соғып кетуге де уақытЫм жоқ. Баеке, сен бастық болмашы... Сенің бастық болуыңды мен тілемес те едім. Есінде болсын, бастық бол деп дүшпаныңа ғана тіле.

Байгелдінің байқағаны, Еріктің өзі солай деп тұрғанымен, досы аз-кем толысып, әдеміленіп-ақ кеткен. Үстіне киғен киімдері де өзгеше.

«Бастық болу азап болса, неге екі езуің екі құлағында

жүр» деген сияқты уәж қайыру ойында болса да, айтқан жоқ. Керісінше оны үстелге шақырды.

— Сенімен бірге отырып, өткен-кеткенді әңгімеледі қандай ойлаймын, Баеке... Арманым десем болады. Бірақ вот... уақыт жоқ.

Ол үстел басына келген соң да дамылсыз сөйлеп отырып, кенет көзі Какадуға түсіп кетті де, әңгімесі де енді солай ауып жүре берді.

— Өй, патшам менің!.. Генералым менің!.. Қерген жанды таңырқатқан түрінен айналдым... Қалай тәуір болып кеттің бе?.. Кеселінен айығып келе жатырсың ба, әйтеуір... Тфәттә-фә...

Какаду оған жауап қатқан жоқ. Жауап қатпақ түгілі оны жаратпағанын аңдатып, жүзін бұрып әкетті.

Бірақ «мені тотықұс жаратпай отыр-ау» деген Ерік жоқ, қайтадан Байгелдіге бұрылып:

— Вот маңызды мәселе... Баеке... Бүгін маған ең үлкен кісінің көмекшісі телефон соқты. Теледидардан байқаған шығарсың... ең үлкен кісі қазір шетелде жүр ғой. Вот, айттайын дегенім... Ең үлкен кісі сол жақта жүріп Какадудың денсаулығын сұрапты. Мәселе қайда?

Осы кезде ескі ашуын бойына жинап отырған Байгелді аяқ астынан бұрқ ете қалды.

— Айналайын, Ерік, тотықұс менікі... Ал сениң тотықұстың бір оған, бір бұған сыйласап саудалап кетуің қалай?

Ерік тағы да құшақтап, бетінен сүюге оңтайланған берді де, мұның қабағынан қаймығып отырып қалды. Енді ол да маңызданды.

- Бұл іс сенің де абыройың ғой, Баеке.
- Маған бұндай абыройдың керегі жоқ.
- Сонда не айтпақсың?
- Айтпағым... тотықұс менікі. Ешқандай ең үлкен кісінді де, ең кіші кісінді де білмеймін.
- Баеке, достықпен айттайын, ең үлкен кісіге өзіл жүрмейді.

- Мен де әзілдеп отырғам жоқ.
- Баеке, бас кететін әңгіме айтып отырғаныңды білесің бе? Ол кісінің құрығы үзын.
- Менің басым аятындағы да бас емес.
- Ерік енді бұған қасын кере қарап, шалқайыңқырап отырды да, аз-кем үнсіздіктен соң:
- Жә, әуелі тотықұсымыз ауруынан айықсыншы, – деді аса байсалды кейіпке ауыса қалып.
- Какадуды емдеу өз ісім.
- Баеке, ашуыңды басып, ақылға келерсің. Ең үлкен кісі сені ренжітпес те.
- Маган ешкімнің ештеңесінің керегі жоқ.
- Ерік досы енді жауап қатпады. Орнынан тұрып, асықпай есікке беттеп бара жатып:
- Баеке, мен де өзіңе дұрыстап көмектесемін... Мына жаңа жұмыстың басын бір қайырып алайыншы. Дұры-ыстап көмектесемін.
- Көмегің өзіңе... рақмет.
- Ерік енді жоқ жерден құлді.
- Өзгермейтін, қайтпайтын осы мінезің-ай, Баеке... Менің сені өлердей жақсы көретінім де осы мінезің ғой. Жә, сау болшы... аман болшы... таудан, тастан беті қайтпайтын арыстаным! – деп ол осы бір көтеріңкі сөздердің желеуімен мұны тағы да құшақтап, бетінен сүйді де: – Хабараласамын, Баеке, ақылға кел, – деп есіктен шығып кетті.

Бұл түні де Байгелді көпке дейін үйықтай алған жоқ. Ол іштей жағдайдың біраз ушықталы тұрғанын да сезінгендей болды. Әлгіндей суайт досының қайта-қайта айтқан «дұрыстап көмектесемін» дегенінің мәнін түсінді. Бірақ, сол дұрыс көмектен де мұның тұла бойы түршігіп, жиіркеніп кетті. Ол енді қала шетіндегі ескерусіз бір саяхайда Какаду екеуі бақытты өмір кешуі жайлы... мақсатынан да шегініп кетті. Ойлап қараса, әпенденің берекесіз қиялышындағы бірдене екен. «Сонда тотықсты мұның қолына беріп, мына суайт досы,

оның ар жағындағы қала өкімі, ең үлкен кісінің адамдары, аңқайып қарап отырмак па? Тотықұсын тартып алыш, өзін қаңғыртып жібермей ме?.. Қаңғыртып жібере салса да жақсы, түрмеден бір-ақ шығармай... Мәлжіреп ішіп жүретіндер түгілі, қақшиып сақтанып жүргендердің де басын қатырып жатқан жоқ па? Ойда жоқта үйден есірткі шөп табылған қылышп, әлде байқамай дәрі ішіп қойған етіп».

Байгелді енді қала сыртындағы ағаштары қырау жамылып, құстары шулаған, тау-тасы жақын саяжайда мекендеуге тәуекел етпеді. Тіпті, көрші ТМД елдерінің де өзіне берік пана бола алатынына күмән көлтірді. Ол бұл жолы, тіпті, теренірек ойлады. Теренірек ойлағаны ғой, қалайда қаражат тауып Австралияға, Какадудың отанына кетуді мақсат еткені. Сейтіп Какадуды есін шығара қуандырғысы келді. Құсқа да, адамға да отанына оралудан өткен бақыт, мақсат бар ма? Әрі Байгелдінің бұл жоспарын Тәкежан сөз жоқ қостар еді... Қолынан келгенінше көмектесер де. Ол қазір Отан дегеннің не екенін артығымен білер дәрежеге де жеткен болар-ау...

Австралияға кету жайын осылайша шешіп алған кезде Байгелдінің көңілі орнықандай көнілденіп қалды. «Австралия асып кетсе несі бар? Бұнда несі, кімі қалып бара жатыр? Әйелі мен бала-шагасы анау... екі жылдан бері мұның жағдайын да білгілері келген емес. Ал, анау інілерінен, өзге де ағайындарынан күдер үзгелі қашан... Олар, тіпті, Байгелдіні әлдеқашан әліп қалды деп жүрген шығар-ау».

Ол енді қиялында Австралияның орманын арапап, өзенін кешіп, қазақша өлең айтып журді. Жанында Какаду.

Австралияға кету жоспары Байгелдінің біржола көнілдендіріп жіберді. Енді ол таңның тезірек атуын күтіп, үйқыға кетті.

Бұның осындағы шешімге келуін ғана күтіп отырғандай, ертеңгілік Тәкежанның жігіті телефондады. Әдеттегідей: «Сағат он екіде «Сарыарқа» кинотеатрының алдында қу-

тіп алып, тау жаққа алып кетемін» деді. Арғы жағы түсінікті. Оңаша жерде сөйлесеміз дегені.

Есімінің Саят екенін де осы жолы айтқан бұл жігіт Байгелдіні қуантты. Оның айтуынша тотықұсының жіберілген дауысына Тәкежан қатты риза болып, Какадуды қалайда аман сақтауды, ол үшін қажет қаражатты тауып беруді Саятқа тапсырған.

Ал, бұның Австралия асып кету жоспарын Саят қуана қолдады. Ең үлкен кісінің құрығы алымды екенін білетін ол бұл сапарды қостаумен бірге, жолға керек қаражатты да тезірек айтуын өтінді. Байгелдінің «пәтерімді сатсан ба деп едім» деген ойының өзін жолға кедергі болар ұзақ-сонар іс деп шешкен ол, енді бұған анау-мынау деп уақыт өткізбеу жайын ұғындырып бақты.

Әсіреле Саятты ең үлкен кісінің тотықұсты шетелде жүріп сұрауы алаңдатқандай.

Осы мақсатқа байланысты шаруалардың осылай опонай реттелуіне өзінше қатты қуанып жүргенде Байгелді үшін күтпеген тағы бір қындық туып келе жатыр еді. Ол Какадудың арақ ішуді көбейтуі-тін. Көбейткенде оның шыны құтысына арақ құттың, әрине, Байгелді ғой. Какадудың да арақ сұрауы көбейді. Егер иесі ерекісін шыны құттыға түк тамызбай қойса, неше түрлі сөз айтып мұны еркелетеді. Төбесіне қонып аяғының етімен мұның маңдайынан сипайды. Құдайым-ау, тырнағымен сипаса иесінің маңдайына батып кетерін, оған иесінің ашууланып қалатының құсқа кім үйретіп қойды деңізші?.. Осы айланың бәріне де көнбей, шыны құтысына арақ тамбай қалған кезде, Какаду жылайтынды шығарды. Жарандар-ау, ұзынды-қысқалы гүмырларыңызда тотықұстың жылағанын көргендерініз бар ма? Егер көрмесеніз – сіз бақыттысыз! Дүниеде тотықұстың жылаған дауысынан асатын мұн, зар бар ма екен өзі? Жок шығар... Сірә, тотықұстың жылаған дауысын естіген жан да, арылмас қасірет-қапаға душар болған бақытсыз адам болса керек.

Какаду осылай арак сұрап, жылаған кезде өзі де қосыла жылап, жаны ауырып, жүргегі езіліп, Байгелді қатты жүдеп жүрді.

— Какаду-ау, жаным-ау, асылым-ау, — дейтін ол кейде тотықұстан бетер солқылдан жылап отырып: — Сен үшін қо-лымнан келгеннің бәрін жасап жатырмын ғой. Австралияға алып кетпекпін сені. Австралияға! Өзің туған орманға, өзің бірге өскен құстардың үйіріне апарып қоссам, маған өкпен не? Одан артық менің қо-лымнан не келеді?

— Трр-алиа-а... тррала-а, — деді тотықұс мұның айт-қандарын қайталап. Бірақ жаратпай айтты. Сосын: — Апп-ра-ақ, аар-раақ!.. деп айқай салды «маған керегі сол ғана» дегендей.

— Менің өмірдегі жалғыз қуанышым болған тотым-ау, мен сен үшін, сенің осы сорақы әдетінді тастату үшін отыз жыл жолдас болған арақты да таstadtым емес пе? Соны неге түсінбейсің, а? Осы әдетінді тастату үшін «сен де тотықұс бол» десен, болуға тырысайын. Саған ұқсан кепкен жеміс жеп, жемістің дәнін теріп кетейін... Онсыз да осылай болғалы тұрған жоқ па? Екеуміз Австралияға, сенің отаныңа кетіп қалғалы отырған жоқпыш ба? Сен өскен орманды аралап, сен түскен көлге шомылышп, сенің қуаныштан сайраған үніңе қосылып ән айтып жүрсем... менің де тотықұс болып кеткенім емей немене? Екеуміз үшін бұл сапар – қандай ұлы мақсат! Бұл сенен өзге тотықстың да, оның иесіне де бұйырмаған бақыт қой... Жаным тотықұсым, сайраған сандуғашым... тек өзінді сақташи. Мына ант атқан, ашы бәлені доғаршы. Алдымен алып құс-ұшақпен бірге қанатымызды қағып, мына екеумізге де тек бақытсыздық әкелген берекесіз қаладан көтеріліп бір кетейікші... Анау суайт досымнан, қала әкімінен, сосын анау ең үлкен кісіден де құтылайықшы... ар жағында құстар үшін мәңгілік еркіндік пен бостандық мекені болған Австралия ормандары... Осыны сен түсінші... Какаду, ақылың бар еді ғой... Сен білесің бе, Австралияда қазір шыжы-

ған ыстық... жаз ғой... Жаз! Барған бойда күмп беріп көлдің суына қоямыз да кетеміз.

Иесінің көп сөзінен әбден шаршаған тотықұс бейжай кейпінен аумаған қалпы: «Аар-ра-ақ-қ!» деді тағы да.

Байгелдіні анық шаршатып, салын суға кетірген де осы сөз болды. Ендігі жерде не дерін білмеген ол тотықұсынан көз алмай ұзақ қарап отырып, бір кезде ауыр күрсінди. Мұндай күрсініс әкесі өлгенде болып па еді, шешесі өлгенде болып па еді... тіпті осыдан екі жыл шамасында әйелі, бала-шагасы тастап кете барғанда болып па еді... анығы есінде жоқ. Болмаган секілді. Болмаган секілді дейтіні: сол сәттердің бәрінде де бұл ішіп отырған. Сондықтан өзінің жаны жылап айтқан өлгі сөздерін де тотықұсының бейжай қабылдауын бұл жақсы ұқты. Тіпті, оның осы үнсіздігін терең се-зіммен қабылдады десе де болғандай.

Бірақ, Какаду арақты қоймақ түгілі қайта үдетіп жіберді. Бұрын арақты ол күндіз сұрағаны болмаса, тунде тыныш еді. Енді түн баласына да: «Аар-раа-ақ... аар-ра-ақ-қ» деп сарнап шығатын болды. Алғашқы түндері үйқысының тыныштығы үшін оған әдептегіше бір шәй қасық арақ құйып, қайта жатып қалатын. Алайда тотықұс анда-санда құйған арақты місе тұттайтын болды. «Тек қана арақ құйып жа-нымда отыр, үйқыны да доғар» дейді. Әрине, Байгелді тотықұстың бұл талабына тас-талқан болып ашуланып, келесі түні ол қанша сарнаса да, шыны құтыға бір тамшы арақ тамызбай, екі құлағына мақта тығып алып пырылдан үйықтап-үйықтап таңертең бір-ақ тұрған. Сонда не болды дейсіз ғой... Енді жуынуға ваннаға кіре бермек болған иесінің басына тотықұс пар-р етіп үшып келіп қонды да, аяғының өткір тырнақтарымен мұның мандайын осқыласын келіп... осқыласын келіп...

Әмірінде мандайын тотықұстың тырнағына осқыла-тып көрмеген жандар «біз әмірден ешқандай азап көрмеген еkenбіз» деп шүкіршілік етулеріне де болатын шығар.

Сол сәтте Байгелді батырының «қазір, қазір» деп тығып қойған арағына қарай зыр жүгіріп, шыны құтыға бір шәй қасық емес, үш шәй қасық арақты қалай құйып жібергенін де аңдамай қалды. Соナン соң тотықұс араққа алданып жатқан кезде бұл ваннада маңдайының қанын жуып тұрып, солқылдан жылап жіберді.

Осылай тотықұсқа қандай айла жасарын білмей, амалы құрып, өзінің де қарадай берекесі кетіп отырғанда Какадуды қайта өкеліп беретін орыстілді қазақ жігіт телефон соға қалғаны. Шүлдірлеп орысша сөйлеп, ең үлкен кісінің шетелден сралып, жұмысқа түскен бойда тотықстың жағдайын сұрап жатқанын айтты.

– Тотықсты әлде де емдеу керек, – деді Байгелді одан тезірек құтылғысы келіп.

– Қайда?

– Австралияға! Ол құс тұмауына шалдыққан секілді.

Байгелді оны біржола құдер үздіруді ойлаған. Өйткені ол Какаду тырнағымен маңдайын қанша осқылап, жанын көзіне көрсетсе дағы өлмей айырылғысы жоқ еді. Байгелді батырымыздың арақтан қолы босап, есі кірген сәттерінде өзінше құдайдан қорқып, оған құлшылық етіп отыратының да айттық емес пе? Осы жолы да ол іштей: «Какадуға арақ үйреткен өзім екем... оның қасіретін де өзім тартуым құдайдың бүйріғы... тағдырым» деп түйіндең тө қойған.

Алайда, әлгі орыстілді қазақ Байгелдінің бұл сөзінен кейін де тотықұстан құдер үзе қоймаған секілді. Трубканы ұзақ ұстап тұрып, ойланды да:

– Тотықстың емделуіне... және өзініздің онда ере баруынызға қанша қаражат керек болар еді? – дегенді айтты.

– Жұз мың!

Әрине Байгелді долларды айтты. Және оны біржола бездіру үшін әдейі...

– Сізге ол сумма қай күнге керек?

Орыстілді қазақ осылай дегенде енді Байгелдінің өзі шошып, күмілжіп қалды.

– Енді-и... қай күні болса да...

– Мен бұл айтқандарыңызды ең үлкен кісінің өзіне жеткіземін, – деді де орыстілді жігіт телефон тұтқасын тастай салды.

«Менің бұл айтқандарымды ең үлкен кісіге жеткізуі – бағым ба әлде сорым ба?» деп ойлады енді Байгелді еңсесі түсіп отырып. «Сонда жүз мыңды мұның қолына екі-үш күнде ұстата салуы мүмкін бе? Ал, ең үлкен кісі сөйлесу үшін мұның өзін алдына шақыртса ше? Шошып кетпей мे? Қолыма жүз мың доллар ұстаптақ түгілі «мына албастыны бірден тұрмеге тығындар» десе ше...»

Байгелді енді Какадудың тырнағынан өле ме, әлде ең үлкен кісінің тырнағынан өле ме, әйтеуір бір тырнақ мұның ажалы бол жақындал келе жатқандай еді.

«Расында да менің түрім ең үлкен кісі көретіндей түр емес қой» дей беріп, айнаға бір қарап алу үшін орнынан тұра бергені сол еді. Айнаға қарап үлгерді ме, үлгермеді ме, әйтеуір қарсы алдынан шыға келген бір албастыға «Әй, мына берекесіз қайдан шыға келді өзі?» деп күбірлеп, үңіле бергенде. Какадудің асхана жақтан: «Аар-ра-ақ-қ!» деген дауысы шықты да, Байгелді деген батырымыз енді солай қарай қалай жүгіре жөнелгенін байқамай да қалды. Дәл осы сәтте оған өзі үшін ең үлкен кісіден де гөрі Какаду қауіптірек болып көрінді.

Үрейленгені сонша қолы дірілдеп тұрып, тотықустың шыны құтысына бір шәй қасық арақ тамызды ма, әлде екі шәй қасық тамызды ма, анығы есінде жоқ, әйтеуір осы кезде тағы да телефон шырылдай қалғаны. Компанияда істейтін жігіт екен. Бұл жолғы әңгімесі қысқа:

– Жиырма мың долларға берсеніз, қазір барып, ақшаны қолынызға ұстаратып, тотықусты алып кетер едім, – дейді. Осы сәтте өзіне қандай қырсық күш дарығанын... әйтеуір қасқайып тұрып:

– Шырағым жиырма мың долларға мына аулада ұшып жүрген құстардың бірін ұстап бермесем, тотықұсты беруім обал болар! – дегені.

– А жаль... – деп компанияның жігіті тұтқаны тастай салғандаға Байгелді осынша ойланбай сөйлегеніне аз-кем ренжіп қалды? «Ойбай-ау, айтып тұрганы жиырма мың доллар! Жиырма мың! Ал, мен Какадуды кезінде бір мың теңгеге беріп жібермек болдым емес пе? Сонда бір мың теңге ұсынар пендे таба алмай да қор болдым-ау... Тіпті, оның алдында бір бөтелкө араққа да... Ой-бұ-үй, ойбай-ай. Сор қапқан басым... сол Какадудан көресіні көріп тұрып... Тіпті, жиырма мың долларды санап алып, тотықұсты сол компанияның жігітінің қолына ұстатьып... басым ауған жаққа кете барсам ше? Мениң Австралия не теңім-м...»

Қат-қабат шаруадан есептірекен жандай Байгелді бір сәт басын ұстап, асхананың босағасында еңсесі түсіп төмен қарап отырды. Не істеп, не айтып жатқаны да анық есінде жоқ секілді. Дәл қазір одан біреу «Сіз орыстілді жігітке не дедіңіз? Ал компанияның жігітіне ше?» десе құдай біледі, айтқан сөздерін берекесіз баладай, шатыстырып та, бытыстырып та болар еді.

Ол шын шаршады. Ішіп жүрген кезде бұлай шаршамайтын. Ал, енді қазір... мына дүниеде Байгелдіден сорлы адам жоқ секілді көрініп кетті. Ойбай-ау, ішіп жүрген кезде бұның өмірі күнде Австралия болмады ма? Бұл өзінше Алматыны менсінбей жүрді емес пе?

Осылай шытырман ой құшағында отырғанда, есіктің қоңырауы зың-ң ете қалғаны. Қекнәрші шалдай оқыс селк ете қалып, қалтақтап орнынан көтеріліп барып есік ашса, Ерік досы...

Ол мұны бас салып құшақтап, бетінен онды-солды сүйіп жатыр. Осы сәттегі көніл-куйнің жұдеулігінен бе, Байгелді досының осы жолғы өзімсінуін жақсы көріп, тіпті көнілі босап та қалғандай еді.

— Баеке, ең үлкен кісінің аппаратындағылар хабарласты ғой?

— Ия, олар да жабысып... Осы totықұстар болмаған кездері қалай күн көргенін.

— Жүз мың... депсің totықұстар емдегуге.

— Ойбай-ау, безіп жоламай кетеді екен десем.

— Өте аз сұрағансың. Ондай totықұстар емдегу үшін екі жүз мың сұрауға әбден болады, есінде болсын.

— Доллар ма?

— Ол деңгейдегі кісілер доллармен ғана есептеседі.

— Ерік-ау, ол көп ақша ғой. Халық ыңырсып, әсіресе ана ауылдағылар күнін көре алмай отырғанда...

— Баеке есінде болсын... байып алған адамдар «жұрттың бәрі де мен сияқты байып алды» деп есептейді. Ал өмірінде жарымағандар «елдің бәрі де мен сияқты кедей екен» деп ойлайды. Егер олардан алған екі жүз мың доллардың жүз мыңын сен, жүз мыңын мен қалтаға салып алсақ бар ма... сен үшін халық ыңырсымайды... ана ауылыңыз да кедей болып көрінбейді. Тіпті, сол кедейліктің өзіне биіктен... басқаша пейілмен қарайтын боласың.

— Олардың сұрағаныңды бере салатының қайдан білдің?

— Мынадай totықұстар емдегу үшін миллион сұрауға да болады. Миллион!

— Доллар ма?

Жауап орнына Ерік кекесінмен күлді.

— Мен күні бойы не дедім? Қазір телефондап «Мен Австралияның құс емдейтін атақты дәрігермен қайта сейлессем, миллион сұрап отыр және тезірек жетуім керек. Totықұстар кеселі мендер барады» деші... Ертең бір дипломат доллар устел үстінде тұрады. Тіпті, totықұсқа ілесіп екеуміз де Австралияға кетуімізге болады. Әрі қарай әлті ақшаны не істеймін десен де патша көнілің білсін. Содан біз айналып келемін дегенше, Қазақстанда қандай саяси желдер мен дауылдар тұрары, олардан кімнің аман қаларын Алла білсін!

Айтқан сайын досының әңгімесі де, өзі де құлпырып бара жатқаны сондай, бір түсініксіз дүниенің құшағына енгендей бұның өзі бүгжіп, салы суға кетіп тұрды. Өйткені әлті құлпырған әңгімелер қанша жақсы болса да, Байгелдинің көңілі сенбеді. Тіпті, иландырмады да. Суайттың сықпыштып айтып тұрган басқатыруы ғана секілді бірдеңе болды да қойды.

Ал, досының осылай ұнжырғасының түсін «менің еркімі біржола өту» деп ойлаған Ерік бастық жанқалтасынан алған су жаңа беторамалымен аузын, иегін сұрткен болды да әңгімесін лекітіп қайта жалғап кетті.

Досының жаңа беторамалына қызыға көз тастағанымен, Байгелді оны да бұған көз қылып, үлкен бастық, пан азамат екенін аңғарту үшін ғана жасағанын сезді. Айтпақшы, оның сол орамалымен бірге бөлмеде әтір исі де аңқып кетті емес пе? Ал Байгелдинің бұндай өтірді пайдаланбақ түгілі қолына ұстап көрмегеніне қанша жыл...

– Әзірге, товарды Қазақстан базарына ғана шығарып тұрмыз. Егер мен интернетten tottykүс туралы мәліметтер айтып жіберер болсам бар ма... біз жете алмай отырған Австралияның президенті өз ұшағымен келіп «tottykүс-қызды маған сатыңыз, құдай үшін» деп жалбарынуы да мүмкін... Ақшасын қайда шашарын білмей жатқан әлемнің миллиардер байлары бар ма, дипломаттарын көтерген бір-бір жандайшабымен сенің босағанда кезекте тұруы мүмкін! Мұндай tottykүс үшін әуелі бір ел мен екінші ел соғысуға да өзір болар еді... Білдің бе?

Әрине, досы «сен де білдім деші» дегендей мұның бетіне қарғанымен Байгелді үндеғен жоқ.

«Әнен солай...» дегендей Ерік айбатпен Байгелдіге бір қарап қойды. Байгелді болса не істерін де, не дерін де білмей бүгжіп отырған бір бейшара пенде. Оның осындағы халде отыруының өзі Ерікті жайнатып жіберді білем, екінші қалтасынан тағы бір жаңа беторамалың шығарып әдеттегі-

ше ерніне, иегіне басқан болды да, қалтасына қайта салды. Оның бірінші орамалы аппақ болатын, бұл жолғысы кек... қанша бүгжіп отырса дағы Байгелдінің беторамалдың түсін аңдал қалар мүмкіндігі бар ғой.

– Жә, Баеке, өзірге сол екі жұз мыңмен тоқтай тұралиқ, – деді досы сабасына түсіп. Жұз-жұзден бөліп, қалтада салып алсақ... ар жағын көрерміз. «Неге бөліп алуымыз керек? Сенің бұл шаруага қандай арапасың бар?» деген ой Байгелдінің басына келе қалса да, айта алмады. Неге айта алмады, жасқану ма, ұлмағаннан ұялы ма анығы өзіне де беймаглұм.

– Анау шүлдірлек қазақ бүгін хабарласса, қысылмай сөйлес. Тайсалмай айт.

Осылай деді де Ерік әдеттегіше Байгелдіні құшақтап, бетінен сүйген болып, үйден шығып кетті.

Суайт досының кетуін ғана күтіп тұрғандай осы кезде телефон безектей жөнелгені. Сол шүлдірлек қазақ еken... Сөзін аздал тұтығып бастап:

– Ну-у, что-о же-е... в таком случай, мы го-отово-о... – дей берді де ертең үйге соғатының айта бергенде, Байгелді оның сөзін бөліп:

– Әлгінде ғана, шырағым, Австралиямен... атақты құс дәрігерімен сөйлестім. Ол екі жұз мың сұрап отыр, – деді де телефон тұтқасын тастай салды. Олардың екі жұз мың доллар бере қоюына сенбеген Байгелді ендігі жерде шүлдірлек қазақтан біржола құтылуды ғана ойлаған. Алайда «Жауапты жерде істейтін жанның жауабын тыңдамай, тұтқаны тастай салғаным тәртіпсіздікке есептеп, басым тағы бір бәлеге қалмаса етті» деп іштей біразға дейін көдімгідей уайым жеді. Бірақ телефон қайта шырылдаған жоқ.

... Сол күні түнімен Байгелді totықстың шыны құттысына арақ қиумен, ал Какаду ішумен болды. Кезіне үйқы тығылып әрі қалжырап тәсегіне жата берсе-ақ Какадудың «Аар-ра-ақ-қ» деген дауысы естіледі де, безектеп асханаға

қарай жүгіріп бара жатады. Ойпырмай, жануар-ай, ұзақ түнге иесіне үйқы бермей, өзі де кезін ілмей шықты-ау. Бұл кезде оның дауысы да өлсіреген болатын. Баяғы кісі шошытқандай айбатты үннің жүрнағы да жоқ. Бірақ аурудан тұрғандай өлімсіреген, сол әлжуаз дауысымен-ақ иесінің зәре-құтын қашырып, тіпті иманын бір уыс етіп отырған қауқарын қайтерсін... Ішетіні бір шәй қасық, кейде жарты шәй қасық қана арақ... соның өзі тотықсты бұл күндөрі әбден-ақ титықтатқандай.

Таң атар кезде «жануар тек арақпен болып кетті-ау, бір уақ ас жесінші» деп Байгелді алақанына салып кепкен жеміс пен жеміс дәндерін ұсынған. Какаду бір сәт мұның алақанындағы жемге қарап отырды да, тұмысығымен мұның алақанындағы дән, жемісті емес, алақаның өзін шоқи бастады. Өуелде тотықстың қытық келтіргендей бұл әрекетін иесі қапелімде түсінбей қалды да, артынша оның бұнисы алақанын суюі екенін ұғып, Байгелді қатты толқып, тебіреніп кетті. Іле-шала иесін еркелеткендей, әлде өзі еркелегендей болып Какаду: «Аай-гел-ді-і... Аай-гелді-і!» деген кезде Байгелді: «Жаным-ау, алтын қанат серігім-ау...» дей беріп қалай өксіп жылап жібергенін өзі де білмей қалды. Тотықұс та үнсіз қалды. Сөз жоқ ол да жылап тұрды. Өйткені Байгелді оның көзінен ақық моншактай жылтыраған тамшы көріп отырды. Шамасы тотықстың кез жасы сол болуы керек.

Екеуі осылай жыласып-сықтасып қанша отырды, анығы Байгелдінің есінде жоқ. Бір кезде Какаду терезеден ашық далаға қарап отырып жылағанға да, күлгенге де ұқсамайтын ерекше бір мұнлы дыбыс шығарды. Бұл дыбыс әлде-кімді, әлденені жоқтауды да, шақыруды да білдіре алар еді, сондықтан Байгелді бұл үнді өуелі тотықстың әруақ шақыруы деп ойлады. Сол дыбыстың шығуы-ақ мұн екен Какаду сол аяғын көтере берді де үстел үстіне гүрс құлады.

Байгелді орнынан ұшып тұрып, оны қайта тұрғызбақ болып еді. Бірақ, тотықұс қайтып қимылдаған жоқ. Оның

әуелде басын астына ала құлауынан-ақ көңілі бір жамандықты сезгендей болып еді...

– Жан дегенде жалғыз серігім-ау... асыл, тектім-ау... шынымен-ақ мені тастап кете барғаның ба? Сенің сүйкімді қылыштарың мен жүртты таңырқатқан қабілетің де өзіңмен бірге жоқ бола ма? Оны да өлтіргенің бе? Сенің байырығы отаныңа барып, екеуміз ертегідегідей өмір кешуге бел буып едік-ау. Сен тұған ормандарды аралап, көлдерді кешіп қатар жүруге де жаратушы ие бізді жеткізбеді ғой. Какаду-у, жаным менің, сүйкімді құсым менің! Тағдыр екеумізді қандай әдемі қосып еді. Сен мен үшін адам болуға пейіл, мен сен үшін құс болып ұшып кетуге пейіл... әдемі көңіліміз-ай. Бірақ, жолымыз қамшының сабындағы қысқа болғанын, асыл мұратымызға шамалы ғана жете алмай қалғанымыз-ай.

Тәкежан досым отанын, елін тастап бара жатып, маған отанынан алыста жүрген сені тастап кеткенде... мен ештеңе де ойламаған екем. Сейтсем қандай терең сыр... неткен терең пәлсапа... Какаду, мен саған өмірімдегі бар сырымды айтып біткен жоқ едім... Сенің қылыш, мінездерінді де енді-енді сезініп, тузысымдай елжіреп жақсы көре бастағанымда-а... Какаду-у-ау-у...

Иесі айтқан көп сөздің тотықұс бір дыбысын қайталаса да Байгелдің жүрегі жарылып, куаныштан есі шығып, еліріп шыға келер еді... Бірақ Какаду үн қатлады. Мына дүниеден де, адамдардан да біржола көңілі қалғандай үстел үстінде басын көтермestен сұлап жатты.

– Кешір мені Какаду, – деді Байгелді көңілі қатты босап отырып. – Мен сені адам еткім келді. Тіпті, өзім еткім келді... Бұл менің кешірілмес күнөм... Күнөмді сен кешсең о дүниеде ғана кешерсің... өйткені мен жаратқан иемнің жақсылығымен о дүниеде өзіңмен қайта ұшырасар болсам, өзіңе еріп тотықұс болуды ғана армандармын. Тіпті, сен сияқты айдарлысы, айбаттысы да емес, саған еріп жүруге жарайтын ергежейлі тотыға ұқсасам да жетер...

Какадудан жауап болмаған соң, Байгелді көз жасын көйлөгінің женімен сүртіп жүріп, іштей «Какадудің әлгі үні өруақ шақырыу ғана емес, сонымен бірге менімен, мына жарық дуниемен қоштасуы екен-ау» деп ойлады, көңілі жермен-жексен болып, қамығып отырып.

...Есіктің қоңырауы безілдеп, алдымен шүлдірлеп сейлейтін ористілді қазақ, артынша: «Мен компаниядан телефон соғып жүрген ініңізбін ғой» деп тағы бір ұзынтура келді. Екеуінің де қолында дипломат.

Орыстілді жігіт дипломатын жерге қоя беріп, үстел үстінде сұлап жатқан totықұсты көрді де дипломатын қайта қолына ұстады. Түсі де суып кеткендей болды. Сосын үреймен «От это да-а!» деді.

Компаниядан келген жігіт өз көзіне өзі сенбегендей, көзәйнегін беторамалымен сүртіп бір қарады да ол да үн қатлаған күйі сазарып қалды.

Осы кезде Ерік те жетті. Ол әуелті дағдысымен есік ашқан досын құшақтап, сүйе берді де, әлгі екеудің жүзінде қарап, сосын ойнақшыған көзі үстел үстінде басы бүкте-тіліп жатқан totықұсқа түскені сол-ақ екен. Байгелдіден құшағын тез жиып алды. Әп-әдемі асып-тасқан көңілмен кірген жанның оп-оңай суынұы да қызық еді. Суынғаны емей немене, ол от басқандай досына оқыс бұрылып, от шашқан ашулы көздерімен «ақыры шаруаны бітірген екенсің ғой» дегенді андатты. Әрине, зады жуас Байгелді кінәлі жанша тәмен қарады. Ол қазір суайт досының алдында ғана емес, барша жұрт алдында да кінәлі адам сияқты еді.

Қонақтар бірінен соң бірі қайта шығып кетті. Тіпті, олар totықұстың неден, қалай өлгенін өңгіме етуді де артық санағандай.

Араға бір сағат салып келген Тәкежанның жігіті ғана totықұстың жанында ұзақ отырып, күрсінді.

— Тәкежан осы totықұсты алғаш Австралиядан алып келгенде, ұшақтан өзім қарсы алып едім. Сол сәттегі Kakadудың құллырған түрі-ай!

Ол осының айтып қымылсыз жатқан тотықұсқа үзақ қарап отырды да, сұқ саусағымен үстел үстін ақырын ғана тықылдата бастады. Кепкен қарағайдан жасалған ағаш стол, ескі газетпен ғана жабылғандықтан, Саяттың әлсіз тықылдының өзі, шауып келе жатқан ат дүбірінен кем естілген жоқ. Тіпті, ауыр тыныштық орнаған үй ішінде дөл қазір осы дыбыс ат дүбірінен де үрейлі естілді. Кенет Саят тықылдатуын доғарды да, тағы бір күрсініп алып:

— Адамдардың өзара қиянаты мен жиіркенішті қылыш-пейілдеріне бейкүнә құстың күе болғаны қандай ауыр қасірет! – деді.

Байгелді жас жігіттің сезіне жауап қайырған жоқ. Әйтеуір бірдене айту керек екенін сезсе де, аузына қапелімде ештең түсे қоймады. Алматы аспанын кейде жоқ жерден басып алатын қалың тұман секілді, оның басы да, санасы да қазір тым бұлышыры.

Үй иесін тығырықтан алып шықкан тағы да Саяттың әлсіз саусақ тықылды болды. Өзінің ауыр ойға шомғандағы әдеті ме екен, әлде бала күннен қалыптасқан дағдысы ма, кім білсін... Бір есептен осы тықыл Байгелдіге үй ішін билеп алған мұңмен үндесіп жатқан өуенге де үқсал естілді. Кенет Саят тықылды тағы да тоқтатты.

— Адамдар өз арапарындағы саяси қақтығыстар мен дүниекүмарлық әлде мұқтаждықтан туындаған қысастық, қияннаторы үшін бір-біріне айттар жауптарын бұл дүниеде, болмаса о дүниеде, әйтеуір, бере жатар. Ал мына бейкүнә құстың обал-сауабы үшін не деуіміз керек екен деңізші?..

Байгелдінің өміріндегі ең ауыр секундтар осы сәтте өтіп жатты-ау, шамасы... Мандайынан мұп-мұздай тер шықты.

Аузына бір сөз түссе қанеки. Санасындағы әлгі бұлыштың тұман әлі де сейілер емес.

...Ерегікенде Саят та саусақтарының әлгі тықылдың біржола доғара қойғаны...

\*\*\*

Тотықұс өлген соң үш күн өткенде Байгелді арақты қайта бастап кетті. Ол өнді Австралияға баруды ойлаған жок. Өйткені өмір сүріп жүрген қаланың өзін өу баста Австралия болып жарапып, келе-келе Алматыға айналып кеткен мекен деп есептеді.

...Бірақ кейде түсінде Какаду екеуі сыңсыған ғажайып орман, көлдерде серуендереп жүретінді шығарды. Сонда ол өзінің тотықұсша жеміс дәндері мен кепкен жемістерді жеп, құс тілінде сөйлеп, құс тілінде күлетінін аңдады. Сүйікті Кақадуның соңына еріп жүріп бір жолы тотықұс өмірінің нәзік сырларын паш еткен мұн мен сырға толы өн де айтты...

Шамасы әнді де тотықұс тілінде айтқандығы ғой, әлгі сыңсыған орман мен айдын көлдердің неше түрлі тотықұстары жиналышп, қаз-қатар тізіліп тұрып мұны тыңдаса болар ма? Олар әнге таңданды ма, әлде құскә айналып кеткен адамға таңданды ма, кім білсін... Өйтесе қайсыбірлерінің көздерінде ақықтай мәлдіреген көз жасы тұрды...

...Бұл бір адам баласына айтып жеткізуғе асықпайтын (мүмкіндік болса әзірге айтпай-ақ қоятын) таң-тамаша өмір, бөлекше ләzzат еді.

## МАСКҮНЕМНІҢ МАЛҚОРАСЫ

Кешегі Кеңес үкіметі тарамай, үй де күй де орнында тұрған шақтарда бұл Жарқынбек қандай еді... Жарқылдан жүргені-ай, Қарқылдан күлгени-ай... Ауыл-аймақта сөзі өтті, сөзі өтпеген жерде өзі өтті... Алыстан келгендер Жарқынбектің үйіне түсті. Ет жеп, арақ ішті. Қонды. Жақын жүргендер де Жарқынбекпен отырыстас болуға асық еді. Жарқынбек мактаса мәртебе көріп, күлді. Жұмсаса қуанып жүгірді.

Өзінің де бағы тым ерте жанып кетті ме немене... Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институттың бітіріл келгеніне екі жыл толды ма, толмады ма, фермабастық болып шыға келгені. Сол-ақ екен «фермабастық болып та көп отырмайды екен, совхоз директоры болып кетеді-міш, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына бастық болып кетеді-міш» деген өсек қураған шөпке тиғен өрттей гу-у ете қалғаны... Ойпырмай, басылсайшы. Қыста да сол гүіл... Жазда да сол гүіл... Жауын жауса да, қар жауса да басылмайды. Әрі-беріден соң совхоз директорлығын да, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасын да қойып, басқа ауданның басқа совхозына директор етіп, басқа ауданның ауыл шаруашылығы басқармасына бастық етіп жатады. Басқа ауданда Жарқынбек сияқты зоотехник құрып, Жарқынбек сияқты фермабастық жоқтай.

Осы гүіл сөз де Жарқынбектің беделін тым көтеріп жіберді-ау шамасы. Астанадан мансабы бар туысы қыдырып келгендер де, мансабы бар жекжат-жұрағаттары алыстан қыдырып келгендер де қонаққа Жарқынбектің коса шақырып жатқандары... Сол қонақтар тау аралап, су

жағалап қыдырса да Жарқынбекті алға салып, бастауши етіп жатқандары.

Молдабай деген бір қойшысы «балам Талдықорған облысынан, бір фермабастықтың қызын алғып келіп еді. Баратын бас құда да фермабастық дәрежесінен төмен болса, жарамас екен» деп қолқалап, құндіз-туні жалынып жүріп, сон-а-ау Талдықорған облысына мұны басқуда етіп жіберді емес пе?

Ойпырмай сол құндердегі Жарқынбектің беделі-ай! Бір қора адам бұл жақтан пойызға шығарып салды. Бір қора адам ол жақтан күтіп алды. Отырса да Жақа-а... Тұрса да Жақа-а... Арақ ішсе де Жақа-а... бәлденіп ішпей қойса да Жақа-а... Сондағы айтатындары «Сізben бір рет рюмке соғыстыру арманымыз еді... Кейінрек, кейінгілерге айта жүретін» дейді.

«Бізben рюмке соғыстырып ішпесеңіз, өкпелеп теріс қарап қаламыз. Намысттан жарылып, өзімізді өзіміз жазым етуіміз де мүмкін. Тіпті бар ғой, сіздер жақ келін етіп, қызығын көріп отырған көрікті қарындастырызды қайтып әкетіп қалуымыз да кәдік» дегендер де болды-ау. Амалсыз Жарқынбек рюмкесін алғып жібереді...

Сонымен құтылдым екен-ау деп отырғанда подносқа салған рюмкелерін сылдыр-сылдыр еткізіп тағы бір екеудің, әлде үшеудің келіп, мәліип өтініш айтып отырғандары... Еркектерді... Жә олардан өйтіп-бүйтіп құтылып жатты-ау. Мұнда келіншектер (келіншектер деп ойлады, бірақ солардың біразы қыздар-ау) қыын болғаны... Олар рюмкелеріндегі арақтарын ғана ішкізіп қоймай, беттерінен де сүйдіріп жатты. Тәйірі қыз-келіншектердің қызара берткен алабұртқан беттері үшін арақ ішпей қоятын Жарқынбек пе еді. Ішіп жатты... Сүйіп жатты... Соңынан тағы ішіп жатты... Өйткені әлгі келіншектері түспегір (әлде қыздар) «біздің бетімізді сүйгеннен кейін тағы бір алғып жіберуініз керек» деп еркелейді емес пе?

Ойпырмай Жарқынбек мырзамызың сол жолғы сас-

қаны-ай. Тағы біреулердің «Біз сізді өуелде райкомның бірінші хатшысы еken деп қалдық. Құрығанда үлкен бір совхоздың директоры еken деп ойладық» деп есін шығарғанын айтсайшы. «Есін шығарды» дейтіндей де бар. Олар да қарап кетпей Жарқынбекке екі-үш рюмкені алдырып жіберді емес пе?!

Шаршап-шалдығып түннің бір уағында салынған төсекке қисая бергені сол еді, алакөлеңкеде «Жақа-а, Жақа-а оңаша жерде тағы бір-р...» деп сыйырлап жүрген пақырлар.

Таңертең әзер оянып, жастығынан басын көтергені де сол еді... О, қуданың қудіреті... тағы да Жақа-а-лап жағалап жүрген біреулер.

Молдабай қойшының құдалығы бір әлектің басы еken. Содан кейін-ақ бұл ауылдың алыспен құда болғандардың да, жақынмен құда болғандардың да бас құдасы Жарқынбек болып алды. Тіпті бас құдалық өкімет тағайындаған қызметі секілді. Құдалықты билай қойғанда бұл ауылдың бәтуалы әңгімесін бастайтын да, аяқтайтын да осы Жарқынбек... Кенбай ауылының Жарқынбексіз таңы атпай, Жарқынбек-сіз күні батпай қалды. Жарқынбек келмесе дастарқандар жайылмай, Жарқынбек шықпай, дастарқандар жайылмай қалды. Кейде адамға, ұрыссаң да, ұрсаң да, тіпті тепсөн де кетпейтіндей осындай да бақ қонады еken-ay.

Ас мәзірімен қоса жүрттың осындай қошеметі фермебастықты семіртпей де қоймады. Бір жыл істеді ме, әлде екі жыл істеді ме, денесі толып, бетіне қаны тепкен, қызыл шырайлы, өте реңді жігіт болып шыға келгені. Оның үстінегі бой қандай, екі иығына екі түйенің етін көтеріп жүре берердей.

Сол рең-пошымы да өзіне сор болып жабыспады ма? Ауылдағы жетіжылдық мектепте мұғалім болып істеп жүрген бір қыз бұған хат жазып, ол хаты жолай келіншегі Мейіздің қолына түсіп, үй-ішілік ашу-даудан енді құтылып болдым дей бергенде, жайлауда өткен шопандар тойында аупарткомның хатшысы болып істейтін келіншектің Жарқынбекке

көзі түсіп қалып, тіпті ол күйеуінің көзінше Жарқынбекті құшақтап сүйемін деп, артынша аупарткомның бюросына түсіп, қызметсіз қаңғырып қалғаны. Аупарткомның бюросы «жазығы жоқ» деп шешкенімен Жарқынбектің де жетіскені шамалы. Келіншегінің шай үстіндегі, ас ішу кезіндегі, жатардағы, тәсегінен тұрардағы таусылмайтын бүроларына түсіп жүріп, әзер құтылды-ау.

Жарқынбектің басына жылдар бойы оңбай қонған сол бақ күндердің күні болғанда бірнеше аптаның ішінде-ақ шашылып қалғаны... Шашылып қалды демеске амалы қанша, сол аралықта бағып жүрген қойынан айрылып, таяғын құшақтап қалған қойшыдай шошайып қалса, улап-шулған көлінен айрылған құстай сандалып қалса...

Совхоз директоры әуелі «Алған құрылыс материалда-рының бартеріне кетті» деп, сосын «Көрші совхоздардан алған қарызымыздың бартеріне кетті» деп, екі соғып өткенде-ақ он екі мың қойдан – екі отарға да жетпестей қой қалған. Ал жылқылардың қалғанын санауға он саусақтың өзі де жарап жатты.

Мал кеткен соң-ақ фермебастықтың асып-тасып тұрған абырой-беделі де сол малмен бірге еріп кеткендей, адыра қалды. Ал абырой-беделі малымен бірге ере кеткен фермебастықты совхоз директоры оп-оңай-ақ жүндей сала-ды екен. Мал мамандарымен өткізіп отырған бір мәжіліс үстінде-ақ «Басқа бір жұмыстың ретін қарастырармыз, болма-са өзің-ақ қарастырарсың... ферманды қысқартып жібердік» дегені қиналмастан-ақ. Сейтті де бөлмесінен айдалап шықты. «Айдалап шықты» деп ойламағанда қайтсін, «Мына мал мамандарымен тағы бір әңгімем бар еді, сен бара бер» деген соң.

Ойда жоқта қызметінен айрылған жан да бір тұнде же-місі төгіліп қалған ағаштай сойдиып қалады екен. Жұрт сал-қындау амандасып, салқындау сөйлесетін болды. Жапа-тар-мағай қонаққа шақыру тыйылды. Бұрынғы тәменшіктегендер енді тең сөйлесетін болды. Тең сөйлескен де айналайын екен,

білкten қарап, білктеп тіл қататындар да табылды. Мұндай жағдай болып таядым деп жүрген кісінің де мінезін өзгертеді еken. Өз-өзінен кішік болып, бұрынғы «сен» дейтіндерге енді «сіз» дейтінді шығарды. Мінезі салмақты, сабырлы-ақ еді, енді жеңіл қозғалып, асығыс сөйлейтінді шығарды. Жеңіл қозғалайын да, асығыс сөйлейін де демейді... әйтесуір өзі де, сөзі де өз-өзінен жеңілдеп кеткендей...

Әрине, Жарқынбек қойшы болуға арланды. Бұрынғыдай ферманың қойы болса да айналайын ғой... Жеке байыған біреудің малын бағуға қалайша намысы жіберсін. Дегенмен өзімен қатар қызмет істеген, кейбір фермабастықтардай кесек құйып, там сылап та кетпеді.

Қызмет іздестірген кездері болған, бірақ совхоз біткен тарап, малдың бәрі жекешеленген кезде қандай онған қызмет табыла қойсын. Біраз жүріп қалды. Бір қойын өңгеріп барып, бал аштырғанда атышулы балгердің өзі де «Шыратым, әлі де жүре тұрасың-аудан» аспады. Ептең ішетінді шығарды. Бұрын да ішіл жүрді ғой бұйырғанын. Бұл жолғы ішісінің тәрізі бөлектеу еді. Өз арағы бітіп, әйелі шу шығарғанда көршілерінен сұрап ішуді де әдетке айналдырды. Әйел дегеннен шығады, бұрын кейде жеңсе де, кейде жеңіліп қалып жүрген Мейіз енді мұны үнемі жеңетін болды және қалай болса солай, шай құйып отырып-ақ, бала емізіп отырып-ақ жеңетінді шығарды. Ал әйелден жеңілу деген бүкіл ауылдан, ел-жүрттан жеңілу еken.

Ел-жүртты дегенде... бұрынғы «туыспыз, өте жақынбыз» деп ет бауыры елжіреп жүргендер қарсы келе жатып-ақ, бұрылып өзге көшеге түсіп кете баратынды шығарды. «Осы үйге кіріп шыға қояйыншы» деп мұның бет түзей бергенін көріп-ақ, әлгі үйдің әйелі, әлде баласы сыртқы есіктерін тарс жауып алғанын Жарқынбек Құдай басқа салған соң талай көрді... күә болды. Есігін қойшы, бұл келе жатқанда сол үйдің терезелері де қоса жабылып, қымтанаң алатынына не айтарсың.

Жарқынбек әлгі үйдің жабылған есігіне де, терезесіне

де аңқайып, жол үстінде бір сәт қарап тұрады да, сосын кері қайтады. Өйткені, әйелі мен балалары ғана өзірге бұл келе жатқанда есік-терезелерін жаппайды. Басына түскенде кісі осығанда шүкіршілік етіп, тәубасына келеді еken. Баяғыда «Құдам фермабастық еken, баратын бас құданың да дәрежесі фермабастықтан тәмен болса, ұят болар еken» деп, жалынып-жаллайып мұны Талдықорған облысына апаратын Молдабай қойшы жақында сол құдалары қыдырып келгенде мұны меймандарына арнаған дастарқанына қосып шақырмады да. «Бізбен бір рюмке арақ ішпесеңіз өкпелейміз... Теріс қарап жатып қаламыз» дейтіндердің бірі имантаразылық танытып «Жақаң қайда?» деген еken Молдабай шімірікпестен «Ойбай-ау, Жарқынбекті айтып отырсыз ба? Ол болмай қалды ғой. Оны сіздердей сыйлы кіслерге қосуды ынғайсыз көрдім» депті.

Сонын Жарқынбек бұл сезге қалайша қүйінбесін... Естігендегі бойда ерегесіп, сол Молдабайдың үйіне кіріп баруға да бекініп еді, намысы жібермеді. Есесіне ашуменен әйелі мен балаларынан жасырынып, малқорада отырып бір бөтелке арақты бір өзі ішті. Қапелімде тіске басарын ұмытып кетіп, үйіне қайта баруға әйелінен бата алмай, әр стақан арақтан кейін сиырдың кепкен жапасын иіскегенін қайтерсің... О қайран Жарқынбек... бұл пәни жалғанда не істемеді, не көрмеді, жарапдар-ау.

Әйелден жеңілу дегеннен шығады... мына фәни жалғанда бұрын малының санымен де шаруасы болмаған жанның малға қараганынан асқан азап бар ма еken, сіра? Өншійінде Мейіздің айтқанын істемейтіндігі, естімеген бола салатыны, тіпті сол Мейіздің керек болса кейде өзін де менсінбей қалатын сәттері адыра қалды. Жұмыс істемейтін, оның үстінен арақ ішетін еркек әйелінің қалайынша оп-опай құлы болып шыға келгенін білмей де қалады еken. Әрі-беріден соң, мені қандай жұмысқа салсаң да көндім... соңынан жартылышқа жететін бірдене...» деп тұрады еken ішінен. Өйткені келіншегінің мұны жұмысқа әбден са-

лып, соңынан бір тыын да бермей, бедірейіп тұратын сәттері бар. Сондайда Жарқынбек вз әйеліненbezіп те кеткісі келді. Қайтып көрмеске, тесекте жаңына жатпасқа да бекінген... Іштей «Құдайым-ау, осы Мейізді неге алдым, қыздардың өздері тиіспі, мазамды кетіріп жүргенде. Ойбай-ау аупарткомның хатшысының өзі есі кетіп... Келіншек болғанда қандай, шіркін, қысыр қалған құнандай жүлкынып тұрған» деп өкінді де ғой. Бірақ ол өкініштен не пайда?

Мал жайғау деген ер адамға былайынша сорақы да кесіп емес қой. Мал жайғағанды місе тұттай, келіншегі кейде оған ошақ сылатып, ошақтан шыққан құлді тасуға қолына ескі шелек ұстатып масқара етті емес пе? Қор болған азамат-ай, бағы тайған кешегі фермабастық-ай десенізші...

Тыңдаймын деген кісіге бұл Жарқынбектің көкірегі толған мұқ мен шер ғой. Бірақ «осыны да бір тыңдайыншы, көңілін аулап, жұбатайыншы» дейтін кісі бар ма? Кісі дейді-ау, кісі түгілі жай бақыр басты пенде бар ма деші...

Шіркін дүкеннен бір бөтелкені қойынға тыға шығып, (тіске басуға тәйірі екі түйір құрт та жарап еді) өзі фермабастық болып тұрған заманда қоршатқан бақтың ішіне кіріп, бір алма ағашының көлеңкесіне жантаяр ма еді. Былайша ұлы арман деуге келмес тे... бірақ осының өзі де кейде орындалып, кейде орындалмай қалып жатады ғой, тәйірі.

Екі күн қатарынан ішіп, ертеңгілік басын көтере алмай жатқан сәті еді. Фермабастық болып жүрген заманда егерәки осындаі хал кеше қалса, Мейіз ертемен зыр жүгіріп жүріп, кеспе көже жасайтын да, бұл бетіне пияз турал, қызылбұрыш сепкен кеспені ішіп, борша-борша терлеп барып, жан шақырып, киініп, жұмысына жиналатын. Енді кеспе көже де, жұмыс та жоқ. Өзінің жайрап жатқаны мынау. Әйттеуір әйелімнің жаңында жатырмын дегені болмаса, астына көрпеше деп тесегені балаларының ескі жаялышы ма немене... басына жастағаны да жастық деуден гөрі ескі жұн, мақта түйіршіктерін салған қалта сияқты бірдеңе...

Сырттан шелек толы сүт көтере кірген әйелі ашулы. – Әй маскүнем, ана сиырларды өріске шығармайсың ба? Астын тазаламайсың ба? Әлі де осы ауылдың фермабастығына үқсан жайрап жатырсың ғой. Ол заман өткен... Енді сен бар болғаны – осы ауылдың маскүнемісің... Білдің ба-а...

Мейіз «маскүнем» деген сөзді қайталап айтқан кезде үшінші класты бітірген қызы Зира кіркін етіп, оқып отырған кітабын жаба сала, шешесіне жаратпай қарады. «Шешесінің мына сезіне намыстаннып қалғаны – ержетіп қалғаны ғой, қарагымның» деп ойлады Жарқынбек өзінше әйеліне берілмеген болып, төсегінде «жайрап» жатып-ақ.

Мейіз одан әрі үндерген жоқ. Шелектегі сүтін қазанға құйды да, пешке от жақты. Зирасы да шешесіне болысқан болып, самаурынға су құйып, ошақ маңайын сыпырған болды.

Әйеліне берілмеген болып Жарқынбек тағы бірауық жатқанымен, түбі бір берілетінін де есіне алғандай, басын көтеріп жинала бастады. Сыртқа шығып, жол-жөнекей ұстай келген күргімен малқораға да кірді. Жайдан жай да кірмеді. Қолындағы күргімен дәл ауызға байланған Мәңбас өгізді бір салып өтті. Аймүйіз бен Қасқабас сиырды аяғысы жоқ еді, олар ақырдағы шөптен бастарын көтермей түр екен. Әрине, «сендерден-ақ көрдім ғой, көресіні» деп ашуланғандағысы. Сосын қораны тазалауға кірісken. Ашумен істелген іс те белгілі ғой. Аяқ астында жатқан шөптерді жапаға қосты. Тағы бір жерде жатқан жапаларды шөпке қосты. Сосын әйелінің тапсырмасын орындал болдым-ау деген кезде қарағайдан жасатқан үзын ақырдың бір шетіне күргінің сабына сүйеніп, отыра бергені сол-тын. Іштей фермабастық болып дүрілдел тұрган кезінде, ақыр жасайтын қарағайларды аудан орталығынан қалай алдырып, ұстага қалай жасатқанын, оған қанша ақы телегенін есіне алып, аз уақыт ойға шомғандай болған. Кенет: – Байғұс балам-ай, сорлап қалдын-ау... – деген дауыс естігені. Әкесінің дауысы... Құдай біледі сол... «Ойбай-ау бұл дауыс қайдан шығып түр өзі?» деп

малқораның тәбесіне, құыс-құысына қарады. Жан баласы көрінбейді. Көрінетін жөні де жоқ. «Біреу шөпке жасырынып жатқан жоқ па?» деген оймен бұрышта үолі жатқан шепті де күргінің сабымен тұрткілеп көрді. Ешкім де, ештеңе де жоқ. «Алла-ау, осы мені жын қаққаннан сау ма?» деген ой да келді. Бірақ «Жын қағатындаі дәрежеге жетіп те қалғаным ба?» деп өз ойына өзі сенбестік те жасады. «Арақты менен бұрын бастап, менен де көп ішетіндер сап-сау жүр ғой осы, жын қағатындаі не болыпты?» – деп кенет үсті-басын қағып, жинақталды. Мұнысы әлгі дауыс қайта шығып, кіналайтындаі болса, өзін-өзі ақтауға дайындаған амалытын. Бірақ қайтып ол дауыс естілмеди.

Осы кезде барып Жарқынбектің көзі өзіне әлгіден бері қарап тұрған Ақбас өгізге түскені. «Бірақ Ақбас өгіздің бұл оқиғаға қандай қатысы бар» деді іштей әлдекімге қарсыласа кетуге өзірленгендей. Қөнілі сол Ақбас өгізден күдік алды. Сөйлеген ақиқат сол секілді. Өйткені өгіз көзін бұдан өлі де алмай тұр. «Ой бұл адам емес өгіз ғой. Мал-л» дей беріп, Жарқынбек Ақбас өгіздің басына қолындағы күргімен тағы бір салып жіберуге оқтала берді де, күргін қайтадан жерге түсірді. Ол Ақбас өгіздің өзіне қараған көздерінен сескенді. Малдың емес, адамның көздеріндей... Алла-ау, әкесінің көздеріне ұқсап кетті ме немене.

Әйеліңнен жеңілгенде айналайын екен. Қорандағы өзіңің бағып жүрген өгізінен жеңіліп, еңсесі түскен осындаі күйді басымнан өткеремін деп Жарқынбек бұрын-сонды ойлады ма, сірә. Тіпті «Өзгелерді сендіру мүмкін бе?» деп ойлады ол осы халине қатты таңырқап тұрып.

Ақбас өгіз бұдан өлі де көзін алар емес. «Ал мен айттым... Сөйдедім... Сонда не істей қояр екенсің» дегендей. Ақбас өгізден шын жасқанғаны шығар, ендігі жерде Жарқынбек сиырлардың басы байланғандарын арқаннан босатып, шу-шулеп сыртқа айдай бастады. Неде болса оларды өріске айдал құтылғысы келгендей.

Сиырларды айдал бара жатып та Жарқынбектің қөнілі

ойда болғанымен, көзі Ақбас өгізде болды. Өйткені Ақбас өпіз жол-жәнекей де бұған тағы бір бұрылып, ұзақ қарагаңы... Тіпті өзінде бір тәқаппарлық, мұны билеп-төстеп алғандай менменсу бар... Сонда Жарқынбек оған қолындағы таяғын шошайтып көтергенімен, қаһарын төгіп «шу-уу!» деуге жарамады. Өз-өзінен жуасып, дауысы шықпай қалды. Осы күйіне өзі де айран-асыр болып тұрып, іштей «Ой Алла-ай!» – деді. Өзге сөзді айттуға күші жетпеді, өлде батылы жетпеді.

Үйіне қайтып келген соң да келіншегінің шекесі тырысып отырып, құйып берген шайын ішіп жатып та, шай ішіп болған соң самаурынға отын бұтап отырып та Ақбас өгізben арада болған таңертеңгі оқиғаны ойлай берді. Тұс кезінде де келіншегінің шекесі тырысып отырып (куйеуі ішіп кеткен өйелдің шекесі тырыспайтын құні болмайтын да шығар) қазаннан құйып берген кеспе көжесін ішіп отырып та, көжеден кейін емізулі баласын бірауық ойыншықтармен ойнатып отырып та Ақбас өгізді есінен шығарған жоқ. Құлағында әлі де әкесінің дауысы. «Біреулерге айтсам «Жарқынбек сондай халге душар болыпты. Жын-перілер айналдырады екен» дейді-ау» деп те шамалады. Бірақ айтпасқа да болмайтын секілді. Тұрса да, жүрсө де ойынан кетер емес. Ақыры есінен Бершүкір деген мұғалім досы түскенде барып, жаны жай тапқандай болды. Бершүкір кітаптың да неше алуанын оқып, теледидар мен радионы да тыңдал тауықсан... сондай бір жан еді. Мына дүниеде оның білмейтіні жоқ шығар. Жарқынбек ол туралы «Мына ғаламдағы бұрын-соңғы тарих пен неше алуан тылсым сырларды ғалымдардың өзі білмесе, білмей қалар бәлкім... бірақ Бершүкір білетін шығар-ау» деп ойлайтын. Аудандық газетке өлеңдері шығып тұратын дәрежеде ақындығы да бар.

Фермабастық болып дүрілдеп тұрган шағында «Республикалық газеттер өлеңдерімді баспай жүр. Республикаға танылмай бәрібір болмайды. Екі қой берсен, соны сатып, Алматыға барып, газет редакцияларына өлеңдерімді оқытар едім» деген соң Жарқынбек екі қойды жүк машинасының кузовына тиеп жіберген-ді. Содан арада ай өтті ме,

әлде екі-үш ай өтті ме, бір бұрышына екі өлеңін қыстырған «Лениншіл жастың» бір санын әкеlei түр, «Сіздің арқаңызда республикаға танылып қалдым» деп... «Ойбай-ау, әр қойға бір өлеңінді жариялайтынын білгенде бес қойды... тіпті жетісегіз қойды бір-ақ артатын едім ғой, мәшинене» деп қалды Жарқынбек те шын тілектестігін білдіргендей болып.

Қазір екеуі бөтелкелес дос. Жарқынбек фермабастық болып дүрілдеп түрған шағында қоршатқан баққа анда-санда барып бір шыны, кейде екі шыныны босатып қайтады. Сонда екеуі жарысып мылжыңдастып кейде күн батқанша, кейде ай батқанша отыратынын қайтерсің... «Сонда екеуі не айтады екен?» дер-ау кейбір білімнен мақұрым кешелер. Ал Бершүкір мына дүние-жаратылыс туралы да, бұрын соңды жасаған орыстың, ағылшын, француздардың атақты ғалымдары, саяхатшылары туралы да ай туғанда бастап, күн шыққанша да айта алар еді-ау. Сонда тыңдауға шыдамы жетер жан табылса. Әбден жалығып, шаршаған Жарқынбек аузын кере ашып, есінеп қалады. «Есінемейінші, сыр бермей, бар ынта-ықыласыммен-ақ тыңдайыншы» деп отырып-ақ есінеп қалғанын аңдамай қалады. Бұл есінеген соң-ақ Бершүкір асып-сасып орнынан тұрады да: – Жақа қайтамыз. Мен байқамай ұзаққа сілтеп кеткен екенмін. Кешірім өтінемін – дейді өуелі өзінің үстін қаққыштап, сосын Жарқынбектің де үстін қағып беріп жатып.

«Әне ол сондай тақуа, сыпайы жан. Және әңгіменің майын тамызып қандай айтады десенізші, шіркін. Бершүкірдей білімдар жан бұл атырапта жоқ шығар. Тіпті облыс, республикада... Бершүкір біреу-ақ болар-ау». Жарқынбек сол аяулы досын ойлай отырып «Менімен әңгімелесуге өзінің уақыты болса деші. Айтпақшы қазір жазғы демалыс кезі екен-ау» деді ішінен.

Ертеңгілік Бершүкір көлеңкедегі сәкінің үстінде жалғыз өзі шемішке шағып, біржагынан текеметтің үстінде алшысынан жайылған үлкен газеттің бұрышынан бірдене оқып отыр екен. Жарқынбек келген соң газет оқуын доғарғанымен, шемішке шағуын доғарған жоқ.

Жарқынбек болған оқиғаны айтып отырды да, Бершүкір шемішкесін шағып отырды.

Жарқынбек әңгімесін айтып болған кезде, ол да шемішкесін шағып бітірді-ау. Бітіргені шығар... газет бетіндегі шемішке қабықтарын алақанымен асықпай жинады да, газеттің бір шетін төртбұрыштап жыртып қабықтарды соған салды да, бүктеп-бүктеп уысында ұстап біраз отырды да, сосын барып Жарқынбекке бұрылып:

— Өте пайдалы нәрсө, — деді қалайы тостақтағы әлі де шағылмаған шемішкелерді иегімен нұсқап. — Мұның қаншалықты пайдалы екендігін медицина әлі толық дәлледей алмай отыр. Демек әлемдік медицинаның деңгейі әлі төмен деген сөз.

Ақбас өгіздің мәселесіне әлі оралар емес. Кенет орнынан тұрып әлгі шемішке қабықтары оралған газетті жерошаққа апарып тастады да, екі қолымен оң жақ балағының тізесі ойылған шалбарының ышқырын көтеріп жатып, бала-лары кіріп-шығып жатқан ауланың есігіне қарап тұрды:

— Ана-а жаққа-а, — деді иегімен бақ жақты нұсқап.

Жарқынбектің де күтіп отырғаны осы сөз еді. Әңгімелің соңы осымен бітерін сезіп, бір бөтелкені костюмінің ішкі қалтасына тығып, сыртқы қалтасына тіске басарға екі түйір құртын да сала келген.

Бақтың қақ ортасында үлкен алма ағашы бар. Жаз болса екеуінің көлеңкелеп отырып, әңгіме-дүкен құратын, әкелген бөтелкелерін де қылдай бөліп ішетін жерлері. Тіске басар ештеңелері болмай қалған кездері сол ағаштың көк алмасын жейтін кездері де бар.

Бұғін де екеуі сол араға аялдады. Бершүкір алып келген газетін тәсеп, Жарқынбек қойнынан бөтелкесін, жан қалтасынан тіске басар құртын шығарды. Сосын арбандай басып, алма ағашының бір қуысынан үнемі тығулы тұратын қаңылтыр рюмкелерін алып, ішін үрледі, сұқ саусақын тығып, тазалаған болды.

Әңгіме бастамас бұрын, әуелі екеуінің елу грамнан

алып жіберетіндері болушы еді. Сол әдетпен Жарқынбек рюмкелерге арақ құйды да, екеуі соғыстырмастан алып жіберді. Жарқынбек тіске басу үшін өз құртына ұмтылды да, Бершүкір де «саған жалынбаймын» деген ыңғаймен жаңқалтасына қол салды. Өзінің де тіске басары қалтасында жүр екен.

— Вот что, шал, — деді Бершүкір (фермабастық кезінде Жақа деп жақаурататын) ақыры маңызды бір әңгімені бастағандай... Сосын қайдағы бір Тибет таулары, халқы, олардың медицинасы жайлы айтып келіп, адам өлген соң жанының мақұлықтарға, жан-жануарларға берілетіндігі жайлы кесіліп кеткені...

Бершүкірдің айтуы бойынша мақұлықтар мен жан-жануарлар өлсө олардың жаны адамдарға берілуі, адам өлсө де, олардың жаны жан-жануарларға берілуі өбден мүмкін екен. Жарқынбек өуелде ішінен «Әй, өзіміз өлген соң менің жаным мен Бершүкірдің жанының кімге, неге берілгені неме керек? Бұл вәзі не мыжып кетті» деп ойлаған. Бірақ Бершүкірге ештеңе айта алған жоқ. Оның әңгімесін бөлуге де батылы жетпеді.

Тағы бір елу грамнан алып, қалтасынан алған құртынан қырт еткізіп бір тістеген соң барып, әңгімесін түйіндей беріп:

— Вот что, шал сениң Ақбас өгізің қай жылы туып еді? — дегені.

«Бұған менің өгізімнің қай жылы туғаны неге керек?» дегендей өуелі Жарқынбек аңқайып отырғанда, Бершүкір бұған тіктеле қарап отырып, тағы бір сұрақ берді.

— Жылы ғана емес, күні де қажет.

— Оу, енді... Ақбас-с... бір күні туды ғой, әйтеуір. Оның туған жылы мен күнін кім есіне сақтапты.

— Сақтау керек еді...

Бершүкір сүйк қарап отырып, бұған сүк саусағын шошайтып та үлгерді: — Сақтау керек ш-шал!

— Малының шежіресін жазып жүрген кім бар, осы күні. Кімге керек, ондай шежіре? — деп Жарқынбек күмілжіп еді, Бершүкір тағы да қазымырланып кеткені.

— ...Фылымға керек шал. Жаратылыстың сан миллион құпияларын ашуға керек. Өзің бүгін маған таңғажайып жаңалық айтып келдің... Таң атпай... Ал керек құпия екендігін білмейсің. Білгің де келмейді. Мына өмірде ешнэрсе, ешуақытта ұсақ-түйек болмақ емес. Ал әкең қашан өліп еді?

- Көкемді айтасың ба?
- Ия өзінің әкең.
- Енді көкем өлді ғой. Дәл ж-жылын.
- Өкеңнің өлген күні ғана емес, күні, сағаты, минуты да керек, — деді Бершүкір нақ бір бұдан сабак сұрап түрғандай тақылдай сөйлеп.
- Көкемнің өлген жылы... күні...

Жарқынбек бірауық төбеге қараған. Төбеге қарағанда көргені алма ағашының жапырақтары. Сосын көк алмалар. Айтпақшы жапырақтардың арасынан аспанды да көрді. Бұлттар үйіріле бастаған екен. «Осы бұлт бір жауып берсе жарап-ақ еді-ау» деп ойлады ол ішінен, ми қайнатқан ыстықтан да запы болғаны есіне түсіп отырып. Содан төмен қараса, Бершүкір бұған тесірейіп әлі қарап отыр екен.

- Көкемнің өлген күні, сонша неге керек?
- Керек болғанда қандай! Ғажайып жаңалық ашылғалы отыр, шал.

Сенсация! Бұлай демеске амалым жоқ. Жаратылыстың осындағы құпия, құбылысын адамзатқа айтып дәлелдеу үшін екеуміз бүгін-ертең Парижге немесе Вашингтонға айырланмен ұшып кетуіміз мүмкін. Вот так, шал!

Бершүкір үшінші елу грамды қаңылтыр рюмкелерге өзі құйды да, мұның ілесе рюмкесіне жармасуын күтпестен, өзі алғып жіберді. Тіске басарын да теріс қарап тұрып шайнады. Ол солай тіске басарын шайнап тұрып тағы да Тибеттің әңгімесін бастап жібергені.

— Би-би-сиде бас редактор болып жұмыс істейтін ағылшын журналисі тибеттегі адамның тегін, бұрынғы өмірінде кім болғандығын анықтайтын орталыққа өзінің туған жылын, күнін, тіпті күннің қай мезгілі екені туралы мәлімет берген

соң, белгілі бір уақытта әлгі орталық қандай әңгіме айтқа-  
нын білесін бе?

— Қайдан білейін...

— Әрине білмейсің. Білмейтін себебің теледидардан сондай хабарларды айдай әлемге тегін таратып жатқанда қарамайсың. Кітап оқымайсың.

— Сонда әлгі Би-би-сиінің жігітін айтшы.

— Би-би-сидің бас редакторына әлгі орталық берген мәлімет бойынша, ол жігіт бұрын піл болған.

— Піл-л?

— Ия піл-л. Піл өлген кезде, сол сэтте туылған балаға, яки мен айтып отырған журналистке берілген. Ал бұл жі-  
гіт өлген соң жаны еуропалық бір байдың қызына берілмек екен. Демек одан өрі әйел болып өмір сүреді.

— Бұрынғы еркек, енді әйел-л?

— Несі бар әйел болып-ақ өмір сүреді. Ал адам мал болып өмір кешеді.

Мал адам болып... Сенен Ақбас өгізінің туған күні мен әкең Боташ ақсақалдың өлген күнін неге қадалып сұрап отырғанымды енді түсіндің бе?

— Енді... Ш-шамалап.

— Шамалап дейді. Шал... сен әлі түк те түсінген жоқсың және түсінбейсің де. Біздің қоғамның мешеулігінің айрықша белгісі осы! Сенің ештенені де түсінбей отырғандың.

Бершүкір шалт қымылмен өзінің қаңылтыр рюмкесіне арақ құйды да, Жарқынбектікіне құйған жоқ. «Менімен бірге ішуге жарамайсың» дегендей бұған айбаттана қарай беріп, рюмкесін тартып жіберді де, бұдан көз алмай қарап отырып, тіске басарын да ұзақ шайнады.

Жарқынбек досына не дерін де, не істерін де білмей састы. «Не істерін» дегенде есіне түскені де өзінің қаңылтыр рюмкесіне арақты толтыра құйып, мұның да тартып жібергісі келген-ди. Бірақ соған батылды жетпеді. Бәлкім Бершүкірдің мысы басты. Ішіндегі арағы ортадан төмен түсіп ба-  
ра жатқан бөтелкені ұстаяға дәті бармады. Сол бөтелкені осында алып келген өзі емес, Бершүкір секілді. Өзін сол

Бершүкір әкелген араққа телміріп, телініп отырған пақырдай ғана сезінді.

— Мұны аз десең мен саған тағы бір таңғажайып жайды айтып берейін – деді сөлден соң Бершүкір бұған біржола бұрылып отырып. – Шри ланка деген елде Вунг Ганг деген бала өмір сүрген – дей берді де – Сен өзің Шри Ланканың қай материкте екенін білесің бе? – деп бұған шұқшия қалды. Жарқынбек үндеген жоқ.

— Жарайды. Саған бәрібір. Сол Вун Ганг деген бала улы жыландарды аулаумен айналысқан. Жыландарды жақсы көрген. Жыландар да оны жақсы көрген. Бала оларды беліне орағанда, иығына салғанда, тіпті жыбырлаған көп жыланның ортасында жатқанда Вунг Гангты улы жыландар шақлаған. Неге?

Жарқынбекте үн жоқ.

— Себебі Вунг Ганг бұл дүниеге келгенге дейін жылан болған. Әлгі жыландар соны білген. Сондықтан да оны бауыр, дос тұтқан. Бірақ баланы улы жыландар ақыры шағып өлтірген. Себебі Вунг Ганг оларды көп мазалаған. Құндіз-түні жылан аулаумен айналысқан. Оларды астауға жиһаған, дорбаға да салған. Базарға апарып та сатқан.

Бершүкір бір сәт үнсіз қалды да, әңгімесін қайта жалғады.

— Бұлар газеттің айтқандары. Шын мәнінде ол баланың жаны қайтадан жыландарға берілуі де мүмкін ғой. Вунг Гангты олар осылай баланы өте жақсы көргендіктен өз орталарына алып кетті. Ал мақұлықтардағы қимастық сезім адамдардікінен кем деп айтуға хақымыз жоқ, шал... Баланы бәрібір сол жыландардың шағуының өзі өте жақсы көргендіктен деуге де болады.

Мынадай үрейлі әңгімен соң Жарқынбектің зәресі ұшып, қорықканы сондай, біржола тілден қалды да, Бершүкір оның осы халін аңғарып, орнынан оқыс көтеріліп, екеуіне де арақты өзі құйды. Бұл жолы тең жандардай қаңылтыр рюмкелерін соғыстырып барып ішті.

Түс ауа екеуінің алма ағашының көлеңкесінен тұрып жиналғандары да қызық еді. Кәдімгі араққа қызған жандардың қираптан, созалаң қимылы.

Бершүкір бәтелкеде қалған арақты өзінің қаңылтыр рюмкесіне сарқып құйып алды да, Жарқынбекке биіктен қарап тұрып: – Вот шал-л... сен енді екі күн ойлан. Жо-жоқ, екі күн саған аздық етеді... Үш күн ойлан. Сосын маған қайта кел. М-маған емес-с... Осы-ы жерге-е... ү-үқтың ба-а?

Осылай деді де рюмкесінің түбіне тамшы да қалдырмай тартып жіберді. Бұл жолы тіскебасарды да іздеген жоқ. «Үқтым» деген жауапты қайырмаса да жайылған газеттерді жиыстырып, қаңылтыр рюмкелерді де орнына жасырып, Жарқынбек үшіншікты баладай қымылдал жүрді де, Бершүкір аяқтарын паң басып, бұған биіктен сейлекен күй алға түсті.

Ауылға бастаған жалғыз аяқ жолмен келе жатқанда да Бершүкір қолын онды-солды сілтеп, жалғыз өзі сөйледі. Жалғыз күлді... Жарқынбек құлақ қақпайтын тындаушысы әрі қостаушысы.

Түс кезінде Мейіздің пісірген тамағын ішіп болған соң түкпірдегі, терезесі көлеңкесінде бетке қараған бөлмеге кіріп, бірауық үйіктап алатыны бар-тын. Бүгін де сол әдетімен қос жастықты жастаңып жатпады ма. Ал содан үйқы келсейші... Үйқы жарықтық келуін келді-ау, бірақ көзі іліне беріп, бір басы адамға, екінші басы пілге ұқсаған бір құбыжықты көріп шошып оянғаны. Бір басты пілдің өзін теледидардан көргенде сескеніңкіреп отыратын жаңға екі басты піл-құбыжығыңыз жаналғыш өзірейілдей екен.

Содан екі басты пілді ұмыта беріп, тағы бір қалғи бергенінде арқандай шұбатылған көп жыланның ортасында жатқан баланы көріп, қатты шошығаны. Қатты шошығаны сонша – дауысы шығып кетіп, қыздарының бірі мұның бөлмесінің есігін ашып көріп, тұрып-тұрып қайта кеткенде барып, Жарқынбек бір аударылып түсіп жатқан-ды.

Осы сәтте ол бір жағынан өлгі көп жыланнан аман

қалғанына қуанса, екінші жағынан балаша қорықанына іштей қысылып та қалған. Жыландарды да енді ұмыта бергенде есіне Ақбас өгізі түсе кеткені. Бірақ өгізден аса шошыған жоқ.

Кешкісін әйелі сиырларды сауып болғаннан кейін Жарқынбек малқораға кірген. Бұл бұрын-соңды әдетінде жоқ нәрсे еді. Әйелі жатарда «Әй, сен де ерек болып, ана мал қораны байқап қайтсайшы... байланған арқанына маталып, буынып қалатындары да болады. Бұзаулары боса-нып, енесін еміп қоятындары... Ел ішінде ұры-қары да бар» дегенде малқораны беттеп үйден шыққанымен жарты жолдан қайтып, әйеліне «Қораны айналып та, арапал та шықтым, малдың бәрі орнында тұр» дейтін Жарқынбек қой.

Бұл жолы бірден Ақбас өгізіне қарады. Бірақ Ақбас өгіз бұған қараған жоқ. Тіпті «Келіп тұр екенсің-ау» деп көзіне ілмestен аузындағы шебін күйсеп тұра берді.

Ақбас өгізге ерекше ілтипат көрсеткісі келіп, соның ғана алдына бір бау шеп әкеleiп салып еді, Ақбас өгіз оған да аса мән берmedі. Бірақ алдындағы ақырға түскен шөпті жеді. Сәлден соң жан-жақтан жиылып келіп Маубас өгіз, Қасқа сиыр, Аймүйіз, Қоңыр өгішелер де сол шөптен жей бастап еді. Ақбас өгіз оған да мән берmedі. «Бәрімізге әкеleген шебі болар» дегендей бір маңғаз кең мінезben аузындағы шебін күйсеп тұра берді. Жарқынбектің әкесі Боташ марқұм да тіпті кең кісі еді-ау. Үлкенге де, кішіге де қайырымды, барын базар етіп отыратын дарқандығын айтсайшы...

Ертеңгісін торғайлар шырылдай бере тұрып, сиырлардың астын тазалады. Сүйеулі тұрган шеңгел сыпypyрымен малқораның ішін, айналасын сыпypyрды да. Жайшылықта мұндай істі Жарқынбектен ешкім күтпес те еді. Соңдықтан да шелегін қарына іліп, сиыр саууға келген Мейіз қатты таңырқағаны сондай, малқораның аузында бірауық аузы ашылып тұрып қалды.

— Ойпырмай, осындауда жүрт тіл-көзден сақтанып шеп сындырады екен... Мен талдың бұтағын сындырайыншы, — деп, жерден бір бұтақты ала салып, бырт еткізіп сындырды.

Сосын барып малқораның ішіне кірді. Жарқынбекте үн жоқ. Бірақ үнсіз жүріп-ақ әйелі қасқа сиыр мен Аймұйзді сауып жатқанда, енелерінің иін қандыру үшін бұзаулардың бас жібін қазықтарынан шешіп, біраз емізіп, қайта байлап, көмектесіп жүрді. Мұнысы да тосын мінез еді. «Осы көріп тұрғаным күндегі Жарқынбек пе, әлде басқа біреу ме?» дегендей Мейіз оған анда-санда бұрылып қарап қояды. Жарқынбек болса үнсіз. Үнсіз жүріп-ақ әйелі сауынды бітірген кезде сиырлардың бас жібін шешіп, шұбыртып өріске қарай айдаладтты.

Тәнертенгі шайлары көнілді ішілді. Шай үстіндегі көнілкүй қай кезде де Жарқынбек пен Мейізге байланысты ғой. Осындаі сәт көптен бері болмағандықтан әке-шешелерінің бүгінгі татулықтарына балалары да ерекше қуанысып, мәре-сәре болып отырысты. Олардың да ойларын ортаға салып қалатын сәті де осындаі кез болғандықтан, алтыншыны бітірген Бұбігулі: – Жазғы демалысымызды осылай үйлірғысып отырып өткіземіз бе, нағашымдікіне барамыз. Әңгелек, қияр-қызыанақтары лісіпті – деуі-ақ мұн екен, бесіншіні бітірген Байбатыр мен тәртіншіні бітірген Жайбатыры – О, онда бәріміз дә барамыз. Суға түсеміз. Ол ауылда ойнайтын балалар да көп – деп дуылдаса қостай жәнелгендері.

«Нағашыларымыз» деп отырғандары осы арадан бес шақырым жердегі Ұзынарық деген жерде тұратын Мейіздің ағасының үйі.

Мейіз «бұларға не айтасың?» деген көптен болмаған бір үян мінез танытып, Жарқынбекке бұрылып еді, Жарқынбек те осы үйдің басшысына ұқсап, көптен бері жарқылдай сөйлегені шығар.

– Е барса, барсын... Өзің апарып қайт – деді әйеліне сондай мейіріммен бұрылып. Мынадай әңгімеден соң ер балалар «уралап» айқайлап, қыз балалары жарыса қол соқты.

Мейіз сәскеге дейін дәу қазан кеспе көже пісірді де, «Артылғанын мұздатқышқа салып, ертең де, арғы күні де ішесің... Сиырларды Бершүкірдің әйелі сауатын болды»

деді де балаларымен жиналышп, шуласып автобус аялдамасына кетті.

Мейіздің балаларымен шуласып төркініне кетуі бір бұл емес. Талай рет кеткен. Бірақ соның берін де ұрыс-керіс, жылау-сықтау араласатын да, әйелі мен бала-шағасы кеткен соң жалғыз өзі жын соққан бақсыдай үйіне сыймай, «әйелі кетіп қалыпты» деген сөздің намысымен әрі ашумен ұрынып, әйелінен тығып жүрген жартылықтың аузын ашып жатар еді... болмаса жартылыққа жететін тиын-тебен сұрап, көршілерін жағалар еді...

Бұл жолы тіпті басқаша. Кеткендер де, үйде жалғыз қалған Жарқынбек те көнілді. Қуанышты. Қуанғаны – балаларының нағашыларынікіне көнілді аттануынан ғана емес-ті. Кешегі Бершүкір айтқан жайларды түнімен қайта ойлас-тырғанда шешкені – онашада Ақбас өгіз бен әкесінің өліміне байланысты зерт жасамақ ниеті еді. Енді міне сол оңашалық өз-өзінен туды. Терезелері көлеңке бетке қараған ең үлкен бөлмеде ақ майкі мен ұзын балақ ала дамбалынан өзгесін шешіп тастап, екі қолын артына ұстап әрлі-берлі жүрумен болды. Мұнысы «зерт жұмысын неден, қалай бастасам еken» деп ойланған-тын. Фермабастық кезінде «оны-мұны жазуыма керек болар» деп облыс орталығына үлкен жиналысқа қатысқан жолы алышп келген мұқабасы қалың тортөз дәптерін шығарды. Ол дәптерге ештеңе жазылған жоқ-ты. Жазылмағаны осы дәптерді әкелгеннен кейін екі айдан соң жұмысынан босады ғой.

Зерт жұмысын осы дәптерімен жүргізгісі келгендей қаламсабын да қоса шығарды. Сосын дәптердің берінші бетін ашты да, қаламсабын көлденең тастады. Содан соң ұзынбалак ала дамбалдың етегін делендетіп, екі қолын артына ұстап, кең бөлмеде тағы да әрлі-берлі жүрумен болды. Мұнысы «зертті қалай ғана бастасам еken» деп қатты ойланғаны-тын. Оның дәл осы сәттегі көніл күйін іштей күйіну деуге де келер еді.

Өзінше әлекке түсіп, әрлі-берлі дамылсыз жүргендे, ендігі ақылы анық жетпеген бір нәрсе – мұның кіріскелі

отырған зертіне қалам-қағаздың қаншалық қатысының болатындығы еді.

Жарқынбектің тағы бір көрші ауылда тұратын Жанбике дейтін апасы болатын. Кезінде кластастары «Жаннета» деп атаған соң, бұлар да, тіпті өзінің бал-шағалары да Жаннета деп кетіп, әбден ауыздары қалыптасып кеткенде, осыдан екі жыл бұрын сол апасы «Жаннета» деген ат кемпірге жараптайтындықтың екен. Мен кемпір бола бастадым. Мені қайтадан Жанбике деп атаңдар» деп сөлем айтты. Сәлемнің аты сөлем ғой, тәйірі Жарқынбек «Жанбике» деп, балалары «Жаннета тәте» деп (Мейіз өуелден Жан апа деп қана атайтын) араластыра айттып жүргендеги биылғы наурыздан кейін, үй-ішімен біржола Жанбике деп қана атауға шыққан. Өйткені наурыз мерекесінде Жанбике шалымен бірге қыдырып келіп отырып: – Енді мені бәрің де Жанбике деңдер. Жаннетаны біржола қойындар. Өйткені мен енді анық кемпір болдым, оның үстіне Жанбике деп жаздырып пашиптыр алдым» дегендеге балалары жымындастып бір-біріне қарасты. Жарқынбек пен Мейіз үндемеді. Дегенмен сол жолы балалары да «Жаннета тәте демейміз», «Егер ол кісі дүкеннен бір-бір балмұздақ сатып әперсе» деген мәселе қойды. Бұл шарт-қа Жанбикенің шалы қуана келісті де мәселе сол сәтте-ақ шешілді.

Сол Жанбикенің бір қасиеті – үйдегілер түгілі бүкіл ауылдағы балалардың қай жылы, қай күні тугандарының, ал үлкендердің қай күні қай жылы өлгендерін жатқа айта беретін.

Жанбике апасы есіне түскенде Жарқынбек үлкен бөлменің ортасында ербиіп тұрып қалды. Бұл оның қорыққаны емес – қуанғаны-тын.

«Мәселе шешілді» деп ойлады ол қара телефонға жақындалап келе жатып «Құдай біледі... шешілді...»

Жарқынбек апасымен әңгімені бірден Ақбас өгізден бастаған жоқ. Өуелі өзінің, сосын жездесінің денсаулығын сұрады. Жиендерін де ұмытқан жоқ. Мейіздің балаларды алғып ағасының үйіне кеткенін айттып, дәу қарақазан кеспе

көженің жайына да тоқталып алған соң барып: – Жанбике, сен білуші ең ғой... айтып журуші ең ғой... осы біздің көкем қай жылды қайтыс болып еді?

– Немене әкең жайлы кітап жазайын деп пе едің? – деді аржақтан Жанбике апасы.

– Енді жазбасақ та... білгеніміз-з...

– Айналайын, соңымнан ерген жалғызыым, сенің осылай әкенің өлген күнін сұрағаныңда да қуанып отырмын, – деді апасы көнілі босап... – Есіңнің кірейін дегені ғой. Бұған да шүкір. Өкесінің өлген күнін, туған күнін де білгісі келмейтіндер толып жатыр ғой осы күні. Айналайын, есің кірейін деген екен. Кіретін кезі де боп қалды ғой.

Осылай деп тұрып Жанбике жылады. Сосын біраз жылап алған соң: – Көкем сексен жетінші жылдың жиырма тоғызынышы ақланында өлді ғой.

«Ойпырмай, көкем қыын күні-ақ кеткен екен... Жиырма тоғызынышы ақпан деген күн... бір жылды болып бір жыл жоғалып кете ме, әлде екі жыл жоғалып кете ме, өзі сондай бір жыл ғой...» дегенді іштей ойлап тұрып, апасына:

– Сонда көкем тұнде қайтып па еді осы? – деді.

– Таңда... Сағат бесте – деді апасы. – Мен сол түні көкемнің жанында болдым емес пе?

– Есімде ғой, апа-ау... Сенің дауысынды естіп, сонда орнымнан атып тұрдым емес пе?

– Иә келдің ғой, айналайын... Сосын апам келді, дауыс салып. Апамның даусы қандай зарлы еді. Сонда үшеулеп қатар тұрып дауыс салғанда... ауылдың ана шетіндегілер есітіпі ғой.

– Сол күні сиырымыз туып қалған жоқ па осы?

– Жазатын кітабыңа оны да кірістіреін деп пе едің?

– Жоқ апа-а.. Бірақ сондай бірдеңе есімде-е...

– Жарқынжан-ау оның бәрі есімде ғой. Сиырымыз туған... Қазіргі Ақбас өтізің бар емес пе? Әй тыңдал тұрсың ба, өзін...

– Тыңдал тұрмын, апа...

– Сол өгізің, сол таңда туды ғой. Оны да анық білеті-

нім, Мейіз келе бастаған кісілер мен өзге де шаруалардан босамайтын болған соң, сиырларды сауға мен бардым өмес пе? Шелекті қолыма ұстаған күйі малқораның табалдырығынан аттай берсем, ақбас бұзау аяқтарын тәлтіректей басып алдыннан шықты ғой. Кейіннен апам екеуміз онаша күңкілдесіп отырып, мұны да жақсылыққа балағанбыз. Көкем малымызға мал қосып, босағамызға құт сыйлап кетті деп...

Әңгімені айтып бола беріп, Жанбике апасы телефоннан тағы жылады да, Жарқынбек оны ұзақ жұбатты.

Әкесінің жаңының ақиқат Ақбас өзізге берілгендей білу Жарқынбекке қуаныш қана болмады. Ол үрейленді де...

Үлкен бөлмеде екі қолын артына ұстап, әрлі-берлі жүргендеге елегізгендей де болды. Терезеден Ақбас өгіз қарап тұрғандай, есік тықырлағандай болып... Сосын үрей басылып өз-өзіне келген сәтте «Жанбикенің осы айтқандарын ұмытып қалып... масқара болар ма екенмін» деп ойлап, столға отырып, мұқабасы қалың дәптер мен қаламсабын қолына алды да, дәптердің бірінші бетіне «1987 жылдың 29-шы ақпаны Көкем және Ақбас бұзау» деп жазды. Тағы бірдеңелер жазғысы келіп, саусақтары да, қаламсабының ұшы да оңтайланып еді, оодан әрі не жазарын білмей дағдарып отырды да «20-шілде. Мейіз балаларын алып ағасынікіне кетті» деп тағы да жазды. Бірақ осы соңғы жазғанының не-менеге керек екенін өзі де білген жоқ.

Әйтеуір бірдеңелерді жазғысы келуі – ақ қағазға жазу жазбағалы не заман. Адамның жазуды да осынша сағыннатындығына дәл қазір Жарқынбектің көзі әбден-ақ жетті. Фермабастық болып жүрген заманда қуніне құрығанда екі-үш бет жазу жазатын. Және жазуы қандай әдемі еді! Фермабастық ретінде сол жазулардың соңына қоятын қолы ше? Қойған қолына совхоз директорларының өзі қызығушы еді.

Болған әңгімені Бершүкірге тап қазір-ақ телефон арқылы баяндау ойына түсеп кетті де, қайтадан өзін-өзі тоқтатты. Өзін тоқтатқан себебі – ойда жоқта атасының өлген күні мен бүрнағы жыл қайтыс болған Балмырза деген ба-

ласының жөнін де Жанбике аласынан сұрап алуды ойлауы еді. Оның үстіне Бершүкірде «Мен саған екі күн өтіп, үшінші күні хабарлас дедім ғой» деп тікіреіе тіл қатуының да мүмкін екенін есіне алды. Екеуінің кейде жоқ жерден ерегесін қалатын әдеттері де бар.

Бұл жолы телефонға Асхат деген жиені жауап беріп:

— Апам мен көкем тамақ ішіп жатыр, — дегенде Жарқынбектің есіне тұс болып қалғаны, сосын Мейіз жасап кеткен кеспе көже түсі кеткені. Дегенмен телефонның ана басында тұрған Асхаттың да меселін қайтармай:

— Апам мен жездем не тамақ ішіп отыр? — дей салған.

— Кеспе көже, — деді жиені тақылдал.

«Ойпырмай, бүгін олар да кеспе көже жасаған екен-ау, ақылдастып қойғандай» деп ойлады Жарқынбек телефон трубкасын орнына қойып жатып. Сонын аялдан тұрмastaн, ала дамбалының балағы делбендең асханаға қарай ұмтылып келе жатып, қарнының әбден-ақ ашқаны да енді есіне түскені.

Әйелі жасап кеткен кеспе көжені ішіп отырып та Жарқынбек ойсыз отырған жоқ. Анасы Зерегүлді, әжесі Бипазды есіне алды. Тіпті қатты толқыды да. Ал баласы Балмырзаны көз алдына елестетіп отырып, көдімгідей жыласа болар ма? Өзін-өзі өзөр жұбатып отырып, «Ойпырмай, Мейіздің балаларды алып, ағасынікіне кеткені қандай ақылды іс болған. Мениң мынадай халімді көрсе, балалар не ойлайды, Мейіз не ойлайды, Алла білсін» деп оңаша қалғанына қуанғандай еді.

Астан соң телефонға бірден жармасқысы келмей, ұйықтай да алмай, аунақшып жатқан. Телефондаған күнде өлгі жиені тақылдал «апам мен көкем демалып жатыр» деп айттар ма екен деп те абайлаған. Апасы мен жездесінің «шалмыз, кемпірміз» деп отырып-ақ осылай өздерін хан мен ханшадай өспеттейтін әдеттері де бар.

Жарқынбектің ойы он сақта тарап, жайылған қойдай бытырап жатқанда, телефонның өзі шырылдай қойғаны.

Трубканы көтерсе, Жанбике апасы екен. Жарқынбек алысстан орағытпай-ақ бірден:

— Апам мен Балмырзаның да өлген күндерін өзінен біліп алайыншы деп едім, — деді.

— Эй Жарқынжан сенің кітап жазайын деп жатқанынды ойын ба деп қалсам, шын екен ғой. Айналайын, талағың оң болсын. Ал енді сұрай бер. Бәрін де сұрап қал. Бізде кемпір болып келе жатырмыз. Соның бәрі менің ішімде кеткенше сенің кітабыңа түссін. Тым құрығанда бала-шаға. үрім-бұтақтарың оқитын кітап болар да. «Нағашымыз кейбір сөздерді шешемізден алған екен» деп менің балаларым да, немерелерім де шүқшиып оқып жатса қанеки.

— Айтқаның келсін.

— Апам сексен тоғызыншы жылдың көктемінде қайтты ғой. Апамның басында да өзім отырғанмын, аузына су тамызып. Айналайын апамның әруағы риза шығар. Апам өлген түні... Сенің ана Қасқа сиырың бар ма, сұтті шелектеп беріп отырған... Сол туды ғой. Оны да көзім керді. «Апам өлген түні туды әрі ұргашы болды» деп ырымдап «Осы бұзауың үлкен сиыр болғанда бір ұргашы бұзауын маған бересің» дегенде ана жаман қатының «Ойбай Жан-апа сол қасқа бұзаудың өзін алсаныз да еркініз білсін» деп еді. Енді сиыр туралы әңгімeden қашқақтап жүр ғой. Ана бір жолы есіне салсам «Жан апа-ау, былтыр да, биыл да еркек туды» дейді. Мен барып, соның бұзауларының еңкейіп бұтын қарап жатуым керек пе екен. Еркек туса, еркек туған шығар... Апам марқұм еркек баланы қадірлейтін. Өле-өлгенше сенің шайынды қойып, асынды қамдап, үсті-басыңа қараумен өтті ғой... келініне де кейде сеніп, кейде сенбей. «Сондай ықыласынды маған неге жасамадың?» десем, «Сен басқа елдің адамысың. Сені солар күтсін. Солар жақсы көрсін...» дейтін... апам марқұм.

Жанбике тағы да сыйқынданап жылап қалды. Бірақ бұл жолы бой-басын тезірек жинады.

— Жарқынжан, айналайын бірді айтып, бірге кетіп жатырмын.

Балмырзаны сұрап отырысын... Сенің балаңның қайтыс болғанын естігенде Құдай біледі. сол сағатта-ақ жеткен шығармыз. Айтпақшы сол түні Қасқа сиырың бұзаулаған екен-ау. Реті келгенде айта салайын, айналайын біздің болсағада сондай бір қасиет бар... Өлім болған түні сиыры бұзаулап шығатын. Бұл қасиет... Сонымен бірге құт... айналайын... Мұндай сырды өзгеге айтуға болмайды. Көз тиеді. Көз тимесе, сөз тиеді. Сенің соңғы кезде жұмыссыз қалып, өзің мынадай халде, болымсыздардың қатарында жүргенің... бәлкім жұрттың көзі тисе, тиіп те болған шығар.

Жанбике күрсінді. Күрсінгенін телефон арқылы жасыруға да тырыспады.

Жарқынбек апасын осы бір көңілсіз күйден алып шығуды ойлап:

– Оташ атам мен Бипаз әжем туралы да айтшы – дей беріп еді.

– Олар әріде қайтқан кісілер ғой. Ол кезде мен бала-мын, ал сен жоқсың.

Жарқынбек апасына тағы бірдене деуге оңтайлана бергенде:

– Жарқынжан-ау, шал оянып қалыпты ғой. Осы уақытта көк шай ішетіні бар еді. Тоқсан бесінші... Мен тілипоммен болып, отырып қаппын ғой, – деп ай-шай жоқ трубканы тастай салды. Бірақ бұл жайды Жарқынбек көңіліне алған жоқ.

Осы кезде мұның өзі де бір үйіктап тұруши еді. Жездесіне ұқсап көк шай ішкісі келгенімен, Жанбике апасына ұқсап, шәйнекке көк шай демделеп, құйып беретін ешкімі болмағандықтан (болған күнде жездесінің беделіндей беделі жоқ екенін мойындал) әрі аунап, бері аунап жатып, кешті батыратын. Бұл жолы да сол әдетімен төсегіне қисайды.

Бірақ бүгін тіпті көз іліндіре алған жоқ. Жанбике апасының әңгімесінен кейін түнгі үйқысының да қалай боларына да сенімі жоқ-ты.

Сыртқа күндергісінен ерте шығып, құдықтан су тартып, тамының көлеңке бетіне қайта-қайта шашты-ау. Сонын

іштен орындық шығарып, көлеңкеде жалғыз өзі отырды. Ойлағаны Оташ атасы, Бипаз әжесі, әкесі, шешесі, сосын Балмырзасы... Қорасындағы сиырлары мен өгіздері. Өзге ой жоқ. Өзге сійдың бәрін үркітіп, қуып жібергендей. Әдепте бірауық арақ туралы ойлап, ертең кімнен, аргы күні кімнен, қай үйден ішуге болатынын қиялында жоспарлап, олардың иін жұмсартып, айтқанына тым болмағанда амалсыз көнетіндегі жылды сөздерін де алдын ала сарапал дайындал (мұндай ізденіс жасамаса өздігінен арақ түгілі қара су татырайын деп отырған біреуі жоқ) отыратыны бар еді. Бүгін арақты мұлде ойламағанына қатты таңданды.

Кешкісін құдықтан сиырлар ішетін су тартып, науаны толтырған соң бұрын соңды жасамаған бір әдет бастап, өрістен қайтқан сиырларының алдынан шықты. Ақбас. Мәңбас өгіздерінің басынан, Қасқа сиыр мен Аймүйізінің сауырынан сипады. Бірақ сиырлары иелерінің бүл қылышына елең-құлаң етпеді. Әдептерінше құдық жанындағы темір науаға құйылған судан ұзак сіміріп, әдептерінше малқораға қарай ұмтылышты. Қоңыр өгізшесі ғана науадағы судан басын көтерген сәтте жақындал келіп Жарқынбектің омырауынан иіскеп, танып, біліп тұрғанын аңдатқандай болып еді, мұның көнілі босап қалды. Көнілі босап тұрып, өгізшенің мойнынан, арқасынан сипады.

Сиырларын малқораға кіргізді. Бірақ Жарқынбек сиырларын малқораға кіргізгеннен соң да үйге кеткісі келмей, айналсоқтап жүргенде бірауық малқорасының жүдеу қалпына назары ауғаны. Фермабастық болып, дүрілдеп тұрған шағында қарауындағы жұмысшыларға үш күн кесек құйдырып-ақ салған малқорасы еді. Кезінде жұрт «мал қорасының өзін үйдей етіп салдырыды-ау» деп гу-гу әнгіме еткен. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының атына арыз да жазылған. Кезінде ауылды шулатқан сол малқорасы енді қарап тұрса – аңғал-санғал бірдене. Сылақтары түскен. Тебесіне салған ағаштарының да аралары ашылып, қамыстары салбырап қалған. «Бәсе Мейіз жауынды күні тамшы ағып тұрады деп талай зарлап

еді-ау». Төбесі ашық жаздық бәлігіндегі сылағы кетіп, кесегі көрінген қабырға қаттырақ итерсөң құлайын деп түр деуге де келеді.

Қорасының осы қалпына Жарқынбек дәл қазір өзге ешкімнен емес, сиырларынан қысылды. Өке-шешесінен, ата-әжесінен де ұялғандай болып, бір сәт олардың тірі кездеріндегі жұздерін елестетіп, дауыстарын естігендей болды. Малқорадан үнсіз шықты. Үйіне қарай да үнсіз аяңдады.

Бершүкірдің әйелі сиырларды сауып кеткен соң, ол малқорасына қайта кіріп, тағы да сиырларының басынан, мойнынан сипады. Шепті де түнемеге алдарына мол салды. Соナン соң малқорасын айналып әлдене бір уайым жеген жандай әрлі-берлі журді де, үйіне қайтты.

Есік алдындағы ағаш сәкіге жалғыз өзіне төсек салып, жастыққа басы тиғен соң да Жарқынбек көпке дейін үйіктай алмады. Сиырларын қайта ойлады. Малқорасының сиқына да көнілі толмай, өзіне-өзі ренжіген болды. «Күзге қарай іші-сыртын сылап, төбесін қайта салсам ба екен» деп ойланып жатты да, кенет ақылы кіргендей оқыс есін жинап «Оу соны ертеңнен-ақ бастасам кім қой дейді маған» деп шүғыл шешімін өзгерту. «Таңертек сиырларды саудырмай-ақ бұзауларымен бірге өріске жіберемін. Сосын сылақты бірден бастап кетемін. Осы шешіміне риза болғандай болып бірауық аспандарғы жұлдыздарға қарап жатты. Фермабастықтан түскелі бергі өз шешіміне риза болуы да бүгін-ақ шығар. Содан кейін-ақ көнілі жайланаңдай оң жақ бүйіріне қарай аударылып жатты. Ендігі жерде көктегі жұлдыздарға да аса қызықкан жоқ. Осы қалпында сәлден соң балбырап үйқыға кетті.

Ертемен оянған Жарқынбек әлі жуынып, шайынбаған күйі барып малқораға кірді де, бұзаулардың ноқтасын сыптырып, сиырларын түгел сыртқа шығарды. Өріске қарай беттеген Мәңбас егіз бен Ақбас өгіздер бастаған сиырлардың сондағы қуанышы-ай! Аймүйіз бен Қасқа сиырлар бұзаулары емшектерін іздең, қайта-қайта шаптарына жа-

бысып, жолдарын кес-кестемегенде ешкімге де, ештеңеге де қарайлайтын емес. Қоңыр өтізше ғана әдетінен жазбай Жарқынбектің омырауынан иіскеді. Қолынан жалады. Ал жайылымға жете берер жерде екі бұзаудың да секіре шауып алға түскендері ше... Тіпті енелеріне жанаса беріп, осындай бақытты сәт, бақытты қундеріне риза болған көніл-қүйлерін баян етіп бірауық мәніреді де. Бәлкім бұл мәніреу – жайылымға айдал келе жатқан иелеріне алғыс айтқан алғысы ... әлде қуаныштан айтқан әні шығар!

Ұйықтап қалып, сауынға кеш келген Бершүкірдің әйелі Айсара да бұзаулардың босатылғанына қатты қуанды. Сол қуанышын жасыра да алмай Жарқынбектен:

– Бұзауларды ертең де, арғы күні де қосып жібересің бе? – деп сұрады да.

– Қосып жіберемін. Дүниеде бұзаулардың, сиырлардың ризалығынан асқан сауап бар ма? Алғыс бар ма? Мен бүгін оларды бақытты еттім. Иелерінің мейірімді, әрі қайырымды екенін тым болмаса бір күн сезінсін, – дедім.

Айсара қуанып кетті. Бірақ өнінде қуаныш болғанымен, бұған бұрылып қараған көздерінде «Осының ақыл-есі қалай өзі? Таң атпай ішіп алғаннан сау ма?» дегендей таңданыс та бар еді.

Дәл осы сәтте Жарқынбектің кім не деді, не ойлады дейтіндей де уақыты жоқ еді. Сарайдағы бірі қажет, бірі қажетсіз заттарды аударыстырып жүріп, кетпенін тауып, үстіне ескі шалбар, ескі көйлегін ауыстырып киіп алды да малқораға қарай беттеді. Алты қанат киіз үйдің аумағындаид топырағы үйілген бір жерді кетпенмен қопсытып, бетіне қорадан шығарып ескі сабан, саңалтырларды төседі де, құдықтан тасып су құя бастады. Кептен мұндай бейнет көрмегендігінен шығар, өзі де борша-борша болып терледі. Бірақ алған бетінен қайтар емес.

Бұрындары осындай бір істі бастай беріп, соңынан жалқауланып, тастап кетіп, әйелі мен балалары мұның бастаған шаруасын өздері аяқтамақ болып, әлекке түсіп

жататын да соңынан соның өзі де артық сөз, ұрыс-керіске үласып кететін.

Бұл жолғы Жарқынбектің ықылас-қарқыны бөлек. Екі шелекпен құдық пен малқораның арасында отыз рет қатынады ма, әлде қырық рет қатынады ма, анығы есінде жоқ. Бар мақсаты – кешке дейін малқораның іші-сирттын сылап, сиырларын тұнемеге жаңа қораға жатқызу ғана болды.

Лайды жатқызып болған соң ғана Жарқынбек қолыбасын жуып, енді әйелі пісіріп кеткен кеспе көжені ысытып, шай қою үшін асханаға кірді.

Шайдан соң аз уақыт көленкедегі ағаш сәкінің үстінде жатып демалды. Бірауық мызықып та кетіпті.

Орнынан тұрған бойда бұтына киген көне кең шалбардың балағы делеңдеп (қайтсін, фермабастық кезінде киген шалбары ғой) малқораға ұмтылды. Жарқынбек шалбарының балағын асығыс түріп, лайды әуелі кетпенмен әрлі-берлі арапастырды. Сосын жалаңаяқ кешіп ұзақ иледі.

Кезінде фермабастық болды дегенмен оған дейін де Жарқынбек ауыл балаларымен бірге мектептің, ауылдастарының кесегін құйысқан. Лайын илеп, тамын сыбасқан. Дегенмен оның қазіргі бет-аузына дейін лай түйірлері тұрып, алпа-салпа болған қалпын көрсе, ауылдастары таң-тамаша қалар еді. «Кешегі төүір киініп, шіреніп, шырт түкіріп жүрген фермабастықтың қор болуын-ай» деп бәлкім аяр да еді. Бір жақсысы Жарқынбек балшық илеп жатқан кезде ешкім келген жоқ. Оның қазіргі кісі аяғандай бейшара халін де ешкім көрмеді. «Әйелі бала-шағасын алып тәркініне кеткен атақты маскунемін үйіне кім келсін? Келген күнде ол адам бұл үйден не іздесін, не жесін?» деп ойлады Жарқынбек ішінен. «Тіпті Мейіздің ойда жоқта тәркініне кетуін де кімнің қай саққа жүгіртіп жатқанын кім білсін».

Сәске кезінде күн де қызды. Жарқынбектің жұмысы да қызды. Иі қанып, піскен лайды шелектеп тасыған ол малқораның ішін сылауды бастап та кеткен еді.

Түске дейін сылады. Түс кезінде әйелі пісіріп кеткен кеспе көжені ысытып ішіп, соңынан екі сағаттай ұйықтап алып,

тұс ауа сылаққа тағы кірісті. Әйтеуір Жарқынбек малқораның ішін де, сыртын да сылап болып, артылған лаймен сыртын сылауды бастаған кезде, сиырлар да өрістен келді-ау.

Жарқынбек сиырларын темір науадан суарып, сосын малқораға кіргізіп, ертеңгі сылақ үшін деп тағы да лай жатқызып, соңынан жуынып-шайынып үйіне келгенде, кірпігі өзөр қимылдайтын ғана халде еді. Өмірінде осылай шаршап, осылай жұмыс істеп пе еді, әлде жоқ па, анығы есінде жоқ. Ысытылған кеспе көжесін ішіп отырғанда да көзі бір жұмылып, бір ашылып отырды. Содан тәсек салуға да мұршасы келмей, сәкінің үстінде жатқан ескі көрпешеге, ескі күпейке жастанып, жата кеткен сабаз тұяқ серіппей ұбықтаپ, ертеңіне күн шыға бере оянса болар ма?

Ояна сала апыл-ғұпты түрегелді. Жүгіре басып малқорага барса. сиырлары да бұған қорадан бастарын шығарап, жолына қарап тұр екен. «Адам жан-жануардан ұялады» дегенді Жарқынбек бұрын-сонды естімеген еді, осы жолы малқораның есігін ашып жатып, өз-өзінен қысылды. Бірақ сиырлары мұны елең-құлаң етпегендей, аяқтарын балпан басып, сыртқа алдымен Мәңбас өгіз бен Ақбас өгізі шыққан. Жарқынбекке паң бұрылып, селсоқ қана қарауларымен-ақ «Шырағым тұрагымызды сылап бергенің іс-ақ еді, ал күн шыққанша қамауда ұстағаныңа не дейік?» дегендей өктемдік аңғартып кетті. Аймүйіз бен Қасқа сиыр да селсоқ. Жарқынбек абдырап қалды. Қоңыр өгізшесі ғана мұның көнілін аулағандай болып жақындал келіп, омырауынан иіскеп, қолынан жалады.

Марқұм Балмырзасының да өзге балаларынан бөлекше осындай үйірсек, бауырмалдығы болушы еді...

Лайды күні бұрын жатқызып қойғандықтан жұмысты ерте бастады да, Жарқынбек түске дейін-ақ малқораның сыртын сылап бітірді. Көнігі сылақшылар секілді бұл күнгі қызу жұмыс кезіндегі айласы да анау-мынау өткіншілерді таңдандырығандай еді. Малқорасының көлеңкө түсіп түрған бетін алдымен сылайды да, ол жерге күн түсе берген кезде көлеңкө енді түсे бастаған басқа бетіне ауысып алады.

Оның нағыз әккі сылақшы екенін аңдататын осы әдісін әттең бірде-бір жанның қөмегенін қараңызышы... Қырсыққанда үй маңынан олай-булай өтпей қалуы да осынша өкініш болады деп кім ойлаған. Аз уақыт тыныстап, кеспе көжесін жылтырып ішіп алған сон, малқорасын бір айналып шыққандағы байқаганы – малқораның ішкі-сыртқы сылағы түгел кеуіпті. Бір қарағанда мал қамайтын емес, кісі кіріп отырса да жарасқандай кәдімгі салтанатты там секілді. Сырттан біреу келіп, еңкейіп қарай қалса «Өз үйінің қабырғалары жылаған баланың бетіндегі айбақ-сайбақ болып тұрып, малқорасын сылап, сөндегені қалай?» деп мұның ісіне таңданар да еді. Бір жақсысы бұл үйге Бершүкірдің әйелінен өзге ешкім соқпайды. Жарқынбек бір сәт ойлап қараса, мұның үйіне соңғы жылдары өзінің жақын-жықтан өзгелері бас сұғуды мұлдем қойған екен. «Маскүнемнің үйі кімге керек? Малқорасы кімге керек?» деп ойлады Жарқынбек ішінен. Бір жағынан өзінің осы ісін өшкімнің көріп, білмегеніне іштей қуанып.

Кешкісін өрістен қайтқан сиырларын күтіп алып, құдық жаңындағы науадан суарды. Сосын оларды іші-сырты су жаңа малқораларына кіргізіп жатып, сиырларының жүзіне, көздеріне қараған. Ешқайсысы да мұның ісіне естері шыға куанбаған секілді. Реніштерін де байқамады. Пан жүрістерімен: «Е сендағы жақындығынды білдіріп, бір жақсылық жасай қойған екенсің...» дегендегі ғана салғырт емеурін байқалады. Ата-анасының алдында перзенттік парызының болмашысын ғана ақтаған безөкпе баладай елпендей тұрып-ақ Жарқынбек қуанды. Тіпті қатты қуанды деуге де келер еді... сол алапат қуанышын барынша жасырып, сабыр сақтап тұрғаны болмаса...

Мейіз жасап кеткен кеспе көженің (сонша мол әзірлеп кеткені-ай) қалғанын ысытырып ішіп, кешкісін көлеңкеде жалғыз өзі шалқасынан жатып, екі құндік ісіне, сиырларының сабырмен-ақ білдірген ризашылығына көңілі толып жатып, тағы бір ойға кеткені... «Сол малқораның іші-сыртын ақтап жіберсем қайтеді?.. Қайыр қылсан бутін қыл деген.

Тіпті әке-шешелерімнен... сиырларымнан аяр нем бар...» деп... бұрнағы жылғы үйін ақтаудан қалған әктің жарты қап болып сарайда жатқанын біледі. Осылай ойлауы-ақ мұң екен, орнынан бірден атып тұрганы. Ала дамбалының етегі дөлендеп, сарайға дейін асығыс жүріп барды да, ішкі босағада жатқан жарты қап әкті сыртқа шығарды. Шығарып қана қоймады, там ақтар кезде пайдаланатын үлкен астауға салып, үстіне су құйды. Сосын барып тәсегіне қайта жатты.

«Таңертең әк дайын болады» деп ойлады ол көлеңкеде тершіген қеудесін енді соға бастаған самалға тәсеп отырып. «малқораны ақтау деген не төйірі... Асып кеткенде екі-ақ сағат... Тіпті созып жібердім-ау дегенде үш сағат».

Фермабастық болғанша бұл Жарқынбек не істемеді дейсің. Там да ақтаған. Малқора да салған. Алматының зоотехникалық-малдәрігерлік институтын оқып жүргенде студенттерден құралған құрылыш бригадасын басқарған да... Сонда «үйді былай, малқораны алай ақтайды» деп өзгелерге ақыл да айтқан. «Қайдан білсін... кейбіреулер ойлайды Жарқынбек фермабастық болғаннан өзге ештеңе істемеген деп... ештеңе көрмеген деп...»

Бірақ Жарқынбек дәл үйқыға кетер алдында жоспарын өзгертіп: «Малқораның сыртын ғана ақтасам да жетер, ішіне кіріп кім тексеріп жатыр дейсің», – деп ойлады да және осы ойын дұрыс көрді. «Өте ақылды шешім» деп өзін-өзі қостап та қойды.

Жарқынбек малқораның сыртын бір ақтап болып, «түс ауа екінші рет ақтап шығамын» деп сәкінің үстінде шалқасынан жатқанда ауыл арасының тәксі-мәшинесімен зыр-ретіп Мейіздің келе қалғаны. Бір қолында емізулі баласы, екінші қолында кісі өзөр көтерердей қара сөмке. Жарқынбек үш күннің қалайша тез бітіп қалғанына да таңқалды.

Тәксі-мәшинеден түскен бойда Мейіз бірден өзі жоқта малтамның сыланып, ақталғанын көрді. Күйеуінің сап-сау алдынан шыққанына да қуанды. Не дегенмен әйел емес пе, қолындағы баласы мен сөмкесін Жарқынбекке ұстата бере, алдымен асханаға кірген. Стол үстінде айрап-жайрап жат-

қан ыдыс-аяқтарды жинастырған болып, кесе, шәйнектерді сүрткен болып жүріп, самаурынға, қазанға су құйды. Әншайінде « мен жоқта ананы шашыпсың, мынаны тәгіпсің» деп табалдырықтан аттағаннан шатақ салып, тепсініп сөйлеп жүрер еді. Бұл жолы өйтпегені – әсіресе Жарқынбектің алдынан сап-сау шығуы себебінен еді... Сосын малқорасының жаңа кейпі. Таңдануның да айрықша болуынан шығар, біразға дейін күйеуіне бір, енді бой көтерген жаңа үйдегі малқораға бір ұрланып қараумен болды. Іштей шүкіршілік еткені болар, бір сәт ерні жыбырлап қубірлекендей де еді, бірақ онысын Жарқынбек ести алмады.

Мейіз ағасының үйінен алып келген етін асып жүріп, сол жақтың әңгімесін айтумен болды. Балаларының асыр салып ойнағаны, суға түскені, пәлек аралап, әңгелек үзіп әкеліп жегендері...

Бұл тұста Жарқынбек өз әңгімесін бастаған жоқ. Сабыр сақтады. Тұс кезінде алдына келген етті де үнсіз жеді. Сосын Мейіз қожылдатып бөлмеге самаурын кіргізген кездे барып Жарқынбек әңгімесін бастады. Ақбас өгіздің тіл қатуы... Бершүкір айтқан әңгімелер... Өзінің малқораны сылау, ақтау жөніндегі шешімі.

Мейіз күйеуінің әңгімесін бөлген жоқ. Әңгіме біткен кезде де, жақсы да, жаман да пікір білдірmedі. Бірақ Жарқынбек қыза сөйлеп отырған кезде ғана «Осы отырған шын Жарқынбек пе, әлде басқа біреу ме? Жарқынбек болса, дені-басы сау ма, әлде...» дегендегі екі-үш рет айрықша бұрылып көздерін қадап қарағаны. Бірақ күдігінің дұрыс әлде бұрыс екендігіне де толық көзі жетпесе де, әйтеүір қостағандай болып күлді, басын да изеді. Бір есептен күйеуін жақсы көріп те қалған секілді. Екеуі ас шікенде де, шай ішкенде де жаңа қосылғандай болып қатар отырды. Жарқынбек те тым қаражаяулық танытпай, оңтайлы бір сөтте «тәркінінде шалжайып жатып алдың» деп еркелеткені, әлде өз еркелегені белгісіз күйде, келіншегін құшақтап сүйіп те алған. Көптен бері (тіпті неше айдан бері) сүйгені осы болғандықтан іштей шошып кетер мә екен деп қауіп-

теніп еді. Мейіз күйеуінің бұл қылышына кетәрі болмады. Күйеуінің малқора ақтағанынан гөрі де осы қылышына риза болғандай, сыңғырап күлді.

Өншейінде балаларымен араласып сәкінің екі қырында жататын екеуі түнемелікте де көлтөн сағынысып ұшырасқандай құшақтары ажырамай түннің бір уағына дейін сау жатқан. Күйеуіне риза болғаны сондай, Мейіз сонау жас күнін есіне алып бірауық жылап та алды. Жарқынбек бетінен сүйген сәтте, бұл да күйеуінің сақал-мұрты өсіңкілеу бетіне кенеше қадалды. Бұл тіпті баяғыда ұмытылып кеткен әдеттері-тін.

Бірі бастаған әңгімені екіншісі қостай кетіл, өлдебір жайға таласа кетіп шүйіркелескендері-ай... Қараңғы түнде ерлі-зайыптылардың төсекте қатар жатып осылай күбірлесіп-сыбырласулары да бір ғанибет екен. «Қалай байқамаған-быз» дегенді екеуі де ойлады. Бірақ бір-біріне айтқан жоқ. Ақыры екеуі бес баласы бар жандарға үқсамай, құшақтасып жатып балбырап үйқыға кеткендері ше?

«Күйеуіме қайтсемде кубіден жаңа шыққан май же-гізмен» дегендей Мейіздің азанымен белі майысып күбі пісіп, сосын «таңертең жөнді тамақ ішпей журсің ғой» деп жұмыртқа қуырғаны қандай жарасты. Таңертеңгі дастарқан басында да екеуінің оны-мұны айтып, күліп, тізе түйістіріп қатар отыргандары тағы бар.

«Кеспе көжеден де әбден шыққан шығарсың» деп Мейіз түсте палау басқан. Палаудың дәмі ерекше еді. Бірақ сол палауды жеп отырып күнкілдескен ерлі-зайыптының әңгімелерінің дәмін айтсайши.

Емізулі баласын ұйықтатып болған соң, түскі ыстық кезінде де Мейіз екеуіне көрпешені ортақ жайып, жалаңаш деуге де болатындаидәрежеде қатар жатып демалды. Мұндай жағдай екеуі қосылғалы үрдісте болмаған-ды.

Осындаидәрежеде қызық өкіғалардың әсерімен үйінен де ұзап шыға алмай, Бершүкірге баратын тәртінші күні туралы ұмытылып та кеткен. Оның есесіне Бершүкір бұған келді. Шала үйқы болып, әйелінің жанынан әзер түрған бетте «мы-

надай ыстықта көкшай ішкенің дұрыс қой» деп Мейіздің демдеп әкелген шайын терлеп-тепшіп ішіп отырған бетте, Жарқынбек сиртқы есіктің қағылғанын жаратпай да қалған. «Осы ыстықта үй жағалап жүрген кім...» деп сосын: – Бұл кі-ім-м? – деген жаратпаған дауыспен.

– Шал, мен ғой – деген Бершүкірдің үні шыққанда барып басылып қалды. Басылған себебі оған берген уәдесі есіне түсті. «Бұл кі-ім-м» деп жаратпай айқайлағаны тағы бар.

«Оңаша сәзіміз бар еді» деген желеумен екеуі сиртқа шыққан. Бершүкірдің аз-кем қызулығын сезген соң-ақ, өзге амалы да жоқ еді. Шыққанда қайда барсын... Күн қайнап тұр. Екеуі бүгежектеп малқорага барып кірген. Бершүкір отырмaston бұрын тәбеле, жан-жағына қарады. Сонын си-рек сары мұртын ұзақ сипады.

– Шал сенің маған келмегенің орынды. Сен қазір биікте тұрсың! Сен аталы іс бітірдің. Осы тәніректе... Тәнірек деймін-ау... осы заманда... мына елде малқорасының қабыргасын сылап, ақтап отырған кім бар? Біздің әйел ыбырысбыр бірдене айтқанда құлагыма ілменп едім. Жо-жо-жоқ... Мына ісің шал... Бұл нағыз шалдың ісі. Малқорада тұрған сиырларының тегіне, туған жылы, өлген жылына, айына, күніне дейін зерт жүргізген тағы кім бар? Осылай етіп жатқаныңды мен үнсіздігінен білдім... Ша-ал. Үнсіздік деген бар ғой. Ол көп сөз. Үлкен сөз! Есінде болсын, ұлы істердің бәрі үнсіздікten басталған!.. Ұлы дүбір, тәңкөрістердің өзін үнсіздіктер алып келген! Мен саған бір шындықты айқайға бергісіз сабырмен айтайын... Қарсы емессің бе?

– Қарсы емеспін.

– Қарсы болмағаның жақсы болды. Қарсымын дегенінде ренжитін едім.

Бәлкім көрмей кетер едім. Ал тыңда-а...

– Тыңдадым.

– Сен атың тарихта қалатын адамсың. Ал менің тарихта қалуым сенің арқандағана.

Осылай деп екпіндей сейлеп Бершүкір Жарқынбектің бетінен сүйді.

Сүйген сәтте мұны қеудесіне баса қатты қысып еді, оның да мәнісі бар екен. Костюмінің ішкі қалтасындағы бөтегесі мұның қеудесіне батты.

— Бұл малқораның қадірін сен білесің... Сосын мен білемін. Бұл үй!

(Бершүкір сүқ саусағын малқораның тәбесіне шошайтып тұрды.) buquerque үйге кіру... екеумізге мешітке кіргенмен бірдей.

Екеуі дабырласып, бірер аттап қора төріне қарай өтті. Құлай етулері қора есігінен соққан даланың алтабынан қашулары еді. Жаңа сыланғандықтан түпкір жақ кәдімгідей салқын-тын.

Бершүкір бақ жаққа да барып қайтқандығын аңғартып, қалтасынан екі қаңылтырып рюмке мен екі алма шығарды.

— Асығып жүріп, тіске басарды да алмаганым-ай, — деді Жарқынбек өзінше ыңғайсызданды болып.

— Ша-ал-! — деді Бершүкір өктем сейлеп. — Мен саған тағы бір тіске басардың кекесін көрсетейін бе?

— Көрсет.

— Ол тіске басардың жанында бар ғой... өзге тіске басарларыңың үні өшеді. Үнсіздік деген ұғыммен ойнама дедім ғой өлгінде... Үнсіздік дегеніміз... айналайын шал, бұкіл дүниені шулатады және женеді деп өлгінде айттым ғой. Айтпақшы мен өлгінде тағы не айттым.

— Тіске басардың жаңа түрі...

— Oho! Дұрыс айттың. Ал енді оның қайда тұрғанын айттым ба?

— Жоқ.

— Ендеше мен оны шығарайын. Немесе көрсетейін.

— Ал шығаршы- деді Жарқынбек те шаршаш үнмен.

— Ендеш-ше-е, — деді де Бершүкір арбаңдай жүріп барып сиырдың кепкен үлкен жаласының алақандай сынығын опырып алды. — Осыны ііскеп көрдің бе?

Жарқынбек үндемеді.

— Демек ііскемегенсің. Өйткені менсінбейсің... Аяғын-мен басуға да жеркенесің. Солай ғой?

Жарқынбек бұл жолы да үндемеді.

— Осыны іскейміз... нағыз тіске басар осы. Дұрыс па?

— Дұрыс... – деді Жарқынбек енжарлау қүйде.

— Олай демеске хақың да жоқ шал-л. Олай демесең ана өрісте маң-маң басып, жайылып жүрген жануарлардың, тойст-т. кіслердің киесі атады. Түсіндің бе?

— Түсіндім.

— Вот шал-л, солай.

Екеуі алғашқы рюмкелерін соғыстыруды. Арақтарын ішіп болған соң алмадан тістеп, сиырдың жапасын іскеді. Осылай ішу соншалық көніліне ұнағандықтан Бершүкір іле-шала рюмкелерге екінші рет құя бастаған. Бұл жолы да екеуі алмадан тістеп, сиырдың жапасынан іскеді.

Осы істеріне, мынадай отырыстарына Жарқынбек күл-мек болып, досына қуақылана қарай беріп еді, Бершүкір сұқ саусағын сыртқа, сиырлардың өрісі жаққа шошайтты.

— Шал абайла!

Жарқынбек шынымен абайлап қалды.

Екінші рюмкеден кейін бұл да қыза бастаған. Бершүкір болса да үйінен-ақ қызып келген жан. Екеуі де көнілденді. Көнілденулерінің бір себебі – малқораның салқындығынан да еді.

— Анда-санда осы жерде... осылай отырсақ несі бар, – деп Жарқынбек аңқылдай сөйлей бастап еді, Бершүкір бірден іліп әкетті.

— Жақа-ая, ол не айтқаның... Сенің мына малқораңа бұл ауылда малқора түгілі үй жете ме? Жетпейді. Шіркін отырыс құрсаң осындей жерде құр. Келелі кеңес құрамын десен осы жерге кел. Жұрттың осы дүниенің рақаты, о дүниенің жұмагы деп жүргендері осы емес пе?

Бершүкір осы кезде шалт қымылмен бөтелкені қолына үстай берді де, қаңылтыр рюмкелерге тағы да құя бастады.

— Шал мен саған қызық айттайын. Қызық болғанда көдімгі философиялық ойлар ғой. Байқайсың ба мен мұндан ойларымды тек қана саған айттып жүрмін. Өзгелерге айтпаймын да. Өйткені олар түсінбейді. Міне біздің қоғамның деңгейі... Әрине, шал сен де түсінегін бермейсің. Бірақ

құлақ қақпай отырып тыңдайсың ғой. Міне мұның езі де жақсы. Өзгелер тыңдағысы да келмейді! Әнеге топастық! Жақа сен ол топқа жатпайсың. Олардың беті аулақ...

Осы кезде Бершүкір өз рюмкасын қолына ала беріп:

– Жә, мынаны алып жіберейікші... Сосын мен бір келепі әңгімеге кіріскелі отырмын, – деді.

Жарқынбек қарсыласқан жоқ. Рюмкелерын соғыстырып екеуі де алып жіберді. Екеуі де алмадан тістеді. Сосын жалапаның сынығын да жарысып иіскеді.

– Ал енді келепі әңгімеге келейік, – дей беріп Бершүкір бұған қарай қолын көтеріп қойды. Мұнысы «сөзімді бөлме» дегені. Жарқынбек басын изеді. Мұнысы «бөлмеймін» дегені.

– Шал, сен қайсықуні айттың ғой, Ақбас өгіз сөйледі деп...

– Беке, сөзің аузында – деді Жарқынбек сирек болатын батыл міnez танытып, Бершүкірдің сөзін бөліп, – Анықтады ғой.

– Нені?

– Әкемнің жанының Ақбас өгізге берілгендейдін.

Бершүкір екі қолының алақандарын қатар жайған қуй аузы ашылып, аңқайып қалды.

– Сонда?

– Жанбике апаммен сөйлестім ғой.

– Сосын?

– Көкем бір мың тоғыз жұз сексен жетінші жылдың 29-шы ақпанында таңда өлген, артынша Ақбас өгіз туған...

– Мәссаған безгелдек-к, – деді Бершүкір екі алақанын бір-біріне шарт соып. Сенсация! Ана жолы айтпадым ба сенсация деп... Айтқаным айдай келді ғой.

– Оны аз десең Жанбике апам Оташ атам мен Мәңбас өгіздің, Қасқа сиыр мен Зерегул анамның, Аймүйіз бен Бипаз әжемнің, Қоңыр өгізше мен Балмырзаның арасында да осындағы байланыс бар екенін дәлелдеді ғой...

– Қойшы-әй, осы айтып тұрғаныңың бәрі рас па?

Жанбике апамыз нағыз әулие екен ғой. Айтпақшы ол кісі менің әке-шешемнің де қайтқан күндерін айтып жүретін.

– Нан ұстайын... Құран ұстайын...

– Болды-ы... болды... сенде өтірік те, артық сөз де жоқ екенін білемін ғой Жақа-ау. Артық сұрақ мұна менің қазымырлығымнан болып отыр. Ал ендеше шал-л бұл мәселе сенсациядан да асып кетті! Мұндай жаңалықтарға ғалымдар Нобель сыйлығын алады. Нобель сыйлығы дегенді естуің бар ма?

Жарқынбек үндеген жоқ. Оның бірдене деуін Бершүкір де күтпестен сөзін жалғап кетті.

– Үш күн бойы мен не істеді дейсің ғой шал. Мен де қарап жатпадым.

Қанша кітаптарды ақтардым. Қайсыбір мақалаларды қайта оқыдым. Әруақтар ұрпақтарының түсіне кіреді. Түсінде сейлейді немесе жай көрінеді, олар белгілі. Ал сиыр болып тұрып-ақ сейлеу... Бұл сенің малқораңнан шыққан жаңалық... Мен мұны қатты ойландым. Ойландым да мынадай трактовка жасадым, шал... Жан-жануар болып жүрсін, мақұлтық болып жүрсін... ол ұрпағын біледі... таниды... Тіпті ол ұрпағының қандай халде, қандай қоғамда өмір сүріп жатқанын да сезініп, ұрпағын аяп, қандай да бір жанашырлық танытқысы келеді. Ақбас өгіздің саған сейлеуі осындаидай тұжырымының дәлелі. Бірақ бұл жағдай өмірде жаппай көрініс бермейді. Ғылымда ондай пікір жоқ. Бұл өмір сүріп отырған қоғамы әбден азып, тозып отырған, содан шаршашған адамға жасалынып отырған ерекше жағдай... ерекше құбылыс әлде қамқорлық деп топшыладым.. Қысқаша қорытындыласам Алланың кереметі..!

Осы тұста Бершүкір екі алақанын қатар жайған күйі бір сәт отырып қалды. Жарқынбектің оған қандайда бір жауап айтуы керек-ақ сияқты. Бірақ нендей жауап берерін Жарқынбек түсінбеді. Ақылы да жетпеді. Сондықтан, ол өйтепір, Бершүкірге ұнайтын бір іс жасауым керек-ау деген ниетпен бөтелкені алып, қаңылтыр рюмкелерге құя бастап

еді, Бершүкір жаратпай түсін сұтып, шақшия қарай қалғаны. Жарқынбек енді шын састы.

— Ау, Жақа-а мен Алланың атын айтып отырмын ғой. Алланың аты аталған сәтте ішуге болмайды. Ол күнө ғана емес қылмыс. Мен өте діндар адаммын. Мениң арақ ішетінім де, намаз оқымайтындығым да сол ықыласымды жоққа шығара алмайды. Өйткені діндарлық жүректің ісі!

Жарқынбек абдыраған күйі отырып басын изеді.

— Тағы бір сыр айтайын, — деді енді Бершүкір жүзін жылтыныңырап.

— Біздің үйдегі қара айғыр бар ғой. Білесің ғой.

— Білемін, — деді Жарқынбек оның өзіне түсінікті әңгіме айта бастағанына да қуанып.

— Сол айғыр кейде мені көргенде кісінейді. Әдетте айғыр биеге ғана кісінеуі керек қой, солай емес пе?

— Әрине солай... — деді Жарқынбек тап бір Бершүкірдің қара айғырына шын ренжігендей.

— Ең қызығы маған кісінеген кезде Қара айғырдың көзінде жас болады.

Мұнысы не?

— Беке, мұнысы не екенін мен де түсінбедім. Фермабастық болып қанша жыл істегенімде... — деп Жарқынбек өмірінде бірінші рет фермабастық болғанын бедел қылған болып еді, Бершүкір онысына елең-құлаң да етпеді.

— Демек Қара айғыр маған бірдене айтып тұр. Маған ұрсып, әлде аяп тұр, солай емес пе? Осы ойымды Айсарага айтсам «Сен қиялисың, арақ шатыстырган» дейді. Шатысайын, шатыспайын Қара айғыр мен мениң арамда да демек бір байланыс бар. Мен де Жанбике апама жолығұым керек.

Бершүкір арақ құюлы тұрған рюмкеге енді қолын созды. Жарқынбек те ілесе қол соза беріп «Мениң қол созуым қателік болған жоқ па?» дегендей Бершүкірге жалтақтаған.

Екеуі арақты алып, көк алманың қалғанын тістелеп отырған. Арақтың әсері ме, өзі айтқан әңгіменің әсері ме. Бершүкір енді көнілденді. Костюмін шешіп қойып, кейлегінің түймелерін ағытты.

## ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАНБЕТОВ

...от, шал... Сенің Ақбас өгізінің саған ойда жоқта  
үіненеге осынша мән бердім, енді түсіндің бе?

- Түсіндім, – деді Жарқынбек те қуанып. Өйткені ол  
расында да бірдеңелерді енді аңғара бастаған еді.

Содан кейін екеуі бір алып жіберді ме, әлде екі рет...  
Әйтеуір екеуі емен жарқын сәйлесіп, малқораның ішін  
бастиарына көтере құліп, өздерінше тасып-төгіліп, асып-  
шашылып отырғанда үстеріне Мейіздің кіріп келгені...

– Екеуің бастаған екенсіндер ғой жынайнақтарыңды, –  
деп ол бірден көкбеттене сәйлегенде, өздерінше еліріп сәй-  
леп отырған екі батырдың да жыны басылып қалды.

Әлгінде ғана бір тәсекте жартылай жалаңаш күйде қа-  
тар жатқанын бедел еткендей Жарқынбек:

– Мейіз-ау біз біраздан бері кездеспей... Сағ-ғыныс-  
сып... – дей беріп еді.

– Сағынысатындағы екеуің екі елден келіп пе едіндер?  
Ет-бауырларының елжіреуін... Сағынысып дейді ғой...

Мейіз енді Жарқынбектің өзіне шаптықты.

– Білдім сениң де малқораны неге сылап, ақтап, әлекке  
түсіп жүргенінді. Салқын жерде күнде сайран салып, отыр-  
мақ екенсіндер ғой.

Келіншегінің қазіргі кейіп түнде бірге жатып, таңертеңгі  
шайда жұмыртқа қуырып, түсте палау басып берген жанға  
мұлдем ұқсамайды. Көкбеттеніп, шатынап тұр. Кімді де  
болса бет қаратар емес.

– Мейіз келмесе, ертеңгілік сиырларын сауып б-беремін  
бе, б-біле келші – деп Айсара жіберіп еді, – деген Бершү-  
кірді де:

– Айсара жұмсауға, қойнына бір бөтелкө емес, екі бө-  
телкө салып жүретін біреуді таппаған екен де, – деп бірден  
қағып таstadtы.

Бершүкір де басын байқаусызда пүтқа ұрып алған ба-  
ладай болып, кирелендең қалды.

Не дегенмен тәйірі, үйренген Мейіз ғой, әлден соң-ақ  
екі сабаз сөзден жеңілсе де, жеңілмегендей сыңай таны-  
тып, арсыз құлқілерімен асып-түсіп, жалпаңдай жағынып,

Біржатынан әзілдеген соң Мейіз де райдан қайтып отырғанда, малқораның ашық есігінен сиырлардың кіріп келгені...

Сиырлар кірген кезде Бершүкір мен Жарқынбек орындарынан тұрды. Әлгіндегі арсыз құлкілері пышақ кескендей тыйылды. Ұлардың осы мінездіне таңданғандай болып, Мейіз екі еркектің бетіне кезек-кезек қарағанымен ештеңе түсінбеді.

Сиырлардың кіріп келуі, әсіресе Жарқынбекке ерекше әсер еткен. Алдымен кірген Ақбас өгіз «Әдетінді бастадың ба?» дегендегі үлкен көздерін бір аударып қарағанда тұла бойынан өрт үдеріп өткендегі болып, мәңдайынан сұп-сұық тер шыққаны. «Ана жолғыдай дауыстап бірдене дер ме екен. Солай бола қалса анық масқара болармын-ау» деп ойлап еді, бәлкім досы мен әйелінің көзінше мұқатқысы келмегені шығар, әлде аяды, әйттеір ештеңе демеді. Одан кейін кірген Мәңбас, Қасқа сиыр, Аймүйіздер үларға бұрылып қараған да жоқ. Олардың қаперіне ілмеген сол мінездері де Жарқынбекті жердің жарығына тірілей тыққандай еді. Қоңыр өгізше ғана жанап келіп, омырауынан иіскеді. Сосын қолын жаламақ бола беріп, иесінің алақанындағы жарты алманы аузына іле кеткені. Бірақ Қоңыр өгізшенің осы еркіндігі мен еркелеуі Жарқынбектің бойын еттеп те болса сергіткендегі, еңсесін көтергендей еді.

Бірін-бірі демеп, Бершүкір мен Жарқынбек құдықтың жаңындағы науага келген. Мейіз байғұс суды науаны толтырып-ақ құйған екен. Артылып қалған судың өзі өлі он сиырга жетердей, әрі сап-салқын. Жарқынбек сол суды ақтарып тастап, екеуінің жуынуына құдықтан жаңалап су тартпақ болып еді, Бершүкір сұқ саусағын аспанға көтерді.

— Бол-лма-айды-ы... Ж-жақа-а... Құнаһар боламыз. Сол жарықтықтардан артылған су бізге неге жетпейді? Қ-қайта осы-ы с-суды... — дей беріп, ол науадағы судан қос уысымен іліп ішті.

Сосын бетін, мойнын жуды. Бершүкірден көргенін Жарқынбек те істеді. Сосын Бершүкірдің малқораның ішінен іле шыққан бөтелкенің тубіндегі болмашы арақты

түрегел тұрып тендей бөліп ішіп алды да, тісбасар орнына екеуі тағы да алақандарымен науадан су іліп ішті. Беттерін, мойындарын жуды.

Әйеліміз бажылдады екен деп, ана сиыр алая қарады, мына өгіз қабағын түйді деп... Жарқынбек пен Бершүкір әдептерін тыя қойсын ба, бірде малқорада, бірде бақ ішінде, кейде су жағасында кездесіп жүріп, жазды да өткерді-ау.

Қыркүйекте Бершүкір мектебіне кетті де, арақатынастары біржола үзілді. Осы кезде Жарқынбектің ескі бауыр ауруы қайталап, жатып қалды. Өткен жылы да ауырып, аудандық ауруханада жиырма екі күн жатқаны бар-тын. Әуелде квотамен Алматыға, болмағанда облыс орталығына жібереміз, біздің шамамыз келмейтін кесел екен» деп дәрігерлер біраз даурығысып жүрді де, соңынан өздері-ақ емдейтін болып шешті. Кеселдің беті бері қараған соң ішетін дәрілерін бір уыс қағазға жазып беріп, «енді ішкілікті қоймасызы болмайды, өліп қаласызы» деп қорқытып, ауруханадан шығарған. Әрине, «өліп қаласызы» деген сөзге Жарқынбек біраз уақыт қорқып та көрді. Өзі ғана қорқып, жайына журмей, осы сезбен әйелі, бала-шағаларының да зәресін алды. Дәрігерлер айтқан сөзді теріс айналдырып жіберіп, «Анда-санда арақ ішіп тұрмасаң өліп қаласың» деді деп айтқан кезде, Мейіздің өзі көршілерді арапап арак іздел кеткен кездері болған. Алтыншы класты бітірген қызының өзі, ұстаздары мен құрбылары көріп қоймас үшін көйлегінің жеңіне жасырып, талай рет дүкеннен арақ сатып өкелген. Сейткен Жарқынбек әуелде Бершүкірдің айтқан ем-домын (дәрілік шәптеді өкіп пайдаланатын өнері де бар) жасап бір айдай үйде жатты да, кесел бой бермеген соң ақыры аудандық ауруханага қайта барды. Бұл жолы дәрігерлер квота іздел өуре болған жоқ. «Кесел әбден-ақ дендел кеткен екен» деп шешті де, өздерінде емдей берді.

Соңынан Мейіз екі рет, Бершүкір бір рет келіп, көңілін сұрады. Жетінші, алтыншы, бесінші, төртінші кластарда оқитын балалары да тобын жазбай бір соқты. Балалары-

ның келуінің Жарқынбектің айрықша есінде қалатын себебі – аудан орталығындағы базардан бұған гүл сатып алышты. Төртінші класта оқып жүрген баласы «орыстардың киноларында ауырып жатқан кісіге гүл апарады ғой, біз де солай еткенді дұрыс көрдік» деп тақпақтады. Жарқынбек күлді. Сосын ішінен «кеселі мендеп, қабағы ашылмай жатқан кісіні күлдіру де ем шығар-ау» деп ойлады.

Жарқынбек өзіне келушілерді бұрынғыдай ауруының жайын, ішетін дәрілерін айтып та мазаламады. Мейіз алғаш келгенінде «Сиырларың желіндеді ме» деп сұрағанды. Мұнысы өзінің жанының қай сиырдың бұзауына берілетіндігін біліп қою болатын. Ойында бөтен ештеңе жоқ Мейіз аңқылдан:

– Қасқа сиырдың желіндегені қашан... Өзі ерте суалды. Алла амандық берсе қыстың басында-ақ туып қалар, – деп салған.

Жарқынбек одан әрі ештеңе сұрамады. Шешесі марқұмның бұзауы болып жүру көніліне аз-кем қанағат ұялатқандай еді. Және ішінен бір адамның анадан екі рет туғаны секілді болды-ау» деп ойлап жаратылыстың осы құпиясына қатты таңданып отырды. Бірақ қорықпады. Бойын әлдеқалай үрей де билеген жоқ.

Содан Мейіз артынып-тартынып екінші рет келгенде барып, Жарқынбек сырды әйеліне ашынқырап айтқандай болды.

– Мейіз, менде көп өмір қалған жоқ. Қасқа сиыр желіндеді деп қуанып жүрсің ғой. Сиыр бұзаулаған күні сен мынаған мән бер. Қасқа сиыр мен өлген сәттен бірнеше минут кейін бұзаулайды. Бөлкім менің өліміммен қабаттаса... Және ол бұзау еркек болады. Сен ол бұзауға көп тиісле. «Тағы да еркек бұзау тудың» деп Қасқа сиырға да ашуланба... білдің бе? Өйткені ол бұзау мына мен боламын. «мынау Жарқынбек екен» деп жарияға жар салып та жүрме... Жаратылыстың құпиясын, өзіңің малқораңың құпиясын жүргегіңе түй. Балаларға ғана айтсаң да, ержеткен соң барып...

Мейіз күйеуінің сөзіне аса сенген жоқ. Бірақ көңілін де жықпады.

– Сен де қайдағыны айтасың-ау, – дей беріп, оның ысырылып кеткен көрпесін кеудесіне дейін жапты. Еденде жатқан бір дәрісін көтеріп стол үстіне қойды. Ауруы жайлы әңгімеге бармады. Шығардағы қоштасуы да әдептегідей ғана еді.

Қайтар жолда автобус ішінде келе жатып қана «әй осы байғұстың ауруы шын мендеген-ау, «менің жаным Қасқа сиыр туатын бұзауға беріледі дегені несі?» деп есіне алды. Бірақ күйеуінің осы әңгімесіне бәрібір сенген жоқ.

...Желтоқсанның ортасына жетер-жетпесте, таңға таяу аудандық ауруханадан телефон соғылды. Орнынан шошып тұрып, трубканы көтерген Мейізге аржақтағы әйел таудан тас домалағандай етіп:

– Күйеуіңіз өлгінде ғана өлді. Келіп алып кетіңіз... – деді.

Мейіз есенгіреп қалды. Шын есенгірегені шығар, қапелімде жылай да алмай, қыстығып тұрып «осы хабар өнімде емес, түсімде болып жатқан шығар» деген далбаса ойға да малданды. Сосын бірінің басы, екіншісінің сірісі жыртылған ескі көлешті сүйрете басып малқорасына қарай ұмтылғаны. Ондағы ойы «Сиырларды өріске айдайын. Оған дейін балалар да оянып қалар... Әкелерінен айырылғандарын да сонан соң айтартын...» еді.

Жерге іздік қар жауған екен. Бұл – қыстың алғашқы қары болатын. Сол қарды ескі көлешімен дақ-дақ басып келіп, ол малқораның сыртқы есігін енді аша бергенде, алдымен тәлтиіп тұрған жас бұзауды көргені. Өзі жаңа ғана орнынан көтерілген-ау шамасы, сымдай нәзік аяқтарына әлі толық міне алмай, тәлтіректеп тұр екен.

Қайғысы еңсесін басып тұрса да, соңғы баруындағы күйеуінің айтқандары есіне түсіп кеткені: – Ой әүкешім-ай, – деп Мейіз бұзаудың басынан сипап еді, бұзау сымдай аяқтарын бірер басып, бұған жақындағы да, әйелдің көйлегінің етегін жалады. Қолына тұмсығын тигізді. «Алла-

ау, сол ғой. Соның өзі болмаса тумай жатып мені қайдан таниды» деп ойлаған әйел солқылдап жылап жіберуге өзөр шыдап тұрып, бұзауды сырт айналып қарап, оның еркек екенін де білді. Ендігі жерде Мейіз шыдай алған жоқ. – Әукешім-ай, ақиқат өзің екенсің ғой – дей беріп, бұзаудың мойнынан құшақтай алып, өксіп жылап жіберді. – Айтқаның айдай келді, Жарқынным, айбатым, сүйенішім, ендігі жерде күдігім жоқ. Сен қандай мейірімді едің... Ақкөніл, мәрт едің... Жар таңдаудан жаңылмағаным қуанушы едім... Әттең сенің заманың болмады. Әлде болса да оңбады, қайтейін... Өуелде сенің етегіңнен ұстағаным да мәз болған, қуаныш пен шаттықтан аяғымды баса алмай қалған менің өзім, бар қасиетінді өлген күні өзөр айтып отырғанда өзге сені қайтсін... неғылсын... «Дүние шын опасызың екен» деп енді сен айтып қанша мәніресең де жарасар...

Мейіз бұзауды құшақтап ағыл-тегіл жылап жатқанда бұларға Қасқа сиыр ғана бұрылдып, жақыннадады. Өзі туған бұзауға ма, әлде Мейіздің осынша босап ағыл-тегіл жылауына ма, әйтеуір ақырын ыңырсып еміреніп тұрып, әлі шаранасы да кеппеген бұзауының денесін асығыс жалай бастады. Өзге сиырлар дүниеде ештеңе болмағандай, болса да таңданбағандай теріс қараған күйлері бірі шәп, екіншісі саңылтыр шайнап, айдалаға қарап, мәнірейіп тұр.

Алақандай тілімен үсті басын енесінің кесіп жалауына да құлап кетердей болып, тәлтіректеп өзөр шыдап тұрған жас бұзаудың мәлдіреген көздерінде, жүреюжарды қуаныштарының өзін жұпныны қарсы алған мына малқора ішіндеңі жануарларға таңданыс нышаны да бар секілді еді.

## ӨЛГЕН ЖЕЗДЕСІМЕН ӘЗІЛДЕСКЕН ШАЛ

Кемпірі Әлиманың тірі кезіндегі қатарластарына «Ішім пысады. Таң атып, күн батып болмайды» деп жүргені де өншейін-ақ екен. Қарға бойлы Қарғаш шал шын іші пысқанды кемпірі өлген соң барып сезді.

Кемпірінің жетісі мен қырқы да келіп-кетушілердің у-шу, абыр-дабырымен уақыттың қалай өткенін білдірмей-ақ жіберген екен: қырқы да тарап, көңіл айтушылар біржола сарқылғанда барып жынынан айырылған бақсыздай қүйге түсkenін бір-ақ аңдады. Ертемен келіні мен баласы жұмыстарына, немерелері оқуларына өріп кеткенде барып маңынан қарала мысығы мен сары тебетінен өзгені таппай аңтарылып, аңқайып қалған. «Ана үйге, сосын мына үйге кіре салайын, әңгіме-дүкен құрып, сәскеге жетейін... одан әрі тұс те болып қалар» дейтін заманы да өтіп кеткенге үқсады. Үқсатқаны – қанша жан қыбырлап-жыбырлап тіршілік етіп жатқан осынша ауылда қатары да жоқ. Ауылдың ана шетінде Есімгелді дейтін құрдасы бар еді, кездесе кеткенде өткен-кеткенді айтып әңгімені жортақтатып отыратын: өткен қыста ол да өлді. Кіндікбай деген бір тете туысы әлі тірі. Бірақ тірілігінен не пайда, екі құлағы тас болып бітіп қалған, ештеңені естімейді. «Әлі де шала-шарпы естімін» деген-сіп, айдалаға лағып, бірденелерді былжыратып отыратын әдеті бар. Бірақ сен басты айтып отырғанда, ол құлақ жағалап айдалаға лағып кеткен берекесіз әңгімеден не ләzzат. Қазір ойлап отырса, сол Кіндікбайдан өзгелері кейінірек өсіп жетілген бала-шаға, немере, шәберелер болып кетіпті. Тіпті

«бәленшениң баласымын ғой» деп өздері айтпаса түрлерінен тануы қыын, танығандарының атын ұмытып, абдырап жатқаны.

Жетпістің тоғызын бітіріп, енді сексенге қадам басқан қарға бойлы Қарғаш шалдың бүгінгі хал-жайы осы шамалас. Бірақ әзірге аяғы сау, жыбырлап болса да жүреді. Құлағы естиді. Ақыл-есі мен тілі де сау, кейде оны-мұны жайларды айтып біреулермен көдімгідей сөйлескісі келеді. Тіпті шүйіркелесіп ұзақ отыруды да аңсайды.

Әлиманың барында қара телефон анда-санда шырылдап, Әлима телефонның құлақшасын сәндеп ұстап отырып ұзақ сөйлесіп, сосын сөйлескендердің айтқандарын бұған жеткізіп, өздерінше абыр-дабыр болып жатушы еді, енді ол телефонда да үн жоқ. Әлиманы іздейтіндер шалды керек етпейді екен. Қарғаш шал бұл жайға да анда-санда мән беріп, таңданыс білдіріп қояды.

Әлиманың қырқы өткен соң алтыншы күн дегенде ме екен, әлде жетінші күн дегенде ме екен, анығы есінде жок, бірақ кемпірінің өлгеніне көп күндер өтіп кеткендей болып, көлөнкедегі сәкінің үстінде отыра-отыра жалыққан соң қалада тұратын үлкен қызы сыйлаган басы имек, жылтыраған сәнді таяғына сүйеніп «ау-уп-п» деп орнынан тұрған. «Әу-уп-п» деп аруақтарды шақырғандай үн шығармағанда бәлкім орнынан тұра алмас та ма еді, әлде қайтер еді... Өйткені тұз басқан аяқтары шал «орнымнан тұрдым-ау» деп қалтақтай көтерілгеннің өзінде де, өз аяғы емес, тап біреуден қарызға сұрап алған, әлде уақытша жалдал жүрген аяқтардай болып қисаңдап, тәлтіректеп барып өзөр тіктеліп; сосын ғана басы имек, сәнді таяғына жол бастатып сәкіден төмен түсуге беттеген. Нешеме бүгіліп, аударылып, төңке-ріліп жүріп сәкіден де түсті-ау, әйтеуір...

Өз денесі өзіне енді игеруге келгендей болып, алға қарай жүрді. Темір есігін ырғап ашып, әуелі ауладан шықты. Шығып тұрып көшениң жолына қараган. Қаран-құран етіп, әрі-бері өтіп бара жатқандарды байқады. Бірақ әрі-

бері өтіп жатқанда қарға бойлы арық шалды байқаған жоқ. Шал басы имек, сәнді таяғына сүйеніп, жол жиегін жағалап бірауық жүрген болып еді, тұсынан арылдап өтіп жатқан жүк мәшинелерінен сескенді. Сол мәшинелердің бірі енді болмаса қағып кететіндей көрінді де, Қарғаш басы имек, сәнді таяғына жол бастатып қайтадан ауласына кірді. Темір есікті де ұқыпташ жапты. Бірақ қайтадан сәкі жаққа ұмтыла қойған жоқ. Ауланы қоршап салынған дуалға жапсарлас салынған мал қорға таяп барып ағаш шарбаққа асылып тұрып, еңкейіп, жағалап жүріп шөп сататындардан алған прес-шөпті тұмсықтары шошаңдал жабыла жеп жатқан уақ малдарға қарады. Бұрынғыдан гөрі малдары көбейіп кеткен секілді. Қорада үш ешкі мен екі қой ғана тұратындаид еді, енді қараса қойлары оннан асып, ешкілері де жетеу-сегізге жетіп қалған ба, құдай-ау.

Шал енді асықпай санап, қойлардың санын он үшке жеткізді де, ешкілерді бірде жеті, бірде сегізге толтырып, анық санына күмәнды болып тұрған. Күмәнды болатын себебі – ешкі жарықтықтар шошаңдал бірде ана шетке, бірде мына шетке шығып жүйткіп жүретін мақұлық емес пе? Оның үстіне түстеп танитындаид арапарында аласы да, тәбелісі де жоқ өңшең сылаңдаған қара ешкілер екен. Сол бір түстілік пен олардың бір орындарында тұрмайтын әдеттері шалды әбден-ақ шатыстыруды. Соңан соң ол «кем санап, яки артық санап былықтырғанда не тұр, тәйірі... Әйтеуір, қанша болғанда да осы үйдің малдары емес пе?» деп өзін-өзі жұбатқандай болды да, «Әй сонда бұл үйдің малы аяқ астынан қалайша көбейіп кеткен» дегенді де ойлап, бірауық айран-асыр күйде қалды. Тіпті баласы мен келінінің аузынан «Қойымыз туды, ешкіміз лактады» деген сияқты сөздерді де естіген емес. Сосын барып Қарғаштың есіне кемпірінің өлгені түсті. Кемпірінің өліміне батаға келгендердің мәшинелерге салып ала келгендері.. аулаға жетелеп кіргізгендері осы малдар екенін де бажайлады. Алаканымен сақалын сипап тұрып «Ойпырмай, көп ұзамай

мен де өле қалғандай болсам, мына Беласардың қойешкісі қорасына да сыймай кетеді екен-ау» дегенді ойлады. Бірақ бүгін-ертең өле қойғысы келген жоқ. Өлмек түгілі «Е, кемпірдің әлгені кеше ғана ғой, менікі не сонша асығып» деп өзін-өзі тоқтатқандай, тіпті «Ол жаққа тым құлшына берме» деп өзін-өзі үгіттеп тұрғандай да халде еді. Бір есептен осы ойы жаратушы күшке жасаған өтініші әрі құлаққағысы да секілді еді.

Шал енді бұрылып, үй сыртына шықкан. Жақында ғана Беласары әйелімен, балаларымен шуласып жүріп еккен картоптары көгеріп, әртүрлі шөптермен бірге көрініп қалған екен; арамшөптерден отау ниетімен тұз басқан аяқтарын өзөр иіп, әлгі шөптерді жұла бастап еді, біраз еңкендеймін деп енді ентіге бастаған сәтте жұлған шөптеріне бұрылып, үңіліп қайта қараса картоп жапырақтарын қоса жұлып жіберген бе немене...

Шал бұл ісін дөгара қойды да, басы имек, сәнді таяғына сүйеніп, енді үйге қарай жүрді. Үйге қарай жүргенде тағы қайда бара қойсын, қайтадан көлеңке беттегі сәкіге қарай жүрді.

Қарғаш сәкіге жете бергенде есіне кемпірінің түсе кеткені. Түсе кететін жөні де бар-ды. Шалы осылай сәкінің ернеуіне жете бергенде, көлешін аяғынан тастай берген мұның қолтығынан демей қойып, екеуі екінші әлде үшінші кластың өлеңші балаларындағы қосыла кетіп «Өзу-уп-па-а» деп жібергенде шал аяқтарын оп-оңай көтеріп, сәкінің үстіне шығып алатын да, шығып алған соң тап бір өз күшімен шыққандай, кемпірінің едәүір еңбегін ұмытпаса да ұмытқандай кейіп танытып, дабырлай сәйлеп төрдегі көрпеше, жастық-қа қарай беттеп кете баратын. Дегенмен кейде сыпайылық танытып қалада өсіп, қалада оқып келген жандай «Ойпырмай кемпір-ай, сен болмағанда-а...» деп елтеп елеп-ескеріп қалатыны да бар. Бұл елеп-ескергенде кемпірі де шалының қөлештерін реттеп қойып жатып, «Шал-ай, бір-біріміздің қолтығымыздан демегеннен өзге не қалды дейсің» деп мейірленіп, опырық тістерін көрсетіп, құліп алатын.

Сәкінің үстінде Қарғаш бірауық жантайып жатты. Сонын жантайып жатып ойлады: «Кешкі салқынмен кемпірдің басына барып қайтсам...». Сосын өз ойын өзі қостады. «Е барсам, маған кім қой деп жатыр...».

Өлиманың қабірінің басында қалған кеспелтек бәрененің үстінде отырып құран оқыды. Аяғының бүгуге келмейтінін ойлап бәренені әкелдірген де өзі. Енді міне дұға оқып болған соң, сол бәренені ешкімнің арқалап кетпегеніне де шүкіршілік етті.

Дұғадан соң жан-жагындағы зираттарға, олардың маңдайындағы жазуларға қарап «Е, мынау пәленше екен-ау, анау түгенше екен-ау» деп іштей күбірлеп отырғанда кеңет ойына өзінің әке-шешесі түсे кеткені. «Ойбұ-үй, олар бар екен ғой... Бәсе әлгінде ойлап келе жатыр едім-ау» деп іштей Қарғаш әлденеге кінәлі болған жандай асып-сасып қалған-ды.

«Бізді қайтсін, өзінің әйеліне келді де кетті» дер еді-ау ұмытып кеткенімде. Қой енді, соларға барайын» деп басы имек, сәнді таяғына сүйеніп орнынан тұра берді. Содан әке-шешесінің басына да дұға оқып, зираттарды аралап қайтып келе жатқан. Жаңада көшіп келген елдей, көшекөше болып кеткен көп зираттың ішінде Қарғаш шалдың танымайтындары жоқтың қасы еді. Сондықтан әр қабірдің басындағы жазуларды ерінбей, еңкейіп оқимын деп жүргенде күнді батыруға да жақыннатқан. Бірақ шал аруақтарға арнаған осынша уақытына бәллендей өкінген де жоқ. Керісінше – көнілді еді. Содан ертеректе тұрғызылған көне зираттардың арасынан өтіп бара жатып «Жауынбай» деген жазуды байқап қалғаны. «Бұл қай Жауынбай болды екен» деп ол зираттың жазуына еңкейіп қарай берген. «Жауынбай Қауменұлы». Өзінің баяғы Жауынбай жездесі... Айтпақшы, менің бұл жездемде осында жатыр екен-ау» деді, Жауынбайды көптен ұмытып кеткеніне іштей қысылышып тұрып. Сонан соң амалсыз тізесін бүкті. Аяқтарының «бүкпе, қозғама» деп зарлап қоя бергенін де тыңдаған жоқ.

«Сендерді тыңдасам, әке-шешеме де тізе бүкпеуім керек... Сендердің айтқандарына ерсем... Жауынбай жездеме де бұрылмай өте шығуым керек екен. Е, сонда мына менің адам болғаным ба, әлде...» деп күбірледі ол әлі де зарлап, қақсан тұрған аяқтарын біржола бұқтырып алғысы келгендей.

Дұғасын аяқтай беріп, «осы дұғам Жауынбай Қауменұлы жездем мен апам Құнсұлу Қаумен келініне тие берсін» деп алақанымен бетін сипады. Олардың аты-жөндерін түгел, дұрыстап айтпаса Жауынбай жездесінен сөз есітіп қалатындаидай көрінді. Жездесінің үнемі асып-тасып, ентелей сөйлейтін дауысы да есінде қалыпты. Сол дауыс бұған «Әй Қарғаш, сенбісің? Бізге сен де келеді екенсің-ау» дегендей болды. Сол өзі де еркелеп, өзгені де еркелетіп сөйлейтін Жауынбайдың ақкөніл үні. «Е келдім ғой» деді Қарғаш шал да ойша кішірейген болп. «Ойпырмай, бізді біржола ұмытып кеткен шығар деп едім» деді тағы да Жауынбайдың аңқылдаған үні бір сәт бұған бұрттия өкпелегендей сөйлеп. «Неге ұмытайын» деді Қарғаш шал жездесі төбесінен төніп тұрғандай тағы да бұғына сөйлеп. Шал осылай дей жүріп, жақындаған тұрғызылған көрші зираттың тәртқұлағынан қалған үш кірпішті қаластырып, соған отырған болды. Енді аяқтарының зарлап, қақсағаны да тына қалғандай. Ендігі жерде асығуының жөні жоқ еді. Асығыстық танытса, мына жездесінің сөзбен қалай деп түйрерін бір Алла білсін... «Ойбай, Жауынбайдың сөзі – мірдің оғы ғой... тесіп өтетін. Жауынбайдың сөзі бар ма,.. алмас қылыш қой, абайла- масаң қылпып түсетін».

Жауынбай Құнсұлуды алып қашқанда жақын апасы болса да олардың бір-біріне хаты мен сәлемін жеткізіп, женgetайлық жасаған да Қарғаштың өзі еді. Сонда Жауынбай Құнсұлуды ақыры көндіріп, түн қараңғысымен «Бәрілі» темір жол бекетіне қарай жолсыз тартып бара жатқанда «Айна, тарағым мен өтір сабыным салынған жібек бауы бар қалтам қалып кетіпті» деп апасы Қарғашты кейін жібермегі ді ме... «Айналайын енді... Құнсұлудың көнілі үшін бара

қойшы» деп Жауынбай жездесі де жалынғандай болған соң, Қарғаш ауылға қарай құстай үшпады ма... Сонда Қарғаш та бала екен-ау. «Қолға түсемін-ау, қолға түссем онбай қаламын-ау» деген көңілінде бір түйір де уайым жоқ. Қайда да болса алып ұшып жүгіргелі тұрған бір анқау, албырт көңіл. Бір төүірі ауыл иттеріне Қарғаш өте таныс болғандықтан, сабаздар-ай, «бей үақытта бұл неғып дедек қағып жур» деп біреуі басын көтеріп, қыңқ етпеді ғой. Қарғаштың алаңғасарлығы ғой; түн жарымында есіктің алдында жатқан итаяқта бір сүрініп, тубі тесік ескі шылапшынды даңғыр еткізіп, Құнсұлудың үйіне кіріп барғаны. Құнсұлудың әкесі Бектібай деген екі иығына екі адам мінгендей, балуан денелі кісі еді. Мұның қайта оралып келерін біліп, әдейі күткендей аузызғы бөлмеде қолына келтек ағаш ұстап жасырынып тұр екен. Бұл сыртқы есіктің табалдырығынан аттап, жолында тұрған тағы бір шелекті даңғыр еткізіп, енді ішкі бөлменің табалдырығына жете бергенде, тап жауырының тұсынан қойды-ау келіп... Ұшып түсті. Ұшып түскені не, бірауық есендіреп жатты. Бірақ Бектібай әкесі мен Айза жеңгесінің сөздерін анық естіді.

— Өз апасын өзі қашырып жүрген ақымақты көруім осы,  
— деді Бектібай ызадан булығып тұрып.

— Эй Құнсұлудың әкесі, баланың обалына қалма...  
Қызыды мұның қашырғанын қайдан білдің? — деді Айза жеңгесі ара тусе сәйлеп.

— Бұл жүгермек, осы үйге күніне қырық кіріп, қызбен сыйырласып жүрді емес пе?

— Е, апасына інісі жолықса, сыйырласып сәйлессе несі бар екен?

— Эй, осы сен қатын да қыз қашырудан сау емессің,  
— деп Бектібай әкесі қараңғыда Айзаны да бір соқты-ау деймін, Қарғаштың жанына ауыр бірдене гұрс құлады.  
«Ауыр бірдене» болатыны жеңгесі де денелі кісі еді.

Қайтып Айза үн қатқан жоқ. Қарғаш есі кірген сәтте жан-жағына абайлап қараса, жанында жатқан расында да Айзаның өзі екен.

...Сөйтіп жүріп алған Күнсұлуы болары болып, бояуы сіңіп, үйренісіп алған соң, Жауынбай жездесі «Енем мен қайнымды қоса сабатып жүріп алғанда сенің ана ісің алай, мына ісің былай болды-ау» деп мін таққан, әзіл аралас әңгімелерін де әдейі Қарғаштың көзінше айтатын.

Тәйірі, Жауынбайдан сөз артылып па еді, әзіл артылып па еді... «Сен маған апаңды қиғанда, мен саған қарындасымды неге қимаймын» деп жүріп, жақын қарындасты Әлиманы алып бермеді ме? «Маған ұқсан алып қашшы» деп жүріп қашырып бергені де рас. «Сен менен гөрі бақыттылау екенсін. Бір тәуір жері менің қарындаым айна, тарағы мен өтір, сабыны салынған жібек бауы бар қалтасын ұмытқан жоқ. Болмаса мен де итаяққа сүрініп, шылапшынды даңғыратып, қыздың үйіне қайта кірер болсам, Әлиманың ағалары «көкеміз екен-ау» демей сілейтіп салса, қайтып орнымнан тұра алар ма едім, әлде тұра алмас па едім... бір Алла білсін...» деп те әзілдеп журді.

«Е, сейткен... Сөйдеген қайран Жауынбай жездем-м» деп құбірлей берген Қарғаш еңкейе беріп, Жауынбайдың төртқұлағының кірпіштерін сипап, аты-жөні жазылған жылтыр мәрмәрдің шаңын тазалағандай саусақтарымен сүртіп жатты.

«Дүйім жүртты аузына қаратқан қайран жездем-ай... Әзілқойым-ай, жаратушы күш сенің де үнінді өшіріп, ұзынынан түсірді-ау. Дымың құрып, ендігі жатысың мынау» дей бергенде кенет құлағына тағы да Жауынбай жездесінің үні келе қалғаны.

«Сен де ұзыннынан түсіп, қатар жата қалған күні тілім қайта шығады ғой... Тірілемін ғой... Айтар әзілің болса, сонда айтып, айызың қанар. Менің де уәжімді есітіп көңілің тынар...»

«Расында да Жауынбайдың сөзі ғой мынау. Жауынбай екені рас болса, осылай деуі керек қой...»

Жауынбай үшін де, өзі үшін де жауап пен уәжді өзі ойласа да, тап бір тірі Жауынбаймен ұшырасып отырғандай

бір сәт пәрі ашылып, көңілі тасыды. Көңілі тасығаны ғой, аузы опырайып, ұзақ күлгени. Қарғаштың қанша апта, қанша айдан бері осылай күлуі екенін де бір Алла білсін. Тіпті сол күлкісі мен соңғы кемсендеп жылауы да қанша ай, қанша аптадан кейін болып отырганын тағы да Алла білсін. Көз жасына ерік беруі де, қарға бойлы Қарғаш шалдың қуанышқа берігіз бір сәті еді.

Тіпті кемсендеп жылап отырып Жауынбай жездесі мен Құнсұлу аласына мұң шаққысы келгенін айтсайшы... Жауынбай мен Құнсұлу түгілі өзі де түсінбейтін бірдеңелерді мінгірледі де... Жан баласы түсінбейтін сол мінгір көңілін айрықша босатып жібергені...

Басы имек, сәнді таяғына сүйеніп орнынан тұрып жатып та ол «Әй, Қарғаш мына бізге енді қай заманда соғасың... Өлде соға да алмай қаласың ба?» деген Жауынбайдың үнін естіген. «Айтушы Жауынбайдың дауысы болғанымен ой менікі» деп айта да алмас еді. Өйткені бұл сөз Жауынбайғана айтуы тиіс сөз ғой.

Қарғаш жездесіне уәж қайырмады. Қайырмағаны жездесінің алдындағы осы уақытқа дейінгі кінәсін мойындауы сияқты еді.

Зираттан ұзап шыққан соң да ойлағаны – Жауынбай жайлы еді. Құнсұлуды алып көңілі орныққан соң-ақ «Бөрілі» теміржол бекетінің шетінен қызыл қоңыр шатырын жарқыратып, алты бөлмелі там салған. Сол жылдары қызыл қоңыр түсті шатыр дегеніңіз... бұл өнірде болып па еді өзі? Ұмытпаса, Жауынбай сондай шатыр-темірлерді ресей жақтан әкелді ме, әйтеүір, ауылдағылар атын ести қоймаған бір қаланың атын айтып жүрді ғой. Қарғаш қазірде әрі ойлап, бері ойлап, сол қаланың атын есіне түсіре алмады. Оның есесіне ойына өзге бір оқига-елестер түсে кеткені.

...Аудан орталығында өтетін бірінші май, Қазан тәңке-рісі мерекелерін қызықтау үшін ауылдың бозбала жігіттері әрлі-берлі пойызға мінетін кездері. Арада аялдайтын өзге бекет болмағандықтан, пойызға міндің екен, «Бөрілі-

ге» қалай келіп қалғаныңды андамай да қаласың. Сонда ауылдың әзілқой жігіттері терезеден сыртқа қарап отырып «Охо, Жауынбайдың моласы көрінді!» дейтін. Жезделерімен ойнағандағысы... Болмаса Жауынбайдың тамына жетер өзге там бұл өнірде жоқ десе де болатғын.

Жауынбайдың сол тамы өлі де түр. Айналасына еккен бау ағаштары көкпен таласады. Бәрібір осы ауылдың жүргіншілері өлі де «Жауынбайдың моласы» деп атایтын көрінеді.

Әниманың қырқы беріліп жатқанда, жиналған жұрт шай үстінде Жауынбайдың сол тамын да әңгімелеген. Сонда Жауынбайдың бір ағайыны «Ойбай-ау, Жауынбайдың тамын айтасыңдар, мыжырайып, құлауға айналған... Кенже баласы оның жанынан жарқыратып он екі бөлме тамды тағы салды ғой. Шатырын да, қабырғасын да қызылмен сырлап. Айтыңдаршы, қабырғасын да, шатырын да қызыл бояумен сырлаған там осы ауданда кімде бар? Жұрт енді сол тамды да «Жауынбайдың моласы» дейтін болды ғой» деп қызына сейлеп еді, аршаның жаңқасымен тісін шұқып отырған тағы бір шал «Жақсының аты қайткен күнде де, кейінге қалмақ керек. Ол жердегі әңгіме он екі бөлмелі тамда емес, қызыл бояуда да емес, жұрт Жауынбай атын ұмытқылары жоқ қой. Гәп осында!» дегенде өзгелердің үні өшкен.

Жауынбай атын төмендетіп, өлі де жырқылдағалы отырған кейінгі жас қайнайлары да бастарын бұғысып, төмөншікеп қалған. Сонда үй иесі болғандықтан етек жақта отырған Қарғаш әлгі аршаның жаңқасымен тісін шұқып отырған шалға қандай риза болып, бұрылып қарап еді-ау. «Құдай-ау, сол шалдың аты кім еді? Әлгі кім? Ия, әлгі кім ше? Кім ғой өзіміздің... Шал дейді сақал қойған соң, болмаса ол өлі Қарғаш үшін бала емес пе? Ойбай-ай, аты кім еді соның? Алда құдай-ай, сексен деген жасыңың бір қасиеті осы ғой. Тілімнің ұшында ғана тұрған атты... Ой әттес-ай, әлгі кім?»

Қарғаш әлгі шалдың атын ақыры есіне түсіре алмады.

Бірақ оған ренжіген де жоқ. Қайта осы ұмытшақтығы да өзіне жарасып келе жатқандай, көнілденіп. Қарәкөлеңке енді үйірле бастаған апақ-сапақта май топырағы тобықтан болар мәшине жолмен шал аяқтарын ілбіп басып келе жатты. Оның «қараңғы түспей үйге жетейін» деп қатты жүргені де осы-ақ еді...

Сөйтіп келе жатып қиялыша на нелер келіп, нелер кетпеді деші...

...Бұлар Әлиманы қыста шанамен алып қашқан. Сол жылдың қары қандай қалың еді... бәрінен де бет қарыған аязын айтсайшы... Әсіресе жел шығыстан тұрған кездері, жұрт алыс жолға шыға алмай қалды емес пе? Жолға шыға қалғандары тәйірі, беттерін қолғаптарымен басып, қарадай ықтап, бүрсендеген жоқ па?

Сонда ай жарығымен ат жеккен шананы Жауынбайдың ызырық желге қарсы ызғытқаны-ай! Қолында дырау қамшы... Қамшы дейді, ұмытпаса ұзын таяқ болған секілді. Өйткені ол қыз алып қашпақ болған сапырылыстың кезінде қамшыны жоғалтып алған. Әйтеуір жегілген аттың жанын шығара айқайлап айдал, аттан бұрын өзі шауып кеткісі келгендей жанығып отырды емес пе? Шанаға төсеніш үшін салынған шәптің үстінде бүгжіп қатар отырған Қарғаш пен Әлимаға, Жауынбай атқа айқайлаудан, таяқ сілтеуден қолы босаған сәтте бұрылып:

— Әй сендер жаурап қалған жоқсындар ма? — дейді, екпіндеген дауыспен. «Қыз келгенше жылына тұрайыншы» деп дүкенге өуелі бір кіріп, «темекі алуым керек екен» деп екінші кіріп шыққанда сабаздың қолағаштай мұрны бояп қойғандай болып қызырып шыққан. Жездесінің бірдене ішіп алғанын Қарғаш сол оқыс қызырып кеткен мұрыннан-ақ білген.

Қашып келе жатқан қызда не оңған хал болсын. Әлима үнсіз. Қарғаш қана күмілжіп:

— Ж-жаураған ж-жоқпыз-з, — деп Жауынбайға жауап қатқан болды.

— Қайдагы жаурамаған, өзің әзер сөйлеп отырып, — деді Жауынбай тағы да екпіндеп, бастырмалай сөйлеп.

Қарғаш та одан әрі үнде меді. Үнде мегені «қыз алып қашатын жігітке ішуге болмайды» деп жездесінің арақтан татырмай қойғанына іштей екпелі де еді. Бірақ оны айттарға тіл жоқ, жанында ыққа қарай жүзін бұрып қыз отыр.

— Қарындастым, жаурап қалдың-ау, — деді Жауынбай атқа айқайлап, таяқ сілтеуден тағы бір қолы босаған кезде.

— Тым болмаса, қыздың қолдарын демімен үрлесейші... Ой сені де қыз алып қашып келе жатқан жігіт дейді-ау! Жаның бар ма өзіңін? Қырсыққанда қарындастымың үйде қалған қолғабын жүгіріп алып шыға қоятын баланың да реті болмағанын қараши...

Жауынбайдың дауысы екпіндеп алған. Бір есептен мұның сол сәтте уәж қайыра алмайтынына да сенімді секілді.

«Қап, мына Жауынбайдың қорлығын-ай...» деп ойлады Қарғаш ішінен... «Арақтан татырмай бір күйдірсе, мұның баяғы Құнсұлу апасы қашқанда айна, тарақ, әтір сабыны салынған қалтаны алуға үйге қайта барамын деп қолға туғсіп, оңбай таяқ жегенін еске салуын қараши... Келіншегімді өуелі үйдің табалдырығынан аман-есен аттатып бір алайыншы... Сосынғы ісім Жауынбай сенімен болсын...»

Осылай ойлап отырып-ақ, Қарғаш аптыл-ғұптыл қыздың қолдарын іздей бастады. Біразға дейін ол қыздың қолдарын таба алмай күйбендең жатты. Сөйтсে қыз екі қолын бірдей пальтосының ішінен киген түйежүн күртесінің омырауына айқастыра тығып алған екен.

Ақыры Қарғаш қыздың мұп-мұздай қолдарын әзер тауып алған соң, демімен үрледі-ау, келіп... үрледі-ау... Сол сәттегі қыздың нәп-нәзік, жұмсақ қолдарын ұстап отырудың өзі жас жігітке көнілін әлдеқайда алып үшқандай алапат сезім, ваз-геше қуаныш болған жоқ па еді?

...Үйленгендеріне екі-үш ай өтіп, бір-біріне әбден үйренискең шақта Әлима Қарғаштың сол жолғы қолын үрлеп, әлекке түскенін еске алып:

– Сондағы ып-ыстық демің-ай... қолымды күйдіріп жибере жаздаған. Аузыңнан от соғып тұрды ғой, – дегені бар емес пе?

– Ойпырмай, шынымен демім ыстық па еді? – деп Қарғаш та келіншегінің сезіне сеніп, қуанып қалған.

Ертеңіне совхоздың мал қорасына шенгел шауып жүріп, Қарғаш тоңған қолдарын қайта-қайта үрлекенде бір жылсыайшы... Жылығаны не, қолдары қайта мұздал бара жатты ма, немене... «Ой, Әлима да айта береді екен-ау» деді сосын ішінен келіншегін бұрынғыдан да жақсы көріп, жөне үйіне тезірек қайтуға асырып отырып.

...Осыдан бір жыл бұрын ба екен, әлде жарты жыл ма, Құдай-ау, кемпірі екеуі оңаша шай ішіп отырғанда «аузыңнан от соғып тұрды ғой» деген Әлиманың сол сезі Қарғаштың есіне түсे кетпесі бар ма? Аузы опырайып, құліп отырып Әлимаға сол оқиғаны айтып бергенде – кемпірі қуану орнына ашуланып: – Ауыздан от соққаны несі? Ауыздан от соға ма екен? Немене сенің аузың пеш пе сонда... өзі алжының дегеннен сау ма? – деп тас-талқан болып ашуланғаны. Қарғаш болып Қарғаш шал дастарқаның шетін шұқыған күйі үңсіз отырып қалды. Ішінен ойлады: «Кісі жас қундегі айтқандарын қартайған кезде жаратпай қалады екен-ау» деп...

Үйіне де көнілді оралды. Көнілділігінен ғой, бір сәт ішінен «бүгінгі күн қандай тез, жақсы өтті» деп те ойлаған. Тұнгі үйқысы да жақсы болды. Қундегідей қайта-қайта ояна бермей, көлтен тынып үйкітағаны да осы шығар-ау.

Таң алдында тұс көрді. Тұсінде Жауынбай жездесі екеуді атарба айдал келе жатыр екен. Баяғы жас кездері екен-ау деп сийлады. Жауын суымен тілім-тілім болған қотыр жолда жүрген арбаның да жүрісі не онсын... Тасыр-р-тасыр-р, дағыр-р-дағыр-р... бірдене. Жауынбай жездесі арбаның тасыр-тасырын баса қатты сейлеп, әзілдеп келеді. Бұл да тасыр-тасырдан аса алмаса да, дағыр-дағырдан асып сейлеп, жездесіне уәж қайырған болады. Құлқілері арбаның тасыр-тасырын да, дағыр-дағырын да басып, жаншып

кетті. Осылай ойламасқа Қарғаштың амалы да жоқ еді, өйткені екеуінің күлкілерінен арбаға жеккен аттар үркіп, құла дүзге шапқаның қайтерсің... Ендігі жерде арба ескі арықтан өте беремін дегенде, алдыңғы бір дәңгелегі ұшты ма, әлде екі дәңгелегі бірдей... Әйтеуір, Қарғаш аспаннан бірнеше дәңгелек көріп қалды. Бір ғажабы күлкілері сонда да тиылған жоқ. Қүлкілері көкте қалқыған бұлтқа айналғандай, әлде сол заманның күлкілерінің осылай аспанда ұзақ үақыт қалықтап жүріп алатын әдеті ме еді... Әйтеуір түсіне алмады. Ең қызығы Қарғашты да Жауынбай жездесінің де ештеңе түсінгісі келмегендей...

Қарғаш үйқысынан неше ай, неше аптадан бері алғаш көнілді оянды.

Өншійінде тәсбісін ақтарып, жайдан жай отырса да, шай ішсе де қабағы ашылмай отыратын шалдың бүгінгі қалпына таңданғандықтан болар, бұл отыратын жерге зыр жүгіріп көрпеше салып жүрген келіні де, дастарқанның шетінде қожырайып отырған баласы да шалдың жүзіне жалтақ-жалтақ қарасып қояды.

Келіні мен баласы жұмыстарына, немерелері мектептеріне жол тартып, дастарқан жалғыз өзінің иелігіне қалған соң-ақ шал итініп келіп, самаурын шәйнекке таянып отырды. Содан сут қатқан қою қара шайды ал кеп сорапта... Мәңдайы жіпсіді. Ертеңгілік шайға мәңдайы жіпсүйінің қанша ай, қанша аптадан кейін болып отырғаны да есінде жоқ. Кекшулан кек орамалымен мәңдайын, бетін сұрткіштеп отырып, ол тағы да зират басына барып, әруақтарға дұға оқып қайтудың жөнін ойлаған. Әуелде «ертең барсам да болар» деп өзіне-өзі басу айтып көріп еді, қапелімде кілт айнып, бүгін барғысы келіп қалғаны. Бұл істі ертеңге қалдырысақ аруақтар өкпелеп, тоңтеріс пейіл танытатында болды ма-ау... Тіпті өзіне өзі өкпелеп қалатындаидай да мінезге ұшырады ма-ау... Әйтеуір өзіне де аса түсініксіз осындаидай бір хал кешті. Тіпті қалай барып қайтуды ойша жоспарлап та үлгерді. Кешегідей әуелі Әлиманың басына дұға оқып, сосын

әке-шешесінің басына соқпақ болып еді, тағы да кілт айнып «Ойбай-ау, өстіп жүріп кемпір-шалды өкпелетіп алмасам етті... Олар бір өкпелесе жаман өкпелеулері мүмкін. «Қатынжанды неме өуелі өйеліне соғып барып, бізге келеді» деп... «Жо-жоқ өуелі әке-шешеме... Сосын Жауынбайға... Сосын Өлимаға...» дей беріп Қарғаштың тағы да кілт айнығаны.

«Осы мен тез өзгергіш әрі қиялшыл баламінезді болып бара жатқан жоқпын ба?» деген ой да шалдың санасын бір аралап өткен. Әйтеуір алжу туралы күдік ала қойған жоқ.

Ең соңғы ойы өуелі Жауынбай жездесіне соғып, дұға оқып болған соң, барып әке-шешесіне, сосын Өлимаға соқпақшы болған. Неге еkenін... Өлимадан кейін тағы да Жауынбайға қайта соғуға ықыласы ауды. «Екі рет соғатын-дай Жауынбайдың атының озғаны не?» демеді. Екі ретін не, сол Жауынбай мұны бүгін жаңына үшінші рет шақырса да, сәнді таяғына сүйеніп, басы қалтақтап амалсыз баратын түрі бар. Осы жоспары көніліне ұнады. Ұнағаны ғой, сүт қатқан қою шай құйылған кесесін төбесінен асыра бір көтеріп қойып «Ойбай-ау, Жауынбай жездеме екі соқпасам бола ма? Екінші рет соғумен де әңгіме, әзіліміз біте қойса...» деп кеседегі шайын сондай бір ләzzатлен үрттағаны.

Дастарқанды да шалалау жинап, сәкіден жерге қарай аударылып-төңкөріліп жүріп аман-есен түсіп алған соң-ақ басы имек, сәнді таяғына зиратқа қарай жол бастатқан қарға бойлы Қарғаш шалдың жүрісінде де әлдекімге уәде беріп, сол уәденің үдесінен шығуға асықкан сөзге берік, такуа жанның құлдыраңдаған ықыласты ұмтылысы бар еді.

**МАЗМҰНЫ****Перштегердің өлімі***Роман-хикаяттар*

Жыланнның уы (бірінші хикаят)	5
Сәмбі талдың мұнды (екінші хикаят)	107

**Әңгімелер**

Тотықұс	239
Маскунемнің малқорасы	289
Өлген жездесімен өзілдескен шал	336

ТЫНЫМБАЙ  
НҰРМАҒАНБЕТОВ

## ПЕРИШТЕЛЕРДІҢ ӨЛІМІ

*Роман-хикаяттар*

---

---

Редакторы *Мереке Құлкенов*  
Суретшісі *Алпысбай Әбдесбаев*  
Көркемдеуші редакторы *Рахима Қожагұлова*  
Корректоры *Ардақ Мұқышева*  
Мүқабасын компьютерде әрлеген *Рамазан Омаров*  
Компьютерде беттеген *Салтанат Оязбекова*

Басуға қол қойылған күні 17.06.16. Пішімі 84x108 1/<sub>32</sub>.  
Шартты баспа табағы 18,48. Есепті баспа табағы 17,25.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1328.

«Өлкө» баспасының өз баспаханасында басылды.  
050062, Алматы қ-сы, 1-ықш. ауд., 66 «Б» үй.  
Тел.: 8 /727/ 276-09-13, 8-701-999-9542.



## ТЫНЫМБАЙ НҮРМАҒАНБЕТОВ



Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Қосуиенкі ауылында 1945 жылы өмірге келген.

Кітаптары Республиканың және Ресейдің «Молодая гвардия», «Детская литература», «Советский писатель» секілді баспаларында басылып, орыс және украин, неміс, эстон, болгар т.б. шетел тілдеріне аударылып таратылған.

Халықаралық ПЕН-клуб сыйлығының лауреаты.

2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған республикалық конкурста бас жүлдені иеленді.

ISBN 978-601-253-141-1



9 786012 531411